Жалпы музыкалық аспаптарымыз туралы жазбалар қалдырып, оларды жинау ісі XIX ғасырдағы А.Е.Аллекторов, А.Э.Бимбоэс, Г.И.Гизлер, А.И.Левшин, Р.А.Пфеннинг, С.Г.Рыбаков, А.Ф.Эйхгорн сияқты ориенталистердің еңбектерінен бастау алса, ғылыми негізде зерттелуі П.Аравин, Н.Тифтикиди, Б.Сарыбаев, Т.Жұмалиева, Б.Ысқақов, П.Шегебаев, т.б. мамандардың ғылыми ізденістерімен сабақтасып жатады. Солардың арасынан халқымыздың мәдени өмірінен кең орын алған домбыра мен қобыздың орны ерекше. Олардың шыққан дәуіріне келгенде халық аспаптарының көрнекті зерттеушісі Б.Сарыбаевтың *«кобыз и домбыра появились примерно в одно и то же время, то есть в более поздней стадии развития инструментария»* деп жазғаны бар (Сарыбаев, 1967: 122-126). Бұл пікірдің музыкалық аспаптардың өзі емес, олардың репертуарына қатысы басымдау ма дейміз.

Бізге жеткен жазба деректерге қарасақ, домбыра мен қобыздың кең тараған кезі – XIX ғасыр. Сол тұста А.Ф.Эйхгорн өзінің музыкалық аспаптар каталогында домбыра аспабына мынадай сипаттама беріпті: *«Думбра, род лютни о двух струнах (То же самое что балалайка русских и доммер калмыков). Самый обыкновенный и распространенный национальный инструмент между степными кочевниками, киргиз-кайсаками»* (Эйхгорн, 1885: 16).

Ориенталист-капельмейстердің назарынан қобыз аспабының құрылымы да тыс қалмаған: *«Коус, известный также под именем кобыз. Большая скрипка о двух струнах из конского волоса, со смычком (очень древний и редкий экземпляр с подвешанными железными погремушками). Обыкновенный инструмент странствующих киргизских рапсодов, на котором они аккомпанируют себе, исполняя баллады, легенды и эпические песни о народных героях (смычковый инструмент)»* (Эйхгорн, 1885: 5), – деп жазған.

XX ғасыр бойында шетел ориенталистерінің түрлі басылымдарда жарық көрген осындай эмпиристік мәліметтері жинақталып, ғылыми оралымға да түсе бастады. Қазірде этноорганистика мәселелерін қазақ және шетел этномузыкологиясы аясында салыстырмалы-типологиялық негізде зерттеу ісі де жолға қойылып келеді (Барибаева, Сабырова, 2020: 72-74). Енді бір зерттеушілеріміз халқымыздың ән салу дәстүрінен көне тотемдік наным көріністерін іздеп, архаикалық мәдениет мәселелеріне зер салуда (Сабырова, Муканова, Исаметова, Султанова, 2020: 150-168). Бірақ мұндай ізденістердің ғылыми–теориялық дәрежесі белгілі бір межемен шектеліп келеді.

Ел мұрасын зерттеудегі келесі бір кемшілігіміз – бұрын жарық көрген еңбектерге сын көзімен қарамау, сол басылымдарда орын алған олқылықтарды қаз қалпында қайталау.

Зерттеу әдістері. Бүгінгі музыкатану ғылымы қазақ халқының музыкалық мәдениетін аспаптық, вокалдық деп екі салаға жіктеп, одан әрі жанрлық ерекшеліктеріне ойысу дәуірінен өткен. Сан рет айтылып, талай рет жазылған баяндау, сипаттау яки жинақтау арқылы танымды тереңдету қиын. Ендігі жерде соны жаңа методологиялық ізденістер аясында сөз етіп, тақырыпты жаңа қырынан ашуға бет қойған жөн. Осы мақсатқа орай герменевтикалық зерттеу тәсіліне кең орын берілді. Күні бүгінге дейін зерттелген тақырыптар мен жарық көрген еңбектердің озығы қайсы, тозығы қайсы? Халық музыкасы, оның көрнекті өкілдері туралы ізденістердің дұрысы қайсы, бұрысы қайсы? Осыларды анықтау керек пе, әлде жауырды жаба тоқып ілгері кете береміз бе?

Ілім-білімі озық елдер бұрын жазылған еңбектердің барлығын дерлік герменевтикалық сүзгіден өткізіп, ақ-қарасын ашып келеді. Сонда кейінгі жас буын ғылымның қия жолынан адаспайтын болады. Осындай түрлі мәдени-музыкалық құбылыстарды салыстыра, сабақтастыра зерттеу барысында синхрондық және диахрондық тәсілдерін пайдаланудың маңызы зор. Олар фольклортану ғылымының төл танымдық құралдары болып табылады.

Сонымен қатар музыкалық аспаптардың ұқсастықтары тұсында салыстырмалы-типологиялық тәсіл, түп-тегіне келгенде тарихи-генетикалық зерттеулерге жүгініп отырдық.

Мақалада сөз болып отырған ең басты методологиялық жаңалық – синергетикалық тұтастық, яғни музыка мәдениетінің даралығы мен кешенділігі. Өзге елдер ғылымында музыкалық синергетика мәселелері біршама зерттелген болса, бізде бұл салаға әрі дүре тиген емес. Рас, оның кейбір мәселелерін, атап айтқанда эпикалық дәстүр аясындағы көріністерін арнайы сөз еткен едік (Қоңыратбай, 2021: 35-44). Синергетикалық тәсіл тарихи-мәдени, яки мәдени–музыкалық құбылыстарды өзара сабақтастық пен бірлікте қарастыратын кешенді тәсіл. Оның сүйенетін таяныштары мыналар: аттрактор, бифуркация, сызықтық емес жүйе, ашық жүйе, флуктуация, хаос, тәртіп және синергия (Хакен, 1980).

Әрине, бір мақала көлемінде осыншама мәселелерді қамтып, оларды ғылыми оралымға түсіру мүмкін емес. Десек те тақырыптың бағытына қарай халық музыкасын зерттеудің синергетикалық мәселелерін қарастырып, оның танымдық категорияларын ғылыми оралымға қосуға тырыстық.

Нәтижесі және талқылау. Музыкалық фольклортану ғылымының бір мақсаты – халқымыздың ғасырлар елегінен өткен музыкалық аспаптарын топтастыру, яғни классификациялау. Халық аспаптарын әлемдік музыкатану ғылымының талаптары тұрғысынан топтастыру бізде Б.Сарыбаев еңбектерінен бастау алады. Өткен ғасырдың 70-80-жылдары зерттеуші төл музыкалық аспаптарымыздың құрылымына ерекше мән беріп, олардың біршама толық сипаттамасын жасаса (Сарыбаев, 1981), Н.Тифтикиди – аспаптық музыкалық дәстүр (Тифтикиди, 1966: 44-47), Л.Тарасова – үш дауысты күйлер табиғатын сөз еткені бар (Тарасова, 1967: 196-200). Кейінгі жылдары үш дауысты күйлердің жеке үлгілерін белгілі музыка маманы Жарқын Шәкәрімов те орындап жүрді. Алайда қазақтың аспаптық музыкасындағы үш дауысты күйлердің табиғаты бізде арнайы зерттелген емес.

Халқымыздың музыкалық мәдениетінде үш дауысты күйлер болды деген пікірдің астарында көп ішекті музыкалық аспаптардың жатары анық. Соңғы жылдары зерттеушілеріміз жетіген мен шертер аспабын атап келеді: бірі – жеті, екіншісі – үш ішекті музыкалық аспаптар. Сол негізде қазақ музыкасы жеке дауысты (монодиялық) аймаққа кірмейтін ерекше құбылысқа айналып бара жатқандай.

Халық аспаптарына арналған еңбектерінде Б.Сарыбаев жетіген аспабын «жеті» және «аған» (ән, әуен) деген семантикадан тудырып, «жетіған» деген қисын ұсынғаны бар. Мұндағы «жеті» – түрік, «аған» – араб сөзінен алынған-мыс. Одан әрі ғалым «Сибирьский вестник» басылымындағы деректерге жүгініп, жетіген – жеті темір ішегі бар музыкалық аспап деген түйін жасаған (Сарыбаев, 1967: 123). Қазақ халқында жетігенге ұқсас аспаптардың болғандығын дәлелдеу барысында «Үш қыз» ертегісіне жүгінеді. Сол арқылы жетіген мен гусли аспаптарының құрылымы бір-біріне өте жақын деген тұжырым жасаған.

Музыкалық аспаптарымыз жан-жақты зерттеле қоймаған өткен ғасыр үшін мұндай ізденістердің маңызды екені рас. Алайда ғылыми танымның бүгінгі тұрғысынан келгенде әлі де тереңдете, жетілдіре түсетін тұстары жоқ емес. Мысалы, Б.Сарыбаев жүгінген ертегі – фольклордың қиялға құрылған прозалық жанры. Халқымыздың ғасырлар бойғы ой-арманы мен қиялын қамтыған ертегілерден тарихи шындықты іздеуге болмайды. Ертегі – өтірікке құрылған жанр. Тазшаның қырық өтірігі, орыс ертегілеріндегі «по усам текло, в рот не попало» деп келетін жолдар ертегінің болмысын анықтай түседі.

Жетіген мен гусли аспаптарының құрылымында ұқсастық болса да, ол аспаптардың өмір сүрген мәдени-музыкалық ортасы тіпті бөлек. Бұл екі аспапты бір түбірден тарату – ислам мен христиан мәдениетін түйістірумен пара-пар. Сондықтан жетіген қай халықтың музыкалық мәдениетінен алғаш орын тепті? Оның қазақ музыкасындағы көріністері қайсы? – деген мәселелер анықтауды қажет етеді. Аспаптың жеті темір ішегі туралы мәлімет жетігеннің XIX ғасырдағы үлгісіне қатысты айтылған. Сол себепті бұларды нақты ғылыми айғақ ретінде қабылдау қиын.

1965 жылғы экспедиция материалдары негізінде үш дауысты күйлер табиғатын сөз еткен Л.Тарасованың пайымдауынша негізгі әуен жоғарғы ішекте жүріп, төменгі екі бурдондық дауыс аспаптық сүйемел қызметін атқарады. Мұндай мәселелерді халқымыздың музыкалық дәстүріне негіздеп сөз еткен дұрыс болар еді. Өкінішке

орай мақалада дәстүр мәселесі ұмыт қалған. Сол себепті экспедициялық сапарда М.Әзімхановтан жазылып алынған күйлер бізге қалай жеткен? Негізгі орындаушылары, олардың ұстаз-шәкірттері кімдер? Жалпы қазақтың аспаптық музыкасында үш дауысты күйлерді насихаттайтын дәстүрлі орта болған ба, жоқ па? – деген мәселелер зерттеуші назарынан тыс қалған.

Бірқатар зерттеушілеріміз музыкалық аспаптарды дыбыс шығару ерекшелігі жағынан топтастырып, олардың тегі мен табиғатына тереңдеп бара қоймады. Ғасырлар бойы дамыған музыкалық аспаптардың генезисі, стадиялығы, типологиясы сияқты танымдық мәселелер күн тәртібіне тиянақты түрде қойылған емес. Осының салдарынан «фольклор аспаптары», «халық аспаптары», «ұлт аспаптары» деген этнографиялық терминдердің ара-жігі ажыратылмай, тұтас күйінде қолданылып келеді. Оларды өзара тең ұғымдар қатарында қабылдап жүргендер де жоқ емес. Осындай қойыртпақ пікірлер музыкалық аспаптарымыздың стадиялық даму белестерін анықтау ісінде елеулі кедергілер тудырып отыр.

Бізде аспаптық музыкамыздың стилі зерттелсе де, музыкалық аспаптарымыздың даму, жетілу жолдарын анықтау жағы кенже қалып келеді. Бұл пікірдің аспап атауларының этимологиясы мен семантикасына да қатысы бар. Қазірде домбыра аспабын өзге аспаптардан биік шығардық. Домбыраның басты ерекшелігі – қоңыр үнділігі деп марапаттадық. Бірақ бұл көзге көрініп, құлаққа естіліп тұрған, зерттеу нысанының беткі қабатында жатқан ерекшелігі. Сонда оның жаңалығы, ғылыми танымға қосар үлесі неде? Егер мәселені домбыраның «қоңыр» үнді акустикасына әкеліп тірейтін болсақ, ол Алтайды мекендейтін түркі тектес халықтардың бәріне ортақ. Сонда домбыраның ұлттық болмысы қайсы?

Халқымыздың музыкалық аспаптары қай заманда туған? Даму белестері мен жетілу жолдары қайсы? – деген мәселелер музыкатану ғылымында әлі күнге тиянақты түрде сөз болған емес. Осындай жағдайда халық аспаптарын классификациялауда қандай принциптерге табан тіреуіміз қажет.

Бізде халық аспаптарын топтастыруға қатысты пікірлер аз болған жоқ. Ғылымның бүгінгі талаптары тұрғысынан олар аэрофондар (үрмелі), хордофондар (ішекті) және идиофондар (ұрмалы) деп негізгі үш салаға жіктеліп жүр. Ішкі бөліністері тағы бар. Бұл топтарға қандай аспаптардың жататынын кезінде Б.Сарыбаев жасаса, кейінгі зерттеушілер толықтыра түсті. Солай бола тұрып музыкалық аспаптардың стадиялық белгілері әлі күнге сараланған емес. Яғни көптеген музыкалық аспаптарымыздың қайсысы фольклорлық, қайсысы халықтық, қайсысы ұлттық сатыға көтерілгенін анықтау мәселесіне дүре тимей келеді. Музыкалық репертуары өз алдына бір мәселе.

Музыкалық аспаптар – халық мәдениетінің көрінісі. Оның арқауында қазақ халқының ғасырлар бойғы эстетикалық талап-талғамдары, музыкалық шығармашылығы, дыбыс, үн-әуен қуатының тыңдаушыларға тигізген әсері жатады. Әр дәуірдің өзіне тән үн-әуені болады десек, біздегі халық музыкасының үлгілері осы тұрғыдан да межелене қойған жоқ.

Фольклорлық сатыдағы музыкалық аспаптардың көнелігі айқын. Олардың құрылымы қарапайым, дыбыс шығару мүмкіндіктері де шектеулі. Мысалы, асатаяқ, тайтұяқ, қоңырау, кепшік, шыңдауыл сияқты аспаптар белгілі бір ырғаққа құрылған шулы дыбыстар ғана шығарады.

Осы сатыдағы музыкалық аспаптардың келесі тобын сазсырнай, үскірік, үйлдек сияқты көне үрмелі аспаптар құрайды. Бұл аспаптарда көлемі мен интонациясы шағын музыкалық әуендер орындалған. Бұл екі топқа жататын аспаптардың архаикалық сипаты айқын, олар көбіне фольклорлық сатыда көрінеді.

Қоғамның дамуы секілді музыкалық аспаптар да үнемі қозғалыс, даму, жетілу үстінде болады. Ел қажетіне жараған, оның музыкалық-эстетикалық талғамын қанағаттандырған аспаптар ғана халықпен бірге жасап, қоғам дамуының келесі сатыларына көтеріліп отырған. Көне музыкалық аспаптардың стадиялығы дегеніміз – осы.

Ішекті музыкалық аспаптарға келгенде жағдай өзгере түседі. Ысқышты және шертпелі болып жіктелетін ішекті аспаптар фольклорлық сатыдан өтіп, халықтық, ұлттық белестерге көтерілген. Ертеде бақсылар орындаған көне сарындар өнер емес, тәңірмен байланыс орнату құралы ретінде қабылданған. Бұл – мифтік ұғым, фольклорлық саты.

Бері келе бақсы сарындары негізінде шағын аспаптық музыка үлгілері пайда болған. Шекті аспаптардың қайсысы көне, қайсысы кенже құбылыс деген мәселе де анықтауды қажет етеді. Ысып тартылатын аспап архаикалық құбылыс па, әлде шертпелі аспап көне ме? Бұл мәселені анықтау кезінде олардың музыкалық репертуары мен орындау техникасына да көңіл бөлу қажет.

Осы кезге дейін жазылып, жарық көрген еңбектердің бәрінен бірдей ғылыми әдіснама іздей беруге болмайды. Бұл әсіресе музыка өнері саласындағы ізденістерге тән көрініс. Мысалы, көлемді болса да хрестоматиялық сипатта жазылатын оқу құралдарының ғылыми танымға қатысы шамалы.

Елеулі кемшіліктер ұлттық музыка тарихына арналған еңбектерден де көрініс беріп жатады. Олардың бірқатары қарастырып отырған мәселені жаңа методологиялық деңгейде қарастырмай, бұрын сан рет жазылған деректерді қайта баяндаумен шектеледі. Соның бір үлгісі – «Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы» (Жұмалиева, Ысқақов, 2005: 256-282). Бұл еңбектің «Қазақ халқының аспаптық музыкасындағы дәстүрлі жанрлар» деп аталатын тарауында Қорқыт туралы бұрыннан мәлім деректер қайта берілген. Солардың арасынан А.Жұбанов келтірген Қорқыт туралы аңызды атап айтуға болады. Кітапта аңыз толық баяндалса да, түпнұсқасына ғылыми сілтеме жасалмаған (Жұмалиева, Ысқақов, 2005: 287–288).

Сілтеме демекші, кезінде бұл аңызды А.Жұбанов та сілтемесіз жазыпты. Ғалымның 1942 жылы жарық көрген кітабының Ықылас туралы тарауында Қорқытқа қатысты бұл аңыз жоқ еді (Жұбанов, 1942). Кейін толықтырып, жеке-жеке кітап етіп бастырған еңбектерінің бірі – «Ғасырлар пернесінің» «Ықылас» деген тарауында ғалым Қорқыт есіміне байланысты аңызды толық келтірген. Бірақ аңызға ғылыми сілтеме жасалмаған (Жұбанов, 1975: 253-254).

Мұны айтып отырған себебіміз, Қорқыт туралы дәл осы аңызды XIX ғасырдың екінші жартысында В.Вельяминов-Зернов хатқа түсіріп, алғаш рет жариялаған еді (Вельяминов–Зернов, 1859: 272). Баспа жүзін көріп, ауызекі баяндалатын аңыздан жазба ескерткішке айналған сол дереккөздің ғылыми оралымға түспей келуі, әрине, кейінгі зерттеушілер үшін сын. Сол себепті күні бүгінге дейін әркім Қорқыт туралы аңызды тұңғыш рет жариялап отырғандай баяндап келеді. Мұның компиляция,

яғни жаңалығы жоқ қайталау екенін ғылыми жұртшылық жақсы түсінеді. Оның себебін Қорқыт тақырыбына қалам тартып жүрген авторлардың ғылыми-теориялық дайындығынан іздеген ләзім.

Бірақ қомақты еңбектегі дәлсіздік пен ұшқарылық мұнымен ғана шектелмейді. Автор әр жылдары ғылыми болжам түрінде айтылған, түпнұсқа емес, өзге авторлардың жазғанына сүйенген ұшқары пікірлерді тізіп, көпшілікке ұсына берген. Осындай үстірт айтылған пікірлер бір еңбектен екінші еңбекке көшіп, оқырмандарды әбден шатастырып келеді. Олардың негізгілері мыналар:

1. Қорқыттың «әкесі түркілердің оғыз тайпасынан болған, шешесі – қыпшақ тайпасының Қайы руынан шыққан»;

2. «Әбілғазының «Түрік шежіресінде» Қорқыттың бес ханға уәзір болғанын көрсетті»;

3. «Аңыз желісінде 95 жасында қайтыс болғанымен, аңыздарда Рашид-ад-Диннің еңбегінде, «Оғызнамеде» Қорқыттың 295 жыл өмір сүргені ескертіледі»;

4. «Қорқыттың бүкіл ғұмыры туралы мәлімет Ш.Уәлихановтың еңбектерінде бар, ол әсіресе «Қорқыт кітабы» атты батырлық эпоста жинақталған аңыздарға сүйене отырып жазған»;

5. 1975 жылы қобызшы Нышан Қорқыттың тоғыз күйін жазып қалдырды» (Жұмалиева, Ысқақов, 2005: 288-289).

Енді осы пікірлердің несі дұрыс, несі бұрыс екеніне жеке-жеке тоқталып өтейік.

1) «Түрік шежіресі» – тарихи дереккөз. Онда Қорқыттың қайы елінен шыққан Қарақожаның ұлы екені айтылады (Кононов, 1958: 57), бірақ анасы туралы мәлімет жоқ. Оның үстіне оғыздардың қайы ұрығы ешқашан қыпшақ тайпасының құрамында болмаған. Қайы деп отырғаны түрікмен құрамындағы гокландар (Кононов, 1958: 96). Ал Ә. Қайнарбаевтың Қорқыттың тегі – қазақ, анасы – ноғайлы деген мәліметі аңызға құрылған. Сондықтан тарихи шындыққа қатысы шамалы (Қорқыт атаның даналық сөздері, 2019). Қорқытты біресе оғыз заманы, біресе ноғайлы дәуірімен байланыстыру соның дәлелі.

2) Әбілғазы жазбасында Қорқыттың бес емес, үш билеушінің тұсында уәзір болғаны жазылған. Солардың бастысы – Инал Йабы (Кононов, 1958). Мұндағы «бес» деген сан Қорқыт туралы қалам тартқан компиляторлардың барлығына ортақ қателік.

3) Аңыз – тарихи оқиғалардың елесімен туса да, онда тарихи датаның болмайтыны фольклортанушыларға жақсы мәлім. Сондықтан Қорқыт «аңыз желісінде 95 жасында қайтыс болған» деген сөздің қисыны шамалы. Бізге жеткен аңыздарда ондай мәлімет кездеспейді. Қорқыт 295 жыл өмір сүрген деген дерек Әбілғазыда кездессе (Кононов, 1958: 57), 95 жыл өмір сүрді деген мәлімет шежіресінің А.Туманский жасаған аудармасында көрсетілген (Абулгазы, 1897: 40). Осы мәліметтердің байыбына бармай жатып цифрларды шатастырып, қойыртпақ жасап, көпшілікке ұшқары пікір ұсынудың ғылыми танымға қатысы не?

Рашид ад-Диннің қай еңбегінде Қорқыт туралы мәліметтің бар екенін автор ашып жазбаған. Кезінде оны біз көрсетіп, ғылыми оралымға түсірген едік. «Оғызнамеде» Қорқыттың өмір жасы туралы ешқандай дерек жоқ. Бұл да үстірт мәлімет.

4) Шоқанда «Қорқыттың бүкіл ғұмыры туралы» дерек жоқ. Ғалымның еңбектерінен «у киргизских шаманов есть легенда о Хорхуте, первом шамане, ко-

торый научил играть на кобзе и петь сарн» (Валиханов, 1958) деген жолдарды ғана оқимыз. Шоқанды «Қорқыт ата кітабындағы» аңыздарға сүйенген деген пікірдің де ғылыми негізі олқы. Шоқан «Қорқыт ата кітабы» туралы ауыз ашпаған, бәлкім ондай жазба ескерткіштің барын білмеген. Өйткені Ватикан мен Дрезденде сақталған жазбаны В.Бартольд XX ғасырдың 20-жылдары ғана аударып, алғаш рет әдеби-ғылыми оралымға қосқан еді.

Сол сияқты кітаптағы Қорқыт туралы аңызды «XIX ғасырда Шоқан жазған, кейіннен Ә.Диваев толықтырған, А.Жұбановтар қайта жазған» (Жұмалиева, Ысқақов, 2005: 290) деген пікір де дәл емес. Шоқанның 5 томдығынан «қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деп келетін аңыз туралы мәлімет таппадық. Ә.Диваевта Қорқытқа байланысты екі мақала бар (Диваев, 1992: 197-200). Оның екеуінде де Қорқыттың мазары сөз болып, аяғының қабірден шығып жататыны туралы аңыз ғана айтылады. Қорқыттың көрі туралы аңыз жоқ. А.Жұбанов бұл аңызды қайта жазбаған, оның желісін баяндап қана шыққан.

5) 1975 жылы Нышан Қорқыттың тоғыз күйін жаздырды деген пікір шындыққа мүлде жанаспайды. Нышан өз сарындарын Қорқыт күйлері ретінде ұсынбаған. Оның қобызбен тартқан сарнауларының Қорқытқа қатысы не? Бұл сауалдың жауабы әлі күнге айтылған емес. Мұның алғашқысы аспаптық, соңғысы аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын бақсылық сарын емес пе.

Екінші, Нышаннан жазып алынған сарнаулардың саны тоғыз емес, он үш. Олардың таспаға жазылған түпнұсқасын YouTube.com жүйесіне енгізгенімізге де біраз уақыт болды (You Tobe. com. Нышан сарын 1,2). Түпнұсқадағы сарнаулар мен аңыздардың болмысы бүгінде жарияланып жүрген «Қорқыт күйлері», «Қорқыт аңыздары» деген мәтіндермен мүлде үйлеспейді. Түпнұсқа басқа, көпшілікке Қорқыт мұрасы ретінде ұсынылып жүрген мәтіндер өзге. Соған қарамастан Қорқыттың күйлерін Нышан жеткізді деген дақпырт баспа жүзіне шығып, ғылыми танымға жалған ақпарат – фальш элементі еніп келеді. Бұл мәселені бірнеше рет ғылыми мәселе ретінде көтеріп едік (Kongyratbay, 2015), бірақ мән беріп жатқандар шамалы. Р. Әлімбеков пен Ә. Қазақбаев сол ескі пікірлерді қаз-қалпында қолданып, мәселені одан әрі ушықтыра түскен (Әлімбеков, Қазақбаев, 2019: 161–171). Кейбір ғалымдарымыз кезінде Қорқыттың авторлығымен жарық көрген «Елім-ай» жинағына әлі күнге сілтеме жасап, өз еңбектерінде қолданып келеді (Утегалиева, 2016).

Этнография мен фольклортану ғылымдарының талаптары бойынша дәстүрлі музыка (күй тарту, жыр айту) өнерінің генезисін бір ғана жағдайда анықтауға болады. Ол – көне замандардан бері үзілмей келе жатқан күй тарту немесе жыр айту дәстүрінің болуы. Оның ғылыми-методологиялық мәселелерін В.П.Аникин кезінде сөз еткен (Аникин, 1980).

Дәстүр дегенде ғалымдар бүгінде арнайы музыкалық оқу орындарында дайындалып жатқан домбырашы, қобызшы, сыбызғышы, жыршы, әнші мамандарды айтып отырған жоқ. Аталған өнер арналары Қазақстанның әр түрлі аймақтарына тән болса да, білім беру, оқыту жолымен Арқада – сыбызғышы, Батыста – қобызшы, Жетісуда – жырау-жыршы дайындауға да әбден болады. Бірақ мұндай іс-шаралардың мәдени сипаты болса да, ұлттық үн-әуеніміздің тегіне қатысы шамалы. Басқаша айтқанда, әлгі сарындар ұлттық код деңгейінде тануға келмейді. Ол үшін ғасырлар бойы үзілмей,

ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға беріліп келе жатқан, тіпті кешегі XX ғасыр бойында өнер сахнасынан түспеген қобыз сарындарын тарту дәстүрінің болуы шарт. Өзгені ғылыми таным қабылдамайды.

Кейбір зерттеушілер сарын мен күйдің айырмасын жете түсінбейтін секілді. Қорқыт – шамандық наным өкілі болса, оның заманында бақсылар тартқан қобыз сарындарының болуы мүмкін. Бірақ олар күй емес. Сарын мен күй – қазақ музыкасының дамуындағы екі түрлі саты, екі басқа кезең.

Мистикалық мазмұндағы сарын тартқан бақсылар өздерін өнер иесі емес, емші, сәуегөй санаған. Оның биге ұқсас қимылдары, жыр үлгісіндегі поэзиялық мәтіндері бақсылық сарындары бір-бірінен дараланбаған тұтас құбылыс. Олар өнер дәрежесіне көтеріліп, би, поэзия, музыка болып жіктелмеген. Сондықтан өнер түрлерінің синкреттік тұтастығы сатысында қобыз күйлері туралы сөз қозғаудың ғылыми негізі олқы. Өнер түрлерінің пайда болу, даму, жетілу ерекшеліктерін түсінбеудің бір көрінісі – осы.

Арғы жердегі бақсы сарындарын айтпағанда Ықылас жеткізген қобыз күйлерінің де архаикалық сипаты жақсы сақталған. Қобыз күйлеріне тән музыкалық интонациялардың типологиясын осы белгілерінен іздеу қажет. Оған тән үнсарындарды түрікмен музыкасынан да кездестіруге болады. Бірақ бұл ұқсастықтардың сыры бізде типологиялық немесе генетикалық тұрғыдан зерттелген емес.

Қорытынды. Бір-бірімен сабақтасып жатқан мәдениет, өнер және музыка – халқымыздың ғасырлар бойы жасаған асыл қазыналары. Оларды танымдық мүмкіндіктерін зерттеу қандай қажет болса, кезінде жіберілген кемшіліктерін саралаудың да маңызы соншалықты зор. Ендігі жерде ұлттық құндылықтарымызды құрғақ баяндау тәсілінен арылып, жаңа танымдық ізденістерге жол ашудың кезегі келіп отыр. Бұл мақаламызда сондай арналардың бірі – синергетика мен оның танымдық таяныштарын сөз етуіміздің себебі осында.

Бұл тұстағы тағы бір мақсатымыз – OR11465467 нөмірлі бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға (БМҚ) негіздей отырып «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» жобасы аясында жазылды.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған OR11465467«Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» жобасы аясында жазылды.

Коныратбай Т.А.
Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова,
Алматы, Казахстан
E-mail: tynysbek55@mail.ru
ORCID: 0000-0003-3012-5966

Синергетические аспекты изучения музыкального наследия казахского народа

Аннотация. В основе настоящей статьи лежат проблемы изучения музыкального наследия казахского народа, дошедшего до наших времен из глубин многих столетий. Познавательные возможности

многих музыкально–культурных явлений, тесно связанных между собой, рассматриваются в рамках синергетической теории.

В процессе изложения материала определенное место отводится герменевтическому анализу ранее обнародованных работ и публикаций, в которых обнаруживаются ошибочные суждения о природе музыкального наследия казахского народа. Это касается исследований, опубликованных в 60-80-е годы прошлого столетия, в которых нашли отражение неточные суждения. Все эти вопросы изучены с новой методологической позиции. В процессе разработки темы в научный обиход внедрены такие понятия синергетики, как бифуркация, флуктуация, нелинейность, хаос.

Уделено должное внимание отдельным неверным суждения о хордофонах, которые нашли отражение при изучении музыкальных инструментов казахского народа. В процессе герменевтического анализа определены как познавательные возможности, так и компилятивный характер подобных суждений. Охарактеризованы многочисленные неточности, излагаемые в связи с изучением облика Коркута и кобыза. В целом, методологическую основу настоящей статьи составили познавательные категории синергетики.

Ключевые слова: бифуркация, кобыз, типология, синкретизм, фольклор, флуктуация

Kongyratbay T.A.
M.O. Auezov Institute of Literature and Art
Almaty, Kazakhstan
E-mail: tynysbek55@mail.ru
ORCID: 0000-0003-3012-5966

Synergistic aspects of the study of musical heritage Kazakh people

Abstract. This article is based on the problems of studying the musical heritage of the Kazakh people, which has reached our time from the depths of many centuries. The cognitive possibilities of many musical and cultural phenomena, closely related to each other, are considered within the framework of synergistic theory.

In the process of presenting the material, a certain place is given to hermeneutic analysis of previously published works and publications in which erroneous judgments about the nature of the musical heritage of the Kazakh people are found. This applies to studies published in the 60s and 80s of the last century, which reflected inaccurate judgments. All these issues have been studied from a new methodological position. In the process of developing the topic, such concepts of synergy as bifurcation, fluctuation, nonlinearity, chaos have been introduced into scientific usage.

Due attention is paid to individual misconceptions about chordophones, which which were reflected in the study of musical instruments of the Kazakh people. In the process of hermeneutic analysis, both cognitive capabilities and the compilative nature of such judgments are determined. Numerous inaccuracies are described in connection with the study of the appearance of Korkut and mare. In general, the methodological basis of this article was the cognitive categories of synergy.

Keywords: bifurcation, qobyz, typology, syncretism, folklore, fluctuation

Информация об авторе:
Коныратбай Тынысбек Ауелбекулы *– главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, доктор филологических наук, профессор искусствоведения и филологии. E–mai:l tynysbek55@mail.ru, ORCID 0000–0003–3012–5966*

Әдебиет:

Абуль–Гази–Боходур–хан. Түрікмен шежіресі. – Асхабад, 1987. – 98 б. Ауд. А.Туманский.

Аникин В.П. Фольклорлық дәстүр теориясы және оның былиналарды тарихи негізде зерттеу үшін маңызы. – Москва: ММУ, 1980. 331 б.

Әлімбеков Р., Ә. Қазақбаев. Қорқыт туралы аңыздағы тарихи ақиқат (2019). № 90–2 Orcióп, выпуск 35, No.90–2. – Б.161–171 (ағылшын тілінде).

Барибаева А., Сабырова А. Музыкатанудың төртінші бағыты (дискуссиялық дискурс мәселесі

бойынша) // Өнертанудың ортаазиялық журналы. Том 5, шығ. 4. 2020. – Б. 72–74. https://doi.org/10.47940/cajas.v5i4.304

Бейчерен А.Д. Зияткерлік пайым. Салыстырмалы зерттеулер бойынша құжаттар (1990). №6 (ағылшын тілінде).

Валиханов Ч. Таңдамалы шығармалары. Ред.басқарған А.Маргулан. – Алматы, 1958. – 536 б.

Вельяминов–Зернов В. Башқұртстандағы араб–татар жазуы бар ескерткіш. ЗВОРАО (1859), т.IY, 283–б.; Орыс археология ұйымы Шығыс бөлімшесінің жазбалары. Т.IX, с.272.

Диваев Ә. Тарту. – Алматы, 1992. – 200 б.

Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1975. – 368 б.

Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. – Алматы, 1942. – 148 б.

Жұмалиева Т., Ысқақов Б. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары /Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. – Алматы, 2005. – 557 б.

Кононов А.Н. Хиуа ханы Әбілғазының Түрікмен шежіресі. – М.–Л., 1958. – 190 б.

Қоңыратбай Т., Сұлтанова М., Бекмолдинов Н., Оспанов Б., Қоңыратбай Қ. (2015) Түркі әлеміндегі Қорқыт мұрасын зерттеу//Азиялық әлеуметтік ғылым; 11–том, № 21. – С. 55–61. ISSN 1911–2017 E–ISSN 1911 – 2025 10.5539/ass.v11n21p55 (ағылшын тілінде).

Қоңыратбай Т.Ә. Эпикалық дәстүр табиғаты: синергетикалық пайымдау// ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы 2021. – №1. – Б. 35–44. https: doi.org/10.26577/EJPh.021.v.181.il.ph4

Қоңыратбай Т.Ә. Қазақ эпосының этникалық сипаты. – Алматы: балауса, 2016. – 360 б.

Қорқыт атаның даналық сөздері. – Қызылорда: Тұмар, 2019. – 168 б.

Лоскутов А. Ю., Михайлов А. С. Синергетикаға кіріспе. – Москва, 1990. – 272 б. ISBN: 5–02–014475–4.

Сабырова Ә., Мұқанова А.Б., Исаметова К.И., Султанова М.С., Ералиева А.Т. Қазақтың дәстүрлі ән салуына ежелгі тотемдік нанымдардың тигізетін әсері // Opcion (Венесуэла) V 36.2020.ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06, Том 36. Арнайы № 27. – Б. 150–168.

Сарыбаев Б. Жетіген – қазақтың көне музыкалық аспабы/ Қазақстандағы халық музыкасы. – Алматы, 1967. – Б. 92–94.

Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1981. – 208 б.

Тарасова Л. Қазақтың үш дауысты күйлері / Қазақстандағы халық музыкасы. – Алма–Ата, 1967. – Б. 68–70.

Тарих хаосы: хаотикалық модельде күптеген жағдайлардың рөлін және тарихи дәйектіліктерде қажеттілікті білдіреді // Бүгінгі сызықтық емес ғылым (1993), 2–том, №4.

Тифтикиди Н. Ф. Қазақ халқының домбыра музыкасының ырғақтық заңдылықтары // Өнер және шет тілдері. – Алма–Ата, 1966. – Б. 44–46.

Тузов В.В. Синергетика – күрделі жүйелердің өзіндік ұйымдасу үдерісін зерттейтін әдіснама // Библиосфера, 2007, №1.

You Tobe. com. Нышан сарын 1, 2.

Утегалиева С. Қазақ домбырасы мен қобызындағы таразыны компьютерлік зерттеу (2016)//Дәстүрлі музыканың жылнамасы. 48–том, 146–жол – 166–жол. Cambridge University Press онлайн жарияланды: 06 Желтоқсан 2018. DOI: https://doi.org/10.5921/yeartradmusi.48.2016.0146

Хакен Г. Синергетика. Ағылшын тіл.ауд. В.И.Емельянова. Ред.басқарған Л.Климонтович, С.М.Осовец. – Москва, 1980. – 405 б.

Хейлз Н.К. Қазіргі әлемдегі жүйесіздік. Әдебиет және ғылым (1990) Итака Нью Йорк, 1990. – 258 б. (ағылшын тілінде).

Эйхгорн А.Ф. Орталық Азия халықтары музыкалық аспаптарының толық жиынтығы. КАТАЛОГ (1885). – СПб., 1885ю – 18 б.

Литература:

Абуль–Гази–Боходур–хан. Родословная туркмен. Пер. А.Туманского. – Асхабад, 1897. – 98 с.

Аникин В.П. Теория фольклорной традиций и её значение для исторического исследования былин. – Москва: МГУ, 1980. – 331 с.

Алимбеков Р., Казакбаев А. Одна историческая правда в легенде Коркыта (2019). Opción, выпуск 35, обычный. No.90–2. – С. 161–171. (на английском языке)

Барибаева А., Сабырова А. О четвертом направлении в музыкознании (о проблемах дискусной дискуссии)// Среднеазиатский журнал искусствознания Том 5. Выпуск 4. 2020. – С.72–74. https://doi.org/10.47940/cajas.v5i4.304.

Бейчерен А.Д. Нелинейная наука и развитие нового интеллектуального видения//Документы в сравнительных исследованиях (1990). №6.

Валиханов Ч. Избранные произведения. Под редакцией А.Маргулана. – Алма–Ата, 1958. – 536 с.

Вельяминов–Зернов В. Памятник с арабско–татарской надписью в Башкирии. ЗВОРАО (1859), т.IY, 283–б.; Записки Восточного отделения Русского археологического общества. T.IX, с.272.

Диваев А. Дарение. – Алматы, 1992. – 200 с.

Жубанов А. Струны столетий. – Алматы. 1975. – 368 с.

Жубанов А. Жизнь и творчество казахстанских композиторов. – Алматы, 1942. – 148 с.

Жумалиева Т., Ыскаков Б. Казахские национальные музыкальные инструменты /Традиционная музыка казахского народа. – Алматы, 2005. – 557 с.

Кононов А.Н. Родословная туркмен, сочинение Абул–Гази хана Хивинского. – М.–Л., 1957. – 190 с.

Коныратбай Т., Султанова М., Бекмолдинов Н., Оспанов Б., Коныратбай К. (2015) Исследование наследия Коркыта в тюркском мире//Азиатская социальная наука; Том 11, № 21. – С. 55–61. ISSN 1911–2017 E–ISSN 1911 – 2025. (на английском языке). 10.5539/ass.v11n21p55.

Коныратбай Т.А. Природа эпической традиции: синергетическое размышление // Вестник КазГУ. Сер. филолол., 2021. – №1. – С.35–44. https: doi.org/10.26577/EJPh.021.v.181.il.ph4.

Коныратбай Т.А. Этнический характер казахского эпоса. – Алматы: Балауса, 2016. – 360 с.

Мудрые слова Коркута (2019). – Кызылорда: «Тумар», 168 с.

Лоскутов А. Ю., Михайлов А. С. Введение в синергетику. – Москва, 1990ю – 272 с. ISBN: 5–02–014475–4

Сабирова А. С., Муканова А. Б., Иссаметова К. И., Султанова М. Е.,Ергалиева А. Т. Влияние древних тотемических верований на казахские традиционные пение .//Opcion (Венесуэла) V 36. 2020. ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06. Том, 36. Специальный № 27. – С. 150–168.

Сарыбаев Б. Древний казахский народный инструмент Джетиган/ Народная музыка в Казахстане. – Алма–Ата, 1967. – С. 92–94.

Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. – Алматы: «Өнер», 1981. – 208 с.

Тарасова Л. Казахские трехголосные кюи / Народная музыка в Казахстане. – Алма–Ата, 1967. – С. 68–70.

Хаос истории: на хаотической модели, которая отражает роль непредвиденных обстоятельств и необходимости в исторических последовательностях//Нелинейная наука сегодня (1993). – Том 2, №4. (на английском языке).

Тифтикиди Н. Ф. Закономерности ритма домбровой музыки казахского народа // Искусство и иностранные языки. – Алма–Ата, 1966. – С. 44–46.

Тузов В.В. Синергетика как методология исследования процессов самоорганизации сложных систем // Библиосфера, 2007.– №1.

You Tobe. com. Нышан сарын 1, 2.

Утегалиева С.А. Компьютерное исследование весов на казахском домбре и кыл–кобызе (016)//Ежегодник традиционной музыки. 48, стр.146–166. Опубликовано онлайн Кембриджским университетом Press:06 декабре 2018 года. DOI: https://doi.org/10.5921/yeartradmusi.48.2016.0146 (на английском языке)

Хакен Г. Синергетика. Пер. с англ. В.И.Емельянова. Под ред. Л.Климонтовича и С.М.Осовца (1980). – Москва, 1980. – 405 с.

Хейлз Н.К. Хаос: упорядоченное расстройство в современной литературе и науке. Итака, Нью Йорк, 1990. – 258 с. (на английском языке)

Эйхгорн А.Ф. Полная коллекция музыкальных инструментов народов Центральной Азии. КАТАЛОГ (1885). – СПб. – 18 с.

References:

Abul–Gazi–Bokhodur Khan (1897). The pedigree of the Turkmen [Turkmen pedigree]. Per. A.Tumansky. – Askhabad. (in Russ.)

Anikin V.P.(1980). Theory of folklore traditions and its significance for the historical study of epics [The theory of folklore traditions and its significance for the historical study of epics]. – Moscow: State University (in Russ.)

Alimbekov R., Kazakbayev A.(2019) One historical truth in the legend of Korkyt. Opción, issue 35, regular. No.90–2.

Baribaeva A., Sabyrova A. (2020). The fourth area of vusicology (To the problem of the Debatable discourse) Central Asian Journal of Art Studies Volume 5. Issue 4. https://doi.org/10.47940/cajas.v5i4. 304 .

Beicheren A.D.(1990). Nonlinear science and the development of a new intellectual vision//Documents in Comparative studies, No 6.

Valikhanov Ch. (1958). Selected works. Edited by A.Margulan. – Alma–Ata (in Russ.)

Velyaminov–Zernov V. (1859). Monument with an Arabic–Tatar inscription in Bashkiria / ZVORAO, vol. IY; Notes of the Eastern Branch of the Russian Archaeological Society. Vol.IX, p.272. (in Russ.)

Divaev A. (1992). Donation. – Almaty. (in Kazakh)

Zhubanov A. (1975). Strings of centuries. [Strings of centuries]. – Almaty. (in Kazakh)

Zhubanov A. (1942). The life and work of Kazakhstani composers. [Life and work of Kazakhstan composers]. – Almaty. (in Kazakh)

Zhumalieva T., Yerkakov B. (2005). Kazakh national musical instruments /Traditional music of the Kazakh people. – Almaty. (in Kazakh).

Kononov A.N. (1957). The genealogy of Turkmens, the work of Abul–Gazi Khan of Khiva. – M.–L. (in Russ.)

Konyratbai T., Sultanova M., Bekmoldinov N., Ospanov B., Konyratbai K. (2015) Research of Korkyt heritage in the Turkic world//Asian Social Science; Volume 11, No. 21. – C. 55–61. ISSN 1911–2017 E–ISSN 1911 – 2015. 10.5539/ass.v11n21p55.

Konyratbai T.A. (2021). The nature of the epic tradition: synergetic reflection // Bulletin of KazGU. Ser. filolol., No 1. https: doi.org/10.26577/EJPh.021.v.181.il.ph4. (in Kazakh)

Konyratbai T.A. (2016). Ethnic character of the Kazakh epic. – Almaty: Balausa. (in Kazakh)

Wise words of Korkut (2019). – Kyzylorda: «Tumar». (in Kazakh)

Loskutov A. Yu., Mikhailov A. S. (1990). Introduction to synergetics. – Moscow. ISBN: 5–02–014475–4. (in Russ.)

Sabirova A. S., Mukanova A. B., Issametova K. I., Sultanova M. E.,Ergalieva A. T. (2020). The influence of ancient totemic beliefs on Kazakh traditional singing. //Opcion (Venezuela) V. 36. ISSN 1012–1587, Scopus, CiteScore 0,06. Volume, 36. Special No. 27.

Sarybaev B. (1967). Ancient Kazakh folk instrument Jetigan/ Folk music in Kazakhstan. – Alma–Ata. (in Russ.)

Sarybaev B. (1981). Kazakh musical instruments. – Almaty: «Oner». (in Kazakh)

Tarasova L. (1967). Kazakh three–voice kuis / Folk music in Kazakhstan. (in Russ.)

Chaos of history: based on a chaotic model that reflects the role of unforeseen circumstances and the need for historical sequences//Nonlinear science today (1993). – Volume 2, No. 4.

Tiftikidi N. F. (1966). Regularities of the rhythm of dombra music of the Kazakh people // Art and foreign languages. – Alma–Ata. (in Russ.)

Tuzov V.V. (2007).Synergetics as a methodology for studying the processes of self–organization of complex systems // Bibliosphere, No. 1. (in Russ.)

You Tobe. com. Nyshan saryn 1, 2.

Utegalieva S.A. (2018). Computer study of scales on the Kazakh dombra and Kyl–kobyz (016)//Yearbook of traditional music. 48, pp.146–166. Published online by Cambridge University Press:06 December. DOI: https://doi.org/10.5921/yeartradmusi.48.2016.0146.

Haken G. (1980). Synergetics. Translated from the English by V.I.Yemelyanov. Edited by L.Klimontovich and S.M.Osovets (1980). – Moscow. (in Russ.)

Hales N.K. (1990). Chaos: ordered disorder in modern literature and science. Ithaca, New York.

Eichhorn A.F. (1885). Complete collection of musical instruments of the peoples of Central Asia. CATALOG. – St. Petersburg. (in Russ.)

ҒТАМР 17.07.29 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-02

Омаров Б.Ж.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
E-mail: b_om777@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7750-2741

«ҚЫЗ КӨРЕЛІК», «АЙНА-ТАРАҚ» ЖӘНЕ «ТОТЫНАМА»: ҮНДІ СЮЖЕТТЕРІМЕН ҮНДЕСТІК

Аңдатпа. Бұл мақала әлемге кең тараған «Тотынама» хикаялар жинағындағы сюжеттердің қазақ және қырғыз ертегілерінде, сонымен қатар, біздің жазба әдебиетімізде қалай көрініс тапқанын зерттеп-зерделеуге арналған. Автор қазақ ақын-жазушыларының бірқатар шығармаларына арқау болған, үнді әдеби ескерткіштерінде жиі кездесетін бір қыздың үш күйеуі хақындағы хикаяның түп-негізін анықтауға ден қояды. Сөз өнеріміздегі осындай шығармалар ретінде Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы мен Базар жырау Оңдасұлының «Айна-тарақ» дастаны, сондай-ақ қазақ ертегілерінің бірқатар нұсқалары жан-жақты қарастырылады.

Мақалада белгілі шығыс сюжетінің тұтас шығармаға өзек болу немесе туындының бір элементі есебінде пайдаланылу мәселесіне жете назар аударылған. Қысқа сюжеттің көркем дүниеге айналу процесі немесе бір сюжеттің бірнеше бөлігінің түрлі туындыларда ұшырасу деректері туралы ой-пікірлер тиянақталған.

Ең бастысы, мақалаға өзек болған шығыс сюжетінің шығу тегі, бастау көздері, даму жолдары туралы деректер молынан ұсынылған. Сол сюжеттер баяндалатын әлемдік әдебиеттің жәдігерліктері – Зийа ад-Дин Нахшабидің «Тотынамасы», Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің «Тотының әңгімелері» (Тота Кахани) Имад ибн Мухаммад ан-Нааридің «Түнгі жауһарлары» (Жемчужины бесед) (Джавахир ал-асмар), «Веталаның жиырма бес әңгімесі», Мухаммад аз-Захири ас-Самаркандидің «Синдбад-наме» шығармаларына, сондай-ақ «Тотынаманың» өз елімізде және қытай қазақтары арасында тараған бірқатар нұсқаларына нақты талдау жасалған.

Сонымен қатар, шығыс сюжетінің табиғаты мен сипаты, әлем халқына таралуы, өзгерістерге ұшырауы, ұлт менталитетіне бейімделуі, жаңа шығармаға сіңуі, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіне орнығу жолдары жөнінде жаңаша ой-тұжырымдар айтылады.

Автор сюжеттердің өзгеріске ұшырау процесіндегі бірде-бір айырмашылықты назардан тыс қалдырмайды. Сондай-ақ әр шығармаға түрленіп енген сюжеттердің өзіндік ерекшеліктерін де атап көрсетеді. Бір сюжеттен бірнеше сюжеттің туындауы, жиі қайталанатын дәстүрлі детальдардың орын алуы, оқиғаның бастауы мен күрмелуіндегі ортақ заңдылықтардың болуы секілді байлам-байыптамалар көңіл аударуға тұрарлық.

Кілт сөздер: шығыс сюжеті, шығарма, үнді аңыздары, үш күйеу, үш бұйым, ертегі, дастан, қиялғажайып, мотив, брахман, ракшас.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар ерекше шығарманың бірі – Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы. Шығыс аңыздарының сюжеті пайдаланылған бұл туынды жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық әдебиетіміздегі жаңа жанрда жазылғандығымен құнды. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы 1910 жылы Қазан қаласындағы ағайынды Кәрімовтер баспасынан жарық көрсе, Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспаханасынан шығып, жұртшылықтың игілігіне айналды. Бұл тұрғыда,

оқырманға ойлы дүние ұсынуды мақсат тұтқан Міржақып («Қазаққа бір роман жаза салшы») пен Тайырдың («Бір роман жазайын деп мен ойландым») ұстанымынан да өзіндік ұқсастық көреміз.

«Қыз көрелік» – поэзия мен прозаның элементтері араласқан, күнделікті өмір мен ертегілік болмыстың белгілері бір арнада тоғысқан бітімі бөлек дүние. Т.Жомартбаев романның өлеңмен өрілген эпилогында оқырманды оқиға барысы мен идеялық бағытынан («Үш жігітті қыз көрген оқып қара, Надандықтың түбі болды, қандай жаман») да хабардар етеді, автор ретінде өзін де қамшылап («Кел, Тайыр, жаз сөзіңді, босқа жатпа»), қаламды мығым ұстауға жігерлендіреді. Бір қарағанда, бұл шығарманың негізгі желісі қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі сюжеттерден алыстай қоймайтын сияқты көрінеді. Семейді мекендеген Ғайса деген ташкендік саудагердің қызына үш жігіттің таласып, өнер жарыстыруы, бірақ қыздың олардың ешқайсына да бұйырмауы, ақыры бойжеткеннің өзі сүйген адамға қосылуы ешкімге де таңсық емес көрініс. Мұндай мотив сол кезеңдегі шығармалардың біразында кездеседі. Романда жастайынан оқып, білім алған Ғайникамалдың мақсат-мұратымен орайлас жаңашылдық пен арманшылдықтың белгілері көптеп көрініс тапқан.

Шығарманың сюжеті салғаннан шарттылыққа бағындырылып, өңірді жайлаған үш іргелі жұрт – арғын, найман, керей руларынан шыққан үш жігіттің бір қызға қолқа салуы оқиғаны ширықтыра түседі. Татар ұстазына еріп, Уфаға оқуға аттанып, бес жылдай білім алған Ғайникамалдың жаман атын шығармай, абыроймен елге оралуы оған өмірлік серік болуға ниеттенген азаматтар алдындағы бәсін арттырады. Автор Т.Жомартбаев ақылына көркі сай аруға көзі түскен жігерлі жігіттердің беделді бейнесін жасау үшін көп ізденген сыңайлы. Ақыры, «Ғалия» медресесінде оқыған, шығыс әдебиеті үлгілерімен жақсы таныс қаламгер ежелгі ертегі-аңыздардың элементтеріне жүгінеді. Бірақ әлемді шарлаған осынау сюжеттің қазақ әдебиетіндегі қолданылған нұсқасы оқиғаны мейлінше дамытып, әбден ширықтыруға септігін тигізсе де, білімді бойжеткеннің жар таңдауына ықпал ете алмайды. Ежелден келе жатқан ертегінің көріністері күйеу болуға талпынған маңғаз мырзалардың абыройын асқақтатқанымен, жүректің әмірі, көңілдің қалауы бәрібір басқаша болып шығады. Өйткені, романда айтылғандай, «Басында ықтияры бар бақытты қыздар кімді сүйсе, өз басының қор болмас қамын ойлайды. Кіммен сүйіп өмір сүрсе, жақсы өмір сүреді, соны ойлап, басында миы, көкірегінде ойы, санасы бар қыздар балияға толған соң өзінің теңін тауып алып, теңін біліп, өзіне қандай адам өмірлік болуға жарайды, соны талап қылып іздей бастайды» (Жомартбаев, 2009: 78).

Зерттеу әдістері. Осыған орай мәселені жете зерттеп-зерделеп, тиісті байлам-байыптамалар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы және тарихи-типологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу нәтижесін сөз өнерінің өзекті мәселелерін зерделеумен айналасытан студенттер мен магистранттардың, ізденішілер мен докторанттардың, әдебиеттанушы ғалымдардың пайдалануына болады. Сонымен бірге халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетке ортақ сюжеттер мен мотивтерді қарастырып жүрген жас зерттеушілердің қолдануына оңтайлы.

Талдау. Бұл туындыға байланысты баса назар аударатын мәселе – оқиғаны өрбіту үшін қолданылған шығыс аңыздары үлгісіндегі сюжеттің түп-төркіні. Т.Жомартбаев

шығармашылығын арнайы зерттеген Т.Қабышев осы сюжеттің қазақтың «Күйеу таңдаған қыз», «Ханның үш ұлы» ертегілерінде, испан халқының «Үш жігіттің қалыңдығы» ертегісінде, Базар Оңдасұлының «Айна-тарақ» дастанында кездесетінін баяндайды (Қабышев, 2005: 116). Т.Қабышевтің бұған қатысты дәлелдемелері де жеткілікті. Енді оның ой-тұжырымдарына және өз пайымдамаларымызға сүйеніп, «Қыз көрелікке» жоғарыда аталған әдеби жәдігерліктердің қаншалықты ықпалы болғанын зерделеуге тырысайық.

Роман оқиғасы негізінен қазақтың «Күйеу таңдаған қыз» ертегісінің желісіне орайластырылғаны дау тудырмайды. Мысалы, әкесінің күйеу таңдауды қызының еркіне салуы, бойжеткеннің жігіттерді ерекше сыйлық алып келуге жұмсауы, үш жігіттің бір қызға таласып, атқарған ісін міндет қылуы жағынан ертегі мен роман сюжеттерінің көп айырмашылығы жоқ. Тек «Күйеу таңдаған қызда» теңін таппаған қалыңдықтың тілегі бойынша, ұнамсыз сыйлық әкелген үміткерлердің бірден басы алынады. Ертегіде қызға қолы жетпегендердің алынған бастары бір төбе болып жатқаны суреттеледі. «Қыз көрелікте» Ғайникамал дәмелі жігіттерді алдын ала көзбен көріп, ауызба-ауыз сөйлесіп, ерекше жаңашыл дүние алып келуге өзі аттандырады. Қайсысының тапқаны көңіліне ұнаса, соның етегінен ұстамақ болады. Сонымен қатар, ертегіде кейіпкер қыздың ажал құшқаны туралы айтылмайды, ол тек өлім аузында, кірпігі қимылдап, әл үстінде жатқан жерінен аман қалады. Ал ертегідегі үш жігіт ауырып жатқан аруды айнадан көріп, жүрдек кілемге мініп, тездетіп жетіп келеді де, алма беріп, бетін бері қаратып алады.

«Күйеу таңдаған қыздағы» үш сыйлық – ұшатын кілем, сиқырлы айна, шипалы алма «Қыз көрелікте» барар жеріңе лезде жеткізетін шарға, алыстағыны анық көретін трубкаға (түтікке), өлгенді қайта тірілтетін резеңкеге айналған. Ертегідегі қыздың күйеу таңдаған шешімі де роман кейіпкерінің ұйғарымынан мүлде бөлек. Ол екі жігітке кілем мен айнаны қайтарып беріп, өзін өлімнен аман алып қалған алманың иесіне қолын ұсынады. «Қыз кімге тиесілі?» деген сауал төңірегінде қызу талас туындамаса да, қалған екеуі әкелген дүниесін бұлдап, «біз жедел байқап, тез жеткізбесек, ол мұнда келе алмас еді ғой, сен өліп қалған болар едің» деп өкпе айтады. Сонда қыз оларға: «Кеш келсе де ол жігіт тірілтіп алар еді. Бұл бір, екіншіден мен алмасын жеп қойдым. Енді мен ол алманы қайтарып бере алмаймын. Ал сендердің кілемдерің мен айналарың өздеріңе» (Қазақ халық әдебиеті, 1988: 104), – дейді. Яғни, ол сыйлықтың салмағын саралап, өзіне қай тұрғыдан пайдасы тигендігі тұрғысынан тұжырым жасайды. Өзі жеп қойған жеміс иесінің алдындағы қарызы мен парызын да естен шығармайды. Шығыс аңыздарындағы бір қызға таласқан үшеудің дауы бұл ертегіде ың-шыңсыз шешіледі. «Қыз кімге тиесілі?» деп дағдарған кейіпкерлер қақтығысы халық ертегісінде соншалықты күрделене қоймаған.

Бұл ізгі шешім Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романында басқаша түрленеді. Арғын, найман, керей руларынан шыққан үш жігіттің бірі – Әділжан Англиядан жер түбіне жеткізетін бу шарды, екіншісі Мұқаш Германиядан алыстағыны көрсететін трубканы, үшіншісі Сейітжан Франциядан сыбызғы секілді резеңкені сатып алып, солардың көмегін пайдалану арқылы Ғайникамалдың өліп жатқанын анықтап, елге жедел жеткен соң қызды тірілтіп, қатарға қосқанымен, үшеуінің арасында жан-

жал туады. Әрқайсысы өз бұйымының құдіретін айтып, таласқан үшеудің дауына қыздың өзі араласып, олардың бірде-біреуіне тұрмысқа шықпайтынын айтып, жігіттердің бетін қайтарады. Әркімнің өз теңіне қосылу идеясына негізделген жаңа заман дәстүріне орайластырылған шығарманың кейіпкері оқыған-тоқығаны көп төртінші жігітті таңдайды. Қаншама әуре-сарсаңға түсіп, өліп жатқан қызды тірілтіп алған үш күйеудің меселін қайтарып, өзгеше шешім қабылдау «Қыз көрелік» романы авторының жаңашылдыққа ден қойып, ағартушылық үрдісті ұстанғанының белгісі екені анық. Шығыс аңыздарындағыдай, үш жігіттің дауынан мезі болған қыздың бәрінен безініп, тақуалық жолға түсіп, мешітке барып, өмір бойы құлшылық етуге бекінуі сынды мотивтер Т.Жомартбаевтың жаңа туындысында қайта қорытылып шықты.

Шығармада қиял-ғажайыптар әлеміне негізделген шарттылықпен қатар, нақты тіршіліктің боямасыз болмысын танытатын көріністер де бар. Мәселен, Әділжан Лондонның, Мұқаш Берлиннің базарында бу шар мен трубканы емін-еркін саудалап жүрсе, Парижге барған Сейітжан тіл білмей қиналып, сол жақта жүрген Қазан шаһары ноғайының аудармашылық көмегіне жүгінеді. Яғни, бір өңірден шыққан арғын Әділжан мен найман Мұқаштың тіл кедергісінсіз сөйлесе беретін шарттылығы керей Сейітжанға келгенде сақталмайды. Ол қарапайым өмірдегі кейіпкердің кейпіне еніп, жат жердің жұртымен тілдесе алмай, дағдарып тұрады. Үш рудың өкілін таңдап, сиқырлы үш бұйымның әрқайсысының құнын үш мың сомға бағалаған автор осылайша шығармашылық шарттылықты ұстана отырып, кейіпкерлерін Семейдің ауқымынан шығарып, романының оқиғасын дүние жүзіндегі ірі қалалардың астанасында өрбітеді.

Қытай қазақтары арасында кең тараған «Ханның үш ұлы» ертегісі – «Күйеу таңдаған қыздың» біраз өзгеріске түскен нұсқасы. Шыңжаң халық баспасынан 1980 жылы шыққан «Қазақ халық ертегілері» (Құрастырған О.Қанафин, З.Сәнік) деген кітапта жарияланған. Бұл ертегіде хан қатар өскен ұлдарын өзі үйлендірмек болып, олармен жеке-жеке әңгімелесіп көргенде, үшеуі де бір-бірімен келісіп қойғандай, саудагер Сиямның қызын алғысы келетінін жеткізеді. Хан үшеуіне жүз түйе жүк, отыз нөкерден бөліп, қайсысы ел аралап, қымбат бұйым алып, көбірек пайда түсіріп келсе, соған Сиямның қызын алып беруге уәде етеді. Үлкен ұл айлық жердегі көретін айна, ортаншысы қалаған жеріне апаратын кілем, кішісі өлгеніне үш күннен аспаған адамды тірілтетін алма сатып алады. «Күйеу таңдаған қыз» бен «Ханның үш ұлындағы» сиқырлы заттар (айна, кілем, алма) да, жігіттердің жерленгелі жатқан қызға келу тәсілі де бірдей. Тек біріншісінде қыз хал үстінде жатады да, екіншісінде демі тоқтап, қабірге түсіріліп, беті жабыла бастайды. Алғашқысында қыз алманы жеп қояды, кейінгісінде өлген қыз алманы бір иіскегеннен-ақ тіріліп кетеді. Ал осы екі ертегіден нәр алған «Қыз көрелікте» дүниеден өткен Ғаникамалдың денесі жер қойнына тапсырылғанша үлгеріп келген жігіттердің резеңкемен үрлеп тірілтіп алғаны жөнінде баяндалады.

Бұл ертегінің тағы бір ерекшелігі, үш бұйымның иелері бір қызға таласқан сәтте ханның өзі, яғни, жігіттердің әкесі төрелік айтады. Осыған ұқсас үнді сюжеттеріндегі оқиғаны күрмейтін «Қыз кімге тиесілі?» деген сауалға ұлдарын олжа тауып келуге жұмсаған әкенің өзі жауап береді. «Сиямның қызын үлкен балам алуға тиісті,

өйткені, менің істемек болған тойым – тұңғышымның тойы. Бәрінен бұрын сол үйленуге тиісті, екінші, үшеуі ағаласқан күнде де қашан да жол үлкендікі болады. Үшінші, Сиямның қызын аламын дегенді айтқан алдымен үлкен ұлым. Төртінші, айнамен бұрын көрген сол, ол хабар бермей, кешігіп қалар болса, қыз дүниеде жоқ еді. Қаншалық еңбектері болғанмен, екі інісі алдымен ағасын үйлендіріп, жеңгелі болуы керек, одан кейін жастарына қарай үйленеді» (Бабалар сөзі, 2011: 257-258), – деп отбасылық құндылықтарды алға тартып, дау тудырмайтын шешімге келеді. Бұл – ұлт болмысы мен ұрпақ тәрбиесінің ауыз әдебиетінде көрініс тауып, халық мұрасымен өзектесіп кеткенінің көрінісі.

Екі ертегінің желісіне де бір сюжеттің арқау болғаны сөзсіз. Екеуінде де үш бұйымның бірдейлігі, күйеудің талас-тартыс арқылы таңдалуы, қыздың сол үшеудің ішіндегі біреуіне қосылуы, оқиғаның дәл сол тұстан тәмамдалуы осыны айғақтайды. Бірақ бұл ертегілерде үш жігіттің тайталасы шығыс әдебиетінің өзге нұсқаларындағы сияқты дүниені дүрліктірген дау-дамайға ұласпайды. Оқиғаның түйінін жүйелі сөз айтып, таласқанды татуластыру арқылы шешіледі. Бұл жағынан алғанда, «Қыз көреліктегі» қалыңдық үшін тартыс анағұрлым күрделілеу екенін көреміз. Себебі, өзінен дәмелі жігіттерді қымбат дүние тауып, өнер жарыстырып келу үшін жер түбіне жұмсаған қыз олардың ешқайсысына да бұйырмайды. Халық ертегілерінде әділ шешімге разы болып тарасатын жігіттердің мінез-құлқы «Қыз көрелікте» сәл басқаша кейіпteледі. Романда үш жігіттің өкпе-реніші мен ашу-ызасы нақты көрініс тапқанымен, теңінне қосылған қыздың бағы мен бақытын дәріптеуге баса мән берілген.

Т.Қабышев мысалға келтірген испан ертегісінің сюжеті қазақ ертегілерінің оқиғасына ұқсас десек те, еуропалық үрдістерге бейімделген кейіпкерлердің мінез-құлқы жағынан айырмашылығы аңғарылып тұрады. Біреудің жалғыз қызын бірінен бірі сымбатты үш жігіт іздеп келіп, әкесіне қолқа салады. Ол қызына келіп тұрған жігіттерді үйдің терезесінен көрсетсе, үшеуіне де бірдей ғашық болып қалыпты. Әкесінің «қызымның желөкпелеу мінезі бар еді» деп сипаттама беруі, оған «үшеуіне бірдей күйеуге тимейсің ғой» деп кейістік білдіруі, ал қыздың «маған бұлардың үшеуі де керек» деп табандап отырып алуы бұдан басқа нұсқаларда кездесе қоймайды. Әбден дағдарған шалдың қызынан дәмелі жігіттерді ел аралап, жұртта жоқ сыйлық тауып келуге жұмсайтын тұсынан бастап ортақ оқиға желісі жалғасады. Тек мұндағы үш жігіттің тапқан заттарының ішінде бірінші жігіт сатып алған алысты көретін айнадан басқасы қазақ нұсқаларында жоқ дүниелер. Екінші жігіт тапқан бальзамы бар шөлмек – қазақ ертегілеріндегі алма секілді өлген адамға жан бітіретін бұйым. Алғашқы екі жігіттің бұл екі қастерлі заттарды әр мезгілде шаһарда ұшырасқан бір ғана кезбе қарияның қолынан алуынан да өзгешелік байқаймыз. Ал үшінші жігіттің қолына тиген бұйымның сипаты да, тұрпаты да бөлек екені назар аудартпай қоймайды. Бұл – ұшқыш кілем де емес, ұшатын шар да емес, теңіз жағасынан табылған сандық. Тағы бір өзгешелігі, сол сиқырлы бұйымды саудалайтын қария теңіз арқылы есепсіз жолаушыны жағалауға жеткізген әлгі сандықтың ішінен шығады. Кейіпкердің қалауына орай жылдам қозғалатын бұл сандыққа ерекше қасиет дарыған: жерде де жүгіреді, әуеде де ұшады, суда да жүзеді. Қазақ фольклорындағы ұшқыш кілемнің дәстүрлі қызметі испан ертегісінде одан әрі түрлене түскен. Айнадан өліп жатқан

қызды көрген жігіттердің сандыққа тиеліп, лезде жетіп келуі, шөлмектегі майды бүркіп, бойжеткенді тірілтіп алуы жағынан дәстүрлі сюжеттерге ұқсағанымен, олар өзге нұсқалардағыдай өзара қырық пышақ бола қоймайды. Қыздың тірілгеніне қуанумен ғана шектелген үміткер жігіттер тәубәшіл, салқындылығымен ерекшеленеді. Оның есесіне қыздың өзі төрелік айтып, тосын шешім қабылдайды. Әкесінен бір жыл мерзім сұрап, сол уақыт ішінде сүйіктісін өзі таңдайтын сыңай танытады. Испан ертегісі «Жыл да өтеді, қыс та аяқталады, тау бөктерінде бадам ағаштары гүлдепті, ал әкесімен қызы тұрған селода бірден үш үйлену тойы қызықталады. Қалыңдықтың қайсысын өзіне күйеу еткенін – өздерің шешіңдер!» (Әлем халықтарының ертегілері, 1992: 52), – деп жұртшылыққа жұмбақтап ой тастаумен бітеді. Бұл сарын ертегінің бастауы бағзы замандағы үнді аңыздарында жатқанын дәлелдейді. Себебі, соңында оқырманға немесе кейіпкердің біріне арнайы сауал қойып, оқиғаны қорытуға шақыру – үнді сюжеттеріне тән үрдістің бірі. Бірақ үндінің әдеби ескерткіштерінде сюжеттің соңында сұрақтың жауабы айқындалатын болса, мұнда мәселенің түйіні белгісіз күйінде қалады (Невеста трех женихов, https://azku.ru/skazki-narodov-evropyi/nevesta-tryoh-zhenihov.html).

«Қыр көрелікті» қазақ әдебиетіндегі алғашқы романдардың бірі ретінде жанжақты талдап-таразылаған З.Бисенғали оқиғаның құрылымдық жүйесін де қалыс қалдырмайды. Ол көркем шығармаға арқау болған шығыс сюжетінің не үшін алынғанына, оның негізі қайда жатқанына назар аударады. «Қалыңдық іздеген бай балаларының бір күнде келіп құда түсуі, байлық, дәулет, атақ-абыройларының бірдей болуы – авторлық ой, идея, көркемдік шешім үшін әдейі таңдалған тәсіл. Роман оқиғасы талай халықтардың әдебиетінде бар таныс сюжет, әйгілі мотив» (Бейсенғали, 2009: 81) – деп нақты тұжырым жасайды.

Қазақ әдебиетінде «Қыз көрелікке» сюжеті жағынан ұқсас тағы бір шығарма бар екенін айтуға тиіспіз. Шығыстың әйгілі сюжеті Т.Жомартбаев романының белгілі бір бөлігін ғана құрайтын болса, Базар жырау Оңдасұлының «Айна-тарақ» дастанының оқиға желісін түгел қамтиды. Сюжеттердің өзара ұқсастығы жөнінде Т.Қабышев зерттеуінде біршама баяндалған. Бұл дастан қазақ ертегілерінің ізімен жырланғаны белгілі. Себебі, алысты көретін айна мен ұшқыш кілем Базар шығармасына өзгеріссіз енген. Ал ертегіде баяндалатын алманың орнында өлген адамды тірілтетін тарақ алынған. Тарақ бұл сюжеттің басқа нұсқаларында кездеспейді. Жалпы, дастанның «Айна-тарақ» деп аталуы да қызық. Қашанда қосарланып айтылатын осы бұйымдар қазақ қоғамы үшін әдемілік пен әсемдіктің символы саналатыны, ұлт бойжеткенінің сән түзеу құралы екені рас. Әйел болмысына жақын кілем де осынау дүниелерден алыс кете қоймайды. Сиқырлы қасиет дарытпағанның өзінде бұл үшеуі қыз-қырқынның табиғатына лайық заттар екені анық. Сондықтан, Базар жырау өз дастанына арқау болатын оқиғаларды ару қызға жарасатын бұйымдар арқылы бедерлеуге бейімдейді. Ақын шығармасының тағы бір ерекшелігіне келсек, қызға арнап алынған сыйлықтардың бағасы әркелкі, үлкені мың ділдаға кілем, ортаншысы екі мың ділдаға айна, кішісі үш мың ділдаға тарақ сатып алады. Яғни, өзге заттардың құны бірқатар нұсқаларда бірдей болса («Ханның үш ұлында» – жүз түйе жүк, «Қыз көрелікте» – үш мың сом), «Айна-тарақта» бұйымдардың бағасы оқиғаның баяндалу барысына

қарай мың теңгеге қымбаттап отырады. Сонымен қатар, бұл дастанда қыздың өзі үш жігіттің алып келуге тиіс құнды дүниелерінің атын атап, түсін түстеп, арнайы тапсырыс береді.

Шынында да, Базардың «Айна-тарағының» басқа нұсқалардан айырмашылығы жеткілікті. Бір үйдің үш баласының бір-біріне білдірмей, патшаның қызымен көңіл жарастыруы, бойжеткенге барып, «қандай сыйлық ала келейін» деп өздері өтініш айтуы, ғашықтығын жасырып жүрген үшеудің Бұхара шаһарында бас қосуы әріден келе жатқан аңыздың желісінде кейін пайда болған өзгерістерге сәйкес туындағаны екені анық.

Күндік жер бай мен патша екі арасы,
Дос екен кеулінде ешбір жоқ қарасы.
Бар екен падишаның жалғыз қызы,
Байдың бар өнері асқан үш баласы.

Сыйласып сүйген жарға бір-бірімен,
Тең болар бір күнгі өмір бір жылымен.
Үш мырза бірінікін бірі білмей,
Жүріпті ашық болып хан қызымен (Базар жырау, 2008: 306).

Базар жырау нұсқасында оқиғаның өткен дәуірі (Әзіреті Әбу Жүсіп заманында, Айталық үш мырзаның әңгімесін»), әфсананың шыққан төркіні («Төртқара Үмбет биден есіткен ем, Тыңдарлық ертегі екен бір сыдырғы»), жырлауға не түрткі болғаны («Өлеңге осы сөзі айналдыр» деп, Өтінді үлкен-кіші қатар-құрбы»), шығарманы қай кезеңде жазғаны («Сол кезде ертегіні еттім дастан, Толтырған уақытым еді отыз бірді»), дастанның тағылымдық мән-маңызы («Жастарға жатқа алармлық хикая екен, Ойлантар оқиғасы алуан түрлі») туралы мәлімет беріледі. Яғни, «Айна-тарақтың» қорытынды бөлігінде Базар жыраудың өз туындысына көзқарасы нақты көрініс тапқан.

Тағы бір ерекшелік, «Айна-тарақ» дастанында байдың кіші баласы Әбдісұлтанның ғана есімі аталады. Оның екі ағасының аты мүлде ауызға алынбайды. Бұл нұсқада үш жігіт қазақ ертегілеріндегідей ажал аузында шала жансар жатқан бойжеткенді емес, жан тәсілім еткен соң, көпшілік болып көтеріп, жерлеуге алып бара жатқан қызды тірілтіп алады. Әрқайсысының еңбегін бұлдап, тірі қалған қызға таласуы аталған дастанда да байқалмай қалмайды. Дауласушы үшеуге төрелік айтушылар өлген қызға жан салған тарақтың орны бөлек екенін («Әбжаттың есебімен екшегенде, тарақтың сан-салмағы басып бұрды. Кілем мен айна нарқын қосқанда тек, Болыпты бағасы әрең тарақ құрлы») айтып, қызды кіші ұлға лайық көреді. Сол кезде қалыңдығына қолы жететін негізгі кейіпкер Әбдісұлтанның ғана атын атап, оқиғаны күрмейтін салмағы басым тарақтың бағасын басқа бұйымдардан қымбаттатып көрсеткен Базар жыраудың шеберлігіне көз жеткіземіз. Оның оқиға барысын алдын-ала астарлап, тұспалдап аңғартқанын байқаймыз. Бұл ретте «Қыз көреліктің» авторы Т.Жомартбаев жиырмасыншы ғасыр басында Мағжан Жұмабаевтың арнайы мақаласына арқау болған Базар жырау шығармашылығымен, оның ішінде «Айна-тарақ» дастанының сюжетімен таныс болуы әбден мүмкін. М.Жұмабаев: «Асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған «кеңесі кеңіне келетін»

ақын екендігі өлеңдерінен байқалады» (Жұмабаев, 1989: 341), – деп баға берген Базар Оңдасұлы шығыс әдебиетіне кең тараған сюжетті оқиғасы тартымды көркем дастанға айналдырды. Ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеген С.Қосан бұл туындыны новеллалық дастандардың қатарына жатқызады (Қосан, 1912: 95).

Базар жырау ағайынды үш жігіттің сатып алған үш сиқырлы бұйымының қадір-қасиетін бейнелі тілмен бедерлеп көрсетеді. Аталған үш бұйымды дәл осылай көркем кейіптеу басқа нұсқаларда кездесе қоймайды. Үш жігіттің әрқайсысы өзінше меншіктеп жүрген бойжеткен қалауын айтқан кезде қиял-ғажайып дүниесіндегі заттарға тапсырыс бермейді. Қыздың аңсары – әйел затына қажетті кәдімгі кілем, айна және тарақ. Бірақ жігіттер Бұқараға табан іліктіргеннен бастап, шығармадағы қиял әлемі басталады. Әлгі заттардың сиқырлы нұсқалары алдарынан шығып, шым-шытырық оқиғаның алғышартына айналады. «Айна-тарақ» дастанының атауын осы үш бұйымның екеуінен ғана құрып, кілемді тыс қалдырған Базар жырау оның құдіретін танытуға барынша мән береді. Халық аңыздары мен ертегілерінде көп ұшырасатын ұшқыш кілемнің сипаты «Айна-тарақта» былайша көрініс тапты:

Кілемнің болғанменен солғын түсі,
Тұрарлық мың ділдәға бар жұмысы.
Жетеді сағатында айлық жерге,
Үстіне дәреттеніп мінген кісі (Базар жырау, 2008: 310).

Ежелгі сюжетті нәзиралық тәсілмен қайта жырлаған Базар Оңдасұлы айнаны сипаттаған сәтте тек аңыздық нұсқаларды ғана ұстанбайды, жаңашылдық идеяларын санаға сіңіріп, болашақтың болжамын бедерлеуге жетелейді. Айна ежелгі түсінік бойынша күннің бейнесін де танытады, өзге әлемге бастайтын қақпа деп те бағаланады, әйел құдайлардың құнды құралы ретінде де дәріптеледі. Қиял әлемінде өткен оқиғаларды немесе болашақтың кереметтерін көз алдыңа әкелетін айналар туралы да әфсаналар бар. Сол айна арқылы жер түбіндегі нәрсені көру – ескі аңыздардың көпшілігінде кездесетін белгілі мотив. Дастанның кейіпкерлері бұл сиқырлы айна арқылы өздеріне қажетті нәрсені – қыздың халі қалай екенін білуге асығады.

Қайтыс болған арудың жерленгелі жатқанын көрсетіп, оқиғаны тым шиеленістіруге себепкер болатын қастерлі дүниенің сипаты былайша кейіптелген:

Саудалап мың жарымды әркім берген,
Ешкім жоқ екі мыңға әлі келген.
Болғанмен пұлы қымбат бұл айнаның,
Айрықша қасиеті бар өзгелерден.
Төрт бұрышы дүниенің көрінеді,
Қола алып қарасаң биік жерден (Базар жырау, 2008: 310).

Мифтік түсінік бойынша, әйел әсемдігінің символы саналатын, махаббат және су құдайларының ұстанған қасиетті заты ретінде бейнеленетін кәдімгі тарақ Базар шығармасына тегіннен-тегін арқау етіп алынбаса керек. Дастан оқиғасына сәйкес, екі дүниенің ортасында дәнекер болып, бойжеткенді фәни жалғанға қайта оралтатын тарақ аталған бұйымдардың бәрінен де бағалы. Қалаған жерге лезде жеткізетін ұшқыш кілем мен әлемнің бар түкпірін көрсететін айнаға қарағанда әлдеқайда

қымбатқа сатылғаны да сондықтан. Базар жырау Бұқара шаһарындағы саудагердің аузына сөз салып, тарақтың таңғажайып ерекшеліктерін тамсандыра суреттейді:

Тарақтың кереметін айтайын мен,
Нәрсе жоқ бұл базарда мұнымен тең.
Үш күндік өлген кісі тіріледі,
Тарақты көкірегіне қойған жерден (Базар жырау, 2008: 310).

«Айна-тарақ» дастанының өзіне тән уақыттық және мекендік өлшемдері бар. Шығарманың кейіпкерлері «Күндік жер бай мен патша екі арасы», «Бұқара шәһарына барды бұлар, Ай жарым болды деген шамасында», «Үш күндік өлген кісі тіріледі», «Төрт бұрышын дүниенің жақындатып, Алысты алады екен леппен тартып». «Сағатта ай жарымдық алыс жолдан, Жаназа тарқамай-ақ келіп түсті», «Көрсеткен көз алдына елестетіп, Алысты атты адамға ай баратын» деп сипатталатын нақты және қияли өлшемдері бар уақыт пен кеңістіктің аясында әрекет етеді. Кейде Базар жырау кейіпкерлерінің толғанысына ерік беріп, осы өлшемдердің өзін саналы түрде мың құбылтады. Мәселен, сатушы: «Кілемнің тоғыз құлаш айналасы, Мың ділдә алам десең оның бәсі», – деп ұлғайтып әсірелесе, сатып алушы: «Кілемнің қошқыл емес, солғын түсі, Көлемі жайнамаздай жайсаң кіші», – деп оны тұқырта түседі.

«Айна-тарақтың» мезгілдік және мекендік ерекшеліктері ақын шығармашылығын зерттеуші С.Қосанның назарынан да тыс қалмаған. Ол бұл турасындағы ой-пікірлерін «Базар дастанында парсы ертегісінде жоқ Бұқара, Әбдісұлтан, сарт, халифа секілді тың ономалық, этнотопонимдік, т.б. атаулар кездеседі. Бұл да ақынның өзі өмір сүрген орта мен фольклорлық дәстүрдің ықпалына түсе отырып, ертегінің жаңа вариантын туғызғанын білдіреді және оған қоғам мен уақыт өзгерістерінің тиісінше үлес қосқанын көреміз» (Қосан С. Базар, 2012: 19), – деп тұжырымдайды.

Базардың шығыс сюжетін әрлеу тәсілдерінің өзі арнайы зерттеуді талап етеді. Оның ұшқыш кілемге дәрет алып мінген адам ғана діттеген жеріне жетеді деп топшылауы мұсылмандық қағидасымен сабақтасып жатыр. Сондай-ақ, тарақты өлген адамның кеудесіне қойып, тірілтіп алу салты басқа нұсқаларда кездесе бермейді. Бұл тұрғыдан да ақын белгілі бір негізге сүйене отырып, өзіндік шешім қабылдаған секілді.

Ақын шығармашылығына арқау болған осы сюжет қырғыз халқының «Зыйфырым» деген ертегісінде бар. Бұл ұзын-сонар ертегінің бір эпизоды ғана. Дәлірек айтқанда, ертегінің қосалқы кейіпкері баяндайтын әңгіменің оқиғасы. Яғни, құрақ хикаяттың желісін құрайтын бірнеше тәмсілдің бірі. Мұхарым деген патша үш ұлының ақыл-парасатын сынағысы кеп, оларды қымбат дүние алып әкелуге жұмсайды. Сол заттарды сатып алатын мекен ретінде Шам шаһары таңдалған. Бұл жолы қазақ ертегілеріндегі дәстүрлі кілемнің орнында жер жүзін айналып шығатын ат көрініс тапқан. Бүкіл әлемді көретін айна мен өлген адамды тірілтетін алма сол күйінде алынған. Әдетте, бұрынғы нұсқаларда жігіттер әуелі қызды көріп, соның тілегімен аттанатын болса, бұл нұсқада ұлдар әкесін қуанту үшін ғана жолға шығады. Олар қолдарындағы бұйымдарын сынап көрмек болған кезде Куфа шаһары патшасының қызының өліп жатқанын айнадан көреді. Үшеуі ұшатын атқа мініп, қыздың денесі қойылмай тұрғанда жетіп келіп, алманы иіскетіп, тірілтіп алады. Бұл үшеуінің арасында да дау-дамай, тартыс-талас туындауы заңды. Ұшатын аттың, көреген айнаның

және хош иісті алманың иелері өз бұйымдарының қасиетін, өздерінің сіңірген еңбегін дәлелдеуге тырысып бағады. Үшеуінің қайсысы қызға лайық дегенде, сөйлемеуге серт берген Мысыр патшасының қызы Зыйфырым амалсыздан «Қызды алманың иесі алуы керек, сол ғана тірілтіп алды», – деп, жауап береді (Қырғыз халық ертегілері, 1992:125). Бұл сәттегі Зыйфырымның шешімі қызды алмасы бар жігітте қосатын қазақ ертегілерінің сарынымен үндес. Яғни, алма тіршілікке нәр беретін, өмірді жалғастыратын жеміс ретінде таңдалған. Бұл мотивтің көптеген халықтардың аңыз-әңгімелеріне арқау болуы бекер емес. Осы орайда, түркі мен парсы ертегілерін зерттеуші Б.Әбжеттің «Иран, ауған ертегілерінде түгелге дерлік баласы жоқ патшаға не байға бір дәруіш келіп, қолына бүтін алма, не жарты алма ұстатады да, тоғыз ай, тоғыз күннен кейін балалы болатындығын айтады» (Әбжет, 2008: 66), – деген пікірі назар аудартпай қоймайды.

Біз оған қоса, бұл сюжеттің аталған шығармалардың біразынан әрідегі әлемге танылған әдеби ескерткіштерде ұшырасатынын айтқымыз келеді. «Қыз көрелік» романы мен Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастанының ертегілік сарындағы оқиғалары әйгілі «Тотынама» хикаятының екі әңгімесінде көрініс тапқан. «Әулиенің қызы, оның үш ері, қыздың көрге түскені, оны үш ерінің көрден қазып алғаны, яки қыздың қалай тірілгені жөніндегі әңгіме» деп аталатын он төртінші түннің хикасы роман мен дастандағы қиял-ғажайып элементтермен үндесіп жатқанын аңғару қиын емес.

Бір қызға үш жігіттің таласуы, әрқайсысының оған жасаған жақсылығын міндет қылып, иемденуге ниеттенуінің мысалы бұл әңгімеде де көрініс тапқан. Тек оқиға сәл басқаша өрістейді. Әкесі қажылыққа кетіп бара жатқанда әйелі мен ұлына бойжеткен қызын теңіне қосу жөнінде аманат айтып кетеді. Қажылықтан қайтып келе жатқан әке қызына лайықты жігітті жолықтырып, қасына ертіп алады. Келсе, әйелі мен ұлы да қызға бір-бір күйеу тауып қойыпты. Осы жерден әрі қарайғы дау-дамай, талас-тартыс «Қыз көреліктің» оқиғасына біршама ұқсайды. Бұл хикаяда да қыз өледі, бірақ оның өліміне үш күйеудің арасындағы алауыздық пен қызғаныш себепші болады. Бүкіл елге тарап кеткен үш жігіттің айқай-шуынан басы қатқан бойжеткен құсадан көз жұмады (Зийа ад-Дин Нахшаби, 1979: 116). Ал осындағы өлген қызды тірілту оқиғасы «Қыз көреліктегі» шығыс сюжетімен үндес. Біріншісінің мәйітті көрден алып шығуы, екіншісінің денені жіңішке қайыспен ұрып, қанын қыздыруға талпынуы, үшіншісінің өмір суымен (Ә.Қоңыратбаев аудармасында шөп қуатымен деп көрсетіледі) емдеп тірілтіп алуы, содан соң бұл қыз маған тесілі деп өзара арпалысуы үнді жерінен бастау алған хикаяда көрініс тапқан. Мұның өзі кейінгі замандағы шығармаларға өзек болған сюжеттердің арғы дәуірден тамыр тартатынын айғақтайды. «Тотынамада» тірісінде де, өлісінде де күн көрсетпеген үш жігіттен жерінген қыз үй-жайын тастап, мазарға барып, өмір бойы құлшылық етуге бекінеді. Яғни, хикаяның қазақша аудармасында баяндалғандай, «басындағы шашын күзеп, софы шекпенін киеді» (Зияаддин Нахшаби, 1991: 109). Орыс тіліндегі нұсқада сопылық туралы сөз қозғалмаса да, сюжеттің мән-мағынасы осы іліммен байланысты екені аңғарылмай қалмайды. Шынында да, «Тотынаме» шешімінде діни мотивке негізделген сопылық сарын белгілерін байқау қиын емес. Оның сыры Зийа ад-Дин Нахшабидің сопылық әдебиет ықпалындағы ақын болғандығынан деп санай-

мыз» (Қосан, 2012: 100), – деп С.Қосан тұжырымдағандай, бұл шығарманың кейіпкері қатты қиналған кезде таяныш пен тиянақты діннен іздеп, дүниеден баз кешіп кетеді. Ал «Қыз көреліктегі» оқыған-тоқығаны мол білімді бойжеткен үш жігіттің бетін қайтарып, ұнатқан адамының етегінен ұстайды. «Тотынаманың» аталған әңгімесінде жаратқанға мойынсұнуға ден қойылса, Т.Жомартбаев романының сюжеті ағартушылық сипатқа негізделеді.

Жалпы, «Тотынама» мен «Қыз көрелік» оқиғаларының едәуір айырмашылығы бар екенін айтуға тиіспіз. Нахшаби шығармасында «Қыз көрелік» пен «Айна-тарақтағы», сондай-ақ қазақ-қырғыз ертегілеріндегі секілді әлдеқайдан сиқырлы үш зат алып келіп, солардың көмегіне жүгіну сарыны атымен жоқ. Түрлі жолмен келіп бойжеткеннің шаңырағында бас қосқан үш жігіт құсадан өлген қызды тіріл туге бірден кірісіп кетеді. «Тотынамада» ғажайыптар әлемімен астасқан фантастикалық шешімнен гөрі табиғи талпыныс пен ғылыми тұжырымды дәріптеуге ден қойылған. Жігіттер тез қимылдап, денесі суып үлгермеген қыздың қанын қыздырып, емдік амалдарды, қасиетті сусынды қолданып, өмірге қайта оралтуға тырысады. Әрине, бұдан бұл әңгімеде қиял дүниесі мүлде жоқ деген ұғым тумауға тиіс. Қыздың өліптірілуінің өзі нағыз ғажайыптар ғаламатын танытатын элемент екендігіне дау жоқ. Бәрібір «Қыз көрелікке» қарағанда «Тотынаманың» сюжеті өмірге анағұрлым жақын. Осы тұрғыдан алғанда, тіпті қызға жасалған емдік шаралардың өзін халықтың шипагерлік тәжірибесінің бір көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Өз зерттеуінде «Тотынама» мен «Айна-тарақтың» ұқсастығына және айырмашылығына жан-жақты тоқталған С.Қосан: «Бұл дастанның басты сюжеттік желісі «Тотынаменің» өзінен емес, оның кейінірек аударма күйінде өңделіп, тың эпизодтар мен сарындар сіңірілген ортаазиялық не түркиялық нұсқалардан алыну мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Ал осы нәзиралық үлгілердің өз кезегінде парсылық сюжетке жаңа ұлттық яки жергілікті мотивтерді енгізетіні күмәнсіз. «Тотынаме» мен Базар дастанының сюжеттік жүйесін салыстырғанда әр түрлі халықтық нұсқалар мен эпосқа тән вариациялану, даму құбылыстарын, сондай-ақ жеке ақынның шығармашылық қолтаңбасын есте ұстағанды ұмытпаған жөн» (Қосан, 2012:19), – деп қорытады. Бұл пікір негізсіз емес.

«Айна-тарақтың» сюжеті «Тотынамадан» тікелей алынбағанына, біршама өзгеріске түскен кейінгі нұсқалар арқылы келгеніне дау жоқ. Біздің ойымызша, түрлі жолдармен шығыс елдерінен жетіп, қазақ ертегілеріне сіңген хикаялар Базар дастанына арқау болуы мүмкін. Ақын шығармасының оқиғасы барлық ертегілердегі секілді жақсылықпен аяқталуы, соңғы жағында жұп құрағандардың бақытқа кенелуі осыны аңғартады. Оның үстіне Базар сол ертегілердегі сюжеттің желісінен аса көп ауытқымай, оны келісті көркем туындыға айналдырған.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, бұл сюжет «Тотынаманың» түрлі нұсқаларының өзінде бірқатар өзгеріске түскен. Қытай қазақтары арасына тараған «Тотынаманың» (Ғабдулқалам Файзыханұлы әзірлеген кітап) отыз төртінші тарауында баяндалған «Хорасан еліндегі бір оқымыстының әңгімесі» деген хикаядан осы сюжеттің сәл түрленгенін байқаймыз. Бұл «Тотынама» сюжетінің Нахшаби «Тотынамасы» сюжетінен аздаған айырмашылығы бар. Біріншіден, мұнда қыздың (Жәмилә) және жігіттердің (Нажип, Зариф, Назиф) нақты есімдері көрсетіледі. Екіншіден,

жігіттердің бірі қызды алдыңғы нұсқада алдымен қанын қыздырып, қасиетті сумен немесе шөппен емдесе, кейінгі нұсқада денесін ұрғылап, яғни төмпештеу арқылы ғана жан салады (Тотынама, 1987:187). Ғ.Файзыханұлы нұсқасынан Нияз Тобыш аударған «Хорасан еліндегі бір тақуаның әңгімесі» деген хикаяның да (Тотынама, 2005: 109-112) бұдан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Шығыстанушы О.Акимушкиннің зерттеуі бойынша «Тотынамаға» негіз болған шығарманың бірі делінетін Имад ибн Мухаммад ан-Нааридің «Түнгі жауһарлар» («Джавахир ал-асмар») хикаяттар жинағында он тоғызыншы түннің әңгімесі ретінде баяндалатын сюжет ең алдымен көркемдігімен ерекшеленеді. Бұл хикаяда кейіпкерлердің жан дүниесі мен ішкі толқынысын бейнелеуге баса мән берілген. Хинд қаласын мекендейтін тақуаның қажылыққа аттануы, жалғыз қызын күйеуге беру мәселесін бала-шағасына тапсырып кетуі, бір емес үш күйеу жігіттің табылуы, сол үшеуінің өліп-тірілген бойжеткенге таласып, әбден шырғалаңға түсуі көптеген нұсқаларға қарағанда әсерлі суреттеледі. Жалпы, «Түнгі жауһарлар» мен «Тотынаманың» осы сюжеті бір-біріне өте ұқсас. Дегенмен, оқиғаның түзілімі барысындағы бірқатар айырмашылықтар да аңғарылмай қалмайды. Біріншіден, бүкіл елдің әңгімесіне қалып, құсаға батқан қыздың тап болған дертінің жай-жапсары нақтырақ баяндалады. Жұрт «көкірегі шаншып, демі тоқтап, қаны жүрмей қалған» бойжеткенді жылан шағып алған екен деп ойлайды (Имад ибн Мухаммад, 1985: 183). Екіншіден, орталарындағы дәрігер жігіт көрден шыққан қызды таяқпен немесе қамшымен сабап айықтырудың жолын айтқанда қазып алған жігіт «оны таяқтағанша, мені сабаңдар» деп қарсылық көрсетеді. Үшіншіден, емші жігіт осы тәсілді өзінің ұсынғанына қарамастан, қызды белдікпен соққылап жан салған жігітті қатігез деп кінәлайды. Яғни, бұл нұсқада адам мінез-құлқының ішкі қайшылықтары шиелене түседі. Төртіншіден, бойжеткеннің ойсанасы арқылы «Ақыл таразына салсақ, әлемдегі барлық әйелдің бір-ақ күйеуі болады. Үш күйеудің болуы сондай жиіркенішті нәрсе» (Имад ибн Мухаммад, 1985: 185), – деп тиянақты тұжырым жасалады.

Бір назар аударарлық дерек, «Тотынаманың» көптеген нұсқасында көрініс тапқан осы сюжет Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің урду тілінде жазылған «Тотының әңгімелері» хикаяттар жинағында жоқ. Автор аударма жасай отырып, шығарманың жаңа әдеби нұсқасын әзірлегенде қысқартып жіберген сюжеттерінің қатарында кетуі мүмкін.

Оның есесіне бұл сюжеттің алғашқы нұсқалары ежелгі үнді аңыз-әфсаналарынан тамыр тартатын «Веталаның жиырма бес әңгімесінде» («Веталапанчавимшати») бар. Бір қызға үш жігіттің ғашық болып, таласқа түсуі ежелгі әдеби ескерткіштің екінші әңгімесінде көрініс тапқан. Сюжеттің қысқаша мазмұны, кейіпкерлердің әрекеті, оқиғаның дамуы осыны айғақтайды. Калинди өзенінің жағасындағы Брахмапура қаласын мекендейтін Агнисвамин деген брахманның Мандаравати деген қызына үш жас брахман таласады. Әкесі қызын осы үш жігіттің қайсысына берерін білмей басы қатып жүргенде Мандаравати өмірден өтеді. Жігіттер бойжеткенді өлгенде де тыныш жатқызбай, әрқайсысы өз бетінше әрекет жасайды. Бірінші брахман денесі өртелген сүйіктісінің күлін өзінің үстіне сеуіп, шашын бұрым етіп өріп, ел кезіп кетеді. Екіншісі қыздың сүйектерін жинап алып, киелі жерлерге аттанады. Үшіншісі

Мандараватидің мәйітін жаққан жерге үй салып, сонда тұра береді. Бірінші брахман өлгенге жан беретін сиқырлы кітапты тауып, қайтып оралады. Екінші брахман қыздың сүйегін қасиетті суға жуып, сол жерге келеді. Ол сонда тұратын үшінші жігіт екеуі сүйек пен күлден құрастырып, бойжеткеннің бейнесін қайта мүсіндейді. Бірінші жігіт сиқырлы мантра оқып, қызды тірілтіп алады. Қыздың өмірге қайта оралғанын көрген соң, брахмандар арасында талас-тартыс басталады. Сюжеттің аяғында Викрамадитья (Викрама) патшаның арқасында келе жатқан Ветала үнді ескерткіштерінің бәріне тән үрдіспен «Қыз кімге тиесілі?» деген сауал қояды. «Мантра оқып қызды тірілткен жігіт оның әкесі іспетті, ал сүйегін арқалап жүрген жүрген ұлы секілді әсер қалдырады. Бірі әкелік, екіншісі перзенттік парызын өтеді. Сондықтан оның күліне дейін күзетіп, түтінін түтетіп отырған жігіт күйеуі болуға лайық», – дейді Викрама (Двадцать пять рассказов Веталы, 1958: 37-38). Будда дінінің сал-дәстүрін әйгілейтін тәмсіл мен түрленген хикаяларды салыстыра қараған кезде бір сюжеттің қаншалықты өзгеріске түскеніне көз жеткізуге болады.

Үш жігіттің бір қызға таласы «Тотынаманың» отыз бесінші түніндегі әңгімеде де бейнеленген. Бұл да үндінің көптеген шығармаларына арқау болған сюжет. Мұнда бірі әлемде болып жатқан барлық жаңалықты біліп отыратын, екіншісі ағаштан ат жасап, оны жылдам жүргізе алатын, үшіншісі атқан оғы мүлт кетпейтін мергендігімен ерекшеленген үш жігіттің ұрланған қызды тауып келу хикаясы баяндалған. Тыңшы қызды перілердің ұрлап кеткенін анықтайды, шебер ағаш ат жасап, жолға әзірлеп береді, садақшы періні өлтіріп, қызды алып келеді. Ғасырлар бедерінде көп өзгеріске түскен бұл сюжеттің «Қыз көреліктің» оқиғасымен тоғысатын тұсы – «менің еңбегім бәрінен артық, сондықтан қыз менікі болуға тиіс» деп таласып, атқарған ісін міндетсуі. Бұл сюжеттің соңында «Кабул көпесінің қызы Зухра өзін ажалдан құтқарған үш жігіттің қайсысына тиюге тиіс?» деген дәстүрлі сұрақ қойылады (Зийа ад-Дин Нахшаби, 1979:231; Зияааддин Нахшаби, 1991 208). Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің «Тотының әңгімелерінде» жиырма төртінші тарауында баяндалған осы сюжеттің (Сайид Хайдар Бахш Хайдари, 1933: 133-136) Нахшаби шығармасындағы сюжеттен айырмасы жоқ. Тек қызды ұрлап әкеткен дүлей күштің иесі бірінде пері, екіншісінде мыстан кейпінде сипатталады. Қытайда жарияланған «Тотынама» сюжетінде қыздың аты Зуһра, әкесінің аты Ғанка, үш жігіттің есімдері Дилнауаз, Рахшысаз, Тайрандаз деп көрсетіледі (Тотынама , 1987: 116). Әрине, бір нұсқаны негізге алғандықтан, Нияз Тобыш аударған хикаяның бұдан айырмасы болмайтыны белгілі.

Имад ибн Мұхаммед ан-Нааридің «Түнгі жауһарларында» Джауза деген қызды жын ұрлап әкеткені айтылады (Имад ибн Мухаммад ан-Наари, 1985: 269). Ал оқиғаның қалған бөлігінде өзгеріс байқалмайды. Сонымен қатар, Мұхаммед аз-Захири ас-Самарқандидің «Синдбаднамасында» осы сюжеттің түрленген тағы бір нұсқасы кездеседі. Бұл – Кашмир патшасының сұлу қызын жынның (ифрит) өңгеріп кетуіне байланысты туындаған аңыз. Тек мұнда әдеттегідей үш жігіт емес, төрт жігіттің өнері сыналады. Қызды құтқару үшін төрт ағайынды өнерпаз жігіттің жорыққа шығуы, жолды жетік білетін біреуінің ифрит мекен еткен жерді тауып беруі, батылдығымен ерекшеленген екіншісінің қызды алып шығуы, жауынгерлігімен танылған үшіншісінің қуғыншыларды күйрете жеңуі, емшілігімен көзге түскен

төртіншісінің қызды дерттен айықтыруы (Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди, 1960: 247) бұл хикаяның өзге нұсқалармен сабақтас екендігін айғақтайды. Аталған нұсқада жігіттердің қызға таласып, дауласқаны баяндалмайды, олар үнсіз ғана патшаның шешіміне құлақ асады.

Қазақ және қырғыз ертегілерінен де бұл сюжетке ұқсас эпизодтар табылып қалады. Мәселен, «Тоғыз дәруіш» деген қазақ ертегісінде бір байдың тоғыз ұлы қарақұс кейпінде келіп, патшаның қызын ұрлап кеткен жалмауыз кемпірді іздеп жолға шыққаны, әрқайсысының өз өнерін көрсетіп, қызды құтқарып әкелгені баяндалған (Бабалар сөзі, 2011: 242). Ал қырғыздың «Кемпірдің жеті ұлы» деген ертегісі – қазақ ертегісінің сәл түрлене түскен нұсқасы. Тоғыз дәруіш әкеден қалған мылтыққа таласып, патшаның алдына барса, жеті ұл анасы берген садақты иелену үшін ханға жүгінеді. Біріншісінде қызды қарақұсқа айналған мыстан, екіншісінде нағыз қарақұс ұрлап әкетеді. Алғашқысында тоғыз жігіт бір қызды құтқарады, соңғысында жеті жігіт екі қызды (Болмас хан мен Тоймас ханның қыздары) ертіп келеді (Қырғыз халық ертегілері, 1992: 30). Бұл нұсқалардың бәрінде де дерлік ұрланған қыз өнерлі жігіттердің біріне (көп жағдайда кішісіне) бұйырады. Сонымен қатар, бойжеткеннің кімге тиесілі екені айқындалмай қалатын нұсқалар да бар. Мысалы, «Веталаның» тоғызыншы әңгімесінде Шрингаравати қаласының билеушісі Вирабаху патша мен Падмавати патшайымның қызы Анангаватиге өнері бірінен бірі асқан төрт жігіт қол созып, бірі қайраттылығын, екіншісі тірі жан атаулының тілін білетінін, үшіншісі бес қаруын асынған мергендігін, төртіншісі ғалымдығын айтып мақтанады. Веталаға Викраманың «қызды кшатрийге беру керек» деп ақыл қосқаны болмаса, әңгіме сол жерден аяқталып, оқиғаның немен тынғаны белгісіз күйінде қалады (Двадцать пять рассказов Веталы, 1958: 70).

Біз талдап-таразылаған бір-біріне ұқсас осы екі сюжет (өліп-тірілген қызға талас және ұрланған қызды құтқару) о баста бір сюжеттен алынған деген ойға жетелейтін тағы бір хикая Веталаның алтыншы әңгімесінен табылды. Харисмавин деген брахманның Сомапрабха деген қызының оқиғасы «Тотынаманың» аталған екі сюжетімен өзектес. Бір брахманның ұлы Харисваминнің келісімін алып, қызына үйленетін болады. Харисвамин патшаға кеткен кезде тағы бір брахманның баласы Сомапрабханың ағасы Девасваминге келіп, қарындасына құда түсіп, уәдесін алады. Үшінші жігіт қызды алу жөнінде Харисваминнің әйелімен бәтуаласады. Осылайша, қажылыққа аттанарда қызын күйеуге беру мәселесін әйелі мен ұлына тапсырып кететін «Тотынамадағы» тақуаның оқиғасы айна-қатесіз қайталанады. Бірақ дәл осы жерден «Тотынаманың» екінші сюжеті жалғасып жүре береді. Дхуста деген ракшас ұрлап әкетіп, Виндхий ормандарына апарып жасырған Сомапрабханы алып келу үшін өнерлі үш жігіт барын салады. Біріншісі бойжеткеннің қайда кеткенін анықтайды, екіншісі жылдам жеткізетін күймелі арба жасайды, үшіншісі ракшастың тас-талқанын шығарады. «Сомапрабха кімге тиесілі?» деген Веталаның сұрағына оны арқалап келе жатқан Викрамадитья ракшасты өлтірген ержүрек жігіттің қызды алуға тиіс екенін айтады (Двадцать пять рассказов Веталы , 1958: 59).

Қорытынды. Осылайша, бір сюжеттің немесе бір тектес екі сюжеттің көркем әдебиетімізге, қазақ және қырғыз ертегілеріне, әлемге танымал әдеби ескерткіштерге арқау болуы көптеген тұжырым жасауға жетелейді.

Біріншіден, үнді сюжеттерінің тым әріден басталатыны, жазба нұсқаларға ертерек көрініс тапқаны баршаға мәлім. Ал бұл сюжеттердің о баста үнділерге қайдан барғандығы туралы мәселе әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Екіншіден, мұндай сюжеттерді көркем әдебиеттен ауыз әдебиетіне, ауыз әдебиетінен қайтадан көркем әдебиетке кірігу процесінің мысалы ретінде кеңінен қарастыруға болады.

Үшіншіден, сюжет өзгерістері әр халықтың болмыс-бітіміне, салт-дәстүріне сай көрініс береді. Әрбір ұлт шығармаға енетін деталды өзінің діні мен діліне бейімдейді.

Төртіншіден, әлемге танылған мұндай сюжеттердің көптеген жұрттың танымтүсінігіне сай келетінін, сондықтан өз табиғатына сіңіруге, болмысына бейімдеуге қолайлы екенін де аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, көркем әдебиетімізді ілгерілетуге үлес қосқан шығыс сюжеттерінің арғы тегін зерттеу жұмысы жаңаша ізденістер жалғаса бермек.

Омаров Б.Ж.
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан
E-mail: b_om777@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7750-2741

«Кыз корелик», «Айна-тарак» и «Тотынама»: общность с индийскими сюжетами

Аннотация. В данной статье анализируется тенденция отображения сюжетов всемирно известного литературного памятника «Тотынама» в произведениях устного народного творчества казахского и кыргызского народов, а также в произведениях казахской письменной литературы. Автор уделяет особое внимание сюжету о трёх женихах одной девушки. Этот сюжет часто встречается в индийских литературных памятниках, и на его основе создан ряд произведений казахских поэтов и писателей-прозаиков. Среди таких произведений казахского искусства слова можно назвать роман «Кыз корелик» Т.Жомартбаева и дастан «Айна-тарак» Базар жырау Ондасулы, а также ряд вариантов казахских сказок. Эти произведения подробно рассматриваются в данной статье.

Исследователь уделяет особое внимание тому, как известный восточный сюжет становится ядром всего произведения или используется как элемент другого произведения. В работе обобщены размышления об особенностях, характеризующих процесс перевоплощения короткого сюжета в другое произведение искусства, а также о том, как несколько составных частей одного и того же исходного произведения встречаются в переработанном виде в разных более поздних художественных произведениях.

Особо следует подчеркнуть, что в статье содержится актуальные сведения о происхождении, источниках и путях развития восточного сюжета.

Шедеврами мировой литературы, в которых представлены эти сюжеты, являются «Тотынама» Зия ад-Дина Нахшаби, «Сказки попугая» (Тота Кахани) Сайида Хайдара Бахша Хайдари, «Жемчужины бесед» Имада ибн Мухаммада ан-Наари (Джавахир ал-Асмар), «Двадцать пять рассказов Веталы», произведения Мухаммада аз-Захири ас-Самарканди «Синдбад-наме», а также ряд вариантов «Тотынама», распространенных в Казахстане и среди казахов, живущих на территории Китая.

Кроме того, в статье высказываются новые идеи о природе и характере восточного сюжета, его распространении среди народов мира, о трансформации восточного сюжета, адаптации к менталитету какой-либо нации, освоении восточного сюжета в новом произведении, о путях внедрения в устное народное творчество и письменную литературу определённого народа. Автор статьи не оставляет без внимания ни одно из различий, возникавших в процессе изменений восточного сюжета. Также автором демонстрируются своеобразные особенности трансформированных сюжетов в анализируемых произведениях.

В данном исследовании обращается внимание на процесс возникновения множества сюжетов, берущих своё начало от одного единого сюжета; на возникновение повторяющихся традиционных деталей; на наличие общих закономерных особенностей в начале и конце повествования различных историй.

Ключевые слова: восточный сюжет, произведение, индийские легенды, три жениха, три волшебных предмета, сказки, дастан, фантазия, мотив, брахман, ракшас.

Omarov B.Zh.
The L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: b_om777@mail.ru

«Qyz korelik», «Aina-taraq» and «Totynama»: Commonality with Indian plots

Abstact. The current research is devoted to study how the plots of the world-wide collection of stories «Totynama» are reflected in the Kazakh and Kyrgyz fairy tales, as well as in our written literature. The author focuses on the origin of the story about three husbands of one girl that is very popular among Indian literary monuments. A number of works of Kazakh poets and writers are based on this story. Among them «Qyz korelik» by T. Zhomartbayev and «Aina-taraq» by Bazar zhyrau Ondasuly, as well as a number of variants of Kazakh fairy tales are considered.

In the current paper the author pays special attention to the issue of usage of a well-known Oriental plot as the core of the story or as an element of the work. The idea of the process of transformation of a short story into an artistic creation or the appearance of several parts of the same story in different works is considered.

The main thing is that the article contains a lot of information about the origin, sources and ways of development of the Oriental plot. The masterpieces of world literature in which these plots are used as «Totynama» by Ziya ad-Din Nahshabi, «Totynyn angimeleri» (Tota Kakhani) by Saiyd Haidar Bakhsh Haidari, «Tungi zhaukharlar» (Pearls of conversations) (Dzhavakhir al-asmar), «Vetalanyn zhiyrma bes angimesi» by Imad ibn Muhammad an-Naari, «Sindabad-name» by Muhammad az-Zahiri al-Samarkandi as well as a number of versions of «Totynama» that spread in our country and among Chinese Kazakhs are analyzed.

In addition, new ideas are expressed about the nature and character of the eastern plot, its spread to the world population, its transformation, and adaptation to the mentality of the nation, its assimilation into a new work, its integration into oral and written literature.

The author does not neglect a single difference in the process of changing plots. The specific features of the plot, which are embodied in each work are emphasized as well. It is worth paying attention to such complex details as the emergence of several literary plots from the one plot, the occurrence of often-repeated traditional details, the presence of common patterns in the origin and sequence of the story.

Keywords: oriental plot, literary work, Indian legends, three grooms, three magic items, fairy tales, epic, fantasy, motif, brakhman, rakshas.

Информация об авторе:
Омаров Бауыржан Жумаханулы, *профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор филологических наук, академик НАН РК. E-mail: b_om777@mail.ru, ORCID: 0000–0002–7750–2741*

Әдебиет:

Әбжет Б. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХКТУ, Тұран баспаханасы, 2008. – 258 б.

Әлем халықтарының ертегілері.– Алматы: Дәуір, 1992. – Т.1. – 304 б.

Бабалар сөзі. Жүз томдық. Қиял-ғажайып ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – Т.74. – 432 б.

Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғы қазақ бір туған. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2008. □ 380 б.

Бисенғали З. Түсініктер // Кітапта: Дулатов М. Бақытсыз Жамал; Жомартбаев Т. Қыз көрелік; Аймауытов Ж. Ақбілек. «Қазақтың 100 романы» сериясы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

Двадцать пять рассказов Веталы (Перевод с санскрита И.Серебрякова). Государственное издательство художественной литературы. – Москва: 1958. – 149 с.

Жомартбаев Т. Қыз көрелік // Кітапта: Дулатов М. Бақытсыз Жамал; Жомартбаев Т. Қыз көрелік; Аймауытов Ж. Ақбілек. «Қазақтың 100 романы» сериясы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

Жұмабаев М. Базар жырау // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). (Перевод с персидского Е.Бертельса). – Москва: Наука, 1979. – 348 с.

Зияааддин Нахшаби. Тотынама. (Орыс тілінен аударғандар Ә.Қоңыратбаев пен Т.Қоңыратбаев). – Алматы: Жазушы, 1991. – 304 б.

Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар) (Перевод с персидского М.Османова). – Москва: Наука, 1985. – 400 с.

Қабышев Т. ХХ ғасыр басындағы ағартушылық ағым және Тайыр Жомартбаев шығармашылығы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 131 б.

Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Алматы: Жазушы, 1988. – Т.3. – 320 б.

Қосан С. Базар жыраудың «Айна-тарақ» дастаны және «Тотынаме». «Базар жырау» журналы, 2012. – №1.

Қосан С. Балқы Базар жырау. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д», 2012. – 298 б.

Қырғыз халық ертегілері (Аударған Т.Зейнәбілов). – Алматы: Аударма, 1992. – 176 б.

Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди. Синдбад-наме (Перевод с персидского М.Османова). – Москва: Изд. Восточной литературы, 1960. – 314 с.

Невеста трех женихов (Испанская сказка) // https://azku.ru/skazki-narodov-evropyi/nevesta-tryoh-zhenihov.html

Сайид Хайдар Бахш Хайдари. Сказки попугая (Тота Кахани) (Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой). – Москва – Ленинград: Academia, 1933. – 252 с.

Тотынама (Ғ.Файызханұлы нұсқасынан аударылған, жауапты редакторы О.Қанапин). – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1987. – 348 б.

Тотынама (көне түркі тілінен аударған Нияз Тобыш). – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті, 2005. – 196 б.

Литература:

Абжет Б. Мифологические персонажи в сказках тюркских и иранских народов. –Туркестан: ИКТУ им. К.Ясави: Типография Туран, 2008. – 258 с.

Базар жырау Ондасулы. Все казахи едины. – Алматы: Дешти Кыпшак, 2008. □ 380 с.

Бисенғали З. Комментарии // В книге: Дулатов М. Несчастный Джамал; Жомартбаев Т. Кыз корелик; Аймауытов Ж. Акбилек. Серия «100 казахских романов». – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 с.

Двадцать пять рассказов Веталы (Перевод с санскрита И.Серебрякова). Государственное издательство художественной литературы. – Москва, 1958. – 149 с.

Джумабаев М. Базар жырау // Произведения. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 с.

Жомартбаев Т. Кыз корелик // В книге: Дулатов М. Несчастный Джамал; Жомартбаев Т. Кыз корелик; Аймауытов Ж. Акбилек. Серия «100 казахских романов». – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 с.

Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). (Перевод с персидского Е.Бертельса). – Москва: Наука, 1979. – 348 с.

Зияааддин Нахшаби. Тотынама. (Перевод с русского А.Коныратбаева и Т.Коныратбаева). – Алматы: Жазушы, 1991. – 304 с.

Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар) (Перевод с персидского М.Османова). – Москва: Наука, 1985. – 400 с.

Кабышев Т. Просвещение в начале XX века и творчество Таира Жомартбаева. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 2005. □ 131 с.

Казахская народная литература: Многотомник. – Алматы: Жазушы, 1988. –Т.3. – 320 с.

Косан С. Балқы Базар жырау. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д», 2012. – 298 с.

Косан С. Эпосы Базар жырау «Зеркало-гребешок» и «Тотынаме» // Журнал «Базар жырау», 2012. – №1.

Кыргызские народные сказки (Перевод Т. Зейнабилова). – Алматы: Аударма, 1992. – 176 с.

Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди. Синдбад-наме (Перевод с персидского М.Османова). – Москва: Изд. Восточной литературы, 1960. – 314 с.

Невеста трех женихов (Испанская сказка) // https://azku.ru/skazki-narodov-evropyi/nevesta-tryoh-zhenihov.html

Сайид Хайдар Бахш Хайдари. Сказки попугая (Тота Кахани) (Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой). – Москва – Ленинград: Academia, 1933. – 252 с.

Сказки народов мира. – Алматы: Даур, 1992. – Т.1. – 304 с.

Слова предков. Сто томов. Фантастические сказки. – Астана: Фолиант, 2011. – Т.74. 432 с.

Тотынама (Перевод с версии Г. Файзханулы, главный редактор О. Канапин). –Урумчи: Синьцзянское народное издательство, 1987. – 348 с.

Тотынама (Перевод с древнетюркского языка Нияза Тобыша). – Актау: Актауский государственный университет им.Ш.Есенова, 2005. – 196 с.

References:

Abjet B. (2008). Turki jane iran haliqtarinin ertegilerindegi mifologiyaliq leyipkerler. – [Mythological characters in the tales of the Turkic and Iranian peoples] – Turkistan: Q.A.Yasaui atindagi HQTU, Turan baspahanasi, 258 p. (In Kaz)

Alem haliqtarinin ertegileri. [Tales of the peoples of the world] (1992). – Almati: Dawr, T.1. – 304 p.

Babalar sozi (2011). Juz tomdiq. Qiyal-gajaiyb ertegiler [Ancestral words. One hundred volumes. fantasy tales]. – Astana: Foliyant, T.74. – 432 p.

Bazar zhirau Ondasuli. (2008). Jamigi qazaq bir tugan [All Kazakhs are one]. – Almati: Deshti qipshaq, 380 p.

Beysengali Z. (2009). Tusunukter // Kitapta: Dulatov M. Baqytsyz Zhamal; Zhomartbayev T. Qiz korelik; Aymauitov Zh. Aqbilek. «Qazaqtin 100 romani» seriyasi [Comments // In the book: Dulatov M. Unfortunate Jamal; Zhomartbayev T. Kyz korelik; Aimauytov J. Akbilek. The series "100 Kazakh novels"]. – Almati: Jazushy, 320 p.

Dvaztat pyat rasskazov Vetaly (Perevod s sanskrita I.Serebriyakova). (1958). Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoy literatury [Twenty-five stories of Vetala (Translated from Sanskrit by I. Serebryakov). State Publishing House of Fiction]. – Moskva, 149 p.

Jomartbayev T. (2009). Qiz korelik // Kitapta: Du;atov M. Baqytsyz Jamal; Jomartbayev T. Qiz korelik; Aymauitov J. Aqbilek. «Qazaqtyn 100 romani» [Kyz gorelik // In the book: Dulatov M. Unfortunate Jamal; Zhomartbayev T. Kyz gorelik; Aimautov J. Akbilek. The series "100 Kazakh novels"]. – Almayi: Jazushy, 320 p.

Jimabaiyev M. (1989). Bazar jirau. Shygarmalary [Zhyrau Bazaar. Works]. – Almati: Jazushy, 448 p.

Ziya al-Din Nahshabi. (1979). Kniga popugaya (Tuti-name) [The Book of the Parrot (Tuti-name)] (Perevod s persidskogo E.Bertelsa). – Moskva: Nauka, 348 p.

Ziyaddin Nahshabi. Totynama. (1991). (Orys tilinen awdargandar A.Qoniratbaiyev pen T. Qoniratbaiyev). – Almati: Jazushy, 304 p.

Imad ibn Muhammad an-Haari. (1985). Jemchujini besed [Pearls of conversations] (Jawahir al-asmar) (Perevod s persidskogo M.Osmanova). – Moskva: Nauka, 400 p.

Qabushev T. (2005). XX gasyr basyndagy agartushiliq agym jane Tayir Jomartbayev shigarmashylygy [Enlightenment at the beginning of the twentieth century and the work of Tahir Zhomartbayev]. Filologiya giliminin kandidaty gylymi darejesin alu ushin dayiidalgan dissertatsiya. – Almaty, 131 p.

Qazaq halyq adebiyeti. (1988). Kop tomdyq. – Almati: Jazushy, T.3. – 320 p.

Qosan S. (2012). Bazar jyraudyn «Ayna-taraq» dastany jane «Totyname» [Epics Bazaar zhyrau "Mirror-comb" and "Totyname"] // «Bazar jyrau» jurnaly, №1.

Qosan S. (2012). Balqy Bazar jyrau. – Almaty, JK «Seyitzhanova», 298 p.

Qirgyz halyq ertegileri [Kyrgyz folk tales] (1992). (Fwdargan T.Zeynabilov). Almaty: Awdarma, 176 p.

Muhammad az-Zahiri as-Samarkandi. (1960). Sindbad-name (Perevod s persidskogo M.Osmanova). Moskva: Izd. Vostochnoy literature.

Nevesta treh jenihov (Isoanskaya skazka) [Bride of Three Grooms (Spanish fairy tale)] // https://azku.ru/skazki-narodov-evropyi/nevesta-tryoh-zhenihov.html

Saiyd Haydar Bahsi Haydari. (1933). Skazki popugaya [Parrot Tales] (Tota Kahani) (Perevod s yazyka industani (urdu) M.Kniyaginoy-Kondratevoy). Moskva – Leningrad: Academia, 252 p.

Totynama. (1987). (G.Fayizhanulu nusqasynan awdarilgan, jawapty redaktory O.Qanapin). Urumji: Shunjan halq paspasy, 348 p.

Totynama. (2005). (kone turki tilinen awdargan Niyaz Tobysh). Aqtaw: Sh.Esenov atyndagy Aqtaw memlekettik universiteti, 196 p.

ҒТАМР 17.71.01 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-03

Ысқақұлы Д.[1], Жакенбаева М.К.[2]*
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
E–mail: danday_09@mail.ru, ba.01.01.98@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9013-574X, 0000-0001-7364-5182

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақала қазақ қоғамындағы әйел бостандығы мен болмысын ұлттық әдебиетіміздегі шығармалар арқылы зерттеуге құрылған. Зерттеу жұмысының шеңберінде бірқатар әдеби кейіпкерлердің болмыс-бітімі талданып, олардың тағдыры терең психологизм мен адамдық гуманизм, этникалық педагогика тараптарында қарастырылды. Нәтижесінде, қазақ әйелдерінің әр дәуірдегі келбеті, бас бостандығы мен гендерлік құндылықтарға қол жеткізу тарихы, жалпы ұлттық әлеуметтің артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілді. Мақаланың кіріспе бөлімінде ұлттық әдебиетіміз және «ана», «ару», «әйел» атаулары тұтас желіде қарастырылып, қазақ жазушыларының, әлемдік әдебиет классиктерінің ана жайындағы толғаныстары, төл шығармашылық мұраларымыздағы оның сөз сәулесінен құйылған бейнесі тарқатылады. Талдау санатына бойынша эпикалық туындылар жіктеліп, қазақ қоғамдық өміріндегі реалияның әйел образдарымен қаншалықты жақын не алыс жатқаны талданып, әдебиет хроникасының даму реті бойынша аналар, әжелер мен арулардың галереясы жасақталады. Нәтижесінде, автор XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жазылған шығармалардағы әйел бостандығы тақырыбына назар аудара отырып, бірқатар проблемаларға тереңдейді, қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен адамзаттық құндылықтар шеңберіндегі қатынастардың шиеленісіне дейінгі аралықтардағы мәселелер сарапталады.

Әйел бейнесіне қатысты әдеби-көркемдік маржандарға бай саналатын тарихи романдар ерекше зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, қазақ хандығы кезеңінен бергі халықтық тіршілігіміздегі аса жоғарғы маңызға ие ар-ождан, намыс, еркіндік қасиеттерімен қатар айшықталды. Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпаны», Мұхтар Мағауин қаламынан қанаттанған «Аласапыран», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері», Әбіш Кекілбаевтың сиясынан сабақтанған «Елең-алаң»», Софы Сматаевтың «Елім-айы» Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-айы» санамалап айтылып, қазақ тарихындағы әскери демократиялық қоғамның құраушылары қатарында әйел-аналарымыздың да аса маңызды рөлге ие болғандығымен дәлелді түрде түйінделді. Ұлпан ана мен Ай-Шешек бегімнің бекзада бейнесі зерттеудің тәрбиелік-танымдық мақсатына жұмсалып, жас зерттеушінің жаһандану дәуіріндегі жаңа көзқарастарымен сәйкестендіре зерттелді.

Мұнымен қоса алғанда, зерттеу жұмысында қолданылған тарихи әдіс, салыстыру мен зерделеу, синтетикалық психологизм принциптерін қолдана отырып сараптау әдістері шығарма кейіпкерлерінің табиғатын тануға, сол дәуірдің басты проблемаларын ашуға жұмсалды. Әдеби туындыларға назар сала отырып, қазақ әйелдерінің отбасы құндылықтарын сақтау мен этнопедагогикадағы маңызды рөлі, ұлттық құндылықтарымызды сақтаудағы зор қызметі, реалистік образдардың әлеуметтік өмір сапасын арттыруға қосқан үлесі анықталды.

Кілт сөздер: әдебиет, ұлттық құндылықтар, отбасы институты, дискриминация, реалистік образ, әлеумет, кейіпкер.

Кіріспе. Қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси, адами қарым-қатынастарының өлшемі ежелден «адалдық», «адамгершілік», «иңкәрлік» пен

«тазалық» тұжырымдарына құрылды. Жайлы жер, жасыл желең, шұрайлы өңір ортасында жетілген ұлтымыздың натурфилософиясының өзі адамзатты табиғаттың тұтас бір бөлшегі, тәңірісі кеудесіне ізгілік дәнін сепкен жақсылық ізашары ретінде тануына жол ашып, моногамды құндылықтарымыздың көнеден қалыптасуына ықпал жасады. Қазақ ғұрпындағы моногамды құндылықтардың алғашқы беташарын да «от басы – ошақ қасы», «берекелі босаға», «қара шаңырақ» секілді ұғымдарымен тамырлас жатқандығы жасырын емес. Әсіресе, тарихи өткелектердің небір сүргіндерінде қазақ қоғамындағы отбасы беріктігінің, ер мен әйел дипломатиясының, тіпті, далалық дәстүрге тән өзіндік стратегиясының шын шеберлігі, үлгі-өнегесі далалық өркениет өрісінде «бозбала – ер-жігіт – отаға» ұғымдары мен «бойжеткен – ару-әйел, құтана (әулетіне ғана емес, өскен өңірі мен ұлысына шапағаты түскен әйел бейнесі)» секілді небір асыл бейнелерде жаңғырып отырды. Сайып келгенде, қазақ ұғымындағы әйел – шаңырақтың берекесі ғана емес, шапағатты да парасатты жан, ерінің арқасүйері, жорық әлетіндегі айнымас жолсерігі, төрт құбыласы тең кеңесшісі, жаңа тіршілік бастауының қайнары. Сондықтан да төл қоғамымыздағы ана рөлі мен әйел бостандығының сын-сипатын айшықтау, оған жаһандық өре деңгейінде баға беру, заманауи тенденцияларға сай талдау мақсаты ұлттық әдебиетіміздің мол қорына бас бұруға жетелейді.

Танымал өнертанушы, қоғам қайраткері Дмитрий Сергеевич Лихачев әдебиет хақында «Әдебиет сіз үшін басқа дәуірге еніп, өзге ұлттардың танымына зер салған шақта нұсқаулыққа айналады, адамдардың жүрегін ашады, бір сөзбен айтқанда, сізді дана етеді» деген татымды ой айтуы (Лихачев, 2011: 321), әлемдік зерделі жазушы Чарльз Диккенстің «...Әдебиет халыққа адал болуы тиіс, оның ілгерілеуіне, өркендеуіне әсер етуге міндетті, сондай-ақ бақытына деген құлшынысын ашып, жігерін жануға тиіс» (Диккенс, 1868: 213) деуі, қазақ көсемсөзінің қарагері, сөз суреткері Ғабит Мүсіреповтың «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы болмайды» деген тоқтамға келуі де тегіннен тегін болмаса керек. Қазақ әдебиетінің хроникасында қыз тағдыры, ана болмысы, әйел бейнесі қашан да көпқырлы көрініске ие, оның әдеби-көркемдік бейнесі дәуір үні, заман келбетімен тұтасып, әлеуметтік құбылыстар алқабында тамыр жайып келеді. Бұл турасында ұлы ұстаз Зейнолла Қабдолов: З. Қабдолов: «Суреткер – өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні. Ол өзі өмір сүріп отырған мезгіл мен мекендегі қандай құбылысқа болса да, енжар, бейтарап қарай алмайды. Оны бәрі тебірентеді, ол бәріне араласады. Ендеше оның қаламынан туған шығармалар да бір емес, бірнеше тақырыпқа жазылады; бір емес, бірнеше проблемаға құрылады», – деген ой айтады (Қабдолов, 1970: 38).

Материалдар мен әдістері. Біздің қоғамдағы әйел болмысының көрінісін сөз еткенде көк Түрік қағандығындағы тас бітіктер мәтіндерін, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетті, кейінгі зар заман ақындарының рухты шығармашылығын да ескергеніміз дұрыс. Өйткені, қазақ әдебиеті – аталған кезеңдер тудырған алпауыт әдебиеттің жемісті жалғасы, желіні үзілмеген дәстүрдің модернистік келбеті. Ондағы кесек шығармалардың кейіпкерлері саналған Күлпаш (Б. Майлин), Зере, Таң-Шолпан, Ұлжан, Ғазиза (М.Әуезов), Ұлпан, Ақлима (Ғ.Мүсірепов), Ай-Шешек бегім, Гүлшат (М.Мағауин), әнші Күләш (Б.Нұржекеев), Айша (Ш.Мұртаза), Бөрте (А.Мантай)

т.с.с. бейнелерінің барлығы оқырмандардың жүрегіне жылы тиген ерекше атаулар. Санамалап айтылған әрбір композициядағы әйел болмысына, тағдыр-талайына қатысты көркемдік шындық ұлт дүниетанымымен, тұрмыстық ғажайыптары не локалды қайшылықтарымен тұтасып, әдеби формацияға сай түрленеді. Мақалада осы композициялық ерекшеліктерді жаңа заман талабына сай талдап, ғылыми түсінік беруге тырысамыз.

Мұнымен қоса алғанда, зерттеу жұмысында қолданылған тарихи әдіс, салыстыру мен зерделеу, синтетикалық психологизм принциптерін қолдана отырып сараптау әдістері шығарма кейіпкерлерінің табиғатын тануға, сол дәуірдің басты проблемаларын ашуға жұмсалды. Әдеби туындыларға назар сала отырып, қазақ әйелдерінің отбасы құндылықтарын сақтау мен этнопедагогикадағы маңызды рөлі, ұлттық құндылықтарымызды сақтаудағы зор қызметі, реалистік образдардың әлеуметтік өмір сапасын арттыруға қосқан үлесі анықталды.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу нысанына айналған әдеби шығармалардың лейтмотивіне назар сала отырып, қазақ әйелінің трагедиялық өміріне, бас бостандығының шектелуіне әсер еткен факторларды нақты анықтай аламыз. Олар: қазақ әлеуметінің сол кездегі феодалдық құрылым әсерінен дискриминацияға ұшырауы, отарлаушылық езгі мен саяси реформалардың кесірінен пайда болған келеңсіздіктер және үкіметтің идеологиялық насихатының күштілігі және социологизм жүйесінің қоғам өміріне кірігуі т.б. секілді. Мұнымен қоса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жазылған шығармалардағы әйел бостандығы тақырыбына назар аудара отырып («Бақысыз Жамал», «Ақбілек», «Шұғаның белгісі», «Қамар сұлу» т.с.с.), төмендегідей факторларды байқаймыз:

– Қазақ қызының сауатын арттырып, санасын ашуға деген интеллигенция тарапынан ұмтылыс, шығармашылығында халықты жаппай ағартушылыққа үндеу;

– Қазақ әйелінің бостандығын сөз ету арқылы әлеуметтік, этникалық проблемаларды ашып көрсету, отаршылдықтың ұлттық құндылықтарымызға тигізген зардаптарын әшкерелеу;

– Әлеуметтік теңсіздіктің мен әйел теңсіздігінің салдарын нақты ашып көрсету;

– Адамзаттық құндылықтарға қайшы әрекеттер мен әйел құқығының тапталуы, әйелге деген құрметсіздікті айыптау;

– Адами қасиеттерді, діні және моральдік құндылықтарды, ұлттық сана-сезімді сақтауға әйел болмысын, бостандығын сөз ету арқылы шақыру.

XIX–XX ғасырдағы қазақ әдебиетін жасаушылардың әйел ар-ожданы тақырыбына, әйел бостандығын қорғауға ден қоюы алтын орда дәуірі мен қазақ хандығы кезеңіндегі әдебиетпен, оның символизмімен ішкі байланысын тереңдетеді. Ар-ождан, намыс, еркіндік – ұлттық түсінік тұрғысынан әдеби кейіпкердің мінез-құлқы мен дүниетанымын реттеуді белгілейтін ең маңызды этникалық категория.

Талқылануы. Әдеби шығармалардың идеялық мағынасын ашудағы айрықша кескін, маңызды рөл, сөзсіз, әдеби кейіпкерлерге, композицияның қаһармандарына тиесілі. Сондықтан кейіпкерлерді қабылдау және түсіну, оның онтологиясына, яғни болмысына үңілу деңгейі тұтастай әдеби шығарманың идеялық мазмұнын қабылдау контекстімен сәйкеседі. Автордың дәуірге, замана құндылықтарына де-

ген, ал оқырманның шығармашылық еңбекке деген жалпы жиынтық көзқарасын айқындайтын да кейіпкерлік кескін, шығармашылық портрет, сюжеттік идея. Жалпы дәстүрлі философиялық танымдағы «онтология» ұғымы кез келген тақырыпты зерттеудің, мән-маңызын ашудың негіздемесі болып қана қоймай, олардың үй-жайлары, кемшіліктері және басқалары туралы ойланудың түрлі жолын ұсынады (Асперс пен Коль, 2013: 487).

Дәл осы бағытта қазақ әйелінің болмыс-бітіміне баға беріп, тәлімгерлік, даналық дәрістерімен, кеңесшілдік хәлімен ерекше көзге түсетін алып шоғыр – жыраулар поэзиясы дер едік. Жыраулар поэзиясы қазақ хандығы дәуіріндегі әз-әже, абзал ана, сұлу әйел, саналы жар болмысын толықтай оқырман қауымға ашып береді. Мысалы, қазақтың халық ақыны Майлықожа шығармашылығындағы абзал ана бейнесі дәл осындай бір қалыпта терең тағылымнан сыр тартады:

«...Анасы жақсы қандай-ды,
Қамқорлығы таудай-ды.
Қалқам деп шықса алдыңнан,
Кеудеңде қайғы қалмайды...»

Расымен де, қазақ әйелінің тексті, адал, бекзат болмысы жыраулар поэзиясында сан қырынан көрінеді. Мысалы, Шалкиіз Тіленшіұлы:

«..Жағына жалаң жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған...» – деп жырласа, Доспанбет:
«...Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді,
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашын үрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген,

Қалай күні кешті екен...» – деп кеңінен толғайды. Шынымен де, жыраулар поэзиясындағы әйел болмысын зерделей отырып, сол дәуірге, сол қоғамға тән қауымның әйел болмысын биік қойып, оны барынша құрметтегенін байқау еш қиын емес. Көмейінен жыр төгілген «зар заман» ақындарының қай-қайсысын алсаңыз да, әйел бейнесіне ерекше балаң көңілмен қарайды. Оған дәлел Ақтамберді жырау Сарыұлы. Ақтамберді ақын табиғатында әйел болмысы аса кіршіксіз. Оның көркем мінезі тек өмірлік серігіне ғана емес, дүйім жұртқа жұғымды келеді. Сондықтан, әйел бағасына жету үшін де ақын айтқан құндылықтарды ескеруіміз шарт:

«Әлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гаухар бағасы.
Жүз нарға кілем жапсырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді қош таптырып...»

Немесе:

«Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма?» (Мұхтар Мағауин, 2006: 31).

Халық ақыны жыр-термеге қосқан ана болмысы тек қана бір дәуір мен бір әулетке тән құт емес, бүтін ұлттың ерекшелігіне мән үстеген аяулы болмыс. Себебі, қазақ қоғамындағы анаға тән мейірім дәуір мен дәуір, ғасыр мен ғасыр аралығының желісін жалғап, ұлт тағдырын ұлылыққа жетелеп келеді. Оған әдебиетіміздегі ананың мейірімді, қамқор, перзент жүрегіне тағылым қондырып, тәрбие беруші асыл жан екендігін айғақтайтын бірнеше шығармалар айғақ. Әсіресе, бұл сөзімізге қазақ әдебиетінде ана мейірімін ерекше айшықтаған Міржақып Дулатұлының шоқтығы биік «Шешенің балаларын сүюі» атты ерек туындысы дәлел:

«..Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым ізден, тез қайтпай, көпке кетсең?
Бетін жуған жасымен сорлы анаңа
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін…» (Міржақып Дулатұлы, 2013: 145) немесе Төлеген ақынның ұлттық әдебиетімізге құбылыс болып енген «Ана», «Ару ана – бауыр дүниесіндегі»:

Ана керек, о, адамдар, ана керек адамға,
Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.
Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,
Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы,..» – деген жыр тізбектері де ойымызды толықтыра түседі (Т.Айбергенов, 1989: 60).

Әлем әдебиетіне баға берген ұлы сыншы В.Б. Белинский өзінің еңбектерінде ана мейірімі жайлы көптеген татымды ойлар айтқан. Мәселен, сыншы «Дүниеде ана шапағатынан асқан қастерлі де аяулы махаббат жоқ. Сондық күшті деген бауыр басу, күллі махаббат, даңқ пен дақпырт ана махаббатының алдында әлсіз...», – деп ой толғайды (В.Б.Белинский, 2019: 199). Шынтуайтында ана мейірі жайлы сөз ету – адамзаттық әдебиетке ортақ дүние. Десе де, қазақ әдебиетіндегі ана болмысының басты ерекшелігі – перзентіне деген тілеулестік және оның бойындағы ағартушылық, тәлім-тәрбиелік, шешімгерлік қабілеттердің ірілігімен ерекше. Ұлттық дүниетанымыздағы анаға, әйелге тән даналық далалық этнопедагогикамен, тұрмыс-салт иірімдерімен, әлеуметтік өмір шындығымен үнемі байланысып, қабысып отырады. Әдебиетіміздегі әйел болмысының, бостандығының ерекшелігін, оның ұлт пен ұрпақ тәрбиесіндегі мән-маңызын нақты, жан-жақты айшықтайтын туынды – «Адамдық негізі – әйел (Мұхтар Әуезов, 2014: 57)».

«Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты (өркениеті) әйел халіне жалғасады», – дейді М.Әуезов. Автордың пікірінше, әйел бостандығына өмір сапасының, адам құқығы мен тұрмыстық әлеуеттің, ақпараттық қолжетімділіктің, теңқұқылықтың тікелей қатысы бар. Себебі, санамалап айтылған бұл қажеттіліктердің барлығы азаматтық қоғам құруға әкеледі. Заманның заңғар жазушысы мұны ертеден ұғып, «қазақ мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» – деген ой тастайды (Әуезов, 2014: 145).

Мұндағы әйел халі – қазақ қыздарының оқу-білімге деген рухани жұтаңдығының қажетін өтеу, сауатын арттырып, санасын ашу, заңдық-нормативтік бағытта құқығын қорғау және оларды қоғамдық процестерге араластыру. Тарихи өткелектерде назар салсақ, қай қоғам да осындай түрлі өзгерістер мен небір қоғамдық-саяси трансфор-

мациялар жолында шыңдалған, өткелек кезеңдердегі қайшылықтардың барлығы ұлттық интеллигенция, соның ішінде қолына қалам ұстаған жазушылар мен ақындардың сана сүзгісінде көрініс тапқан. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы әйел кейіпкерлерден құралған галерея да небір қайшылықтарға тұнып тұр. Нақты мысал – «Қорғансыздың күні». Әңгіменің оқиғасы орталықтан жырақ қалған, тұрмыс-тіршілігі төмен кедейлерден құралған қазақ ауылында өтеді. Кейіпкерлер: кәрі кемпір, көзі су қараңғы әйел және Ғазиза. Әрбір кейіпкердің болмысы туындыда үш дәуірдің жүгін арқалайды. Олардың басына түскен қисапсыз тауқыметі мен шеті мен шегі көрінбес ауыр қасіреті сол кездегі тек бір шаңырақка ғана тән жайт емес еді. Әсіресе, өрімдей жас Ғазизаның қасіретті тағдыры, оның зұлым ниетті пиғыл ықпалымен жастайынан «жанып кетуі» – бізге әйел теңдігі мен бостандығына бұғалық салған өлара замандардан хабар береді. «Барша басынан кешірген жетімдікке, бейнетке, жалғыздыққа, қорлық-мазаққа түгелімен қарсылық ойлады. Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дуылдап басына бір-ақ шықты...» (Әуезов, 2014: 341).

Меніңше, шығарманың соңғы түйінінде кейіпкердің әкесі мен бауыры жатқан мола тұсында жан тәсілім етуі тегін емес. Автор Ғазизаға ғана емес, барша қазақ қыздарына айрықша қамқорлық танытылуы қажет екендігін, олардың бостандығы мен адами құқықтарына шек келтірілмеуі тиіс екендігін жасөспірім қыздың намыс жырына шеберлікпен сыйдыра білген. Оқиғаның басты кейіпкері Ғазиза – намысты кейіпкер. Тумысынан болмыс-бітімі еркін жан кіршіксіз тазалық әлемін лайламақ болғандардың ықпалынан намыстанып, ақыры өлім құшады. Оқиға желісінің дәл бұлай ширығып барып тынуы біздің есімізде дана Демокриттің «Намыс деген не? Намыс деген өз-өзіңнің ұялу, қыстығу» деген пікірін есімізге салады (Б.Б.Виц, 1979: 26). Егер Ғазиза көндігіп, қоғам келеңсіздіктеріне шоқ баспаса, көп нәзік жаратылыстының бірі болып қалары сөзсіз еді. Бұл жерде ескерер тағы бір мәселе, шығарма авторының қаламгерлік хроникасына үңілуімізді міндеттейді. Заңғар жазушының осы шығарманы жазған шақтарда ішкі жан дүниесінің алай–дүлей болғанын байқаймыз. Бұл бір жағынан, тұтас қазақ қыздарының сол кездегі хәлі Ғазизаның тағдырындай ту-талақай болды дегенді білдірмейді. Қазақ қашан да ана сыйлап, қызға құрмет көрсете білген халық. Осы кезеңдердегі қазақы классицизм туындыларының барлығында әйел бостандығы қайтпас қайсарлықтың, ар мен ұятты биік қойған парасаттың, өр намыс, асқақ көңілдің биігінен суреттелді.

Жалпы, қазақ әйелінің бостандығынан, ел мен жер тарихына қатысты маңызды шешім қабылдаудағы әлеуметтік салмағын, ер-азаматпен от пен суды қатар кешіп, қатар «ереуіл атқа ер салатын» азаматтық теңдігін танытатын шығармалар – әдебиетіміздегі тарихи-көркем романдар. Олардың қатарына жауынгерлік-жорықтық әскери демократиядан тұратын қазақ қоғамын суреттеген Ғабит Мүсірепов «Ұлпан», Мұхтар Мағауин «Аласапыран», Ілияс Есенберлин «Көшпенділер», Әбіш Кекілбаев «Елең-алаң», Софы Сматаев «Елім-ай», Бексұлтан Нұржекеев «Әй, дүние-ай» т.б. тарихи романдарын жатқызуға болады. Әдетте дала жарғысына сай ері өлгенде қағандық-болыстық билік әйелдінің қолына өтеді. Мұның біздің қоғамға жат емес екендігі тарихтан белгілі. Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпаны» өзі өмір

сүрген қоғамның көсегесін көгертуде Тұмар ханша мен Зарина патшайыммен өзара мүдделес. Оның бостандығы – оның даналығында жатыр. Бекзада болмыс пен әйел бостандығын Ұлпанша ұғар болсақ, біздің ескі қоғамның жалаң дискриминациядан ада болғандығына көз жеткіземіз. Шығармада басына билік тиген Ұлпанға жары: «Қырыққа келгенде біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың», – деген өсиет айтады (Мүсірепов, 2003: 156).

Ұлпанның шығармадағы бекзада бейнесін ерекшелейтін бірнеше белгілер бар. Олар:

– Шешімгерлігі (Есенейден қалған қалың жылқы кең жерді қарамағындағы ел-жұртқа бөліп беруі);

– Адамгершілігі (Жетім-жесірдің басынан сипап, бүтін жұртқа өз баласындай қарасуы);

– Жаңашылдығы (Монша, қыстақ үй салуға мұрындық болып, әлеуметтік өмір сапасын арттыруға атсалысуы);

– Саясаткерлігі (Патша өкіметінің отарлау саясатын халықтың мүддесіне жығып беруі);

– Қайраткерлігі (Өзінің қажыр-қайратымен, қабілет-қасиеттерімен қоғамның кертартпалығына қарамастан қайраткерлік тұғырына көтерілген тұлғалығы);

Ғабит Мүсірепов: «Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен жасасып, толыға түскен бейнелері болуы керек. Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі, т.б. (Мүсірепов, 1993: 469)», – дейді.

Ұлпан дипломатиялық қабілеттерімен көзге түскен реалистік образ. Оның болмысы – ескі салт-дәстүр мен қоғамда жүріп жатқан жаңа бетбұрыстардың қайшылығында шыңдалған прогресшіл, демократияшыл болмыс, бүгінгі гендерлік саясаттың ұлттық реформаға сай үлгісіне ие жиынтық бейне. Әйелдің бағасы еркектің рөлін атқарғанда емес, ең ақырына дейін әйел болып қалғанда артпақ. Танымал жазушы Ж.Ж.Руссо: Әйелге тән қасиеттерді ескермей, оның бойындағы еркекке тән қасиеттерді дәріптейтін болсақ, бұл біз үшін залал... (Ж.Ж.Руссо, 1961: 70)». Автор да шығармада бұл рөлді ерекше сомдай білген.

Қазақ қоғамындағы әйел болмысына ерекше маңыз беретін туындылардың бірі – «Аласапыран». Шығармадағы даналығы дүйім елге азық әз-Әже, Қадырғали бектің ақылды перзенті Ай-Шешек бегім, Абалақ сұлтанның болмысы ерекше қызы Ділшат бейнесі оқырман қауымға жақсы таныс. Роман-диологиядағы әйел кейіпкерлердің болмысы қазақтың біртуар перзенті Ораз-Мұхаммед мерей-мәртебесінің саясында ажарланып, ерекшеленіп отырады. Бұл жерде ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Ары, жаны, тәні таза әйел – ұлттың тазалығының кепілі. Анасы азбаған елдің қызы да тозбайды...» деген пікірінің шындыққа жанасатынына көзіміз жетеді (Жұртбай, 1977: 240).

Мәселен, сұлулығы, ақыл-парасат, халықшылдығы мен ұстамдылығы бір төбе Қадырғали бектің қызы Ай-шешек бегіммен тарихтың сан өткелегін бастан кешкен басты қаһарманның (Ораз-Мұхаммедтің) үнемі санасып, кеңесетінін байқаймыз. Оның садақ тартып, қорамсаққа қол салған қазақтың дәстүрін жетік білуі, жебе түрлерінің

жілігін шағып талдауы шынында таңдандырмай қоймайды. Сонымен қатар, автор романда аталған әйел кейіпкерлердің менмұндалаған қасиеттерін танытатын жүрдек суреткерлік, түйіп айтар шеберлік, ықшам әрі нақты суреттеу арқылы синтетикалық психологизм принциптеріне бас ұрады. Жинақтай айтсақ, «асыл әйел образын жасауда қаламгердің халық поэзиясындағы тамаша дәстүрді тереңінен меңгергені анық байқалады. Ежелден жұртымыз ақылы көркіне сай, ісі даналықпен үйлескен әйелдерді пір тұтып, ер адамдар асыл жардың бағасын түсірмеген» (Исакаев, 2015, 20).

Негізінен алғанда, ұлтымыздың кемел келешегіне көз жеткізіп, баянды болашағын қалыптастырамыз десек, жас ұрпаққа дәстүрлі құндылықтарымызды, отбасы институтының ережелерін барынша насихаттауымыз, дәріптеуіміз қажет. Ұлттық салт-санамыздың қалыптасуында дәстүрлі отбасылық құндылықтардың маңызы ерекше. Әсіресе, оның барлық тармағы мен сан-салалы тәлім-тағылымы көрінетін алаң – әдебиет. Әдебиеттегі әйел болмысын, аналарымыздың мейірімін, әжелеріміздің даналығын, келіндеріміздің әдептілігін т.с.с. оқып өскен ұрпақ та күнделікті өмірінде ұлттық ерекшелігімізді ойында сақтап, бойына сіңіріп өсетіні сөзсіз.

Қорытынды. Қыз тағдыры десек, қазақ әдебиетіндегі қай заманның да тыныстіршілігін сипаттайтын жер дауы мен жесір дауы, қыз айттыру мен қалың мал берудегі қайшылықтар, бақ-дәулетті мен жарлы-жақыбайдың күресі тәрізді құбылыстар көзімізге елестейді. Шынында да, қоғамдағы тағдыры теңсіздіктен құрыған әйел мәселесі барлық қаламгердің жүрегіне ауырлық түсірді. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Сәбит Дөнентаев секілді жазушылар әдебиеттегі әйел болмысын толыққанды ашып, олардың теңқұқылы тұлғалығын, әлеуметтегі орнын шегелеуге күш салды. Сәкен Жүнісов, Әлжаппар Әбішев, Ілияс Есенберлин секілді қаламгерлер әйел болмысын уақыт шындығына сай қиюластырып, олардың тағдыр-трагедиясын қыз теңдігі мен қыз бостандығы тұсынан қарастырды. Мұнымен қоса алғанда, көптеген шығармашыл тұлғалар қазақ әйелінің өнер мен білімге құштарлығын оятып, санасына серпіліс сыйлады.

Сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі шығармалардың денінде көнерген көзқарастар айыпталып, «әйелдің отбасы – ошақ қасынан тысқа шықты», бас бостандығы мен жан қалауына қол жеткізу үшін күрескер кейіпкерге айналды, қалың малдан қасірет шеккен қыздардың тағдыры да жанкештілікпен суреттелді. Кейбір аналарымыз махаббатын қадірлеп, бала-шағасының қамын жеген қамқор жан ретінде көрінді. Автор қаламының жүйріктігі де заман көшінен қалыс қалмай, үнемі адамзаттық құндылықтарға, махаббат пен сезімге, гуманизм мен теңдікке құрылды.

Искакулы Д.[1], Жакенбаева М.К[2]*
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
E–mail: danday_09@mail.ru, ba.01.01.98@mail.ru
ORCID: 0000-0001-9013-574X, 0000-0001-7364-5182

Отражение в национальной литературе женской действительности в казахском обществе

Аннотация. Статья посвящена изучению свободы и бытия женщин в казахском обществе через произведения национальной литературы. В рамках исследовательской работы были проанализированы

реалии ряда литературных персонажей, судьбы которых рассматривалась на стороне глубинного психологизма и гуманизма, этнической педагогики. В результате были отражены облики казахских женщин в разные эпохи, история достижения гендерных ценностей и свободы, достоинства и недостатки общенационального социума.

Во вступительной части статьи рассматривается национальная литература, имена «мать», «женщина» и мысли казахских писателей, классиков мировой литературы о матери, её образ в нашей оригинальной творческой наследии. Эпические произведения классифицируются по категории анализа, анализа того, насколько близок или далёк реальность казахской общественной жизни от женских образов, формируется галерея матерей, бабушек и красавиц в порядке развития литературной хроники. В результате автор углубляется в ряд вопросов, акцентируя внимание на тему женской свободы в произведениях конца девятнадцатого и начала двадцатых веков, анализирует вопросы, начиная от социального неравенства в казахстанском обществе и напряженности внутри общечеловеческих ценностей.

Богатые литературными и художественными жемчужинами исторические романы об образе женщины рассматриваются как особый объект изучения, наряду с качествами совести, чести и свободы, которые имеют первостепенное значение в жизни нашего народа со времен Казахского ханство. Например, «Улпан» Габита Мусрепова, «Аласапыран» Мухтара Магауина, «Кочевники» Ильяса Есенберлина, «Елен-алан» Абиша Кекилбаева, «Елим-ай» Софи Сматаева, «Ай-дуние» Бексултана Нуржекеева. Безусловно, наши мамы сыграли важнейшую роль в истории казахского военно–демократического общества. Образ Улпан ана и Ай-Шешек бегим использовался в образовательных целях и изучался в соответствии с новыми взглядами молодого исследователя в эпоху глобализации.

Кроме того, использованный в исследовательской работе исторический метод, методы сравнения и изучения, анализа с использованием принципов синтетического психологизма были направлены на познание природы героев произведения, раскрытие главных проблем той эпохи. Обращая внимание на литературные произведения, была выявлена важная роль казахских женщин в сохранении семейных ценностей и этнопедагогике, большая деятельность в сохранении национальных ценностей, вклад реалистических образов в повышение качества социальной жизни.

Ключевые слова: литература, национальные ценности, институт семьи, дискриминация, реалистический образ, социум и характер.

Yskakuly D.[1], Zhakenbayeva M.K.[2]*
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
E–mail: danday_09@mail.ru, ba.01.01.98@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-9013-574X, 0000-0001-7364-5182

Reflection in the national literature of women's Reality in the kazakh society

Annotation. The article is devoted to the study of the freedom and existence of women in Kazakh society through the works of national literature. Within the framework of the research work, the realities of a number of literary characters were analyzed, the fate of which was considered on the side of deep psychologism and humanism, ethnic pedagogy. As a result, the images of Kazakh women in different eras, the history of achieving gender values and freedom, the advantages and disadvantages of the national society were reflected.

The introductory part of the article examines the national literature, the names «mother», «woman» and the thoughts of Kazakh writers, classics of world literature about the mother, her image in our original creative heritage. Epic works are classified according to the category of analysis, analysis of how close or far the reality of Kazakh public life is from female images, a gallery of mothers, grandmothers and beauties is formed in the order of development of the literary chronicle. As a result, the author delves into a number of issues, focusing on the theme of women's freedom in the works of the late nineteenth and early twentieth centuries, analyzes issues ranging from social inequality in Kazakh society and tension within universal values.

Rich in literary and artistic gems, historical novels about the image of a woman are considered as a special object of study, along with the qualities of conscience, honor and freedom, which have been of paramount importance in the life of our people since the time of the Kazakh Khanate. For example, «Ulpan» by Gabit Musrepov, «Alasapyran» by Mukhtar Magauin, «Nomads» by Ilyas Yesenberlin, «Elen-alan» by Abish

Kekilbayev, «Elim-ai» by Sofi Smatayev, «Ai–dunie» by Beksultan Nurzhekeev. Of course, our mothers played an important role in the history of the Kazakh military-democratic society. The image of Ulpan an and Ai-Sheshek begim was used for educational purposes and studied in accordance with the new views of the young researcher in the era of globalization.

In addition, the historical method used in the research work, methods of comparison and study, analysis using the principles of synthetic psychologism were aimed at understanding the nature of the heroes of the work, revealing the main problems of that era. Paying attention to literary works, the important role of Kazakh women in preserving family values and ethnopedagogy, great activity in preserving national values, the contribution of realistic images to improving the quality of social life was revealed.

Keywords: literature, national values, family institution, discrimination, realistic image, society and character.

Информация об авторах:

Искакулы Дандай, *доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E–mail: danday_09@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-9013-574X.*

Жакенбаева Мадина Қайратовна, *магистрант, Казахский национальный университет имени аль–Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: ba.01.01.98@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7364-5182*

Әдебиет:

Айбергенов Т. Бір тойым бар: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1989. – 225 б.

Aspers P. and Kohl S. Heidegger and socio-ontology: A sociological reading. Journal of Classical Sociology, 2013. – 13(4):– p. 508.

Әуезов М. О. Шығармалар жинағы: повестер, әңгімелер. – Алматы: Өлке, 2012. – 382 б.

Әуезов М. Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьессалар. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. Т.2. – 480 б.

Виц Б.Б. Демокрит: монография/ Б. Б. Виц. – Москва: Мысль, 1979. – 212 б.

Дулатұлы М. Бақытсыз Жамал. Өлеңдер. Әңгімелер. Мақалалар. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2013. – 287 б.

Лихачев Д.С. Письма о добром. – Москва: Наука; СПб.: Logos, 2006. – 315 с.

Dickens C. Little Dorrit. Boston: Ticknor and Fields, (Original work published 1855–1857). 1868. – 235 p.

Жұртбай Т. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.

Исакаев Ж.Ж. Аласапыран романындағы тарихи тұлғалардың көркем бейнелену амалдары/ URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/27722/

Мағауин М. Алдаспан*:* көне қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 312 б.

Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы: Атамұра, 2003. – 259 б.

Мүсірепов Ғ.Тұтқын қыз: Повестер және ой–толғамдар. Дайындаған Ә. Нарымбетов. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 б.

Руссо Ж. Ж. Эмиль, или О воспитании / Ж. Ж. Руссо // Избранные сочинения: в 3 т. – М., 1961. – Т.1. Книга V. София, или Женщина. – 850 с.

Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.

Литература:

Айбергенов Т. Бир тойым бар: Стихи и поэма. – Алматы: Писатель, 1989. – 225 с.

Асперс П. и Коль С. Хайдеггер и социо–онтология: Социологическое чтение. Журнал классической социологии, 2013. 13 (4). – 508 с.

Ауэзов М.О. Собрание сочинений: повести, рассказы. – Алматы: Изд–во Край, 2012. – 382 С.

Ауэзов М. Статьи, рассказы, переводы, пьесы. – Алматы: Эра, Шелковый путь, 2014. – Т.2. – 480 с.

Виц Б.Б. Демокрит: Монография / Б. Б. Виц. – Москва: Мысль, 1979. – 212 с.

Дулатов М. Несчастный Джамал. Стихи. Рассказы. Статьи. Собрание сочинений. – Алматы: Край, 2013. – 287 с.

Лихачев Д.С. Письмо о добром. – Москва: Наука, СПб.: Logos, 2006. – 315 с.

Диккенс К. Крошка Доррит. Бостон: Тикнор и Филдс. (Оригинальная работа, опубликованная в 1855–1857 гг.). 1868. – 235 с.

Журтбай Т. Современник. – Алматы, Писатель. 1977. – 300 с.

Исакаев Ж.Ж. Приемы художественного изображения исторических личностей в романе «Аласапыран» / URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/27722/

Магауин М. Алдаспан: антология древней казахской поэзии. – Алматы: Атамура, 2006. – 312 с.

Мусрепов Г. Улпан. – Алматы: Атамура, 2003. – 259 с.

Мусрепов Г. Пленница: повести и рассказы. Подготовил А. Нарымбетов. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 с.

Руссо Ж.Ж. Эмиль, или о воспитании / Ж.Ж. Руссо // Избранные сочинения: в 3 Т. – М., 1961. – Т.1. Книга V. София, или Женщина. – 850 с.

Кабдолов З. Основные теории литературы: учебное пособие. – Алматы: Школа, 1970. – 380 с.

References:

Aibergenov T. (1989). Bir toyim bar: Olender men poem. [There is one wedding: poems and poems] – Almaty: Zhazushy, 225 b. (in Kaz)

Aspers P. and Kohl S. (2013). Heidegger and socio–ontology: A sociological reading. Journal of Classical Sociology, – 13(4): 508 b. (in Eng)

Auezov M.O. (2012) Shygarmalar zhinagy: povester, angimeler. [Collection of works: short stories] – Almaty: Olke, 382 b. (in Kaz)

Auezov M. (2014). Makalalar, Angimeler, Audarmalar, Playsalar. [Articles, stories, translations, plays]. – Almaty: Dauir, Zhibek Zholy, V.2. 480 b. (in Kaz)

Vitz B.B. (1979) Democritus: monograph / B.B. Vitz. – Moscow: Thought, 212 p. (in Russ)

Dulatuly M. (2013) Bakytsyz Zhamal. Olender. Angimeler. Makalalar. Shygarmalar zhinagy. – Almaty: Olke, 287 b. (in Kaz)

Likhachev D.S. (2006) Good Letters. – Moscow: Science; St. Petersburg: Logos, 315 p. (in Russ)

Dickens C. (1868) Little Dorrit. Boston: Ticknor and Fields, (Original work published 1855–1857). 235 p. (in Eng)

Zhurtbai T. (1977) Zamandas parasati. [Contemporary wisdom] – Almaty: Zhazushi, 300 b. (in Kaz)

Isakaev Zh.Zh. Alasapyran romanyndagy tarihi tulgalardyn korkem beinelen amaldary [Methods of artistic depiction of historical figures in the novel Alasapyran] / URL: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/27722/(in Kaz)

Magauin M. (2006) Aldaspan: köne kazak poetry of the synnyn anthology. [Aldaspan: an anthology of ancient Kazakh poetry] – Almaty: Atamura, 312 b. (in Kaz)

Musirepov G. (2003) Ulpan. – Almaty: Atamura, 259 b. (in Kaz)

Musirepov G. (1993) Tytkyn kiz: Narratio de zhane oy–tolgamdar. Dayindagan A.Narymbetov. – Almaty: Balausa, 512 b. (in Kaz)

Russo J.J. (1961) Emil ili o vospitanii. [Emil, or On Education]– M., – T.1. Kniga V. Sofiya, ili Zhenshchina. 850 s. (in Russ)

Kabdolov Z. (1970) Adebiet theoria synnyn negizderi: [Basics of literary theory] Oku kuraly. – Almaty: Mektep, 380 b. (in Kaz)

ҒТАМР 17.71.01 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-04

Пірәлі Г.Ж.*[*1], Құрманбаева А.П.[2]
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан
E–mail: piralieva58@mail.ru, aizhankurmanbai@gmail.com
ORCID: 0000-0003-2645-0918, 0000-0002-2870-4769

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақалада ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің атақты «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақынның орыс достары туралы тарихи деректердің әдеби айналымға түсіп көркемдік шындыққа негіз болу мәселелері қарастырылған.

Қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет ғылыми айналымға енген Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың орыс достары туралы тарихи деректер мен мұрағаттық материалдардың көрнекті тарихшы, әдебиетші ғалым Ләйла Мұхтарқызының «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі салыстырмалы әдістеріне ғылыми теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Л.Әуезованың монографиясындағы архивтік құжаттар мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы ақынның орыс достары туралы әдеби фактілер өзара салыстырылып, тарихи негізде айқындалды. Абайдың орыс тіліне жетіктігі мен Европа мәдениетін меңгеруіне Семейдегі саяси жер аударылғандар орыс достарының ықпалы зор болғандығы, әлемдік рухани кеңістіктегі тарих, философия, т.б. жөніндегі озық еңбектер, орыс және батыс европа әдебиеттері, мерзімді баспасөздер өнімдері жиналған Семейдегі кітапханасы екендігі романдағы көркем мәтін сілтемелері арқылы талданды. Абайдың жақын досы Евгений Петрович Михаэлистің статистика комитетінің бірінші секретары болған жылдары халық арасындағы ұлттық құндылықтарды, көне жәдігерлерді жинақтау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, бұл ұжымды қаладағы тұңғыш ғылыми мекемеге айналдыру жолындағы жанкешті іздестіру жұмыстары бүгінгі жаңаша көзқарас тұрғысынан сараланып, интерпретация жасалды. Е.П.Михаэлис жинаған экспонаттар негізінде 1883 жылы музей ашылуы да қазақ өміріне енген үлкен мәдени құбылыс болғаны және Семей қаласындағы статистика комитеті осы саяси жер аударылғандардың көмегімен өлкенің мәдени өмірін, географиясын, тарихы мен экономикасын, этнографиясын зерттеу жұмыстарын жүргізгені, олардың жергілікті халықтың рухани оянуына түрткі болғаны жөніндегі тарихи деректерге ғылыми талдаулар жасалды.

XIX ғасырдың 70-80 жылдары тарих сахнасына шыққан орыстың революционер, зиялыларының өкілдерінің Семей қаласына шоғырлануы, олардың көбінің Абаймен көңілі жарасып, тіл табысуы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы көркем шындық пен Ләйла Мұхтарқызының «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі тарихи деректер өзара салыстырылып, ғылыми тұрғыдан түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Олар орыс халқының тағдырындағы трагедияның өзге ұлттың бәріне де бар ортақ қасірет екендігін Абай сынды көзі ашық, көкірегі ояу ойлы жандарға, өзге ұлт өкілдеріне ұғындыруға ұмтылған ой-пікірлері герменевтикалық талдау әдістерімен түсіндірілді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды көздеген ақыл–ойдың озғындары саналған Пушкин, Лермонтов, Л.Толстой, Салтыков–Щедрин, Достоевский, Н.Чернышевский, т.б сынды тұлғалардың туындыларымен таныстырып, көзін ашқан орыс достарының есімдері М.Әуезовтің ақын өміріне қатысты әрбір ғылыми зерттеу еңбектері мен «Абай жолы» романында жиі кездесіп, тарихи шындықтар көркем шындықты толықтырып, тұтастандырылып отырылуы кейіпкерлердің сөйлеу, ойлау, түсіну сынды психофизиологиялық қасиеттеріне байланысты бейнеленуі әдебиеттану ғылымының шарттары мен талаптарына сай тұрғыда талданады. Қалай болғанда да көркем шығармадағы ақынның орыс достарының бейнелері Л.М.Әуезованың және көрнекті зерттеуші, әдебиеттанушы ғалым Мұхтар

Әуезовтің өзінің де абайтануға қатысты ғылыми теориялық еңбектеріндегі тарихи деректердің тығыз байланыстылығы, дәлме-дәл келетіндігі осы талдау барысында толығымен дәлелденді.

Кілт сөздер: тарихи дерек, көркемдік шындық, мұрағаттық материалдар, архивтік ақиқаттар, роман-эпопея.

Кіріспе. Кеңестік кезеңде Мұхтар Әуезовті Абайдың орыс достары жөніндегі тарихи деректердің тапшылығы қатты алаңдатқаны белгілі. Себебі ол кездегі саяси ахуалға орай бүкіл архивтер толығымен ашылмай, жан-жақты ізденіске мүмкіндік бермеген еді. Жазушының өз кезеңінде бұл тақырып көп толғандырғанымен қолы қысқа, жолы жабық, мұрағаттар мығым болғаны мәлім. Тек тәуелсіздік алған соңғы жылдары ғана рухани кеңістігіміз кеңіп, әлемнің түрлі мұрағаттарында шаңы қағылмай іздері жоқ болып жатқан көне жәдігерлерімізге, беймәлім мұраларымызға, назардан қалыс қалған құнды құжаттарымызға қол жеткізуге мүмкіндіктер туа бастады. Руханиятымыздағы олқы түскен осы тұстарымыздың бірі ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қатпары қалың, құндылығы жоғары орыс достарына қатысты құжаттар, тарихи деректер көзі екені кәміл. Абайдың өмірбаянын өзінің бүкіл саналы ғұмырында тереңдей зерттеп, толықтырып жазу жұмысына жанкештілікпен, асқан жанашырлықпен белсенді түрде атсалысса да ақтаңдақтардан арыла алмаған М.Әуезов әрбір жазған өмірбаян нұсқаларында да, мақала зерттеулерінде де бұл тақырыптың әлі жетер өрісіне жетіп, аяқталмағанын ескертуден жалықпаған. Ақын шығармаларының әрбір толық басылымының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосылып отырса да оны толықтырар тарихи деректер әлі де мол екендігін, әсіресе орыс тілінде сақталған деректердің назардан тыс қалып келе жатқанын зерттеушілердің есіне салуды да ұмытпаған. Айталық, «Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945)» деген еңбегінде: «...Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының: Михаэлс, Долгополов, Гросстардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық», – деп өкініш білдіру соның нақты дәлелі (Әуезов, 2007: 210). Және осы мақаласында тек орыс достары ғана емес ақынның өмірінде, ел билеу қызметінде қоян–қолтық араласқан орыс патшалығының ресми өкілдері, олардың Абай жөніндегі түрлі мәселе кезіндегі кеңселік құжаттары, тіпті жеке жазбаларындағы ойлары мен пікірлерінің де абайтануда атқарар рөлі зор екендігін ескертуі де осы еңбегінде айтылған: «... Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе, оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен көп жаңалық табуға болар еді» (Әуезов, 2007: 210).

Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану саласының тұсауын кескен ғұлама ғалым, көрнекті зерттеуші Мұхтар Әуезовтің көкейіндегі арман бүгінгі күнде жүзеге асты ма деген сауал бүгінгі оқырманды да қатты толғандырады. Осы орайда ақын өмірі мен өнеріне оң өзгеріс әкелген орыс достары жөніндегі жаңа деректерді іздеп, М.Әуезовтің осы тәуелсіздік жылдары жарияланған елу томдық толық жинағындағы зерттеулерге, ондағы пікірлерге тоқталуды мақұл көрдік. Себебі осы көп томдықта жарияланып, ғылыми айналымға енген тың тарихи деректер, Абайдың орыс до-

старына қатысты бұрындары беймәлім болып келген архивтік құжаттар, бүгінгі біздің талдауымызға негіз болып отырған еңбектер қазақ әдебиеттануы үшін тың мәліметтер болып табылады.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы көркемдік шындық пен ақын өмірбаянындағы тарихи ақиқаттар М.Әуезовтің биограф ретінде де, абайтанушы ретінде де, жеке шығармашылық тұлға туралы тұңғыш тарихи туынды тудырған талантты суреткер ретіндегі бүкіл әдеби, ғылыми, көркем мұраларындағы ақиқаттан айнымайтын, тарихтан аттамайтын, архивтік құжаттарға негізделгенін айғақтайды. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезовтің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904) Өмірі мен творчествосы» деген ірі монографиялық еңбегінде: «...Міне, осы адамдармен Абайдың байланысы күшейіп, ол байланысы үлкен достыққа айналады. Олар жаз уақытында Абай аулына келіп, қонақта болады, қыс кезінде онымен үнемі хат жазысып, байланыс жасап тұрады. Абайдың орыс достары оның өздігінен оқуына шын көңілдерінен сүйсініп жәрдемдеседі, оған керекті кітаптарды іріктеп алып, сұраған мәселелеріне жауап беріп тұрады», – деген (Әуезов, 2007: 107). Зерттеушінің бұл пікірі қазақтың ұлы ақыны, үлкен ойшыл Абайдың өз ортасынан озып, рухани кеңістігіне жаңа өріс ашар арнаның ашылғандығын аңдатады.

Материалдар мен әдістері. Зерттеу жұмысының материалы ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Л.М.Әуезованың «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген монографиялық еңбегі негізге алынды. Зерттеу жұмысында салыстырмалы-салғастырмалы, жүйелі-кешенді және әдеби-тарихи саралау сияқты ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Сондай-ақ зерттеудің теориялық негізі ретінде Мұхтар Әуезовтің осы тақырып төңірегіндегі әдеби-ғылыми, сын-зерттеу жұмыстары мен Л.Әуезованың еңбектері басшылыққа алынды. Айталық, қазақтың ақыл-ойшылы, ұлы кемеңгері Абайдың 100 жылдығына дайындық кезінде жазылған «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны» деген мақаласында Мұхтар Әуезов орыс халқының шын адал және ұлы өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс ету айдаудағы революцияшыл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болғандығын, бұлардың арасында Абайға алдымен әсер еткен кісі Михаэлис екендігін, Абай кейінгі уақыттарда: «Дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис», – деп, өмір бойы алғыс айтып өткендігін тарихи дерек ретінде ерекше атап өтеді (Әуезов, 2007: 50).

Ол жөнінде кеңінен ақпарат бере келіп, Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат (жердің жаратылысы) ғылымы болса да дүние танымы кең, жан-жақты білімді болғандықтан Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен бағыт бергенін, бұрындары қолына түскеннің бәрін талғаусыз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынуы бойынша, үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әлеумет жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болғандығы жөніндегі дерек те осы еңбекте егжей-тегжейлі баяндалған.

Осы орыс достарының ақыл-кеңесінің нәтижесінде қыр қазағы Абайдың 1884-1885 жылдары дүниеден көп мағлұматы бар кісі болып, дүниетанудың әр саласы

бойынша ғылым мен философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастағанын айта кеп: «...Абай, айтуынша, отыздың ішінен бастап, Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта «бұрынғы дүниенің астыүстіне шығып өзгеріп, Күншығысым Күнбатыс, Күнбатысым Күншығыс болып кетті» дейді (Әуезов, 2007: 50). Ол енді бұрынғы күнге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған ақынның азғана уақытта қаншалықты рухани дамып, ой–өрісі өскендігі нақты тарихи деректер негізінде өзгергенін ғылыми тұрғыдан талдап, түсіндіреді. Осы орыс достарының дәнекер болуымен дүние жүзінің данышпандарынан дәріс алып, ғұламаларынан ғибрат, өнерлілерінен өнеге алғандығын айтып, ақынның өміріне ғана емес бүкіл дүниетанымына, ой өрісіне орасан зор оң өзгеріс енгендігіне: «...Бірақ Абай өзінің ісінде болсын, өлең–жырларында болсын өзі шыққан таптың сөзін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап намысын жоқтамайды, халық намысын жоқтайды: атаның ұлы болмайды, адамның ұлы болады», – деп кәсіби маман ретінде жоғары баға да береді (Әуезов, 2007: 51).

Ел мұқтажын әділеттілікпен шешуді көздеп өз ықтиярынан тыс би-болыс болуға, Семей қаласының үйез, жандарал, судьялар сияқты төре, ұлықтарымен араласуға мәжбүр болған Абай енді көзі ашық, көкірегі ояу орыс достар тауып, жалпы адамзаттық құндылықтар, өнер, білім, мәдениеттің қайнарынан сусындап, түсінік танымын түбірінен тың арнаға бұрғаны белгілі.

Ақын өмірі мен ой-өрісіндегі осы өзгеріс жөнінде «Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933) Абайдың туысы мен өмірі» деген еңбегінде: «...Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Шедрин, Достоевский сыншылардан: Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев; Еуропа ақындарынан Гете сияқты фәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерінен: Спенсер, Луис, Дарвин; тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Әрине бұл аталған жазушылардың бәрін бірдей Абай бірер–ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Соңғыларының көбін бері келіп, ұлғайып, кәрілікке айналған кезінде ғана қолына түсіруі мүмкін», – деп, сол кезеңге дейін беймәлім болып келген ақын кітапханасынан да ақпарат береді (Әуезов, 2002: 82).

Сондай-ақ мақаланы жазуға ғалым-әдебиеттанушы Жанғара Дәдебаевтың «Жазушы еңбегі» атты зерттеу кітабында айтылған «Абай жолы» эпопеясына нақты арқау болған тарихи, әдеби, этнографиялық деректері де өз септігін тигізді (Дәдебаев, 2001). Аталған ғалымның бұдан бөлек «Мұхтар Әуезов (Сенің сүйікті жазушың)» деген еңбегіндегі Әуезовтің шығармашылық лабораториясы мен жазушы шеберлігінің қыр-сыры, романның құпия тұстарына қатысты деректері де бағыт-бағдар бола алды (Дәдебаев, 1991). Бұл еңбектерінде ғалым «...М. Әуезовтің қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет шығармашылық тұлға туралы тарихи кең көлемді туынды жазуын ұлттық сөз өнеріндегі үлкен көркемдік құбылыс екендігін, мұнда жазушы суреткерлігі мен ғалымдығының ерекше үйлесім тауып, үлкен шығармашылық рөл атқарғанын атап көрсетеді» (Пірәлі, 2018: 206).

Зерттеу нәтижесі. Барлық кезеңде өнер адамзаттың дүниетанымының дамуы мен тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарды (Исмакова, Пірәлі, Бегманова,

Таңжарықова, Ойсылбай, 2019: 600). Әсіресе, сөз өнері – әдебиеттің адамның рухани кемелденіп, білім көкжиегінің кеңейе түсуде ықпалы зор болды.

Қазақ сөз өнеріндегі ең шоқтығы биік шығарма саналатын М.Әуезовтің «Абай жолы» романы осы жанрдың барлық талабына сәйкес келетін, әлем әдебиетінен ойып орын алатын шығармалардың бірі. Бұл роман жарық көрген сәтінен бастап әдебиеттанушы-ғалымдар әртүрлі қырынан зерттеп, зерделеді десек те, бүгінгі заман көкжиегінен қарағанда М.Әуезовтің тырнақалды туындысын тағы да еңшеп, зерттей түсудің маңызы руханият үшін зор болып тұр.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мен көрнекті тарихшы, әдебиетші ғалым Ләйла Мұхтарқызының ««М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі тарихи деректер мен әдеби фактілер негізінде осы мақалада Абайдың Европа мәдениетін меңгеруіне Семейдегі саяси жер аударылғандар орыс достарының ықпалы зор болғандығы, соның нәтижесінде әлемдік рухани кеңістіктегі тарих, философия, т.б жөніндегі озық еңбектер, орыс және батыс европа әдебиеттері, мерзімді баспасөздер өнімдерімен таныстығы жөніндегі ғылыми ақпарат та романдағы көркемдік шындық та салыстырмалы-салғастырмалы, әдеби–тарихи саралау әдістері арқылы толық дәлелденіп, айқындалды. Бұрындары арнайы қалам тартылып, пікір айтылмаған соңғы жылдары жазушының елу томдық толық шығармалар жинағы негізінде жарияланған Мұхтар Әуезовтің еңбектері негізінде Абайдың орыс достарының тарихи деректері, ол туралы айтылған тың пікірлер, өзекті мәселелер қарастырылды. Жазушының «Абай жолындағы» кейіпкерлер мен прототиптері арасындағы байланыстар, суреткерлік шеберлік шеберханасы арнайы сөз болды. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Ләйла Мұхтарқызының «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі екі нұсқа мәтіндеріндегі тарихи шындықтар, олардың көркем шығармадағы өсу, өзгеру жолдарына ғылыми теориялық тұрғыдан талдау жасалды.

Талқылануы. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абайдың орыс достарының тағдыры мен тарихы, көркем шығармадағы шынайы бейнелерінің өмірмен өзектесіп, өріліп жатқандығын Ләйла Мұхтарқызының «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген зерттеуіндегі архивтік құжаттар толық талдап, дәлелдеп, ғылыми айналымға енгізгені осы еңбек негізінде талқыланды, талданды. Және осы тәуелсіздік тұсындағы архивтердің есігі ашылып, көне жәдігерлерге, мұрағаттық материалдарға еркін ене бастаған тұста Абайдың орыс достары туралы, олардың қазақ ақынын еткен рухани әсері, жалпы ұлт құндылықтарына қосқан үлестері жөнінде қандай жаңалықтар ашылып, қандай тың мәліметтер табылды деген өзекті мәселе де қозғалды. Осы мақсатта ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізіліп, бірнеше жаңа еңбектер айналымға енді. Соңғы жылдары табылған жәдігерлер мен, олар туралы абайтанушы, мұхтартанушы, жалпы ізденімпаз ғалымдардың, әдебиетшілердің түрлі жанрдағы жазған еңбектері біздің талқылауымызға түсіп, кәсіби талдаудан өтті.

М.Әуезовтің көптен көксеген бір көкейкесті мәселесі, арман тұтқан мұраты – осы орыс достарының табылмай жүрген жәдігерлерінің бірін ұлы ұстаздың шәкірті, көрнекті әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедхановтың анықтауы дер едік. Ол құнды мәлімет, тың дерек Н.Долгополов арқылы Абай өткізген музей коллекцияларының

тізіміне тиісті документ болып табылады. Бұл факті жөнінде журналист, қаламгер, абайтанушы Болат Жүнісбековтің «Абай мұрасының бас шырақшысы» деген мақаласында: «...1885 жылы Н.И.Долгополов арқылы Семейдегі өлкетану музейіне тапсырған заттар (жалпы саны – 17, олар-кебеже, саба, сүйретпе, жезмойнақты торсық, піспек, табақ, шыныаяққап, әшекейлі құтылар, бесік, ұршық, тоғыз құмалақ, қарау – жарақтар-айбалта, найза, шоқпар), ұста саймандары – (көрік, тас, қысқаш) музыка аспаптары – (қобыз, сыбызғы, асатаяқ, домбыра) болатын. Абай тапсырған заттардың ішінде қазақ ауылында сүттен даярланатын тағам түрлері, тіпті қара сабынға шейін болған. Бұлардың бәрі қазақ халқының этнографиялық болмыс-бейнесін көрсетуді мақсат етіп, ғылыми тұрғыда жүйелі түрде жинақталған экспонанттар еді. Алайда Қайым Абай мен Долгополов тапсырған заттарды арнайы өлкетану музейінің экспозициясынан, қоймасынан іздегенде «ақын тапсырған заттардың 23-і ғана табылған, кейбірі күтімсіздіктен тозған», – деп ренжіген (1963 жыл, 8–ші қыркүйектегі «Ертіс» (қазіргі «Семей таңы») газетіндегі мақаласында). Қайымның тікелей араласуымен 1964 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай тапсырған заттардың 17-і ақынның музейіне қайтарылады. Қазіргі күні бұл жәдігерлер Абай музейінің баға жетпес асылдары қатарында Семейдегі Бас мұражай және Жидебайдағы ақынның мұражай–үйі экспозиция залдарында көрермендер көзайымына айналып отыр. Ал оның біреуін – Абайдың құтысын Астанадағы Ұлттық музейдің төрінен көре аласыздар», – деп жан-жақты ақпарат берілген (Жүнісбеков, 2020: 230).

Аңдатпа. Мақалада XY ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өрістеп-өркендеуіне айрықша ықпал еткені, қазақ халқы мен мемлекеті Алтын Орда заманынан бері жалғасып келе жатқан бабалардан қалған мұраларды сақтап қана емес, оны байытып, жаңғырта дамытуға күш салғаны; Алтын Орда ыдырағаннан кейін, дербес мемлекет құрған қазақ халқының төл мәдениеті өркен жая бастағаны, қазақ халқының дербес әдебиеті қалыптасқаны, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін ең басты мәселе жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болғандығы, ол үшін барлық ру мен тайпаларды бір орталыққа біріктіріп, ішкі алауыздықты жоя алатын әрі сыртқы дұшпандарға тойтарыс беріп, елі үшін аянбай еңбек ететін ақылды да айбарлы әмірші керек екендігін түсініп, сол идеяны дәріптегені, сол идеяны үгіттеуге ерекше күш салған қайраткерлердің ішінде жыраулар мен шешендер ең басты рөл атқарғандығы, олардың өздерінің құдіретті сөзімен, үлгілі ісімен бұл іске орасан еңбек сіңіргендігі айтылады. Сол сияқты жыраулық поэзияның өкілдері: Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет. Ақтамберді, Жиембет, Бұқар т.б. жыраулардың шығармашылығына шолу жасалды.

Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің АР 08855749 «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері гранттық жоба аясында дайындалды.

Тірек сөздер: жырау, толғау, мәтін, қолжазба, аңыз, шолу, жыр, рөл, мемлекет, қайраткер

Алпысбаева К.Б.
Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан
E-mail: alpysbaeva-k@mail.ru
ORCID: 0000-0001-8240-732X

Место жырауской поэзии в литературе

Аннотация. В статье повествуется о том, как созданное в середине XV века Казахское ханство оказывало исключительное влияние на развитие национальной культуры и литературы, прилагало усилие не только на

сохранение наследий, доставшихся от своих предков, но и на обогащение, возрождение и развитие культуры казахского народа и казахского государства, сохранив преемственность, продолжающуюся со времён Золотой Орды; о том, как после распада Золотой Орды самобытная культура казахского народа, создавшего самостоятельное государство, начала процветать, у казахского народа сформировалась самобытная литература; о том, что перед создавшим свое государство казахским народом стояла архиважнейшая задача – укрепить и защищать только что созданное государство, для этого консолидировать все племена и роды в единый центр, осознавая, что для того, чтобы ликвидировать внутренние разногласия и дать отпор внешним врагам нужен мудрый и авторитетный правитель, который не покладая рук готов трудиться во благо страны; о том, что среди особо отличившихся деятелей, разделяющих эту идею, внесших огромный вклад в дело пропаганды данной идеи, главнейшую роль играли сказители и ораторы, а также какую громаднейшую лепту внесли эти люди своими мощнейшими речами, образцовым поведением в это дело. А также сделан обзор на творчество представителей поэзии жырау, таких сказителей, как Асанкайгы, Казтуган, Шалкииз, Доспамбет, Актамберды, Жиембет, Бухар и т.д.

Статья подготовлена в рамках грантового проекта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан AP 08855749 «Казахская текстология: проблемы идентификации (атрибуции) основного текста и автора».

Ключевые слова: жырау, толғау, текст, рукопись, легенда, обзор, эпос, роль, государство, деятель

Информация об авторе:

Алпысбаева Карашаш, *ведущий научный соотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, кандидат филологических наук E-mail: alpysbaeva–k@mail.ru, ORCID: 0000–0001–8240–732X, Scopus ID 57203548838.*

References:

Abai Encyclopedia. (1995). – Almaty: Atamura, 719 p.

Aldaspan. (1971). – Almaty: Zhazushy, 243 p.

Psalms if five centuries (1989). // Compiled by Magauin M. – Almaty: Zhazushy, 382 p.

Valikhanov Ch. Ch. (1904). A composition. SPB., 531 p.

Dautov (2004). // Kazakhstan. National eecyclopedia. Volume 6. – Almaty: Kazakh encyclopediasy, 694 p.

Zharmukhamedov M. (2008). Bukhar zhyrau / / History of Kazakh literature. Volume 3. – Almaty: Kazaqparat, 534 p.

History of Kazakh literature. Volume 3 (2008). – Almaty: Vol.3. Kazaqparat, 534 p.

Kaskabasov S. (2008). Literature of the Kazakh Khanate era // History of Kazakh literature. Volume 3. – Almaty. Kazaqparat, 534 p.

Magauin M. (1992). Literature of the Kazakh Khanate era (XV–XVIII centuries) – Almaty: Ana tili, 175 p.

Margulan A. (1959). About the creators of the ancient poetic heritage of Kazakh people // To the 60th anniversary of M.O. Auezov. – Almaty: Gylym, 210 p.

Psalms of ten centuries (2006.) – Almaty: Dauir, 378 p.

Omiraliyev K. (1983). Genre and style of Kazakh poetry. – Almaty: Gylym, 216 p.

Seifullin S. (1964). Works (compoitions). – Almaty, 1964; Magauin M. (1991) Relief of centuries. – Almaty; Derbisalin A. (1990). Reflections on literature. – Almaty; Suyunshaliyev H. (1992). Kazakh literature of the XV–XVIII centuries. – Almaty; Tlepov Zh. (1995). Psalms by men moaning about the country. – Almaty; Korabay S. (2008). History of Kazakh literature. Volume 3. – Almaty, Kazaqparat.

The historical figures. (2009). Educational mass publication. Author: Togysbayev B., Suzhikova A. – Almaty: Almatykitap, 320 p.

Dictionary of folklore terms. (2020). – Almaty: Brand Book. – 271 p.

Әдебиет:

Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 719 б.

Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 243 б.

Бес ғасыр жырлайды // Құрастырған – Мағауин М. – Алматы: Жазушы, 1989. – 382 б.

Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб., 1904. – 531 б.

Дәуітов С. // Қазақстан. Ұлттық эециклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – Т.6. 694 б.

Жармұхамедов М. Бұқар жырау // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 534 б.

Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Т.3. – 534 б.

Қасқабасов С. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 534 б.

Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XY–XYШ ғ.) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 175 б.

Марғұлан Ә. Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы // М.О.Әуезовтың 60 жылдығына. – Алматы: Ғылым, 1959. – 210 б.

Он ғасыр жырлайды. – Алматы: Дәуір, 2006. – 378 б.

Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 216 б.

Сейфуллин С. Шығармалар. – алматы, 1964; Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991; Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы,1990; Сүйіншәлиев XY–XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы, 1992; Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995; Қорабай С. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3–том. –Алматы ҚазАқпарат, 2008. – 534 б.

Тарихи тұлғалар. Танымдық–көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009. – 320 б.

Фольклортану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Brand Book. 2020. – 271 б.

Литература:

Энциклопедия Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамура, 1995. – 719 стр.

Алдаспан. – Алматы: Жазушы. 1971. – 243 с.

Бес гасыр жырлайды // Составитель – Магауин М. – Алматы: Жазушы, 1989. – 382 с.

Валиханов Ч.Ч. (1904). Сочинения. СПб., – 531.

Дауитов // Казахстан. Улттык энциклопедия.– Алматы: Казак знциклопедиясы. 2004. – Т.6. – 694 с.

Жармұхамедов М. Букар жырау // История казахской литературы. –Алматы: КазАкпарат, 2008. – Т.3. – 534 с.

История казахской литературы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Т.3. – 534 с.

Каскабасов С. Казак хандыгы дауириндеги адебиет // История казахской литературы. – Алматы: КазАкпарат, 2008. –Т.3. – 534 с.

Магауин М. Казак хандыгы дауириндеги адебиет (XY–XYШ гг.) – Алматы: Ана тили. 1992. – 175 с.

Маргулан А. Казак халкынын коне поэтикалык мурасын жасаушылар туралы // М.О.Ауэовтын 60 жылдыгына. – Алматы: Ғылым, 1959. – 210 с.

Он ғасыр жырлайды. – Алматы: Дәуір, 2006. – 378 с.

Омиралиев К. Казак поэзиясынын жанры жане стили. – Алматы: Гылым, 1983. – 216 с.

Сейфуллин С. (1964). Произведения. – Алматы; Мағауин М. (1991) Гасырлар бедери. – Алматы; Дербисалин А. (1990). Адебиет туралы толганыстар. – Алматы; Суйиншалиев Х. (1992). XY–XYIII гасырлардагы казак адебиети. – Алматы; Тилепов Ж. (1995). Елим деп енireген ерлер жыры. – Алматы; Корабай С. Казак адебиетинин тарихы. – Алматы: КазАкпарат, 2008. –Т.3. – 534 с.

Исторические личности. Познавательно–публичное издание. Сост.: Тогысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкитап, 2009. – 320 с.

Термины фольклористики. – Алматы: Brand Book, 2020. – 271 с.

ХҒТАР 17.07.41 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-06

Аймұхамбет Ж.Ә.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
E-mail: a_zhanat@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7061-3000

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК БЕЙНЕНІ» ТЕЗАУРУСТЫҚ ТАЛДАУ

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP09259039 – Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейне» тезаурустық талдау тәсілімен, салыстырмалы әдіс негізінде қарастырылады.

Тезаурустық тәсіл негізінен тілдік–лингвистикалық талдаулар жүйесінде ерекше маңызды болып келді. «Сөздік» пен «тезарус» терминдері бір-біріне ұқсас болғанымен, тезаурустың мағыналық ауқымы барынша кең екендігі зерттеушілердің пікір–тұжырымдары арқылы дәйектеледі. Тезаурустық талдау тәсілінің қазіргі гуманитарлық ғылымдар саласында ерекше мәнге ие екені белгілі. Осы тұрғыда әдебиеттанудағы тезаурусты талдаудың ерекшеліктері жүйеленіп, бұл ұғым аясына кіретін «мәңгілік бейне» туралы мәселе қозғалады. «Мәңгілік бейнелерге» тән мазмұндық сыйымдылық, жоғары рухани құндылық, поливаленттілік, кең таралу сияқты ерекше сипаттар бар. Абайдың «Ескендір» поэмасы талдау нысанына алынғанда осы сипаттарға назар аударылады. Шығыс және Батыс әдебиетіндегі Ескендірге қатысты сюжеттер салыстырыла талданады. Абай поэзиясындағы Ескендір «мәңгілік бейненің» бір үлгісі екендігі айтылып, оның болмысын танытудағы ақынның ұстанымы көрсетіледі. Ескендір Зұлқарнайын туралы қасиетті Құран кәрімдегі хикаяның фольклорлық-әдеби туындыларға арқау болуы, бұл «мәңгілік бейненің» тарихи және әдеби дәстүрдегі тұлғалануы мақала мазмұнында қамтылады. Фирдоуси, Низами, Жәми, Науаи поэмаларындағы және Еуропаға кең тараған «Ескендір туралы романдағы» бас қаһарманның болмысы туралы талдаулар ұсынылып, тұжырым жасалады.

Ескендірдің жер жүзіне жасаған тарихи жорығы уақыт өткен соң тарих қойнауына кеткенімен, оның даңқты ғұмыры фольклор мен әдебиетте жалғасты. Даңқты қаһарманның шығыс әдебиетіне жасаған «әдеби жорығы» шығыстың классик ақындары мен Абай туындысының кеңістігінде қарастырылды. Бастауын фольклорлық мұралардан және қасиетті кітаптардан алатын сюжеттік желілердің ұлы ақындар туындыларында өзіндік ерекшелікпен жаңғыруы талдаулар арқылы көрсетіледі.

Тарихтағы Ескендір Македонский мен аңыз кейіпкері Ескендір Зұлқарнайын екі бөлек адамдар дейтін ғалымдар бұл пікірлерін бекітетін нақты дәлелді ұсына алмайды. Ескендір туралы ұлы суреткерлердің шығармаларына арқау болған сюжеттер бұл «екі» Ескендірдің бір тұлға ретінде барынша нақтылай түседі. Мәңгілік бейнелерге тән басты сипаттардың бірі поливаленттілік екенін ескере отырып, Ескендірді ел билеген жауынгер, жеңімпаз қолбасшылардың жиынтық бейнесі деп тануға болатындығы тұжырымдалды.

Абайдың «Ескендір» поэмасындағы «мәңгілік бейненің» қайшылықты болмысы, ұлы ақынның аңыздық сюжетті жаңа қырынан жаңғыртуы тезаурусты талдау негізінде көрсетіледі.

Кілт сөздер: тезаурустық талдау, концепт, константа, мәңгілік бейне, рухани құндылық, сюжет, жорық, поливаленттілік, даңқ.

Кіріспе. Поэтологиялық тезаурус – поэзияның логикалық-семантикалық, ақпараттық талдамалық, көркемдік-бейнелілік моделін танытатын бірден-бір құрылым.

Тезаурус туралы түсінік көбіне тілдік–лингвистикалық талдаулар жүйесінде маңызға ие болып келді. Сондай-ақ «сөздік» пен «тезарус» терминдерінің бір-бірімен ұқсайтын тұсы – екеуі де тілдегі сөз мағынасын білу мақсатында қолданылады. Алайда, тезаурустың мағыналық ауқымы барынша кең сипатта.

Тезаурус туралы сөздіктердегі анықтамаларға, зерттеу еңбектерінде келтірілген тұжырым-дарға назар салсақ, ең әуелі, «тезаурус дегеніміз – қазіргі тіл білімінде – лексикалық бірліктер (дескрипторлар) арасындағы мағыналық қатынастар (синонимдер, антонимдер, паронимдер, гипонимдер, гиперонимдер, т.б.) көрсетілген жалпы немесе арнайы лексика сөздіктерінің ерекше түрі» деп білеміз (Тезаурус. – URL: http://ru.wikipedia.org/wiki/). Сондай–ақ, тезарус «өзінің ең қарапайым түрінде маңызды терминдер мен олардың арасындағы семантикалық (ассоциативті және иерархиялық) байланыстан тұрады», – дейді зерттеушілер (Губанов, Макаренко, Новиков, 2013: 7). Термин атауы ежелгі гректің «thesauros – қазына» деген сөзінен шығып, «кез келген сөзді оның басқа сөздермен мағыналық байланысына қарай іздейтін сөздік» екенін Н.Кондаков «Логикалық сөздік–анықтамалығында» (Кондаков, 1975: 587) атап көрсетеді. Сонымен бірге осы анықтамалықта: «тезаурустың екі негізгі түрі бар: 1) лингвистикалық тезаурус – мәтіндерді мазмұнды талдау нәтижесінде іріктелген және қабылданған жіктеу жүйесіне сәйкес жүйеленген табиғи тіл сөздерінің тізбесін қамтитын сөздік; 2) статистикалық тезаурус – белгілі бір тақырып бойынша мәтіндерді статистикалық талдау нәтижесінде таңдалған және сол мәтіндерде осы сөздердің бірлескен кездесу жиілігі негізінде сөздік мақалаларға топтастырылған сөздердің тізімін қамтитын ақпараттық-іздеу сөздігі», – дейді (Кондаков, 1975: 587).

Тезаурусты «идеографиялық сөздік» деп түсіндіретін пікірлер бар. «Идеографиялық (семантикалық) сөздік – бұл мақалалар әліпби бойынша емес, мағынасы бойынша (бастапқы сөздің немесе тіркестің лексикалық мағынасы) реттелген сөздік. Егер әліпбилік сөздік берілген сөз туралы бір нәрсені білуге бағытталса, идеографиялық сөздік белгілі бір мағына туралы бір нәрсені білуге, мысалы, берілген мағынаны қандай сөздермен білдіруге болатындығына бағытталады» (Большая Российская энциклопедия, 2008: 696–697).

Ақын-жазушылардың көркемдік санасында сараланып, суреткерлік талғамында қорытылған бейнелеулер туындының поэтикалық қуатын арттырып, авторлық позицияны, эстетикалық таным көкжиегін аңғартады. Нысанға ілінген, ерекше әсер туғызған, ой салған құбылыстың өнер туындысына айналуында суреткер сөз қолданысына, ұғымдарға ерекше сипат дарытады. Бір құбылыс ішіндегі қозғалыс қарқынын, оны қабылдаудағы әсерді жеткізетін бейнелі сөз бен одан туындайтын астарлы, тұспалды мән–мағынаны тануда тезаурустық талдаудың мәні айрықша.

Тезаурустық талдау аспектісі бүгінгі гуманитарлық ғылым салаларында ерекше мәнге ие. «Тезаурустық талдау қарқынды дамып келеді. Ол әлеуметтануда, мәдениет теориясы мен тарихында, әдебиеттануда, әлеуметтік антропологияда, сондай-ақ гуманитарлық ғылымның басқа салаларында қызықты нәтижелер беруде», – дейді зерттеушілер (Луков, Луков, 2005: 3).

Әдебиеттануда, мәдениеттануда және театртануда қарқынды дамып келе жатқан тезаурустық тәсіл «гуманитарлық білімдегі жаңа парадигма» (Костина, 2009: 234) екендігін зерттеуші ғалымдар дәйектей түседі. Жалпыгуманитарлық тезаурус тәсілі туралы сөз қозғағанда, деректерді жүйелеуге және бағдарлаушылық сипатына ерекше назар аударамыз. «Тезаурус – әлемдік мәдениеттің субъект игере алатын бөлігінің құрылымдық көрінісі және жалпы бейнесі» (Луков, 2006: 559) екендігін ескеріп, көркем мәтін құрылымын тезаурустық тәсілмен талдау барысында «автор – реципиент» арасындағы субъективті аспектіні таныта отырып, көркем бейнелеуді тұтастықта қабылдауға қол жеткізіледі.

Зерттеу әдістері. Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейнені» қарастыруда салыстыру, индукция, дедукция, жинақтау, даралау, структуралық талдау әдістерінің принциптері назарға алынып, зерттеу аспектісіне сәйкес тезаурустық тәсіл қолданылды.

Талқылау. Тезаурус туралы зертеуші ғалымдар оны сипаттайтын өте маңызды белгілерді анықтай келе, кез келген тезаурус мәдениеттің нақты мазмұнымен салыстырғанда толық еместігін, ол бар болғаны фрагмент, яғни үзіктер ғана және салыстырмалы түрде толық мәтінмен сәйкес келмейтіндігін алға тартады. Сөйте тұра, осы тұжырымдарына қайшы келіп тезаурусты құрайтын элементтердің үзік қана екеніне қарамастан, оның тұтастығы туралы айтуға болатынына тоқталады, бұл тұтастық жалпы білім мен субъект бірлігімен қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттануда тезаурус терминінің қолданысы мен сипаттамасын былайша жүйелеуге болады:

а) белгілі бір аспектіге немесе тұтастай әдебиеттану саласына қатысты тезаурус (мысалы поэтикадағы тезаурус, проза жанрының тезаурусы, өлеңтану тезаурусы, т.б.);

ә) көркем мәтін құрылымындағы тілдік–көркемдік ұғымдарды жинақтайтын тезаурус немесе белгілі бір қаламгердің поэтикалық кеңістігіндегі бейнелер мен бейнелілік тезаурусы.

Өлең сөздің теориясы мен тарихына қатысты сөз қозғасақ, бұл ұғым өзіне көп мағынаны жинақтайды.

Поэтикалық құрылымда көркем де бейнелі тілдің алар орны ерекше екені белгілі. Структуралық әдіс тұрғысынан келгенде көркем мәтін – бұл микродетальдардан түзілген құрылым. Мәтін ішіндегі бейнелі тіркестер, бейнелер жүйесін жекелей талдаған кезде оларды көркемдіктің бір бөлшегі түрінде қарастырамыз. Осы жекеленген бөлшектер тұтастығынан бейнелілік жүйесі айқындалады. Тезаурустық талдау арқылы біртұтас көркемдік жүйені түзетін бөлшектер тізбесін анықтау жүзеге асырылады.

Тезаурустың негізгі тірегі концептілер болып табылады, олардың тезаурустық тәсіл аясында анықталуы және талдануы ерекше маңызды. Концептілердің бәрімен салыстырғанда жекеленген бір бөліктері тезаурус түзілімінде барынша баяу өзгеруімен ерекшеленеді. Мұндай концептілерді константтар деп атау қалыптасқан. Мәдени санадағы константы – үнемі, кем дегенде өте ұзақ уақыт өмір сүретін концепті. Көркем шығармашылықтағы, сәулет өнеріндегі, ғылымдағы классикалық үлгілер константы ұғымына сәйкес келеді. Мәселен, қазақ классикалық әдебиетіндегі маңызды кон-

стант Абай дәстүрі болып табылады. Абай өлеңдеріндегі бейнелеулер, суреттеулер, қанатты сөздер, сюжеттер мен мотивтер, қарасөздеріндегі философиялық пайымдар – константтың мысалдары. Сондай-ақ Абайдың өз бейнесі (шығармашылығы арқылы танытылған және көркем бейне ретінде), Абай шығармаларындағы кейіпкерлер де константбола алады. Осы тұста бұрыннан қолданыста бар, бірақ кейінгі кезде ғана тезаурусты талдау категориялары жүйесіне енгізілген «мәңгілік бейнелер» деген терминге назар аудару қажеттігі туындайды. Өйткені тезаурус құрылымындағы константтардың негізгі бір тірегі – мәңгілік бейнелер.

Мәңгілік бейнелер – әдебиеттану мен өнертануға, мәдениеттануға тән термин. Сөздіктердегі анықтамаларға, зерттеулердегі тұжырымдарға сүйене отырып, олардың қатарын туындыдан туындыға ауысып отыратын көркем бейнелер құрайтынын білеміз.

«Мәңгілік бейнелер – әдебиетте әртүрлі елдер мен әр дәуірдің сөз өнерінде бірнеше рет бейнеленген, мәдениеттің өзіндік «таңбасына» айналған Прометей, Федра, Дон Жуан, Гамлет, Дон Кихот, Фауст және.т.б. сияқты әдеби бейнелер. Дәстүр бойынша оған мифология және аңыз кейіпкерлері, тарихи тұлғалар (Наполеон, Жанна д›Арк) жатады», – деп көрсетілген энциклопедиялық сөздіктердің бірінде (Вечные образы, 2001: 121).

«Гамлет орыс және әлем мәдениетінің мәңгілік бейнесі» («Гамлет как вечный образ русской и мировой культуры») атты монографияда мәңгілік бейнелер мен олардың өзіндік ерекшеліктері былайша сипатталады: «Мәңгілік бейнелер – әдебиеттану, өнертану, мәдениет тарихы тремині, бір туындыдан екінші туындыға өтіп отыратын көркем бейнелер – әдеби дискурстың инвариантты арсеналы. Мәңгілік бейнелердің қасиеттерін (әдетте бірге кездесіп отыратын) былайша топтастыруға болады:

– мазмұндық сыйымдылық, мағыналардың таусылмайтындығы;

– жоғары көркемдік, рухани құндылық;

– дәуірлер мен ұлттардың шекараларын еңсеру мүмкіндігі, жалпыға түсініктілік, мызғымас өзектілік;

– поливаленттілік – басқа да бейнелер жүйесімен бірігуге барынша бейімділік, өзгермелі ортада өз сәйкестігін сақтай отырып, түрлі сюжеттерге қатысу;

– басқа да өнер түрлері тілдеріне, сондай-ақ философия, ғылым, т.б. тілдеріне аударылу;

– кең таралу» (Луков, Захаров, Гайдин, 2010: 5).

Монография авторлары Вл.А.Луков, Н.В.Захаров, Б.Н.Гайдин осындай жүйелеуді ұсына отырып, мәңгілік бейнелер таңба, символ, мифологем түрінде де әрекет ететінін, символ–заттар мен символ–бейнелер де осы қатарда екенін атап өтеді.

Мәңгілік бейнелер қатарын ұлттық әдебиет пен өнердегі кейіпкерлер толықтыра түседі. Жоғарыда дәйектеме ретінде келтірілген оларға тән шарттылықтарды ескере отырып, қазақ әдебиетіндегі мәңгілік бейнелер жүйесін түзуге болады. Біздің бұл бағыттағы мақсатымыз – қазақ поэзиясының классикалық үлгісі санатындағы Абай өлеңдеріндегі мәңгілік бейнелерді қарастыру.

Әлем әдебиетіндегі «мәңгілік бейнелердің» бірі – Ескендір Зұлқарнайын. Абай поэзиясында қайта жаңғырған бұл бейненің түп тарихы шығыс сюжеттерімен сабақтасады. Ол сюжеттерге фольклор мұралары негіз болды.

«Антикалық дәуірдің Ескендір Зұлқарнайын туралы екі баяндау дәстүрі бар: тарихи және әдеби. Тарихи дәстүрдің шыңы – рим тарихшысы Флавий Арианның «Ескендір жорығы» еңбегі, – деп жазады Е.Костюхин, – Ескендірге қатысты тарихи дәстүрмен қатар әдеби дәстүр де дамып отырды. Бұл дәстүрдің бастауында Аристотельдің туысы Каллисфен тұрды» (Костюхин, 1972: 6).

Ескендірдің тарихи жорығы қаншалықты даңқты болса, «әдебиеттегі жорығы да» барынша даңққа бөленді және дәуірден дәуірге жалғасты. Дүниенің төрт бұрышына әмірін жүргізген қолбасшының жүріп өткен жолдары тек тарихи дерек түрінде ғана сақталып қалмай, көркемделіп, әспеттеліп, сөз өнерінің тұрақты сюжеті болса, өзі «мәңгілік әдеби қаһарман» ретінде ғұмырын жалғастырды.

Әдеби туындыларда Ескендір туралы негізінен тарихи еңбектердегі деректер пайдаланылды. Алайда тарих көркем туындыда бар болғаны бас кейіпкер болмысын танытуда және оқиғаларды бейнелеуде фон ретінде пайдаланылып, философиялық–этикалық мәселелер басты мәнге ие болатыны белгілі. Ескендір ұлы реформатор, даңқты қолбасшы ретінде фольклордың және әдеби туындылардың тұрақты кейіпкеріне айналды. Оның бұл «мәңгілік өміріне» үлес қосқан тарихи жазбалар ғана емес, фольклор мен әдеби туындылар екені ақиқат.

Ескендір Зұлқарнайын туралы ең көрнекті туынды ретінде Плутархтың «Салыстырмалы өмірбаяндар» («Сравнительные жизнеописания») еңбегін атауға болады. Бұл жазбаның кіріспесінде көне дәуірлік грек жазушысы былай депті: «Біз тарихты емес, өмірбаянды жазамыз және ең керемет әрекеттерде үнемі ізгілік пен зұлымдық көріне бермейді, бірақ көбінесе, қандай да бір елеусіз әрекет, сөз немесе әзіл адамның мінезін мыңдаған әскерді басқаруға және қалаларды қоршауға алуға, он мыңдаған адам қайтыс болған шайқастарға қарағанда жақсы көрсетеді» (Плутарх, 1994: 116). Плутарх өз жазбасында кейіпкерлерінің өмірлік деректеріне сүйене отырып, кез келген қалжыңынан, болмашы әрекеттерінен, сөздерінен олардың мінезін танытуға ұмтылады. Бұндай деректердің әуелі шынайылығын таразыға салады. Ғалымдар «Салыстырмалы өмірбаяндарда» екі тіннің (қаһарманның жеке өміріне қатысты тарихи деректер және анекдоттар) бар екенін ескерте отырып, бұл екеуі де моральдық бағалау екенін айтады.

Кейіпкер өмірінің куәлігі ретінде Плутарх миф пен аңызды алға тартады. Оның пайымдауынша, миф – биограф үшін қайта қалпына келтірілуі қажет тарих. Миф пен шындықтың ара қатынасындағы нәзік тұспал мен астарлы ишараға құрылған терең байланыс ақиқатқа бастайтынын мифтанушылар қайталай айтып келеді. Мифтің «жадында» тарихи оқиғалардың сақталып қалатынын топан су, қалалардың қирауы, қаһармандардың ұлы жорықтары мен ерліктері туралы баяндардан көреміз. Көркем туындыдағы «ойдан шығарылған» қаһарманның өмірлік прототипі бар болатыны да заңдылық. Мифтік әңгімелердегі кейіпкерлердің қай–қайсысы туралы да осыны айтамыз.

Мифтік баян өз бойына тарихи шындықты сіңірген дедік. Ал тарихи қаһарманның мәңгілік бейнеге айналуында миф пен аңыздың айрықша қызметі бар. Мәңгілік бейнелердің тарихи және көркем санадағы ғұмырын барынша ұзарта түсетін мифтік-аңыздық үстемелер. Мөде қаған, Томирис, Алып Ер Тұңға, Қорқыт ата, Асан қайғы

– әуелі тарихи, сосын мифтік–аңыздық қаһармандар. Тарихилығы санамызда мүлде көмескіленіп, тіпті өшіп қалған, тек миф қаһарманы ретінде көрінетін Гильгамеш, Прометей, Геракл, Ахиллес, т.б. сияқты мәңгілік бейнелер галереясын олардың дәуірінің бізден мүлде алыстығымен түсіндіруге болар. Бұл жерде «мифтік» бейнелерді текке айтып отырған жоқпыз. Плутарх жазбасында Ескендірдің арғы тегі Геркалмен байланыстырылады. Ескендірдің арғы бабасы Македония патшалығының негізін салған Каран Гераклдің ұрпағы делінеді. Ескендірдің ана тегі әйгілі Ахиллестің Неоптолем деген баласынан тамыр тартады деп көрсетіледі. Бұған ұқсас мысалды келтірсек, қазақ, ноғай тарихындағы даңқты Едігенің де тегі мифтік кейіпкерге айналған Баба Түкті Шашты Әзізге барып тіреледі. Едігенің бабалары, сондай-ақ перілер елінен қыз алып, ұрпақтары адам-зат пен пері-зат нәсілінің некесінен дүниеге келеді.

Грек тарихшысы Каллисфеннің (б.з.д. IV ғ.) есімімен байланысты әдеби туынды туралы сөз басында айтып өткенбіз. Ескендір Зұлқарнайын туралы көркем сипатта жазылған туынды «Ескендір туралы роман» түрінде белігілі болды. Этнографиялық қиял мен аңыздық-тарихи сипаттағы өмірбаян бірігіп, ежелгі дәуірдегі ең танымал романның бет-бейнесін анықтады деп білсек, сол осы Ескендір туралы роман. Романның қайнар көзі әр алуан – даңқты қолбасшы туралы фольклорлық, әдеби және тарихи мазмұндағы баяндар.

Бұл туындыда Македония патшалығы туралы ежелгі дәуір авторларына көп сілтеме жасалған. Өз уақытында роман үлкен табысқа ие болып, көп тілдерге аударылды. Бүгінгі күнге дейін романның бірнеше нұсқасы жетті. Зерттеушілердің көрсетуінше, романда негізгі үш сюжет бар. Олар: 1) Ескендірдің дүниеге келуі; 2) ерліктері және үнді жорығы; 3) Вавилондағы ажалы. Уақыт озған сайын бұл сюжеттер жаңа эпизоттармен толығып отырды. Жаңа сюжеттердің енгізілуін оқырмандардың айрықша ықыласы мен әйгілі қолбасы тұлғасын барынша әсірелей түсу мақсатында туындаған деуге болады.

Ескендірді батыста рыцарь әрі романтикалық қаһарман ретінде танытқан бірден–бір туынды – «Ескендір туралы романның» француз тіліндегі нұсқасы.

«Ескендір туралы романның француз нұсқасы – Александр Македонский ерліктері куртуазды дәстүрге шабыт беріп, батыс әлемінде македондық қолбасшыны керемет батырға айналдырған, оның бейнесіне ерекше ұнамды сипат дарытқан туынды», – деп жазады иатльян тарихшысы Даниэле Форкони (Форкони, 2008: 120).

Зұлқарнайын есімі қасиетті Құран кәрімнің «Кеһф» сүресінің 83-97-аяттарында кездеседі. 84-аятта былай делінген: *«Негізінде Зұлқарнайынды жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне әр істе қолайлылық бердік».*

Фольклор мен әдебиеттегі Ескендірге қатысты сюжет барынша қоюландырылып, оның жорығы тек жаугершілік болып қалмай, «мәңгілік суды» (әбіл–хаят – өмір суы) іздеумен толықтырылған. Зерттеушілердің көбі Ескендір Зұлқарнайын мен Александр Македонский бір адам емес, екеуі екі бөлек деген пікірде. Мәңгілік суын іздеген Ескендірдің қасында Қызыр-Ілияс пайғамбар (ғ-с.) болады. Ал, жаугершілік жорықтағы Ескендірдің қасынан Аристотельді көреміз. Ескендір туралы ғылыми тұжырым–пікірлер әлі күнге дейін екіге жарылып келеді.

Нәтижелер. Ескендірдің Шығыс әдебиетіне алғашқы «жорығы» Фирдоусидің «Шаһ-намесінен» (977-1010 жж. жазылған) және әзірбайжан ақыны Низами Гәнжауидің 1211 жылы жазылған «Ескендірнаме» дастанынан басталып, 1299-1300 жылдары үндістандық ақын Құсрау Дехлевидің «Ойнаи Искандрий» («Ескендірдің айнасы») дастанында жалғасты.

Ескендір Зұлқарнайынға Александр Македонскийді прототип ретінде алған парсының ұлы ақыны Әбдірахман Жәми. Оның «Хираднаме Искандарий» дастаны 1484 жж. жазылған. Бұл екі туынды да парсы тілінде.

«Ескендір қорғаны» атты дастан көне түркі тілінде ұлы шайыр Әлішер Науаидың қаламынан 1485 жылы туды.

Абай шығыс поэзиясының ұлы тұлғалары жырлаған Ескендір тақырыбын қазақ топырағында жаңа өрісте жаңғыртты. Бұл дастанның қай жылы жазылғаны нақты белгісіз. М.Әуезов поэманың 1898 жылы қолжазба жинаққа кіргендігі туралы мәлімет береді. Абайдың 1909 жылы жарық көрген тұңғыш жинағында «Ескендір әңгімесі» деп берілген.

Ескендір Зұлқарнайынға қатысты сюжеттердің ішінен Абайдың өз дастанына арқау еткені мәңгі өмір сыйлайтын әбілхаят суын іздеп, сапарға шығуына ұқсас келеді. Бұл сюжеттік желі өзгертіліп, оқиға Ескендірдің кезекті жорығы кезінде ашылмаған қақпадан бастау алатын дәмі өзгеше бұлақ суына кез болуынан өрбиді. Аңыздарда айтылатын Ескендірге «ашылмаған қақпа» жайлы тұрақты мотив Абай поэмасында осылайша түрленеді.

Мәңгілік өмірді іздеу – әлем халықтары мифологиясында тұрақты түрде кездесетін мотив. Гильгамештің сапары, Қорқыттың саяхаты туралы сарын осы мақсатта туындаған еді. Ажалды пенденің ажалсыз өмірді аңсауы рухтың мәңгіліктігі туралы небір ғажайып мотивтерді тудырды.

Ескендірдің қасиетті суды іздеуі Низамидің «Ескендірнамесінің» бірнеше тарауына арқау болған. Ескендірдің түнек еліне, яғни күнбатысқа сапар шегуі мәңгілік суын іздеумен байланысты. Бұл сапарда жол бастаушы Қызыр ғ-с. болады. Әбілхаят суын алғаш көрген Қызыр ғ-с. суды ішіп, жуынып, астындағы ақбоз атын да суарады. Суды тапқанын Ескендірге жеткізбек болғанда, су ғайып болып кетеді (Абай. Энциклопедия, 1995: 229). Низамидің поэмасында, сондай-ақ Құран кәрімде баян етілген Ескендірдің Яжуждерге қорған соғып, тауға қамау оқиғасы да жырланады.

Низами дастанында оқиға тылсым әлеммен байтаныста бейнеленген. Ескендір кезген қараңғылық әлемі, әбілхаят суы, Қызыр ғ-с-ның сол суды ішіп, мәңгілік өмірге ие болғаны – мұның бәрі мифтік-аңыздық суреттеумен беріледі. Низами тарихтағы Александр Македонский мен аңыздағы Ескендір Зұлқарнайынды бір тұлға ретінде танытып, ақыл–парасатқа ие данышпан қолбасшы, дана әміршінің бейнесін сомдайды. Ескендір мен Александрды екі адам деген дерекке Әлішер Науаи да илана қоймайды. Өзінің «Ескендір қорғаны» поэмасында:

Ескендір екеу деген бекер дерек,
Шын болса, Жәми оны білсе керек:
Деді ол: «біреулігі елге баян,
Жұмбағы жалғыз ғана пендеге аян».

Низами айтып кеткен түп тамырын,
Жәми де солай дейді жұртқа бүгін (Науаи, 2019: 197), – деп жырлайды.

Мәңгілік бейне ретіндегі Ескендірді біз осы тарихи және діни аңыздардағы тұлғалардың жиынтығы деп білеміз.

Науаи жырлаған Ескендір:
Жеткізу мүмкін емес тілмен бәрін,
Білмесең Ескендірдің кім болғанын.

Ғажайып әр сағаты, әр күні оның,
Желісін үзу қиын әңгіменің...

Ескендір өмірінде ғажайып көп,
Мәніне жетіп оның жазайық тек.

Түзетем бұрынғыдан кетсе жаңсақ,
Жырлаймын ақиқатын көпке жар сап.

Ол барда Отанға ойран салсын кім кеп,
Үрімге бола білді алтын діңгек.

Босатып байтақ елін тар бұғаудан,
Тазартты айналасын зәрлі жаудан (Науаи, 2019: 197).

Науаи бұдан әрі Ескендірдің жаулаған, елдерін, бағындырған мемлекеттін жырлайды. Сөйтіп оны жеңімпаз қолбасшы, ұлы әмірші, дана билеуші деп танытады.

Қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі Ескендір туралы сюжеттер тізбесін академик С.Қасқабасов үш түрлі деп көрсетеді: 1) Ескендірдің екі мүйізінің жұртқа жария болуы; 2) Ескендірдің Қызыр, Ілияс деген жолдастарын ертіп, Зұлматқа өлместің суын іздеп баруы; 3) Абай дастанындағы Ескердірдің жұмақ қақпасына тап болуы, ол жақтан сый ретінде қу басты алуы (Қасқабасов, 2014: 256). Үшінші сюжет Низами поэмасындағы желіге ұқсас келгенімен, басқаша қалыпта өрбиді. С.Қасқабасов Абай поэмасына арқау болған бұл сюжетті көне замандағы Талмудқа тән дейді. «Талмудқа бұл сюжет ерте уақытта Таяу және Орта Шығыс жұртында тәмсіл–мисал түрінде айтылып жүрген шақта енгендігін» айта келе, одан «көне дәуір мен орта ғасыр авторларының өз шығармаларында пайдаланғанына» мысал ретінде Антика әдебиетінің «Александр туралы романын», XII ғасырда өмір сүрген неміс ақыны Лампрехтің «Александр» атты шығармасын, XYIII ғасырдағы неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі, француздық Альберт фон Шамиссоның «Александр туралы аңыз» атты көлемді өлеңін атайды (Қасқабасов, 2014: 256-257). Шамиссоның бұл өлеңін орыстың романтик ақыны, Пушкин ұстаз тұтқан В.А.Жуковский еркін аударған. Абай дастанының өзегіне айналған осы сюжет. Алайда Талмудта жазылған бұлақ суына кепкен балықты малып алу Жуковский өлеңінде жоқ. Абай бұл мотивті Талмудты оқу арқылы білуі мүмкін. Яғни Абайдың «Ескендірі» Талмудтағы оқиғаны жаңа әдебиетте жаңғыртуымен ерекшеленеді деуімізге болады. Тағы бір болжам – қазақ арасында кеңінен таралған аңыз сюжеті болуы да ықтимал.

Дүниені жаулаушы тарихи тұлғалар бітімі қайшылықты сипатқа толы екені Атилла, Шыңғыс хан, Әмір–Темір, Едіге бейнелері арқылы мәлім болса, бұл қатарды бастап тұрған Ескендір. Ескендір біріншіден, зұлымдыққа тойтарыс беруші, жеңімпаз қолбасшы, ізгілікті дана әмірші; екіншіден, дүниені жаулаушы, қатыгез қолбасшы, қанағатсыз, биліккұмар патша. Міне, бір-біріне қайшы келетін осы екі тарапты мінездеме мәңгілік бейне ретіндегі Ескендір тұлғасын айқындай түседі. Абай сыншыл реалистік бағытта ел билеуші патша мен қанқұйлы қолбасшы болмысын Ескендірдей даңқты тұлға арқылы танытуды мақсат еткен.

Ескендірді кейіпкер еткен Абай дастанының оқиғасы реалистік сипатта өрбиді. Ақын:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен (Абай, 2020: 11)

деп, поэманың алғашқы шумағынан-ақ кейіпкерін атап-түстеп, оған мінездеме береді. Жиырма бір жастағы билеушінің көршілерге көз алартып, әскер жиып, өзге елдің ханын өлтіріп, қаласын тартып алған, адам қанын дариядай ағызған әрекеттерін баяндай келе:

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады...

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
Бәрін алды, қорқытты жолдағының.
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,
Жер жүзін жеке билеп алмақшының (Абай, 2020: 12), –

деп, Ескендірдің тойымсыз әрекетін әйгілеген үстіне әйгілей түседі. Бұл Абайдың ақындық позициясын таныту мақсатында туындаған. Жер жүзін билеуге деген тойымсыз құмарлық тарихтағы жеңімпаз қолбасшы, билеушілердің бәріне тән.

Осы мінездеу айналасында «Ескендір» дастанындағы бас қаһарманның болмысын ашатын тезаурустар тізбесіне «мақтан сүйгіш», «қызғаншақ», «көршілерге көз алартқан қанағатсыз патша», «жер жүзіне билеуді көксеген даңққұмар әмірші», «іші тар», «көре алмас жанның бірі» деген сипаттауларды жатқызамыз.

Діни аңыздардағы Ескендірдің әбілхаят суын іздегені Абай поэмасында басқа арнаға ауысып кеткен. Абайдың кейіпкері шапқыншылық жорығында шөлге ұрынады:

Жүре-жүре елсіз бір шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін де ішті.
Адам, айуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына Құдай салды қиын істі (Абай, 2020: 12).

«Сандалып, сары далада су таба алмай» келе жатқанда патшаның «жалтырап сәуле берген бір нәрсеге» көзі түседі. Сөйтсе, бұл мөлдір бұлақ екен:

Барса бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ (Абай, 2020: 12).

Абай Талмудтан оқып білді деген пікірді бекітетін бұлаққа Ескендірдің кепкен балықты жудыратын оқиғасы бір шумаққа арқау болады:

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Иісі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таң қалды мұның бәрін суға жорып (Абай, 2020: 12).

Бұлақ суының кереметін «суы өзгеше», «тым тәтті», «кепкен балықты жуғанда дәмі мен иісінің өзгеруі» тезаурустары айқындай түседі.

Бұлақ суының кереметіне таңғалған Ескендірдің ендігі ниеті – судың қайдан шығып жатқанын біліп, сол жерге иелік ету. Алайда, «өзіме шақ келер жан жоқ» деп дандайсыған әмірші-қолбасшының тауы шағылады. Судың басы бір құзар шатқа кірген, ол шаттың аузы алтын қорғанмен бекітілген екен. Қақпаны ашуға әскерінің күші жетпейді. Өйткені қақпаның ар жағындағы дауыс:

– Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – дейді (Абай, 2020: 13).

Низами дастанында Ескендір әбілхаят суынан дәм тата алмаса, Абай дастанында бұлақ суын ішкенімен, оның басына жол таба алмайды. Яғни, бұл жолдағы қақпа оған ашылмайды. «Құдайға бастайтын қақпа» жердің жүзін жаулаған Ескендірді енгізбейді.

Науаи дастанында дана Ескендір теңіз бетінде жүрген сапарында тылсым аянмен теңіз суының тұңғиығына сүңгіп, су асты әлеміне саяхаттайды.

Елге айтты: «Ғажайып көп мен көрмеген,
Әзірге қоштаспақпын сендерменен.

Мақсатым еді әуелгі бір діттеген,
Түбіне тұңғиықтың сүңгіп көрем.

Жаратқан жәрдем етсе, беріп шыдам,
Еркімше судың астын шолып шығам».

Су – бағзы танымда екі дүниенің арасын жалғастыратын тылсым әлем. Ескендірдің су тұңғиығына баруына жол ашылады. Қасына ерген әскері оны жолынан тоқтата алмайды:

Айта алар Шахқа «Мұның қалай?» деп кім,
Ескендір кірді ішіне шар әйнектің.

Су кірмес сандық–шарға ешкім ашпай,
Байлатты ұзын арқан көш құлаштай.

Әлекке патша түссе жұрт сабылар,
Бір ұшын ұстап тұрмақ сырттағылар.

Шах шындап байлаған соң тосынға бел,
Әйнекті суға салды шошынған ел (Науаи, 2019: 517).

Су асты – өзге әлем, яғни екінші дүние. Грек мифтерінде Одиссей өз тағдырын білмекке Аид патшалығына тірі барып, болашағының болжамын білсе, Ескендір тірісінде екі дүниені қатар көріп, мұратына жетеді:

Жалықпай су астында көлбеді айлап,
Тұңғиық тамашасын көрді абайлап.

Кемеге белгі берді талыққанда,
Шығарып алды қайта халық сонда.

Кім тұрар дүниеде жасап мәңгі,
Жетті де мұратына масаттанды.

...Жалғанның қызығына тояттады,
Осымен саяхатын аяқтады.

Бөленіп салтанатқа бар ғұмыры,
Көзінде даналықтың жанды нұры.

Жаһанда жан болмады озар бұдан,
Өткерді кереметті көз алдынан.

Құтқарып қасіреттен сан бейбақты,
Сиқырын сырлы әлемнің қолда ойнатты.

Ақтарды небір тылсым жым–жыласты,
Ашты оған құпиясын судың асты (Науаи, 2019: 517-218).

Ескендірдің дүниені жаңғыртқан даңқы осылайша тылсыммен байланыстырылады. Науаи Ұлы қолбасшының даңқын жаугершілікпен ғана емес, даналығымен, екі дүниенің сырын білген кереметтігімен әйгілейді. Су асты әлеміне сапары Ескендірдің «саяхатының аяқталуына», «бар ғұмырының салтанатқа бөленуіне», «жаһанда өзінен озар жан болмауына» кепілдік болады. Ескендірдің су астына сапарлауы – екінші әлемге, о дүниеге кетуі. Көркем бейнелеуде бұл ұғым астарлау, ишарамен білдірілген. Науаи осы суреттеуі арқылы кейіпкерінің «мәңгілік өмірін» тұспалдайды. «Жалғанның қызығына тояттауы», «су астының құпиясын білуі» Ескендірдің «мәңгілік бейне» ретіндегі болмысын аша түседі.

Жоғарыда аталып өткендей, мәңгілік бейнелерге тән ерекшеліктердің бірі «басқа да бейнелер жүйесімен бірігуге барынша бейімділік, өзгермелі ортада өз сәйкестігін сақтай отырып, түрлі сюжеттерге қатысу» яғни, «поливаленттілік» (Луков, Захаров, Гайдин, 2010: 5) екенін ескерсек, Ескендір бейнесінің түрлі сюжеттерде әрекет етуінің, сан қырлы мінез–болмысымен көрінуінің мәнісін ұғына түсеміз. Низами, Жәми, Науаи дастандарындағы және Абай дастанындағы бас қаһарман бейнесін са-

лыстыра келе, бір тақырып, екі тарапты әдеби жәдігерлердің ортақтығы – бір кейіпкер, алшақтығы – сол кейіпкердің бір тарабында барынша дәріптелуі, екінші тарабында сынға алынуы дейміз.

Мәңгілік бейнелерге тән ерекшеліктердің бірі ретінде көрсетілетін басқа бейнелер жүйесімен бірігуге бейімділік екенін аңыздағы Ескендір мен тарихтағы Ескендірді екі бөлек адам деген пікір-болжамды көркем туындылардағы сюжеттердің жоққа шығаруы қуаттай түседі. Әдеби-фольклорлық мұраларда екі басқа Ескендір жырланбайды, бір Ескендірдің екі қыры жырланады. Ал, ұлы тұлғаларға біржақты, жалаң емес, қарама-қайшылыққа толы күрделі мінез-болмыс тән екеніне тарихи, аңыздық мазмұндағы дүниелер дәлел.

Абай Ескендірдің даңқына, жеңімпаздығына күмән келтірмейді, сол даңқ жолында астамсып кеткенін сынға алады. Көңіліне астамдық кірген пендені тәубесіне келтіретін бір Жаратушы күш бар екенін ашылмаған қақпа, бұйырмаған жеңіс арқылы тұспалдайды. Аристотельдей дананың сөзімен болған оқиғаға шешім жасатады.

Ашылмаған қақпа артындағы «біреудің»:

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,
Ондай кісі бұл жерге болмайды тең (Абай, 2020: 14), –

деп Ескендірді тоқтатуы, сұраған сыйына қу сүйекті – адамның көз сүйегін беруі дастандағы негізгі айтылар ойды меңзейді. Мықтылықтың белгісі – өзіңнің нәпсіңді жеңу екенін руханият тарихындағы ғұламалар өсиет ретінде қайталап айтатын ақыл екенін жақсы білеміз. Сол өсиет Абайдың кейіпкеріне бейтаныс жан арқылы жеткізіледі.

Қақпа ішінен берілген қу сүйектің сырын ашуды ақын Аристотельге жүктейді:

Сол күнде Аристотель жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
–Таразыны әпкел де, сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара! (Абай, 2020: 14–15)

Ескендір бұл ұсынысты қабыл алып, қу сүйекті таразыға тарттырады.

Қанша алтынды күміс пен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды (Абай, 2020: 15).

Ескендір сүйектің ғажайып сырын Аристотельден сұрайды. Аристотель жауап ретінде әуелі жерден бір уыс топырақ алып сүйекке шаша салады. Сонда қу сүйек тұрған таразы басы жеңілдеп сала береді. Дана Аристотель әмірші Ескендірге « бұл – адамның көз сүйегі, адам көзіне құм құйылғанда ғана дүниеге тояды» дегенді айтады. Қақпа ішінен сыйға алған қу сүйектен ғибрат алу керектігін ескерткен Аристотельдің сөзіне тоқтап, Ескендір қалың қолымен кері қайтады.

Сыйлыққа берілген қу сүйектің ишаралық мәнін аңғартатын таразыға тартылғанда алтынды, күмісті, күллі әскердің қару–жарағын басып кетуі, салмағының олардан ауыр болуы – поэманың басты идеясын танытатын мотив.

Поэмада Ескендір келіп тірелетін қақпаның символдық мәні арыда жатыр. «Екі дүниені бөліп тұратын қақпа» кейіннен кез келген адам өте алмайтын нышанды орын түрінде бейнеленді. Ертегілердегі ашуға болмайтын есік (қақпа) басқа әлемге, о дүниеге, рух тұрақтайтын ерекше мекенге бастайтын жол. Абай бейтаныс жанның аузына «бұл – Құдайға бастайтын қақпа» деген сөзді салу арқылы жалпыадамзаттық гуманистік мұрат жолын меңзейді. Бұл қақпадан өтуге Ескендірге тыйым салынған. Себебі ол әлі де ақын атап көрсеткен пендешілік пиғылдан аса алмаған. Аристотельдің ақылын тыңдап, ойға түскен ұлы қолбасшы өз ісінің бекерлігін ұғынып, «бұл істі Құдайым көрсетті» деп түсінуі – Абайдың Ескендірдей, ол ғана емес, басқа да ұлы тұлғалардың бойындағы пенделік кемшілікті көрсетіп, сол арқылы өзінің гуманистік позициясын білдіруі.

Ескендір есімі Абайдың басқа да өлеңдерінен ұшырасады. Абай сүйікті ұлы Әбдірахман дүние салғанда өзіне айтқан жұбатуында әкесі Құнанбайдың даңқын, болмысын:

Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты (Абай, 2020: 274), –

деп, ұлттық тарихи танымымыздағы мәңгілік бейнелер арқылы сипаттайды, соларға теңейді. Сөйтіп поэмада сынға алынған Ескендір өлеңде тарихи ерлігімен даңққа бөленген ұлылардың қатарында аталады. Құнанбайдың қазақ жұртына сіңірген еңбегін бағалағанда Абай әуелі Ескендірдей дана қолбасшы, данышпан әміршіні ауызға алуы жайдан жай емес. Мәңгілік даңққа бөленген Ескендір Зұлқарнайын әділет жолын тұтынған, ақиқатқа бас иген, даналықты қастерлеген тұлға ретінде дәуірлерді көктей өтіп, өзінің мәңгілік ғұмырын жалғастырды.

Қорытынды. Тезаурустық тәсіл – бүгінгі гуманитарлық ғылымдағы белсенді талдау тәсілдерінің бірі. Бұл тәсіл талдау нысанына алынған тақырыптың мазмұндық, көркемдік–бейнелілік қабаттарын танытуда тиімді болмақ. Кейіпкер болмысын даралайтын түрлі бейнелеулер тізбесін анықтауда тезаурус қатарын түзу маңызды. Тезаурус аясында қарастырылатын концепт, константы, тұрақты константтардың бірі – мәңгілік бейне ұғымдары мәтіннің бейнелі қабаттарын танытып, түсіндіруге жол ашады.

Абай поэзиясындағы мәңгілік бейнелерді тезаурустық тәсілмен талдауда негізінен ақынның «Ескендір» поэмасы нысанға алынып, әуелі жалпы фольклор мен әдебиеттегі сюжеттерге салыстырулар жасалды. Көне дәуірден жеткен деректерге назар аударылып, Ескендір Зұлқарнайын туралы тарихи және әдеби жазбалар ескерілді.

Ескендірдің жер жүзіне жасаған тарихи жорығы ақырын тапқанымен, оның даңқты ғұмыры фольклор мен әдебиетте жалғасты. Біз бұл қahарманның Шығыс әдебиетіне жасаған «әдеби жорығын» Фирдоуси – Низами – Дехлеви – Жәми – Науаи –Абай шығармалары кеңістігінде бағдарладық. Бастауын фольклорлық мұралардан және қасиетті кітаптардан алатын сюжеттік желілердің аталған ұлы ақындар туындыларында жаңғыруына талдаулар жасалды.

Ескендір Зұлқарнайын туралы тарихи деректердің түп бастауында тұрған Плутархтың жазбасы болса, Батысқа таралған сюжеттің басы Каллисфеннің туындысы. Тарихи деректердің болғанына қарамастан Ескендірге қатысты болжамдар әр қилы болып келеді. Тарихи Ескендір мен аңыз кейіпкері Ескендір екеуі екі бөлек деген пікірдегі ғалымдар бұлтартпастай анық, айқын дәлелді ұсына алмайды. Ескендір туралы шығыс ақындары дастандарының өзегіне алынған сюжеттер бұл «екі» Ескендірдің (Зұлқарнайын және Македонский) бір адам екеніне шүбә келтірмейді. Тезаурус аясында түсіндірілетін тұрақты константт – мәңгілік бейнеге тән басты сипаттардың бірі сюжеттерге еркін кіре алу мүмкіндігі екенін есте тұтсақ, Ескендір жаһанды билеген әмірші, дана, жеңімпаз, қаһарлы қолбасшылардың жиынтық бейнесі болып шығады.

Мәңгілік бейне ретінде Ескендір қандай қасиетімен дараланатын тұлға? Низами дастаны бойынша қарасақ, ол – адамзатқа қасірет әкелетін яжуж тайпасын тауға қамаған ерекше жаратылысты батыр, мәңгілік өмірді іздеуші жиһангез, әлемді қаһарымен тітіренткен даңқты қолбасшы. Науаи дастанында да ол даңқы асқан, әділетті, жауынгер қолбасшы, дана әмірші, екі дүниені қатарынан көрген, тылсымның сырын білетін қасиетті жан. Абай дастанында ол даңққа мастанған, қызғаншақ, көрсеқызар, іші тар пенде. Алайда бұл поэма финалында бас қаһарман аңыздағы «дара болмысына» оралады.

Мәңгілік бейнеге тән жоғары рухани құндылық, кеңінен таралу, дәуірлер мен ұлттар шекарасын бағындыру, мазмұндық және мағыналық шексіз кеңістік, түрлі сюжеттерге еркін бейімделу сияқты белгілер Ескендір Зұлқарнайынның әдеби–көркем болмысын танытатынына аталған ақындар шығармалары мысал бола алады.

Зерттеудің құндылығы. Абай поэзиясындағы мәңгілік бейне туралы салыстырмалық әдіс тұрғысынан тезаурустық тәсілмен қарастырылған бұл зерттеу нәтижелерін әдебиеттану, лингвистика, мәдениеттану мамандықтары бойынша білім алушыларға дәріс ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ бүгінгі жалпы гуманитарлық ғылымдар саласындағы тезаурустық тәсілдің үлгісі болып табылады.

Аймухамбет Ж.А.
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан.
E-mail: a_zhanat@mail.ru
ORCID: 0000–0002–7061–3000

Тезаурусный анализ «вечного образа» в поэзии Абая

Статья написана в рамках научного проекта «AP09259039 – поэтический тезаурус стихов Абая», финансируемого грантом МОН РК.

Аннотация. В статье на основе сравнительного метода путем тезаурусного подхода рассматривается «вечный образ» в поэзии Абая.

Тезаурусный анализ в системе методов лингвистического анализа представляется особенно важным. Несмотря на схожесть терминов «словарь» и «тезаурус» мнения и выводы исследователей доказывают, что семантическое поле понятия «тезаурус» намного шире. Известно, что метод тезаурусного анализа в сфере современных гуманитарных наук имеет особое значение. В этой связи в работе систематизируются особенности тезаурусного анализа и затрагиваются вопросы входящих в это понятие «вечных

образов». «Вечным образам» свойственны такие характеристики, как содержательная емкость, высокая духовная ценность, поливалентность, широкая распространенность. Именно эти характеристики рассматриваются при анализе поэмы Абая «Ескендир» («Александр Македонский»). В статье сопоставляются сюжеты, связанные с образом Ескендира, в восточной и западной литературе. Автор говорит, что Ескендир является ярким примером вечного образа в поэзии Абая. В том, как поэт раскрывает сущность героя, проявляются его принципы.

В статье описывается, как повествование из священного Корана об Александре Македонском стало мотивом фольклорно–литературных произведений и как складывались «вечные образы» в исторических и литературных традициях. Представлен анализ образа главного героя в поэмах Фирдоуси, Низами, Джами, Навои и в широко распространенных в Европе «романах об Александре», сделаны заключения.

Несмотря на то, что завоевания Александра Македонского остались в глубинах истории, его прославленная жизнь навсегда отразилась в литературе и фольклоре. «Литературный поход» прославленного героя в восточную литературу рассматривается автором в контексте произведений Абая и классиков восточной поэзии. С помощью тезаурусного подхода показывается, как берущий свое начало в священных книгах и фольклорном наследии сюжет возрождается в творчестве великих поэтов.

Ученые, утверждающие, что историческая личность Александр Македонский и герой легенды Ескендир Зулкарнай – это не одно и то же лицо, а два разных человека, не могут представить доказательства, подтверждающие данное мнение. Сюжеты же, легшие в основу произведений великих поэтов, свидетельствуют о том, что эти «два» Ескендира – одна и та же личность. Учитывая, что одной из главных характерных черт вечного образа является поливалентность, автор делает вывод о том, что Ескендира следует воспринимать как собирательный образ правителя, воина и полководца–победителя.

На основе тезаурусного анализа показана противоречивая природа «вечного образа» в поэме Абая «Ескендир», воспроизведение великим поэтом новых граней легендарного сюжета.

Ключевые слова: тезаурусный анализ, концепт, константа, вечный образ, духовная ценность, сюжет, поход, поливалентность, слава.

Zh.A. Aimukhambet
L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Nur–Sultan, Kazakhstan. E-mail: a_zhanat@mail.ru

Thesaurus Analysis of «Eternal Image» in Abay's Poetry

The article was written within the framework of the scientific project «AP09259039 – poetic thesaurus of Abai's poems», funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article considers the «eternal image» in Abay's poetry by the method of thesaurus analysis, based on the comparative method.

Thesaurus analysis is especially important in the system of linguistic analysis. Although the terms "dictionary" and "thesaurus" are similar, the fact that the thesaurus has a wider range of meanings is confirmed by the findings of the researchers. It is known that the thesaurus analysis method is of particular importance in modern humanities. From this perspective, the features of thesaurus analysis in literary studies are systematized and the issue of "eternal image" is raised within the framework of this concept. There are special characteristics of "eternal images" such as capacity, high spiritual value, polyvalence, and wide dissemination, and in analyzing Abay's poem "Yeskendir" (Alexander) attention is paid to these features. Comparative analysis is done on the plots of Yeskendir in eastern and western literature. In Abay's poetry Alexander is a model of an eternal image, and in presenting his nature the poet's position is shown. The content of the article also includes the fact that the story of Alexander the Great in the Holy Quran formed the basis of folklore and literary works and the personification of this "eternal image" in the historical and literary tradition. The analysis of the main character in the poems of Ferdowsi, Nizami, Zhami, Navoi and in the "Novel about Alexander" popular in Europe is presented and concluded.

Although Yeskendir's historical campaigns around the world eventually went into the depths of history, his glorious life continued in folklore and literature. The famous hero's "literary campaign" to oriental literature was considered in the space of the eastern classical poets and Abay's works. The analysis reveals that the plot

lines, dating back to folklore heritage and sacred books, were reproduced in the works of great poets in a unique way.

The scholars, who claim that the historical Alexander the Great and the legend hero Yeskendir Zulkarnaiyn are two different people in history, cannot provide any concrete evidence to support this point of view. The plots about Yeskendir that became the basis for the works of great artists unite these "two" Alexanders as one person. Considering that one of the main characteristics of eternal images is polyvalence, it was concluded that Yeskendir can be recognized as a composite image of a warrior and a victorious commander, who ruled the country.

The contradictory nature of the "eternal image" in Abay's poem "Yeskendir" and the reproduction of the legendary plot by the great poet in a new perspective is shown on the basis of thesaurus analysis.

Key words: thesaurus analysis, concept, constant, eternal image, spiritual value, plot, campaign, polyvalence, glory.

Информация об авторе:

Аймухамбет Жанат Аскербеккызы, *доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Нур–Султан, Казахстан. E-mail: a_zhanat@mail.ru. ORCID:0000–0002–7061–3000.*

Әдебиет:

Тезаурус. – URL: http://ru.wikipedia.org/wiki/ Тезаурус.

Губанов Д. А., Макаренко А. В., Новиков Д. А. Методы анализа терминологической структуры предметной области (на примере методологии) [Управление большими системами]. Выпуск 43. – Москва: ИПУ РАН. 2013. – 17 б.

Кондаков Н. И. Логический словарь–справочник.Москва: Наука. 1975. – 570–587 бб.

Большая Российская энциклопедия. Председатель Науч–ред. совета Ю.С. Осипов. Том 10. – Москва: Большая Российская энциклопедия. 2008. – 696–697 бб.

Луков Вал. А., Луков Вл. А. К теории тезаурусного подхода [Тезаурусный анализ мировой культуры]. Сб. науч. трудов. Выпуск 2. – Москва: Издательство Московского гуманитарного университета. 2005. – 5 б.

Костина А. В. Теоретические проблемы современной культурологии: Идеи, концепции, методы исследования. – Москва: Книжный дом. 2009. – 234 б.

Луков Вл.А. Тезаурусные константы мировой культуры [Гуманитарное знание: тенденции развития в XXI веке]. – Москва: Издательство Национального инситутата бизнеса. 2006. – 559 б.

Вечные образы [Литературная энциклопедия терминов и понятий]. Под ред. А.Н.Николюкина. Институт науч. информации по общественным наукам РАН 2001. – Москва: НПК «Интелвак». 2001. – 121 б.

Луков Вл. А., Захаров Н. В., Гайдин Б. Н. Гамлет как вечный образ русской и мировой культуры. – Москва: Издательство Московского гуманитарного университета. 2010. – 5 б.

Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – Москва: «Наука». 1972 – 6 б.

Плутарх. Сравнительные жизнеописания. В 2–х тт. Том 2. 2–е изд., исправ. и доп. подгот. изд. С. С. Аверинцев, М. Л. Гаспаров, С. П. Маркиш. – Москва: Наука. 1994. – 116 б.

Форкони Д. Александр Македонский: завоеватель мира. Серия: «Тайны истории». Пер. с итал. – Москва: Издательство «Ниола–Пресс». 2008 – 120 б.

Абай. Энциклопедия. Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. 1995. – 229 б.

Науаи Ә. Хамса. Ләйлі – Мәжін; Ескендір қорғаны. Көне өзбек тілінен аударған Н.Айтұлы. – Нұр–Сұлтан: Ғылым, 2019 – 197 б.

Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. –Астана: Фолиант, 2014. – 256–257 б.

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2–том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 11–15 бб.

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1–том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 274 б.

Литература:

Тезаурус. – URL: http://ru.wikipedia.org/wiki/ Тезаурус.

Губанов Д. А., Макаренко А. В., Новиков Д. А. Методы анализа терминологической структуры предметной области (на примере методологии) [Управление большими системами]. Выпуск 43. – Москва: ИПУ РАН. 2013. – 17 с.

Кондаков Н. И. Логический словарь–справочник.Москва: Наука. 1975. – 570–587 сс.

Большая Российская энциклопедия. Председатель Науч–ред. совета Ю.С. Осипов. Том 10. – Москва: Большая Российская энциклопедия. 2008. – 696–697 сс.

Луков Вал. А., Луков Вл. А. К теории тезаурусного подхода [Тезаурусный анализ мировой культуры]. Сб. науч. трудов. Выпуск 2. – Москва: Издательство Московского гуманитарного университета. 2005. – 5 с.

Костина А. В. Теоретические проблемы современной культурологии: Идеи, концепции, методы исследования. – Москва: Книжный дом. 2009. – 234 с.

Луков Вл.А. Тезаурусные константы мировой культуры [Гуманитарное знание: тенденции развития в XXI веке]. – Москва: Издательство Национального инситутата бизнеса. 2006. – 559 с.

Вечные образы [Литературная энциклопедия терминов и понятий]. Под ред. А.Н.Николюкина. Институт науч. информации по общественным наукам РАН 2001. – Москва: НПК «Интелвак». 2001. – 121 с.

Луков Вл. А., Захаров Н. В., Гайдин Б. Н. Гамлет как вечный образ русской и мировой культуры. – Москва: Издательство Московского гуманитарного университета. 2010. – 5 с.

Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – Москва: «Наука». 1972 – 6 с.

Плутарх. Сравнительные жизнеописания. В 2–х тт. Том 2. 2–е изд., исправ. и доп. подгот. изд. С. С. Аверинцев, М. Л. Гаспаров, С. П. Маркиш. – Москва: Наука. 1994. – 116 с.

Форкони Д. Александр Македонский: завоеватель мира. Серия: «Тайны истории». Пер. с итал. – Москва: Издательство «Ниола–Пресс». 2008 – 120 с.

Абай. Энциклопедия. Главный ред. Р. Н. Нургалиев. – Алматы: Главная редакция «Казахской энциклопедии», издательство «Атамура». 1995. – 229 с.

Навои А. Хамса. Лейли–Меджнун; Стена Искандера. Перевод с древне–узбекского Н. – Нур–Султан: Изд–во «Наука». 2019 – 197 с.

Каскабасов С. Избранное. Т. 2. Мифология. Фольклор. Литература. – Астана: «Фолиант». 2014. – 256–257 сс.

Абай. Полный сборник академических произведений. В трех томах. Том 2. – Алматы: Изд–во «Жазушы». 2020. – 11–15 с.

Абай. Полный сборник академических произведений. В трех томах. Том 1. – Алматы: Изд–во «Жазушы». 2020. – 274 с.

References:

Thesaurus. – URL: http://ru.wikipedia.org/wiki/ Thesaurus.

Gubanov D. A., Makarenko A.V., Novikov D. A. Methods of analysis of the terminological structure of the subject area (on the example of methodology) / [Management of large systems]. Issue 43. – Moscow: IPU RAS. 2013. – 17 p. (in russ).

Kondakov N. I. Logical dictionary–reference book. – Moscow: Nauka. 1975. – 570–587 pp. (in russ).

The Great Russian Encyclopedia. Chairman of the Scientific Ed. The Council of Y.S. Osipov. Volume 10. – Moscow: The Great Russian Encyclopedia. 2008. – 696–697 pp. (in russ).

Lukov V. A., Lukov V. A. On the theory of the thesaurus approach // Thesaurus analysis of world culture: Collection of scientific works. Issue 2. – Moscow: Publishing House of the Moscow Humanitarian University. 2005. – 5 p. (in russ).

Kostina A.V. Theoretical problems of modern cultural studies: Ideas, concepts, research methods. – Moscow: Book House. 2009. – 234 p. (in russ).

Lukov V.A. Thesaurus constants of world culture // Humanitarian knowledge: development trends in the XXI century. – Moscow: Publishing House of the National Institute of Business. 2006. – 559 p. (in russ).

Eternal images // Literary Encyclopedia of terms and concepts. Edited by A.N.Nikolyukin. Institute of Scientific Information on Social Sciences of the Russian Academy of Sciences 2001). – Moscow: NPC «Intelvak». 2001. – 121 p. (in russ).

Lukov V. A., Zakharov N. V., Gaidin B. N. Hamlet as an eternal image of Russian and World culture. – Moscow: Publishing House of the Moscow Humanitarian University. 2010. – 5 p. (in russ).

Kostyukhin E.A. Alexander the Great in the Literary and Folklore tradition. – Moscow: Nauka. 1972 – 6 p. (in russ).

Plutarch. Comparative biographies. In 2 tt. Volume 2. 2nd ed., corrected. and additional ed. by S. S. Averintsev, M. L. Gasparov, S. P. Markish. – Moscow: «Nauka». 1994. – 116 p. (in russ).

Vorconi D. Alexander the Great: Conqueror of the World. Series: «Secrets of history». Translated from Italian. – Moscow: Publishing House «Niola–Press». 2008 – 120 p. (in russ).

Abai. Encyclopedia. Chief editor R. N. Nurgaliev. – Almaty: The main editorial office of the Kazakh Encyclopedia, Atamura Publishing House. 1995. – 229 p. (in kaz).

Navoi A. Khamsa. Leyli–Majnun; Iskander's Wall. Translated from the Ancient Uzbek N. – Nur–Sultan: Publishing house «Science». 2019 – 197 p. (in kaz).

Kaskabasov S. Favorites. Vol. 2. Mythology. Folklore. Literature. – Astana: «Foliant». 2014. – 256–257 pp. (in kaz).

Abai. A complete collection of academic works. In three volumes. Volume 2. – Almaty: «Zhazushy» Publishing House. 2020. – 11–15 pp. (in kaz).

Abai. A complete collection of academic works. In three volumes. Volume 1 (2020). – Almaty: «Zhazushy» Publishing house. 2020. – 274 p. (in kaz).

ҒТАМР 17.07.61 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-07

Саурықов Е.Б., Тамабаева Қ.*, Елубаева Р., Кембаева А.
Халықаралық Тараз инновациялық институты. Тараз, Қазақстан
E-mail: karakoz14@mail.ru
ORCID 0000-0002-5763-0703, 0000-0001-6734-9635,
0000-0001-7544-6523, 0000-0001-7159-5230

Ш. АЙТМАТОВ ЖӘНЕ Ш. МҰРТАЗА: ОЙ-ТАНЫМ ҮНДЕСТІГІ

Аңдатпа. Аударма – күрделі жанр. Көркем шығарма табиғатын түйсініп, автордың айтарын, сезім иірімдерін жеткізу – үлкен еңбекті, шеберлікті қажет ететіні даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, қырғыздың ұлы жазушысы Ш.Айтматовты қазақша сөйлеткен Ш.Мұртазаның дарынды аудармашы екендігін бағамдаймыз. Мақала екі кесек тұлғаның көркемөнер табиғатын, сөз өнерінің құдіретін шын сезінгендігіне, ұлттық рухты шынайы жеткізудегі шеберліктеріне арналған. Шыңғыс Айтматов пен Шерхан Мұртазаның шығармашылық тұлғаларындағы ой-танымүндестігі жекелеген көркем туындылары негізінде талданады. Көркем туындыны аударуда көркемдегіш тәсілдердің қолданылу ерекшеліктері, сөз табиғатының өзіндік маңызға ие екендігі бағамдалады.

Мақаладан аудармамен айналысу – шығармашылық өнер, оның ішінде рухани дамуға өзіндік игі әсері бар мәдени құбылыс ретінде сипатталады. Осы себепті де, тақырыптың өзектілігі айқындалып, қос қаламгердің жазушылық жолдағы мақсат-мүдделерінің өзара байланысы, концепциялық ұстанымдары сөз болады.

Ең бастысы, тақырып пен идеяның тұтастығы, шығармадағы кейіпкер әлемі мен тартыс табиғатын беруде Шерхан Мұртазаның Шыңғыс Айтматовты жан–тәнімен сезініп, ұтқыр ойларымен, оралымды тілдік өрнектермен жеткізгендігі айқын танылады. Бұл орайда, салыстырмалы талдау, кешенді, тағы басқа да әдіс-тәсілдер қолданылады.

Шыңғыс Айтматов – өзінің көркем туындыларын қырғыз және орыс тілдерінде қатар жазған. Шерхан Мұртаза да орыс, қырғыз тілдерінің барлық құрылымын, тілге тән өзіндік ерекшеліктерін жіті меңгерген. Осыдан келіп, мақалада талданған үзінділерді Шерхан Мұртаза өте түсінікті, көркем аудара алғандығын көреміз. Алынған үзінділер арқылы көркем шығарманың идеялық ерекшелігін, жалпы сол уақыттағы өмір шындықтарын, адамдар болмысын тура бағамдауға болады.

Негізінде Шыңғыс Айтматов – өмір философиясын жан-жақты жеткізген, махаббат пен сұлулықты дәріптеген гуманист жазушы. Және дүниетаным кеңістігіндегі эпикалық мәнерден манасшылдық та байқалмай қалмайды. Осылардың барлығы Шерхан Мұртаза аударуында сәтті көрініс тауып, ұлы суреткер шығармашылығында уақыт пен кеңістік категориясы – көркемдікке қызмет ететін шартты ұғымдар ретінде қабылданады.

Өткен ғасырдың шебер реалисі Ш.Айтматов қандай ұлы жазушы болса, Ш.Мұртаза да өз кезегінде ұлттық әдебиетіміздің дамуына шексіз үлесін қосқан, руханияттың шын жанашыры, шебер сөз зергері екендігі мақала барысында дәйектеледі.

Шыңғыс Айтматов шығармаларының қазақ оқырмандарына кеңінен таралуы Шерхан Мұртаза сынды шебер аудармашының үлесінің мол болғандығының әсері екендігі мақалада талданып, дәлелденеді.

Кіріспе. Әдебиет – ұлы күш. Халықтың рухани байлығы – көркем әдебиетті жасайтын тек қана талантты ұлы дарындар. Талантты тұлғалардың әрбірінің өмірі мен шығармашылығы өзінің туған халқының тағдырымен, өркендеу тарихымен табиғи байланысты болады. Әрбір халықтың да генофонына саналатын ұлы тұлғалары болады. Оларсыз ол ұлттың рухани дамуы еш мүмкін емес. Қырғыз халқының осындай

ұлы тұлғасы Шыңғыс Айтматов болса, қазақ халқының кесек тұлғасы Ш.Мұртаза – тек алғыр журналист, шебер прозашы, дарынды драматург қана емес, публицистика мен аударма жанрында да елеулі еңбек еткен талантты сөз зергері.

Ақпараттық жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық қарым-қатынастарды жаңғырту, оның сапалық құзыреттілігін жаңа деңгейге көтерудің бір тәсілі – аударма. Қазіргі таңда қазақ аударматану ғылымы жедел даму үстінде. Қазақ ақын-жазушыларының туындыларының әлемдік деңгейде танымал бола бастауына соңғы жылдары ғана мүмкіндік туды. Аударматану – тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, әлемнің тілдік бейнесін танымдық тұрғыда зерделейтін сала. Соның негізінде аударматану – ғылымдар арасындағы ынтымақтастықты орнықтыратын, тілдердің мүмкіндіктерін танытатын ілім ретінде қалыптасты. Көркем туындыларды аудару арқылы түпнұсқада қамтылған әлеуметтік мәселені, негізгі ойды басқа тіл оқырманына жақын етіп кескіндеуге тырысатын, оған қоса, өзге жұрттың наным–сенімін, дүниетанымын беру арқылы сол ұлттың рухани әлемінен, жан дүниесінен, оқырманын хабардар етуді де мақсат тұтатын аударма дүниелер жарыққа шығып жатыр.

Аударма шығармашылығы – интеграциялық үрдістердің жедел қарқын алуына ықпалын тигізетін тілдік және мәдениеттанымдық тетіктердің бірегейі саналады, соған орай, бұл да заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелер деуге болады.

Осы тұрғыдан алғанда, әрбір аудармашының көркем аудармадағы шеберліктерін саралап, көркемдік танымға қосқан үлесін бағамдауды рухани жаңғыру бағытындағы, ұлттық әдбиетіміздің даму ерекшеліктерін айқындаудағы маңызды қадам деп бағалауға болады. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза да дербес қолтаңбасы айқындалған, өзіндік стилі бар қаламгер ретінде аударма жанрына ерекше ыждаһаттылықпен қарады.

Жазушының өмірбаяндық деректеріне қарап отырсақ, шығармашылықтың өзіне аударма жанры арқылы келгендігін бағамдаймыз.

«Аударма бұл адамзат әрекетінің күрделі де көп қырлы түрі. Әдетте, аударманы «бір тілден екіншісіне аудару» деп қарастырғанмен, шындығында аударма жай ғана бір тілді екінші бір тілмен алмастыру үдерісі емес. Аударма барысында әртүрлі мәдениеттер, тұлғалар, түрлі әдебиеттер, дәуірлер, дамудың түрлі деңгейлері, салт-дәстүрлер қақтығысады. Аударма мәселесі мәдениеттанушыларды, этнограф, психолог, тарихшы, әдебиеттанушыларды қызықтырады және аударма іс-әрекетінің әртүрлі жақтары сәйкес ғылымдар аясында зерттеу нысаны бола алады». Жалпы аударма жасау өте күрделі де қиын жұмыстардың бірі. Бұл жұмыспен айналысу үшін аударма ісінің қыр–сырын білетін жетік маман болу қажет. Талантты туындының рухани әлемі – көпке ортақ. Аудармашының жасаған аудармасы төрт аяғынан тең түсіп жатса, мұның өзі – үлкен бақыт. Осы тұста, қырғыздың классигі Шыңғыс Айтматовты бағы жанған қаламгер деп айтсақ, асылық емес. Шерхан Мұртаза оның «Қош, Гүлсары!», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида» сынды шоқтығы биік туындыларын қазақша сөйлетті. Бір ғажабы, Шыңғыстың шығармаларын бір Шерхан Мұртаза ғана емес, қазақтың өзге де қаламгерлері басқа шығармаларын тамаша аударған. Мәселен, Әбіш Кекілбаевты («Ерте келген тыр-

наларды» орысшадан аударған), Қалжан Нұрмахановты («Жәмилә», «Құс жолы», «Бетпе-бет», «Алғашқы ұстазды» қырғызшадан қазақшаға), Айқын Нұрқатовты («Шынарым менің, шырайлым менің» орыс тілінен аударған), Зейнолла Қабдоловты («Қызыл алманы» орысшадан аударған), Қалтай Мұхамеджановтарды («Ақ кемені» орысшадан аударған) атап айтсақ болады (Саурықов, 2018: 106).

Материалдары мен әдістер. Әрбір талантты қаламгер өзінің аудармаларына үлкен сын көзбен қарайды. Шығармалары аударылып жұртқа тарап жатса, малдана қалатын қаламгерлер де жеткілікті. Алайда, олардың шығармалары сол уақыттың ғана сұранысына ие болып, кейінніректе шаң басып жатып қалатыны да аян.

Бір ғажабы, Ш.Айтматов шығармаларын қазақ аудармашылары үлкен сүйіспеншілікпен, зор жауапкершілікпен аударғанын байқауымызға болады. Сонымен қатар, олар Шыңғыс шығармаларын тек сөзбе-сөз аударып емес, шынайы рухын халыққа жеткізуге ерекше ден қоя білген. Осылардың ішінде, Шыңғыс Айтматов орысша, қырғызша жазғандарын түпнұсқадан тікелей аударған Шерхан Мұртазаның орны дара деп айтсақ, артық кетпегеніміз. Екі қаламгердің көркемдік әлемін, тіл кестесін талдау, жинақтау, салыстыру арқылы ғылыми пайымдауларға жол ашамыз.

Нәтижелер. Шерхан Мұртаза оның шығармаларын аударуды «Ботагөз» повесінен бастаған болатын. Аудармашы ретінде ол Шыңғыс Айтматов шығармаларының рухын тура бере білген. Мәселен: әлемге танылған, Шыңғыс шығармашылығының шоқтықты биігі болған «Қош бол, Гулсары» повесіндегі «Ни у кого из людей не было таких ласковых рук. Это были удивительные руки, упругие и четкие, как губы той маленькой гнедой кобылицы со звездой на лбу. И ни у кого на свете не было таких глаз как у этой женщины» үзіндісін алайық (Айтматов, 1967: 24).

Ал, осы шығарма Шерхан Мұртазаның аудармасында былай беріледі: «Адам баласында, ешкімде мұндай аялы алақан жоқ. Бұл бір ғажайып қол. Үйірдегі домалақ, торы төбел байталдың еріндей сүйкімді, жып–жылы алақан. Жер үстінде дәл бұл әйелдің көзіндей әдемі көз ешкімде жоқ» (Мұртаза, 1984: 26).

Осындағы Шерхан Мұртазаның аудармасындағы *аялы алақан, ғажайып қол* қолданыстары сәтті қолданыс тапқан. Шыңғыс Айтматов туындыларын аударуда Шерхан Мұртаза сыршыл поэзия элементтерін де, ұрпақтар сабақтастығы туралы қарапайым түсініктер сиқырын да, ғылыми–техникалық прогресс пен фантастикалық болмыстың арасындағы байланыстар танымы, адам ғұмырының мән–мағынасы туралы философиялық пікірталастардың тереңдігін айнытпай көрсете білген.

«Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау – бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» (Саурықов, 2018: 214).

Мәселен, Шерхан Мұртазаның Гүлсары тұлпардың түр-тұрпатын аударғандағы суретіне назар аударайық. Шыңғыс Айтматовтың орысша түпнұсқасындағы мына бір үзіндіні қарастырайық:

«Прекрасною пору молодости начинал в ту весну буланый иноходец. Из мохнатого кургузого полуторалетки он превращался в стройного, крепкого жеребчика. Он

вытянул корпус, который утратив мягкие линии, принимал уже вид треугольника – широкая грудь и узкий зад. Голова его тоже стала как у истинного иноходца – сухая, горбоносая, с широко расставленными глазами и подобранными, упругими губами. Но ему и до этого не было никакого дела. Одна лишь страсть владела им пока, доставляя хозяйну немалые хлопоты, – страсть к бегу. Увлекая за собой своих сверстников, он носился среди них желтой кометой. В горы и вниз со склонов, вдоль по каменистому берегу, по крутым тропам, по урочищам гоняла его без устали какая–то неистощимая сила. И даже глубокой ночью, когда он засыпал под звездами, снилось ему, как убегала под ним земля, как ветер посвистывал в гриве и ушах, как лопотали и словно бы звенели копыта» (Айтматов, 1967: 96).

«Сол бір көктемде сары жорғаға жас дәуреннің қызығы мол еді. Жабағы жүндес жадағайлау тапал тай құлпыра түсіп, құнан шығып келе жатты. Бойы жазылып, тұрқы ұзарып, бұрынғы балауса жұмыр денесі енді шиыршық атып, кеудесі дамып, қарны қаншырдай қатып тұлғалана түсті. Кең қолтық, тар бөксе, басы да нағыз жорғаға жарасымды бас, қырнап алар қырым еті жоқ бөкен тұмсық тостағандай төңкерілген көздері алшақ біткен, жымқырма жинақы ерін. Бірақ өзінің бұл сымбатын біліп жатқан Гүлсары жоқ. Бұл кезде оның бар құмары тынымсыз шаба беру еді. Қожайынға да тыныштық жоқ. Өзі құралпы тай–құнанды еліктіріп, еліртіп, солардың арасында сап–сары жұлдыздай боп ағып жүргені. Қайдағы бір қажымас күш бойын кернеп, өрге шабады, өрден ылдиға, ылдидан сайға, сайдан қырға, тай–тасты қоймай тасырлата кезеді. Жұлдыздар жамырап, түн жамылып, жылқылар жусап жатқан кезде де, Гүлсары түсінде аяғының астында танабы тарылып, зымырап жердің қалып бара жатқанын көріп, құлағында жел ызыңдап, тұяқтарының тарсылы қоңыраудай сыңғырлап естілер еді» (Мұртаза, 1984, 136).

Алынған үзінділерде Шыңғыс Айтматовтың түпнұсқадағы көркемдік әлемі, идеяны жеткізудегі өзіндік машық-мәнері түгел сақталғанымен қатар, тілдік құрылым жағынан өте шебер қолданыстар болғандығын көреміз. Жалпы Шыңғыс Айтматов шығармаларын аударуда Шерхан Мұртазаға сол кезеңдегі цензура да көп әсерін тигізген. Қазақ арасындағы кең таралған көре алмаушылық шығармашылық өкілдерінің арасында да болғаны жасырын емес. Солардың түрлі қауесетін естіген үкімет басындағылар мен зиялы азаматтар Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы қазақ даласының суреттеудегі шеберлігін тіпті басқа қырынан сипаттады. Осыдан келіп, Шерхан Мұртазаға Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын аударуына үзілді-кесілді қарсы шыққандар да болды.

Бұл туралы аудармашы-жазушының өзі былай дейді: «Менің әр кітаптан үзіп–жұлып алып отырғаным – Айтматов көтерген зілмауыр проблемалардың бірлі-жарымы ғана. Жазушының жүрегін тасжарғандай жарып өтіп, әлем, адам алдына қойылған қаншама сұрақтар тұр десеңізші.

Мен «Боранды бекетті» қазақшаға аударып жүргенде мынадай бір сорақылау әңгіме болды. Сол кездегі Госкомиздаттың бастығы баспаның директорын қысады: «Буранный полустанокті» аударуға неге шарт жасастың? – деп. – Қалайда шартты бұз. Мұртазаевқа айт: басқа кітап аударсын!» – деп. Мұртазаев оған көне қоймайды. Ол кітап аударса, ақша табу үшін аударып жүрген жоқ. Өзінің жазатын дүниесі же-

теді. Аударса, Айтматовтың кітабын шын құлай сүйгендіктен, бар жан-тәнімен беріле аударады (Жұмабек, 2002: 26).

Сан жөнінен, көлем тұрғысынан қарағанда, Шыңғыс Айтматов туындыларының мөлшері көп емес, кез келген әдебиеттегі қарабайыр, коңыртөбел прозаиктердің бірқатары ондай нәрселерді елуге жетпей-ақ, жазып тастай береді ғой. Ал мағына, тереңдік, көркемдік критерийлеріне жүгінсек, қазіргі әлем өнерінің ең үздік шығармаларының қатарында Айтматов туындыларының көрінуі, қырғыз, қазақ әдебиеттері үшін ғана емес, кеңес әдебиетінің мерейі, халықтық, гуманистік мұраттарды ұстанатын өнер салтанаты.

Шыңғыс Айтматов талантының сапалы бір ерекшелігі, ол әрбір кезекті шығармасында тың өмірлік материалды ала отырып, соны стильдік, композициялық форма пайдаланып, жаңа образдар, тосын тұлғалар тудырып, ерекше көркемдік әлем ашады. Айрықша ескерер жайт – күні бүгінге дейін ол бір шығармасында қолданған баяндау тәсілін, архитектоника элементтерін екінші рет қайталаған жоқ. Үнемі, тұрақты қайталанатын бір-ақ нәрсе бар. Айтматовтың барлық туындысының темірқазығы – адам, ауыр тағдырлы, трагедиялық қаһарман. Жәмиладан басталған осы арна Танабай, Едігеге жетіп, енді Авдий Калистратов, Бостан Үркіншиев болып жалғасып барады» (Тұрлыбек, 2019: 67).

Жазушы творчествосындағы ең үлкен сарын, басты пафос өмірдің сұсты келбетін, тіршіліктің қаһарлы сырын реалистік дәлдікпен, азаматтық адалдықпен, суреткерлік шыншылдықпен, қаламгерлік тереңдікпен бейнелеу, адамдар тағдырындағы диалектикалық қайшылықтарды ашу, өмір мен өлімнің мәңгілік тайталасындағы жеке адамның орнын көрсету; жазушы науқандық, өткінші ұрандарға бой алдырмай, көркемдік, идеялық, шыншылдық талаптарын берік те қатал ұстанады. Әдебиет тарихы қанша тереңде жатқанымен, жазба ескерткіштері мол болғанымен, қазақ, қырғызда реалистік әңгіме, повесть, роман дәстүрінің шағындығы әр кезде шаң беріп қалады. Біреулер фольклорлық сарындарға түсіп кетсе, екіншілер әдеби схемаларға құрылады. Аңыз, миф байлығы мен реализм мектебіндегі шеберлік сырларын әлеуметтік, психологиялық проза сабақтарына берік ұластырып, қазіргі заманның күрделі шындықтарын ашатын, ұлттық бояуы қанық, интернационалдық байлығы мол, философиялық терең мазмұнды формасымен көз тартатын жүзіктің көзінен өткендей көркем, ықшам, қорғасындай салмақты туындылардың тұтас галереясын жасады.

Айтылған қорытындыларды «По праву памяти, творческое наследие выдающегося мастера художественного слова Ч.Айтматова останется в мировой литературе, поскольку к проблемам планетарного масштаба он выходил через национальное миросозерцание, говоря о проблемам вечных, общечеловеческих. Филологический анализ прозы и публицистики Ч. Айтматова обогатит мировое литературоведение новыми акцентами в анализе стиля и поэтики, новым прочтением малой прозы писателя» (Жаппаркулова, 2020: 37), – деген пікір де айқындап тұр.

Әлемдік әдебиетке тың тақырып, соны идея алып келген, авторлық концепцияның кемелдігін танытқан Ш.Айтматовтың суреткерлік шеберлігін әдеби-сыни және ғылыми тұрғыдан тану қырғыз ұлтының әдебиеті үшін қандай қажет болса, қазақ

әдебиеті үшін де үлкен маңызға ие. Қазақ пен қырғыздың салт-дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін, мінез-құлық, болмыс-бітімін бала күнінен бойына дарытып өскен Шерхан Мұртазаның Ш.Айтматов шығармаларын аударуға аса ықыласты болуына осы жағдайлар әсер етсе керек.

Өмір жолына көз жүгіртсек, Ш.Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмірі бастан-аяқ қазақ халқымен тығыз байланысты болды. Сонау «Жәмиладан» бастап, әлемге танымал «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жанпида» сияқты барлық шығармаларындағы көркем образдарының рухы мен мінезі қырғыздан гөрі қазаққа өте-мөте жақын еді. Жазушының өзі де қазақ ауылымен іргелес, қоныстас жерде туып-өскен. Әкесі Төреқұлды Тұрар Рысқұлов қолынан жетектеп жүріп, Ташкентке оқуға түсірген. Кейін қырғыздың көрнекті қоғам қайраткері болған, 1938 жылы «халық жауы» ретінде атылып кеткен Төреқұл Айтматов Т.Рысқұловтың тікелей тәрбиесін көрген шәкірті болған.

Бес жасында әкесі Мұртаза «Рысқұловщина» деген жаламен ұсталып кеткеннен бастап, бала Шерханның алаң көңілі қандай қызмет атқарса да, Рысқұлов туралы ізденуде болды. Осылай, Шыңғыс Айтматовпен өмір жолы түйісіп, жазушылық жолында ұлы талантына бас иеді.

Әйгілі жазушы «Ақ кеме» повесінде кішкентай ғана баланың көзімен күллі әлемнің қуанышы мен қайғысына үн қосқан аңыз бен мифті шындықпен астастыра суреттейді. «Қош бол, Гүлсары!» – жүйрік жылқының тағдыры арқылы қоғамдық–әлеуметтік болмысты тереңнен тануға арналған. «Жан пида» романын қалың қазақ оқырманы кезінде жақсы қабылдаған. Роман қасқырлар тіршілігі арқылы табиғат пен адам баласы арасындағы күрделі қарым–қатынасты биік адамгершілік деңгейде көтеруімен терең ой салады. «Ғасырдан да ұзақ түн» романында және «Шыңғысханның ақ бұлты» повесінде заман зарын, адамзаттың трагедиялы тағдырын толғайды. Табиғаттың жазы мен күзі, қысы мен көктемі алмасып келіп отыратынындай, адам баласының да қилы–қилы мінездері «Қызыл алма» шығармасында сәтті ашылған. Ш.Айтматовтың «Жәмилә» повесі кезінде Ресей ғана емес, Еуропаның өзін таңырқатқан.

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын қазақ тіліне аударуда Шерхан Мұртазаның жазушының адамдық болмысын жан-жақты тани алғандығын байқаймыз. Ш.Мұртазаның Шыңғыс Айтматовпен ой-танымбірлігі мен ұлттық ұстаным тұрғысында өзара үндесіп жатқандығын байқаймыз. Ал, аудармашылық шеберлігін терең айқындау мақсатында Шыңғыс Айтматовтың басқа шығармаларын аударған қазақ жазушыларымен салыстырып көрелік. Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» романын белгілі драматург Қ.Мұхамеджанов аударған. Аударылу барысын талдап көрелік. Шыңғыс Айтматовтың қырғызша түпнұсқасында:

«Орозкул бүгүн таң эртеден бери ачуулу. Эртең менен балта-чотту алып, суудан өтүп, токойго жөнөрдө Момун чал баланы мектебине алпарып келе коеюн деп жинине бир тийген. Алжыган чал да! Күндө эртең менен ат токуп, баланы бир жеткирет, түштө дагы чаап барып, мектептен апкелет. Мынча эмне таштандынын убарасын тартат! Кокуй, мектебине кечигип калбасын деп шашып турганын кантесиң. Кудай берди болуп, бүгун быякта мындай иш чыгып атса, акыры эмнет менен бүтөр экен деп, жан кыйпычыктап турса, чал жинге тийбедиби: балам дейт, мектеби дейт....

Азыр эле жеткире коюп, кайра чаап келе калам. Бала мектебинен кечиксе мугалим эжейине уят болор», – дейді (Айтматов, 1991: 105).

Осы үзіндіні Қ.Мұхамеджанов былай аударады: Бүгін таң атқалы Оразқұлдың көңіл-күйі онша емес. Ертеңгілік балта, араны алып, арғы бетке жинала бергенде, Момын шал баласын мектепке апарамын деп асығып жатты. Бұл шалдай алжыған қақбас бұл дүниеде жоқ. Құдайдың құтты күні таң атпай баланы мектепке апарып, кешке алып қайтамын деп шаба жөнеледі. Осы бір айдалада қалған жетімекті әлпештеуден қолы тимейді. Мектепке кешігіп барса, дүние қараң қала ма екен. Ал, мынаны төмен түсіріп, қашан көзін жойғанша, қаншама машақаты бар екенімен жұмысы болмағаны ғой сонда. «Мен, – дейді, көзді ашып–жұмғанша апарып тастаймын да келем, бала оқудан кешігіп қалса, мұғалім апайдан ұят». Ұялатын адамды тапқан екен. Мұндай ақымақ миғұла бола ма?» (Айтматов, 2005: 75).

Бұл шығарманы Қ.Мұхамеджанов та өте түсінікті, көркем аудара алған. Осы үзіндіні оқи отырып, повестің идеялық ерекшелігін, жалпы сол уақыттағы өмір шындықтарын, адамдар болмысын тура бағамдауға болады. Дегенмен, Шерхан Мұртазаның сөз саптауы мен көркемдік әлемінде жеңіл юмор, әдемі тіркестер, қысқа тіркестер көп қолданылады.

Ш.Айтматовтың тілі мен образдар жүйесінде суреткерлік мол. Және дүниетаным кеңістігіндегі эпикалық мәнерде манасшылдық бар. Жазушы романдарының поэтикалық сипаты турасында жас зерттеуші О.Арукенова мынадай жаңаша ой түйіндейді: «The writers, representatives of the nomadic civilization of Central Asia mostly successfully expressed the key layers and meanings in their works through natural phenomena and images of totem animals, relying on ethnic plots and mythology. The motives of mixed Turkic–Persian folklore always fill the pieces of writingwith mystical power and metaphor, which is also specificof the work of Chingiz Aitmatov. The anthropogenic myth of the deer–ancestress of the Kyrgyz tribe from the ancient Turkic folklore is one of the substantial layers of the novel» (Arukenova, 2021: 78).

Жазушының шығармалары дүниежүзінің 128 елінде 176 тілге аударылған. Классик жазушы Шыңғыс Айтматовтың соңғы шығармаларының бірі – «Когда падают горы» («Таулар шөккенде») романы. Бұл роман 2006 жылы Мәскеуде жарық көрді. Ал, қазақ тілінде жеке кітап болып басылмаған «Тау құлаған», «Кассандра таңбасы» романдары мен «Шыңғысханның ақ бұлты» хикаятын орыс тілінен жазушы Нұрлан Қами аударған.

Заманымыздың ұлы суреткері Шерхан Мұртаза шығармалары да дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылуда. Әрине, оның шығармаларының өзге тілдерге аударылуы автор үшін де, аудармашылар үшін де ерекше олжа екендігін атап кеткеніміз жөн. Шерхан тілін аударушылардың басқа аудармашылар сияқты негізгі мақсат–міндеттері – жазушы шығармаларының рухын оқырманға дәл жеткізе білу. Оның туындылары да одақтық және шетел халықтарының тіліне аударылды.

Әдебиет атты ардың ісіне белсене араласқан Ш.Мұртаза өзіндік бедер қалыптастырған, ұлттық қазынамызды алтын сандығын байытып, шоқтығы биік шығармалар сыйлады. «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық» деген Сақ құлақ бидің айтқанының нақты мысалы Ш.Мұртаза деп тануға болады.

Шыңғыс Айтматов – әлем таныған тұлға. Ал, Қазақстанда Шер-ағаны білмейтін адам жоқ. Көркем шығармалары арқылы адамзаттың ой-өрісін көтеріп, санасына сәуле құйған, руханияттың көшін сүйреп, өмір философиясын шерткен екі замандас сөз зергерінің де өзіндік мектеп қалыптастырғаны анық.

«The literature is an echo and the state, peculiar only to it in every epoch. As far as human development,which is advancing from the most ancient timesis restless, continuous process, so the art of ideas in the manner of artistic paintings, understanding of the world and life through the images of its artistic descriptions and images is continuously updated phenomenon.Fiction literature in any period shows the mutual relationship, world outlook, dreams and desires, people's life purposes of a certain time, as a kind of social consciousness of humanity.We feel that the development of literature and the fine arts in different historical periods can be realized through a novelty from previous literary models and art principles, sometimes even changing the old canons at the root, so that the execution of the mastery of its era, in accordance with the requirement of time. If we look at the history of many centuries of fruitful long–term growth and improvement of Kazakh literature, we note that this process proceeds without obstacles and continuously» (Алиева, 2016: 264), – деген пікірді назарда ұстай отырып, екі жазушы да өз дәуіріндегі әдебиетті дамытуға өлшеусіз үлес қосты десек, артық айтпағанымыз.

Екі тұлғаның өмір жолы мен ұлтқа деген қалтқысыз сүйіспеншілігі ұқсас. Балалық шақтары соғыстың отына шарпылып, түтініне қақталған ұрпақтың өкілі.

Қорытынды. Қазақ әдебиетінің әлемдік арнада көрініп, таралуы кең өріс алып келеді. Мұның өзі егемен елдің тәуелсіздік тұғырын рухани салалар арқылы нығайтып, шеңбер–аясын жаңа тақырып, мазмұнмен, соны түр, өлшем-өрнектермен көркем бедерлей түскенінің бір белгісі болса керек.

«Адамзаттың Айтматовы» аталған Шыңғыстай ұлы жазушының шығармашы-лық мұрасы әлемге паш етілді, көптеген зерттеулер жүргізілді. Ал, осы алып жазушының шығармаларын қазақ тіліне тәржімалау арқылы шеберліктің шыңына шыққан Ш.Мұртаза секілді белгілі жазушының аудармашылық қырын, айқындауға ұмтылдық. Көрнекті қаламгердің аударма саласына қосқан үлесін, өз шығармаларының басқа тілдерге аударылуына да өте жауапкершілікпен қарап, аудармашылармен достық қарым-қатынаста болғандығын таразылау арқылы шынайы талант иесі, дарынды қаламгер ретіндегі қолтаңбасын бағамдауды мақсат еттік. Әсіресе, халық қалаулысы бола отырып, халқының мұңын мұңдап, жоғын түгендеген қайраткердің ар-абыройдың ең биігінде тұрған ерен тұлға екендігін түйсіндік.

Ш.Мұртаза – әмбебап тұлға. Оның аудармашылық қыры туралы сөз қозғағанда Шыңғыс Айтматов туралы айтпау еш мүмкін емес. Ұлттық рухтан нәр алып, қанаттанған қос қайраткердің де ұлы мұраттар жолында атқарған істері өте көп. Ш.Мұртазаның ұлы мұрат жолындағы Тұрар Рысқұловтай тұлғаны тірілтіп, әдеби ескерткіш орнатуы, осы жолға ширек ғасырдан астам уақытын сарп етуі, сол арқылы оның шәкірті болған Шыңғыс Айтматовтың талантын жоғары бағалап, ерекше ден қойғаны да өзінше ерлік.

Қорыта айтқанда, Шыңғыс пен Шерхан шығармашылығындағы рухани ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Шыңғыс Айтматовтың

көркем әдебиетке деген адалдығы Шерхан аудармаларында нақты жеткізіліп, өзінің көркем туындыларында көркем проза тілімен көркемделіп жарқырай түсті. Көркем әдебиеттегі басты талап пен биік тұғыр – өмір шындығы мен көркемдік шешімнен бастау алары хақ. Бұл тұрғыдан алғанда, екі ел әдебиетінің нар суреткері өмір шындығының сәулесіне баланатын қоғамдық болмысты образдар арқылы бейнелейді.

Шыңғыс Айтматов та, Ш.Мұртаза да кез-келген тақырыпты талғамсыз, кездейсоқ жазбаған. Олар өздері көріп-білген жайларды тереңнен толғап, шабытпен, серпінмен жазады. Өздерін толғандырып, қолына қалам ұстатқан тақырыбын жаңа көзқарас, бедерлі бейнелеулер арқылы ұтымды, әсерлі етіп береді. Бұл – екі суреткердің де ойтанымының үндесіп жатқандығының кепілі, жазушылық, шығармашылық кредосы.

Саурыков Е.Б., Тамабаева К.*, Елубаева Р., Кембаева А.
Международный Таразский инновационный институт. Тараз, Казахстан
E-mail: karakoz14@mail.ru
ORCID: 0000-0002-57630703, 0000-0001-6734-9635,
0000-0001-7544-6523, 0000-0001-7159-5230

Ш. Айтматов и Ш. Муртаза: гармония мысли и познания

Аннотация. Перевод – сложный жанр. Неоспорим тот факт, что художественное произведение требует большого труда, мастерства, чтобы понять природу, передать чувства автора. С этой точки зрения, мы оцениваем Ш.Муртазу как талантливого переводчика, который научил казахскому языку великого киргизского писателя Ш. Айтматова. Статья посвящена двум великим личностям, в умении мастеству передать национальный дух, истинные чувства художественной природы, могущества искусства слова. Тональность мышления в творческих личностях Чингиза Айтматова и Шерхана Муртазы анализируется на основе отдельных художественных произведениях. Предполагается, что особенности применения живописных приемов в переводе художественного произведения, имеют свои самоактуализации природы слова.

Заниматься переводом статьи – творческое искусство, в том числе культурное явление, имеющее свое благотворное влияние на духовное развитие. В связи с этим, определена актуальность темы, раскрываются концептуальные позиции, взаимосвязь интересов и целей двух писателей в творческом пути.

Главное, цельность темы и идеи призается очевидным, что Шерхан Муртаза ощущая душой Чингиза Айтматова, своими острыми мыслями и выразительными языковыми выражениями передал в произведении натуру борьбы и мир героя. При этом используются сравнительный анализ, комплексный и другие методы.

Чингиз Айтматов – свои художественные произведения написал на кыргызском и русском языках. Шерхан Муртаза также владел всем строением русский, киргизский языки, достаточно владел специфическими особенностями языка. Исходя из этого, мы видим, что проанализированные в статье отрывки Шерхан Муртаза сумел перевести очень понятно, художественно. По полученным фрагментам можно прямо судить об идейной специфике художественного произведения, реалиях жизни того времени в целом, бытии людей.

Чингиз Айтматов – писатель-гуманист, всесторонне передающий философию жизни, прославляющий любовь и красоту. И манасность от эпического стиля в пространстве мировоззрения тоже не останется незамеченной. Все это успешно отражено в переводе Шерхана Муртазы и воспринимается в творчестве великого художника как категория времени и пространства – принимается как условные понятия, служащие художественному творчеству.

Каким великим писателем был Ш.Айтматов, мастер-реалист прошлого века, также и Ш.Муртаза, в свою очередь, внес неоценимый вклад в развитие национальной литературы, является истинным сторонником духовности, мастером слова.

В статье анализируется и доказывается, что широкое распространение произведений Чингиза Айтматова казахским читателям способствовало увеличению доли такого искусного переводчика, как Шерхан Муртаза.

Ключевые слова: перевод, художественное произведение, мысль, гармония, национальный дух, писатель.

Saurykov E., Tamabaeva K.*, Yelubaeva R., Kembaeva A.
International Taras Innovative Institute. Taraz, Kazakhstan
E-mail: karakoz14@mail.ru
ORCID: 0000-0002-5763-0703, 0000-0001-6734-9635,
0000-0001-7544-6523, 0000-0001-7159-5230

Sh. Aitmatov and Sh. Murtaza: harmony of thought and knowledge

Abstract. Translation is a complex genre. It is an undeniable fact that a work of art requires a hard work, skill in order to understand nature and convey the feelings of the author. From this point of view we evaluate Sh. Murtaza as a talented translator who taught the Kazakh language to the great Kyrgyz writer Sh. Aitmatov. The article is devoted to two great personalities, for their ability to skillfully convey the national spirit, the true feelings of the artistic nature, the power of the art of the word. Sentiment of thinking in the creative personalities of Chingiz Aitmatov and Sherkhan Murtaza is analyzed on the basis of individual works of art. It is assumed that the features of the use of pictorial techniques in the translation of a work of art have their own self–actualization of the nature of the word.

Engaging in the translation of an article is a creative art, including a cultural phenomenon that has its own beneficial effect on spiritual development. In this regard, the relevance of the topic is determined, the conceptual positions, the relationship of interests and goals of the two writers in the creative path are revealed.

Most importantly, the integrity of the theme and idea is made obvious that Sherkhan Murtaza feeling the soul of Chingiz Aitmatov with his sharp thoughts and expressive linguistic expressions conveyed the nature of the struggle and the world of the hero in the work where comparative analysis, complex and other methods are used.

Chingiz Aitmatov wrote his works of art in Kyrgyz and Russian languages. Sherkhan Murtaza also mastered the entire structure of the Russian, Kyrgyz languages, and had sufficient knowledge of the specific features of the language. Based on this, we see that Sherkhan Murtaza managed to translate the passages analyzed in the article very clearly, artistically. Based on the fragments obtained, one can directly judge the ideological specifics of a work of art, the realities of life of that time in general, and the life of people.

Chingiz Aitmatov is a humanist writer who comprehensively conveys the philosophy of life, glorifying love and beauty. The manasiness of the epic style in the worldview space will also not go unnoticed. All this is successfully reflected in the translation of Sherkhan Murtaza and is perceived in the work of the great artist as a category of time and space – it is accepted as conditional concepts that serve artistic creativity.

Sh. Aitmatov was a great master realist of the last century as well as Sh. Murtaza made an invaluable contribution to the development of national literature is a true supporter of spirituality, a master of words.

The article provides an analysis and proves that the wide distribution of the works of Chingiz Aitmatov to Kazakh readers contributed to an increase share of a skilled translator Sherkhan Murtaza.

Keywords: translation, work of art, thought, harmony, national spirit, writer

Информаия об авторе:

Саурыков Ерболат Байузакович – *ректор Международного Таразского инновационного института, доктор филологических наук, Тараз, Казахстан, ORCID 0000–0002–5763–0703*

Тамабаева каракоз Умирзаковна – *доцент кафедры «Общая педагогика» Международного Таразского инновационного института, кандидат филологических наук, Тараз, Казахстан, ORCID 0000–0001–6734–9635*

Елубаева Рахат Сайлаубековна – *заведующий кафедры «Общая педагогика» Международного Таразского инновационного института, кандидат филологических наук, доцент, Тараз, Казахстан, ORCID 0000–0001–7544–6523*

Кембаева Айнур Тураровна *– директор Научно–исслеовательского центра «Шерхановедение» Международного Таразского инновационного института, магистр филологических наук, Тараз, Казахстан, ORCID 0000–0001–7159–5230*

Әдебиет:

Айтматов Ш. Қош бол Гулсары. – Фрунзе: Шығыс, 1967. – 123 б.

Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. – Ресей, АСТ баспасы, 2018. – 512 б.

Айтматов Ш. Ақ кеме. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2005. – 369 б.
Айтматов Ш. Тау құлаған. Романдар мен хикаят. – Алматы: Дәуір–кітап, 2017. – 608 б.
Алиева Ж., Масалиева Ж. Ақын–жыраулар поэзиясындағы түркі мотивтері. // Тіл және әдебиет журналы, 2016. – – №4. – 263–268 б. ISSN: 2078–0303.
Арукенова О.А. Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» шығармасындағы дихотомия арқылы көрсетілген отарлық дискурс. // «Keruen» ғылыми журналы. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2021. – №71. – 77–82 б. ISSN 2078–8134.
Жаппаркулова К.Н. Ш.Айтматовтың кіші прозасының филологиялық талдауы // «Keruen» ғылыми журналы. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2020. – №67. – 32–39 б. ISSN 2078–8134
Жұмабек С. Жұлдызы нұрлы суреткер. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 б.
Мұртаза Ш. Қош бол, Гүлсары. – Алматы: Жазушы, 1984. – 230 б.
Саурықов Е., Кембаева А. Шерхантану. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2018. – 245 б.
Тұрлыбек Д. Шераға. – Алматы: Тоғанай Т, 2019. – 146 б.

Литература:

Айтматов Ш. Прощай, Гульсары. – Фрунзе: Чыгыс, 1967. – 123 с. (каз.)
Айтматов Ч. И дольше века длится день. – Россия, Издательство АСТ, 2018. – 512 с. (каз.)
Айтматов Ш. Белый корабль. Повести и рассказы. – Алматы: Атамура: 2005. – 369 с. (каз.)
Айтматов Ш. Когда горы падают. Романы и повести. – Алматы: Дауир–китап, 2017. – 608 с. (каз.)
Алиева Ж., Масалиева Ш. Тюркские мотивы в поэзии акынов и жырау. Журнал языка и литературы, 2016. – Vol.7. – №4. – 263–268 с. ISSN: 2078–0303. (каз.)
Арукенова О.А. Колониальный дискурс в повести Чингиза Айтматова «Белый пароход» выраженный через дихотомию «Keruen» научный журнал. Институт литературы и исскуства имени М.Ауезова, 2021. – №71. – С.77–82. ISSN 2078–8134. (каз.)
Жаппаркулова К.Н. Филологический анализ малой прозы Чингиза Айтматова. «Keruen» научный журнал. Институт литературы и исскуства имени М.Ауезова, 2020. – №67. – С.32–39. ISSN 2078–8134. (каз.)
Муртаза Ш. Прощай, Гульсары. – Алматы: Жазушы, 1984. – 230 с. (русс.)
Жұмабек С. Звездный писатель. – Алматы: Казыгурт, 2002. – 152 с. (каз.)
Саурыков Е., Кембаева А. Шерхановедение. – Тараз: Типография ТИГУ, 2018. – 245 с. (каз.)
Турлыбек Д. Шерага. – Алматы: Тоганай Т., 2019. – 146 с. (каз.)

References:

Aitmatov Sh. (1967) Kosh bol Gulsary [Goodbye, Gulsary]. – Frunze : Shygys, 123 b. (in Kaz)
Aitmatov Sh. (2018) Gasyrdan da yzak kyn [And the day lasts longer than a century]. – Resey, AST Baspasy, 512 b. (in Kaz)
Aitmatov Sh. (2005) Akkeme. Posteri viri angimeler [White ship. Leads and stories]. – Almaty: Atamura, 369 b. (in Kaz)
Aitmatov Sh. (2017) Tau kulagan. Romandar homines hikayat [When mountains fall. Novels and stories]. – Almaty: Dauir–kitap, 608 b. (in Kaz)
Alieva Zh., Masalieva Zh. (2016) // Akyn–zhyraular poetica syndagy turki motivteri [Turkic motivs in the poetry of akyns and zhyrau]. Til zhane adebiet jurnali, №4. – 263–268 b. ISSN: 2078–0303. (in Kaz)
Arukenova O.A. (2021) Shyngys Aitmatovtyn «Ak keme» shygarmasyndagy dichotomia arkyly korsetilgen otarlyk discurs [Colonial discourse in Chingiz Aitmatov's story «White steamboat» expressed through the dichotomy]. // «Keruen» gylymi jurnali. M.Auezov atyndagy adebiet zhane oner instituti, № 71. – 77–82 bb. ISSN 2078–8134. (in Kaz)
Zhapparkulova K.N. (2020) Sh.Aitmatovtyn kishi prozasynyn philologia taldauy [Philological analysis of the small prose of Ch. Aitmatov] // «Keruen» gylymi jurnali. M.Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituti, №67. – 32–39 bb. ISSN 2078–8134 (in Kaz)
Zhumabek S. (2002) Zhuldyzy nurly syretker [Star Writer]. – Almaty: Kazygurt, 152 b. (in Kaz)
Murtaza Sh. (1984) Kosh bol, Gulsary [Goodbye, Gulsary]. – Almaty: Zhazushy, 230 b. (in Russ)
Saurykov E., Kembaeva A. (2018) Sherkhantany. – Taraz: TIGU baspakhanasy, 245 b. (in Kaz)
Turlybek D. (2019) Sheraga. – Almaty: Toganay T, 146 p. (in Kaz)

МРНТИ 17.07.29 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-08

Демченко Л.Н.[1], Ананьева С.В.[2], Касенов С.Т.[3]
[1,3]Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан
[2]Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан
dln1968@bk.ru , svananyeva@gmail.com , saken__69@mail.ru
[1]ORCID: 0000-0001-9198-9798, 0000-0001-7349-1590, 0000-0003-1332-842X

ТВОРЧЕСТВО ЧИНГИЗА АЙТМАТОВА В КОНТЕКСТЕ ЛИТЕРАТУРЫ ПОСТМОДЕРНИЗМА

Аннотация. Творчество Ч.Айтматова в XXI столетии прочитывается заново, поскольку многое, о чем он писал, сохраняет актуальность. Его художественные произведения и публицистика воспринимаются неоднозначно не только в рамках того или иного литературного направления или жанра, но и мировоззренческой трактовки. Глубокое раскрытие внутреннего мира героев, единение их с природой, родной землей, ценность всего живого на нашей планете – важнейшая художественная основа произведений мастера. Отечественные и зарубежные исследователи оценивают творческое наследие Ч.Айтматова как вершинное явление в мировой художественной культуре. Активно бытует в мировом литературоведении и критике емкое направление – айтматоведение. Многие инициативы прозаика и дипломата: Иссык-Кульский форум; Ассамблея культур народов Центральной Азии получили дальнейшее развитие, например, в широкомасштабном проекте «Беседы на Шелковом пути», реализуемом по инициативе и под руководством М.М.Ауэзова.

Статья посвящена изучению художественного текста Ч.Айтматова в поле литературы постмодернизма. Авторы статьи обобщают труды по данной проблематике, определяя постмодернизм как направление в культуре и литературе, эстетическое мироощущение с перекрещиванием семиотики культуры, философской антропологии, теории информации и цифровизации. Постмодерн синтезирует пред-постнеклассическую философскую парадигму, до-постмодернистское искусство и массовую культуру.

Кушкимбаева, Дюсембина Г., Тутинова Н., Халимуллина Н., Концепция народной познавательной модели как национального и культурного мира. Вариант, Год 35, Специальный №22. 2019. – С.440-453. ISSN 1012-1587 (анг).

Кыдыр Т.Е Некоторые вопросы изучения наследия Яссауи. // Керуен. – 2021. – 3 (72) – С. 38-47. (каз) https://keruenjournal.kz/index.php/main/index

Кираубаева А. «Я влюбился в печальное отрицание». // Журнал Шакаримоведения. – 2015. – №4. (каз)

Кудайбердиулы Ш. Путь мудреца. Однотомное собрание сочинений. – Жидебай, 2006. (каз)

Муканов С. Очерки истории казахской литературы XVIII-XIX веков, 2-е изд. – Алматы: Арыс, 2002. – 272 с. (каз)

Сатпаева Ш. Шакарим Кудайбердиевич. – Алматы: Рауан, 1991. – 48 с. (каз).

IRSTI 17.07.31 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-12

Maulenov A.A.,[1] Matbek N.K.[2]
Al-Farabi Kazakh National University[1,2]
Almaty, Kazakhstan
E-mail: almas.maulenov@gmail.com, nursulu.m@mail.ru
ORCID: 0000-0002-2467-1218, 0000-0002-3896-4310

NEOMYTHOLOGY IN WORKS OF ART

Abstract. The article draws attention to the role of mythology in the literature of the twentieth century, particularly in postmodernism. It is asserted that the use of myth allows you to achieve various artistic goals: create images, convey relationships. It is noted that the mythological symbolism fits well into the process of formation of intertextuality as the main feature of postmodernism. The main statements are illustrated through the work of Ch. Aitmatov on the example of the novel "When the mountains are served" ("The Eternal Bride"). The writer uses mythological plot, which is transformed and acquires a new sound and meaning, corresponding to modern reality.

In the modern world, the synthesis of mythology and realism has become an integral part of culture. These changes gave impetus to the search for new signs and symbols in the literary process. Myth, parable, legend have an active formative influence on modern prose, contribute to the appearance of images-symbols, images-metaphors, images-allegories. The myth, crystallized for centuries and even millennia of its existence in the minds of different peoples, people of different eras, gives the most vivid examples of life situations, eternal emotions – such as love, loyalty, hatred, betrayal, selflessness. Ch. Aitmatov's mastery in this work consists primarily in the fact that the actual biblical events are pushed into the background here, as it were, and the author's main attention is focused on the study of the psychosocial state of the planet. The theme of Zoroastrianism is introduced through myths: the people believe that this is the only way to return the "Eternal Bride".

In the image of Ch. Aitmatov, myths change their structure. They become closer to modern life, synthesizing samples of the mythical creativity of the Kyrgyz people with the actual problems of our time, the writer creates a truly philosophical and psychological novel embodying the sacred covenant of the ancestors about love and protection of nature. Thus, the commonality between the symbolic image of Zhaabars and Arsen seems obvious, the writer turns to the origins of national cultures, to mythopoetic models of artistic thinking, deeply reveals the spiritual world of his heroes. In his works, Ch.Aitmatov through folk mythology was able to reveal the multifaceted symbolism of the meaning of human existence, preserved in the mythological consciousness of the people. It is no coincidence that the myth - making of Ch. Aitmatov became not only a school for Turkic writers, but also a moral reference point in the development of the mythological tradition. It is discussed the features of postmodernism at the final part of the article, its difference from other directions. The use of mythologems, their creative processing is evidence of the originality of the mythological thinking of modern writers.

Key words: postmodernism, mythological symbolism, spiritual world, culture, plot, myth, parable, legend.

Introduction. Literature in the 20th century has made its own adjustments to the world outlook of mankind. The synthesis of mythology and realism in the modern world has become an integral part of culture. In modernism, a person is a victim of unprecedented evil forces, this determines his fate. A person lives in a world of mystery; his consciousness has absorbed the infernality of the surrounding world.

These changes gave impetus to the search for new signs and symbols in the literary process. "The energy of myth is what feeds contemporary literature with the enormous primordial poetry of the human spirit, courage and hope. The myth, which is included in

realism and itself has become a reality of the human worldview, is a fresh wind that fills us into the future," the writer Ch. Aitmatov believes (Aitmatov, 1972: 69).

Academician Abdyldazhan Akmataliev writes about this: "What is this - the original use of oral folk art? It is appropriate to answer this question with the words of Chinghis Aitmatov: "There are people who perfectly know many fairy tales, folk tales, myths, all the details, all the little things of everyday life have been preserved in their memory, but the author also needs modern training - modern knowledge and all previous experience of world culture. This is his support. Without having it, a writer cannot raise local problems to the proper level " (Akmataliev, 1991: 11).

It is analyzed the peculiarities of mythology in the article «Echoes of the Turkic World and Folklore in the Holy Book Avesta» written by Aktoty Nusipalikyzy, Almasbek Maulenov, Dosbol Baigunakov, Toty I.Koshenova and Leila A.Mekebaeva (Nusipalikyzy, Maulenov, Baigunakov, Koshenova, Mekebaeva, 2020).

There is also an opinion that folklore is an atrophied and frozen relic of the past, even allegedly one of the obstacles to the development of modern literature. Ch. Aitmatov rejected this opinion, saying that it is inhuman to wave hands at the past, because a fairy tale is a stage on the path traversed by humanity. History goes on, and this makes myth an indispensable link in human memory.

Myth, parable, legend have an active formative influence on modern prose, contribute to the appearance of images-symbols, images-metaphors, images-allegories. The myth, crystallized for centuries and even millennia of its existence in the minds of different peoples, people of different eras, provides the most vivid examples of life situations, eternal emotions - such as love, loyalty, hatred, betrayal, unselfishness.

At one time, Academician S. Kirabaev said about the writers who stood at the origins of postmodernism that one of the distinguishing features of the literary process in recent years is the entry of a large number of talented youth into it. Kazakh postmodernism as one of the branches of a new direction is a wide field where experiments and games with words are carried out, where the composition of a work is formed on mechanical relations, fabulousness in the plot, mythological plots and mythologemes are used to display the process of alienation of a hero who has not found a place for himself in this world, double consciousness of the personality.

Materials and methods. In the XX century, you can find various manifestations of artistic search: the creation of a universal myth that allows you to comprehend the conditions of human existence in the modern world, to comprehend reality through the prism of mythologized consciousness, ironic use of mythological motives, etc. But behind all this, the same task is revealed as in previous times: through myth to achieve spiritual cleansing of a person, testing catharsis by him. Writers try to understand the laws of human life from the point of view of eternity.

Therefore, eschatological, totemic, cosmogonic myths were used in the prose of Ch. Aitmatov, A. Kim, T. Pulatov, M. Magauin, T. Abdikov, A. Suleimenov and other writers. This trend was subordinated to one goal - the unacceptability of the established system, accepted as the Absolute Truth, opposed the Eurocentric idea, which is still dominant in academic science. It is believed that postmodernism is devoid of the desire to explore the deep

problems and processes of being, it strives for simplicity and clarity, for the combination of cultural eras, for a superficial, but synthetic reflection of the world through a person's awareness that the world should not be understood, but accepted.

Postmodernism is characterized by a critical attitude to global ideologies and utopias, attention to marginal social groups (people of the "bottom"), a search for a synthesis between art and mass culture. Writers pay attention, first of all, to the way of expressing their thoughts through language, through a peculiar form, attaching great importance to conventions, mixing different styles in the text. Postmodernism is tied to quotations, and, on the other hand, it is strictly individual, does not accept a single program of action. And the main property of postmodernism is its intertextuality: the world is perceived as a huge multilevel and polysemantic text, consisting of a chaotic interweaving of various cultural languages, quotes, and periphrases. The first texts of Russian postmodernism were the works of Andrei Bitov, Venedikt Erofeev, Sasha Sokolov, Joseph Brodsky. The masterpieces of the new wave include works created in recent years by Chinghis Aitmatov, in particular, the novel "When the Mountains Fall (Eternal Bride)" (Aitmatov, 2008).

Results and Discussion. For a writer, nature is a kind of independent element that exists according to its own laws of growth, harmony, and freedom. It may even be cruel, but it is still ultimately fair. Ch. Aitmatov actively uses mythological symbolism, folklorism, according to A. Akmataliev, Aitmatov's philosophical and psychological concept even wider opens up the dialectics of human character, the world, it frees a person from outdated traditional morality, promotes the education of the individual on the moral values of the social environment. The integrity of his creations is based on the organic combination of a person's personal life and people's fate.

The author in this work creates a triad around the Eternal Bride: the natural principle through Zhaabars, and the individuality of man as a part of nature in the image of Arsen, in this closely connected circle, nature feeds man, instead of that, it forms in him aesthetic and moral qualities by turning to the past: "Turn attention, in the flying image of the Eternal Bride, in this parable epic lives the eternal pain of separation and sacrificial retribution for the everlasting aggressiveness of the human world. Good inevitably pays for evil. The eternal bride cannot come to terms with evil, inflamed with hatred and envy, she wants to save, return the groom-hunter from his hermitage to life as it is, and in this saving impulse, in striving for truth, there is no limit to the human spirit either in time or in space. It has always been like this: saved by the river, it has become a symbolic image for all times. And at this hour she is here in the park, with us already because we think and talk about her, and she feels it. Do you catch the universal nostalgic motive of love in this folklore excursion? « (Aitmatov, 2008: 379).

The novel begins with an appeal to the eternal mythological plots about Adam and Eve: "There is one immutable given, the same for everyone and always, - no one is free to know in advance what fate is, what is written to his family, - only life itself will show what to whom destined, otherwise why should fate be fate ... this has always been from the creation of the world, even from Adam and Eve, who were expelled from paradise - this is also fate, and since then the mystery of fate has remained an eternal mystery for everyone and for everyone, from century after century, day after day, every hour and every minute ... " (Aitmatov, 2008: 326).

The skill of Ch. Aitmatov in this text lies primarily in the fact that the actual biblical events are relegated here, as it were, to the background, and the author's main attention is focused on the study of the psycho-social state of the planet. The Zoroastrian theme is introduced through myths: the people believe that this is the only way to return the «Eternal Bride».

In the depiction of Ch. Aitmatov, the myths change their structure. They are getting closer to modern life, synthesizing samples of the mythical creativity of the Kyrgyz people with the urgent problems of our time, the writer creates a truly philosophical and psychological novel, embodying the sacred covenant of the ancestors about love and protection of nature. Thus, the commonality between the symbolic image of Zhaabars and Arsen seems to be obvious, the writer turns to the sources of national cultures, to the mythopoetic models of artistic thinking, deeply reveals the spiritual world of his heroes.

On the basis of Turkic mythology, he created his own author's myth in order to reveal the true face of society in human and animal forms.

In the research work of O.A. Arukenova «Colonial discourse in the novel of Chinghiz Aitmatov "Whiteship" expressed through dichotomy» Chinghiz Aitmatov's work is considered by literary psychoanalytic and intertextual methods, the semantic layers of the work are studied in terms of ontological dichotomy. In the article, the author realizes his idea by contrasting the mythological worldview and the system of colonial punishment (Arukenova, 2021). In the research work of K.N. Zhapparkulova «Philological analysis off lash fiction by Chinghiz Aitmatov» attention is paid to the details and inner world of the characters and elements of mythology and it describes deep psychology in the prose of Chinghiz Aitmatov (Zhapparkulova, 2020).

At the turn of the centuries and millennia, the Kazakh people have gone through not without shocks and crises, however, it was during this period of their history that they gained independence and declared their sovereignty to the world. The colossal changes in the political and economic life of the state could not but affect the spiritual and cultural portrait of the society of young Kazakhstan. These events in a certain way influenced the development of literature, being a prerequisite for the formation and formation of new directions, the search for new genres and forms of literary works. Scientific and philosophical reflections on the past, present and future of the artistic word in Kazakh literature brought out new aesthetic concepts and definitions.

This turn of historical development was marked by the appearance in the spiritual space of completely innovative works written in the intellectual, visual, conceptual, postmodern genres. Found the embodiment of the idea of abstractionism and absurdism, forming some elements of the poetics of the «literary game», opened the way for the formation of a new realistic and unrealistic understanding of the essence, becoming more and more widespread.

Such new trends in the literature of modern times contributed to the portrayal of human feelings and thoughts through the deep processes of the subconscious, building the composition of the work in terms of conventionality (mechanism), non-fictional plots, describing the processes of alienation of characters who have not found a place for themselves in the modern world, the split personality of heroes, and many others. etc. All of the above fea-

tures of modern literature have not been without the involvement of elements of mythology and mythologemes.

At the same time, in modern Kazakh literature, such multidirectional mythopoetic artistic techniques (regarded as postmodern signs), such as finding common features between man and animals, a split personality, are widely used, the actions of characters are dictated by prophetic dreams or received signs. Such techniques are more inherent in prose works, folklore, samples of author's oral folk art, as well as written literature of recent years. Such real and unreal phenomena of deep-seated processes of the conscious and subconscious come to the surface only under conditions of the strongest psychological shock of a person, when he finds himself in extreme situations. The human essence, the processes of its origin, the facts of its separation from the rest of nature and many similar problems at all times remain a certain mystery, an unsolved mystery for the person himself. These questions, like life itself, are both old and new at the same time. A person, finding himself in a situation dangerous to life and health, just like a wild beast, makes screams. This example clearly demonstrates the connection between modern man and the mythical consciousness of ancient man.

The writer uses this psychological state of a person in his works to expose the inner experiences of the hero, to highlight the deep contradictions between a person and society. The modern era that we are experiencing, our whole life is permeated through and through with global connections (for example, the Internet), the interpenetration of cultures has contributed to informatization without borders. Thus, postmodernism is the culture of this world of informatization. Postmodernism has rightfully penetrated modern life, culture, art and literature. Its role as a new trend in modern prose literature is growing more and more.

This direction does not recognize a system that obeys a certain center and considers something to be absolute truth. Consequently, postmodernism opposes itself to Eurocentrism, which until now considered itself dominant in academic science. Postmodernism as a trend opposes the egocentrism of fundamental concepts that deny all other values, critically perceives both the modern world as a whole and a separate national entity, seeks to understand, reveal and interpret the peripheral and marginal problems of culture.

Therefore, postmodernism requires an appropriate assessment as a new methodological basis for solving complex and ambiguous problems at a new qualitative level. Jean Baudriard, Jean-François Lyotard, Gilles Deleuze, Felix Guattari, Kakuzo Okonuri, Martin Heidegger, Jacques Derrida, and others are considered the founders and main representatives of postmodernism in world philosophy.

Existentialists introduce the understanding that in order for a Human to realize his Self, for the ability to think, first of all, one must exist. In the philosophy of existentialism, they reflect on the meaning of life and the essence of death, on the insurmountable difference between thought and being, on the frailty and physical insignificance of man, on the fact that man is born to die ... Postmodernism differs from existentialism in that it tries to resist and resist the human I, his pride and arrogance, selfishness and arrogance, in general - the idea of indestructible egocentrism. It also differs from other trends, schools and trends by denying stereotypes and "unshakable" dogmas, ossified attitudes and principles. At the same time, its function, aimed at defining and clarifying the true essence of both history and modern times, cannot be reduced to nothing.

Because nothing arises from scratch, any creative process in one way or another has a foundation, a base on which it is based, and the essence of a work is revealed only through the identification of its roots. According to Jacques Derrida, the text is higher than the author, in the meaning and sense of the text, we are free to find those ideas that the author did not mean. This means that the text does not belong to the author, but the author belongs to his own text. This thought, touched upon in post structuralism, makes one think about the significant connection between the author and the text. It follows from this that literature is not a human soul, but a Force that pushes to generate art.

This worldview and view of literature take place in modern knowledge. Consideration of the state of art of the artistic word, the level of cognition within the framework of the literary understanding of phenomena that are not related to the interpretation of the text, opened the way for a wider application of the method of postmodernism in the art of words. The principle of postmodernism rejects the dominant of a particular paradigm and introduces a system of decentralization in art.

In the literary works of the period of independence, in particular, prose, writers, along with the traditional principles of literature, began to introduce mythological forms and motives to unravel the secrets of life and life, thereby developing neomythologism more deeply as a trend aimed at a new perception and rethinking of spiritual values. Now, instead of traditionally used myths, legends, parables and other folklore elements, the author's myths began to be built, mythologemes, symbolic infrastructures, mythological chains were born, expanding the boundaries and frameworks of the genre. When describing the spiritual life of the heroes, the authors began to resort to impressionistic techniques, paying maximum attention to philosophical reflections on their character.

The development of the process of neomythologism in the work of Kazakh writers was taken into account in the works of literary critics. A. Ismakova noted that the poetics of myth has enriched modern literature with metaphorical images (Ismakova, 1998). Aimukhambetova studied mythology through the poetics of O. Bokey's works (Aimukhambetova, 1999).

In the research of A. Galieva, differentiated manifestations in the forms of mythopoetics are distinguished [9] (Galieva, 2006). K. Beibytova notes that the process of mythology in Kazakh prose has changed the structure of works and the nature of the image, narration (Beibytova, 2002; Zhaksylykov, 1999). G. Altayeva analyzes how animalistic images, born of mythology, have become a way to study the relationship between man and reality more deeply (Altayeva, 2004).

Conclusion. In his works, Ch. Aitmatov, through folk mythology, reveals the multifaceted symbolism of the meaning of human existence, preserved in the mythological consciousness of the people. It is no coincidence that the myth-making of Ch. Aitmatov became not only a school for Turkic writers, but also a moral guide in the development of the mythological tradition.

Ch. Aitmatov claimed that myths, legends, traditions, i.e. meta text, clarify the semantic pattern of the text, connect elements, strengthen and consolidate their unified structure (see the quotation in the book by V. Savelyeva "The Artistic World and the Fiction Text" (Savelyeva, 2000: 126).

Summing up the use of mythologemes in the study we are studying, we can say that mythology in the literature of that time was intertwined with the environment and human life in it, providing the prerequisites for the emergence of Kazakh modernist literature of the 20th century. The very fact of the transition of many myths into anti myths, the desire to show the collision of the consciousness of a loner with the consciousness of the crowd and the collective consciousness with the consciousness of the individual, speaks of a kind of mythological thinking of modern writers.

Мәуленов А.А.,[1] Мәтбек Н.Қ.[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті[1, 2]
Алматы, Қазақстан
E-mail: almas.maulenov@gmail.com, nursulu.m@mail.ru
ORCID: 0000-0002-2467-1218, 0000-0002-3896-4310

Көркем шығармадағы неомифологизм

Аңдатпа. Мақалада мифологияның XX ғасыр әдебиетіндегі, атап айтқанда, постмодернизмдегі рөліне назар аударылған. Мифті қолдану әртүрлі көркемдік мақсаттарға: образдар жасауға, қарым-қатынасты жеткізуге мүмкіндік беретініне көз жеткізеді. Мифологиялық символизм постмодернизмнің басты ерекшелігі ретінде интертекстуалдылықты қалыптастыру процесіне үйлесетіні атап көрсетілген. Басты қағидалар Ш. Айтматовтың шығармашылығы арқылы «Таулар құлаған» («Мәңгілік қалыңдық») романының мысалында суреттелген. Жазушы қазіргі шындыққа сәйкес келетін, жаңаша мағынадағы мифологиялық сюжеттерді қолданады.

Қазіргі әлемдегі мифология мен реализм синтезі мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Жаңа өзгерістер әдеби үдерісте жаңа белгілер мен символдарды іздеуге түрткі болды. Миф, астарлы әңгіме, аңыз қазіргі прозаға белсенді қалыптастырушы әсер етеді, образдар-символдар, образдар-метафоралар, образдар-аллегориялардың пайда болуына ықпал етеді. Әртүрлі халықтардың, әртүрлі дәуірдегі адамдардың санасында ғасырлар мен тіпті мыңдаған жылдар бойына қалыптасқан миф махаббат, адалдық, өшпенділік, сатқындық, жанқиярлық сияқты өмірлік жағдайлардың, мәңгілік эмоциялардың ең жарқын үлгілерін береді. Ш.Айтматовтың бұл шығармадағы шеберлігі ретінде, библиялық оқиғалардың кейінге ығыстырылуы және автордың басты назары планетаның психо-әлеуметтік жағдайын зерттеуге аударылғандығына мән беріледі. Мифтер арқылы зороастрлық тақырып енгізіледі: адамдар «Мәңгілік қалыңдықты» осылай ғана қайтаруға болады деп санайды.

Ш. Айтматовтың бейнелеуінде мифтер құрылымын өзгертеді. Олар қырғыз халқының мифтік шығармашылығының үлгілерін біздің заманымыздың өзекті мәселелерімен синтездей отырып, қазіргі өмірге жақындай түседі, жазушы ата-бабалардың махаббат пен табиғатты қорғау туралы қасиетті өсиетін бейнелейтін философиялық және психологиялық роман жасайды. Сонымен, Жаабарс пен Арсеннің символдық бейнесі арасындағы ұқсастық айқын көрінеді, жазушы ұлттық мәдениеттердің шығу тегіне, көркем ойлаудың мифопоэтикалық модельдеріне жүгіну арқылы өз кейіпкерлерінің рухани әлемін терең ашады. Ш.Айтматов өз шығармаларында халық мифологиясы арқылы халықтың мифологиялық санасында сақталған адам болмысының сан қырлы символикасын аша білді. Мақалада Ш.Айтматовтың аңыз жасауы тек түркі жазушылары үшін мектепке ғана емес, сонымен қатар мифологиялық дәстүрді дамытудағы адамгершілік бағдарға айналғаны кездейсоқ емес деп ой түйеді. Мақаланың қорытынды бөлімі постмодернизмнің және басқа бағыттардан оның ерекшелігін қарастырады. Мифологемаларды қолдану, оларды шығармашылықпен өңдеу – қазіргі жазушылардың мифологиялық ойлауының өзіндік дәлелі.

Түйін сөздер: постмодерним, мифологиялық символизм, рухани әлем, мәдениет, сюжет, миф, нақыл, аңыз.

Мауленов А.А.,[1] Матбек Н.К. [2]
Казахский национальный университет имени аль-Фараби[1,2],
Алматы, Казахстан
E-mail: almas.maulenov@gmail.com, nursulu.m@mail.ru
ORCID: 0000-0002-2467-1218, 0000-0002-3896-4310

Неомифология в художественных произведениях

Аннотация. В статье обращается внимание на роль мифологии в литературе XX в, в частности в постмодернизме. Утверждается, что использование мифе позволяет достичь различных художественных целей: создать образы, передать отношения. Отмечается, что мифологическая символика органично вписывается в процесс формирования интертекстуальности как главного свойства постмодернизма. Основные положения иллюстрируются через творчество Ч. Айтматова на примере романа «Когда падают горы» («Вечная невеста»). Писатель использует мифологические сюжета, которые трансформируются и приобретает новое звучание и смысл, соответствующие современной действительности.

В современном мире синтез мифологии и реализма стал неотъемлемой частью культуры. Эти изменения дали толчок к поиску новых знаков и символов в литературном процессе. Миф, притча, легенда оказывают активное формообразующее влияние на современному прозу, способствуют появлению образов-символов, образов-метафор, образов-аллегорий. Миф, выкристаллизованный столетиями и даже тысячелетиями своего существования в сознании разных народов, людей разных эпох, дает наиболее яркие образцы жизненных ситуаций, извечных эмоций – таких, как любовь, верность, ненависть, предательство, бескорыстие. Мастерство Ч. Айтматова в данном произведении заключено прежде всего в том, чтобы собственно библейские события отдвинуты здесь как бы на второй план, а основное внимание автора сосредоточено на исследовании психо-социального состояния планеты. Через мифы вводится зороастрийская тема: народ верит, что только так должен вернуть «Вечную невесту».

В изображении Ч. Айтматова мифы меняют свою структуру. Они становятся ближе к современной жизни, синтезируя образцы мифического творчества киргизского народа с актуальными проблемами нашего времени, писатель создает поистине философский и психологический роман, воплощающий священный завет предков о любви и защите природы. Так, представляется очевидная общность между символическим образом Жаабарса и Арсена, писатель обращается к истокам национальных культур, к мифопоэтическим моделям художественного мышления, глубоко раскрывает духовный мир своих героев. В своих произведениях Ч.Айтматов через народную мифологию смог раскрыть многогранную символику смысла человеческого существования, сохраняющуюся в мифологическом сознании народа. Неслучайно мифотворчество Ч. Айтматова стало не только школой для тюркских писателей, но и нравственным ориентиром в развитии мифологической традиции. В заключительной части статьи рассматривается особенности постмодернизма, его отличие от других направлений. Использование мифологем, их творческая переработка является свидетельством своеобразия мифологического мышления современных писателей.

Ключевые слова: постмодернизм, мифологическая символика, духовный мир, культура, сюжет, миф, притча, легенда.

Информация об авторах:

Мауленов Алмасбек Аныкбекович *– КазНУ имени аль-Фараби, и.о. профессора филологического факультета, кафедры казахской литературы и теории литературы, к.филол.н., г. Алматы, Казахстан, e-mail: almas.maulenov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-2467-1218;*

Матбек Нурсулу Курманбеккызы *– КазНУ имени аль-Фараби, ст. преподователь филологического факультета, кафедры казахской литературы и теории литературы, к.филол.н., г. Алматы, Казахстан, e-mail: nursulu.m@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3896-4310.*

References:

Aimukhambetova J. (1999). The problem of mythology in the prose of Oralkhan Bokey: Filol. science frank. science ... dis. – Astana, 126 p.

Aitmatov Ch. (1972). Hour of speech // Friendship of peoples. – N12. – S. 116–127.

Aitmatov Ch. (2008). When the mountains fall (Eternal bride) // Aitmatov Ch. Collected works: in 3 volumes / volume 3. – Almaty: Exclusive, 526 p.

Akmataliev A.A. (1991). Chinghis Aimatov and the relationship of literatures. – Bishkek: Adabiyat, 184 p. ISBN 5-660-00464-4.

Altayeva G. (2004). Kazakh animalistic plot of the 1960s – 70s (genesis, imagery, forms of narration): Abstract. dis. ... Cand. philol. the science. – Almaty, 23 p.

Arukenova O.A. (2021). Colonial discourse in the novel of Chinghiz Aitmatov "White ship" expressed through dichotomy // «Keruen» scientific journal. M.O.Auezov Institute of Literature and Art. ISSN 2078-8134. Volume 2, Number 71

Beibytova K. (2002). Neomythologism of modern Kazakh literature // Vestn. Eurasian University, No. 3, 4. – S. 22–26.

Galieva A. (2006). Mythopoetic forms in the structure of the modern Kazakh novel: Filol. science frank. dis. ref.– Almaty, 32 p.

Ismakova A.S. (1998). Kazakh fiction. Poetics, genre, style (the beginning of the 20th century and the present). – Almaty: Science, p. 381. ISBN 5-628-02313-2.

Nusipalikyzy A., Maulenov A., Baigunakov D., Koshenova T. I., Mekebaeva L.A. (2020). Echoes of the Turkic World and Folklore in the Holy Book Avesta // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities (ISSN 0975-2935). Indexed by Web of Science, Scopus, DOAJ, ERIHPLUS. Vol. 12, No. 4, July-September, 1-13. Full Text: http://rupkatha.com/V12/n4/v12n428.pdf DOI: https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.28

Savelyeva V.V. (2000). Artistic world and artistic text. – Almaty: Dyk-Press, 126 p. ISBN 5-7667-4254-1

Zhaksylykov A. (1999). Images, motives and ideas of religious content in Kazakh literature // Typology. Aesthetics. Being. – Almaty: Kazakh publishing house in, 422 p. ISBN 978-601-247-505-0.

Zhapparkulova K.N. (2020). Philological analysis of flash fiction by Chinghis Aitmatov // «Keruen» scientific journal. M.O.Auezov Institute of Literature and Art. ISSN 2078-8134. Volume 2, Number 67

Әдебиет:

Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі: Филол. ғыл. канд. дис. – Астана, 1999. – 126 б.

Айтматов Ш. Сөз сағаты // Халықтар достығы. – 1972. – №12. – С.116-127.

Айтматов Ч. Таулар құлаған (Мәңгілік қалыңдық) // Айтматов Ш. 3-т. шығармалар жинағы/ 3-т. – Алматы: Эксклюзив, 2008. – 526 б.

Ақматалиев А.А. Шыңғыс Айматов және әдебиеттер байланысы. – Бішкек: Әдебиет, 1991. – 184 б.

Алтаева Г. 1960-70 жылдардағы қазақ анималистік повесі (генезис, бейнелілік, баяндау формалары): Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 23 б.

Арукенова О.А. Шыңғыс Айтматовтың "Ақ кеме" шығармасындағы дихотомия арқылы көрсетілген отарлық дискурс // Керуен ғылыми журнал. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. ISSN 2078-8134. 2 Бөлім, №71 (2021)

Бейбытова К. Қазіргі қазақ әдебиетінің неомифологиясы // Еуразия ун-ті Хабаршысы. – 2002. – № 3, 4. – 22–26-бб.

Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2006. – 32 б.

Жақсылықов А. Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұнды бейнелер, мотивтер мен идеялар // Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1999. – 422 б.

Жаппарқұлова Қ.Н. Шыңғыс Айтматовтың кіші прозасының филологиялық талдауы // Керуен ғылыми журнал. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. ISSN 2078-8134. 2 Бөлім, №67 (2020)

Нүсіпәліқызы А., Мәуленов А., Байғонақов Д., Көшенова Т.И, Мекебаева Л. А. Қасиетті кітап «Авестадағы» түркі әлемі мен фольклорының жаңғырығы // пәнаралық гуманитарлық зерттеулер бойынша Rupkatha журналы (ISSN 0975-2935). Индекстелген Web of Science, Scopus, DOAJ, ERIH PLUS. 12 Том, № 4, 2020 жылғы шілде-қыркүйек. – 1-13 бб. Full Text: http://rupkatha.com/V12/n4/v12n428.pdf DOI: https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.28

Савельева В.В. Көркем әлем және көркем мәтін. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 126 б.

Ісмақова А.С. Қазақтың көркем прозасы. Поэтика, жанр, стиль (XX ғасырдың басы және қазіргі заман). – Алматы: Ғылым, 1998. – 381 б.

Литература:

Аймухамбетова Ж. Проблема мифологизма в прозе Оралхана Бокея: Дис. канд. филол. наук. – Астана, 1999. – 126 с.

Айтматов Ч. Когда падают горы (Вечная невеста) // Айтматов Ч. Собрание произведений: в 3 т./ т. 3. – Алматы: Эксклюзив, 2008. – 526 с.

Айтматов Ч. Час слова // Дружба народов. – 1972. – N12. – С.116-127.

Акматалиев А.А. Чингиз Айматов и взаимосвязи литератур – Бишкек: Адабият, 1991. – 184 с.

Алтаева Г. Казахская анималистическая повесть 1960–70-х годов (генезис, образность, повествовательные формы): Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 23 с.

Арукенова О.А. Колониальный дискурс в повести Чингиза Айтматова “Белый пароход” выраженный через дихотомию // Керуен научный журнал. Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. ISSN 2078-8134. 2 часть, №71 (2021)

Бейбытова К. Неомифологизм современной казахской литературы // Вестн. Евразийского ун-та. – 2002. – № 3, 4. – С. 22–26.

Галиева А. Мифопоэтические формы в структуре современного казахского романа: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2006. – 32 с.

Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе // Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: Изд-во Казах. ун-та, 1999. – 422 с.

Жаппаркулова К.Н. Филологический анализ малой прозы Чингиза Айтматова // Керуен научный журнал. Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. ISSN 2078-8134. 2 часть, №67 (2020)

Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 381 с.

Нусипаликызы А., Мауленов А., Байгунаков Д., Кошенова Т.И., Мекебаева Л.А. Отголоски тюркского мира и фольклора в священной книге «Авеста» // Журнал Rupkatha по междисциплинарным гуманитарным исследованиям (ISSN 0975-2935). Индексируется Web of Science, Scopus, DOAJ, ERIH PLUS. Том 12, № 4, июль-сентябрь 2020 г. С. 1-13. Full Text: http://rupkatha.com/V12/n4/v12n428.pdf DOI: https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.28

Савельева В.В. Художественный мир и художественный текст. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 126 с.

ҒТАМР 17.07.51. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-13

Солтанаева Е.М.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан
E-mail: gulkataim@gmail.com
ORCID: 0000-0001-8273-3571

ҚАЛИХАН ЫСҚАҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПОРТРЕТ ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада портрет түрлері мен оның қызметі Қалихан Ысқақ шығармашылығы мысалында қарастырылады. Жазушы портреттеріне тән шығыстық метафоризм, образдың портреттік кескіндемесіндегі оқырманға визуалды елестетуге мүмкіндік беретін индивидуалды детальдер секілді сипаттар сараланады. Қ.Ысқақ портреттерінің көбінде образдың сырқы бітімі мен ішкі характердің жымдасқан байланысы бар екені анықталады. Кейбір шығармаларында кейіпкердің портреттік суреттемесіндегі индивидуалды деталь оның ұдайы сипатына айналып, осы қасиетінен оқырман жазбай танып отыратыны, ал кейбір образдардың кескін әлпетіндегі басты ерекшеліктер синекдохалық атауларға ұласатыны мысалдармен дәйектеледі.

«Ақсу – жер жәннаты» романындағы оқырман интригасын тудырушы мотивтік қайталаулар, яғни бас кейіпкер Бекеттен әкесінің жайын сұраушылырдың оның «әлі әтір сасып жүргендігін» сұрауынан, бұл жақтағы адамдардың қабылдауындағы әкесінің перцептивті образы азаматтық істерімен емес, тек әтір иісімен есінде қалуынан күдікті ойларды туындатып, өз зерттеулерін жүргізуіне түрткі болады. «Әтір мүңкіген қодас жалды, теке көз Есімханның» портреттік суреттемесі арқылы тұлға бойындағы ерекшеліктің семиотикалық таңба дәрежесіне көтерілуі, символдық мән үстелу жолдары талданып көрсетіледі. Әтір иісінің оқырманды қызықтырып, интригаға салуы, әтір сөзіне акцент берілуі, әтір сөзімен берілетін астарлы мағына ашылады. Әтір – белгі, таңба екені айқындалады. Яғни, жалпы алғанда жағымды мағынадағы әтір сөзі керісінше романдағы халық басынан өткерген ең қиын драмалық жағдаймен, тіпті сұрқиялық категорияларымен байланысы зерделенді.

Ауыспалы мағынада мәтін астарынан әтірдің – бүркеншік, қалқа, маска іспетті екендігі, яғни сөзінің сасығын, ісінің пасығын, ішкі ойының арамдығын жасыру үшін қолданылатын құрал ретінде жазушы ұтымды пайдаланғаны ашып көрсетіледі. Осылайша, Есімхан өзінің шіріген ісінің сасық иісін шығармай, бүркемелеу үшін әтірді қолданады деген мәтін астарындағы метафоралық ой айқындалады.

Мақаланың қорытынды бөлімінде мынадай түйіндеулер жасалады: портреттік суреттеуде жазушының дара стилі де танылған; жазышы оны әрдайым жетілдіре дамыту арқылы жазу мәнерінің қағидасына айналдырған; Қ.Ысқақ шығармашылығында жорамал портрет жоқтың қасы; жазушы портреттері алуан түрлі тәсілдерді қолдануымен ерекшеленеді, атап айтар болсақ, кейіпкердің сырт келбетін толық келтіру де, бірер көзге бірден ілігетін белгісін атап өту де, портретті түрлі жағдайда қайталап, әрбір қырынан толықтырып отыру да, бет жүзіндегі, денесіндегі ерекшеліктерді екінші адамның көзімен бағалату да, сол бағалау арқылы лақап ат қою да кезігеді. Қаламгердің портрет жасаудағы ерекшелігі ретінде символдық мән үстеу, заттық, семиотикалық таңбалық мағына жүктеу тән екенін айқындадық.

Кілт сөздер: портрет, перцептивтік образ, характер, символдық мағына, метафоралық ой.

Кіріспе. Әдеби шығармадағы портрет – сыртқы келбетін сипаттау арқылы образды танытудың құралы. Портрет көркем мәтіннің идеялық-эстетикалық құрылымында өзіндік қызметтер атқарып, әр түрлі мәнге ие болатыны белгілі. Сол себептен зерттеушілер оның түрлерін ажыратып қарастырады. Туындыға портреттік телімдерді

енгізудің өзіндік ерекшелігіне орай экспозициялық, лейтмотивтік түрлері ажыратылса, адам болмысын қимыл–қозғалысымен бірлікте алуына байланысты статикалық, динамикалық деп жіктеп, ішкі мазмұнына қарай гротескілік, ішкі, психологиялық, идеалдаушы портрет секілді түрлерге, ал жазушының портрет жасау тәсіліне қарай екі жақты портреттеу, контрастілік, сәйкестендіруші портрет, жорамал секілді түрін айқындайды. Сондай-ақ көркемдік әдістер мен әдеби бағыттарға, жанрлық түрлерге қарай портрет түрлерін ажырату қалыптасқан.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Әдебиеттану тарихында портреттің көркем образ сипатын жеткізудегі ерекшелігі туралы біршама еңбектер бар. Әдебиеттің теориялық мәселелерін қарастырған еңбектердің көбі бұл тақырыптан айналып өтпеген. Орыс ғалымдары Г.Н.Поспелов, В.Е.Хализев, В.Савельева, Б.Галанов, Л.Абдуллина секілді ғалымдардың еңбектерінде көркем портреттің түрлі қырлары сөз болады.

Қазақ әдебиеттанушылары З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде әдебиеттегі портреттің өзге өнер түрлерімен салыстыра келіп, «сөз өнеріндегі портрет бір қалыпта қатып тұрып қалмайтын, өзгеретін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін» дейді. Сондай-ақ потреттің авторлық баяндаумен астасқан үлгісін «Абай жолы» романынан мысалға алып талдап көрсетеді (Қабдолов, 1992: 352).

Теоретик-ғалым Б. Майтанов қазақ әдебиетіндегі портреттің құрылымын жеке тақырып ретінде бөлек алып қарастырған. Ол өзінің «Портрет поэтикасы» атты еңбегінде қазақ жазушыларының сомдаған портреттеріне тән ерекшеліктерге назар аударады. Мәселен, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», М.Мұқановтың «Ботакөз», З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романдарындағы, Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы портреттік телімдерді талдай келіп, топтық портрет, автопортрет, портрет-характер, психологиялық портрет секілді т.б. түрлерінің эмоционалдық-семантикалық мәнін ашып көрсетеді. Ғалым өз еңбегінде портрет түрлерін, оның психологизммен сабақтас сәттерін, этномәдени дәстүрдегі орнын қарастырған (Майтанов, 2006: 127).

Ал зерттеу нысанына алынып отырған Қ.Ысқақ шығармашылығы туралы әдебиеттанушы–ғалымдар, сыншылар З. Қабдолов, З. Серікқалиев, С. Әшімбаев, Т. Тоқбергенов, С.Жайлаубеков, Б. Ыбрайым, С. Асылбекұлы, Ә. Бөпежанова өз еңбектерінде жазушы шығармашылығының әр қырын қамтып, тілін, стилін, көркемдігін, образдар жүйесін сөз етіп, қазақ әдебиетінің өзекті проблемаларымен бірлікте алып қарастырды.

2007 жылы Р.Қ. Сабырбаева «Қалихан Ысқақов прозасы», 2009 жылы С.Ж. Тәттімбетова «Қ.Ысқақов шығармаларындағы **кейіпкер** бейнесінің лингвостилистикалық сипаты» атты кандидаттық диссертация жұмыстарында жазушының шығармаларын әрқайсысы өз нысаны тұрғысынан саралаған (Сабырбаева, 2007:125), (Тәттімбетова, 2009:24).

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» академиялық басылымының 9–томында филология ғылымдарының кандидаты Г.Балтабаева Қ. Ысқақтың прозалық туындыларын, аудармаларын, киносценарий, пьесаларын талдаған. Ғалым: «Жанр заңдылықтарын мейлінше меңгерген

драматург трагедияда бірегей композиция мен кейіпкерлер характерінің аса нәзік драмалық нақыштарын таба білген» деген қорытындыға келеді (Қазақ әдебиеті тарихы, 2005: 528).

Біз өз кезегімізде жазушының прозалық туындыларындағы портрет поэтикасын талдау барсында әдеби герменевтикалық, антропологиялық әдісті басшылыққа алдық.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу жұмысының нәтижесін әдебиеттанудың мәселелерімен айналысатын жоғарғы оқу орнының студенттері, магистранттар мен докторанттар, әдебиеттанушы мамандар пайдалануына болады. Сондай-ақ мектеп бағдарламасындағы Қ.Ысқақ шығармаларын оқытуда мұғалімдердің де қолдануына оңтайлы.

Талқылау. Қ.Ысқақ «Мұқтаждық па, жоқ әлде еліктеу ме?» атты сыни мақаласында 1960 жылдар әдебиетіндегі көптеген мәселелерді көтере отырып, бірнеше жас жазушылардың шығармашылығына талдау жасайды. Т.Әбдірахмановаңың «Әжемнің әңгімесін» қарастыра келе, мынадай сын айтады: «Ұзын–сонар әңгімеде тырнақ көбесіндей болса да, сол заманның көркем суреті жасалды ма тым құрыса? Жоқ. Жасалған жоқ. Кәрі әженің қат–қабат өмір жолының бір құрышы ашылды ма? Жоқ. Ашылған жоқ. Әріге бармайық, тіпті автор әжесінің портретін көз алдымызға (портреттік әңгіме де болады ғой) келтірді ме? Жоқ. Келтірген жоқ. «Шымылдық кезеңіне шығып» ап, айналадағы шексіз кеңістік пен көгілдір аспанға тамсана беруден, сұқтана беруден сурет тумаса керек» – дейді (Ысқақов, 1963:157). Осы үзіндіден сыншының көркем шығармадағы портреттің ролін жете түсінгені оның шығармадағы түрлі қызметтерін аңғара алғаны байқалады. Оның үстіне шығарма моноцентристтік сипатта болған кезде әрине, портреттің маңызы зор екенін біліп, әдейі осыны түйткілді мәселе ретінде айтып отыр.

Қалихан Ысқақ жазушы ретінде өз шығармаларында портреттің небір тамаша үлгілерін тудырып, оны түрлі мақсатта жұмсай алған. «Ақсу – жер жаннаты» шығармасындағы Қарадиюдың мына портретіне зер салыңызшы.

«...Жалғыз көз шұнақ қара шалды қаталдығы мен қайтпайтын бірбеткейлігіне бола жұрт Қарадию деп атайтын. Мойын жоқ, көкіректей кеудеге қарбыздай домалантып қондыра салған қасқа бас, жүн-жүн қалың қабақтың астындағы оқырайған жалғыз көзі шынында да ертегінің диюын еске түсіретін. Жұдырығы тоқпақтай, ебедейсіз ұзын қолды, қотан аяқ, тоңқаң жүрісті қара шал, қарсы жолыққанда тарпа бас салатындай шүйілігіп тұрушы еді. Түріне қарамай өзінен басқа тірі пендені менсінбейтін, біреуге ишарат қылып дұрыс сәлем қайтарып көрген жоқ» (Ысқақ, 2013: 100). Мұнда тек портреттік сипаттау ғана емес, авторлық коментарийде қатар жүр. Сондай-ақ портреттік – салыстыру да сипатталған образды жанды етіп, оқырманға визуалды елестетуге көмек беріп тұр.

Немесе Мешелдің портретіне назар аударыңыз: «Мешел Жақыптың қыжырпасынан ырбаландап құтылдым деді. Табиғатына жазбаған шын күлкі қылғынса шығар ма, айыпқа жығылса да, арын төгіп, жарамсақтанғысы келсе де, ырбаландап, жәдігөйлене қалатын ежелгі ауруы. Сыңар көзі сайқалданып, сыңар беті қоламта қарыған көн терідей бырысып: құлдық, құйрығыңды жалайын деп тұрады да, қалған мұп-мұздай

сыңар көзі бүлк етпейтін бездей сыңар бет: жеті атаңның қақ басы деп балағаттап тұрғаны. Сырты жалқақ, іші мұз, жақынның қайғысын, жаттың қуанышын бөліп-жарып көрмеген безбүйрек, тексіз де бейшара адамның бәтуасыз арзан қылығы осы. Оның міне қашатын жалғыз аты да, айласы мен айбаты да осы өтірік күлкісі. Әйтеуір қасқа маңдайдан қақ жарылып, кегі мен жампоздығын қоса теңдеп жүретін бет-аузында жарым-жарты пейілге ғана сиятын жарымжан пенденің ғана суреті бар еді» (Ысқақ, 2013: 99). Мұнда адамның тек кескін-келбетін, дене бітімін ғана емес, оның сыртқы бітімі арқылы ішкі характерін, тұрақсыз психикасын танытады. Жазушы портреттерінде көбіне сырқы бітім мен ішкі характердің жымдасқан байланысын көруге болады. «Өтірік күлкі, бездей бет, сайқал көз» артына жасырынған түпкі ой, жымысқы ниет барлығы жазушы көзінен таса қалмай, айқындаушы эпитет-термен шебер жасалған. Портретті оқып отырған адамның жиіркенішін тудыратын эмоционалдық баға беру мағынаны аша түседі. Мешелдің сыңар бетіндегі эмоция мен екінші бөлігіндегі күйдің тура келмеуі шынымен қызық психикалық құбылыс. Осы арқылы жазушы кейіпкердің екіжүзділігін айқын көрсетеді.

«Қоңыр күз еді» повесіндегі Алтынның портреті де қазақ әдебиетіндегі ең бір сүйкімді, оқырманды сүйсінтетін портреттердің бірі. «Алтын жанымызға келді. Жалбырап бетіне түскен бір уыс самай шашын кейін серпіп тастады. Ай нұрына жүзі шағылысып, сопақша келген аппақ беті жалт етті. Қаны сыртына тепкен екі бетінің ұшындағы шұңқырына дейін анық көрінеді. Қаймақтай жұқа ерні әнтек жыбырлайды. Жаңа туған жарты айдай қиықша келген жіңішке қастың астынан мөлдіреген қарақат көздер төгілейін деп тұрған таңғы шық сияқты» (Ысқақ, 2013: 19). «Таңғы шық сияқты» деген поэтикалық теңеу Алтынның портреттік қасиетіндегі көзінің мөлдірлігін ғана емес, бір жағынан кейіпкердің сезімталдығын, сұлулығын, рухани кіршіксіз тазалығын, әдемілікке құштарлығын көрсетсе, екінші жағынан бұл жолдар әңгімелеуші кейіпкер Қасымның сезімін де байқатып, суретке экспрессивті-эмоционалды мағына береді.

Қ.Ысқақ шығармашылығында портрет кейде кейіпкердің әлеуметтік статусын көрсетіп, қоғамдық жағдаятынан, тіпті кәсібінен хабар береді. Мына «Тұйық» романындағы портреттік телімнен ұстаның типтік образы көзге бірден байқалады. «Қас-кірпігіне дейін қайрақтың шаңы, диірмен тасына жүрелеп мініп алып, сықсима шамның жалпылдақ сағымымен бедер соғып отыр. Бүкіл денесімен қопарыла бұрылатын мойыны тұтас шомбал аға қабағының астынан күжірейіп бір қарады да, кемігін қорыған төбеттей гүр ете қалды» (Ысқақ, 2013: 156).

Жазушының көптеген шығармаларында кейіпкердің портреттік суреттемесіндегі индивидуалды деталь оның ұдайы сипатына айналып, осы қасиетінен оқырман жазбай танып отырады. Мәселен, «Ақсу – жер жаннатындағы» қисық мұрынды Асекең, сарала қаптан суыр құлақшынды сап-сары, секпіл бет Ситан сыболыш, қодас жалды, текекөз Есімхан.

«Тұйық» романындағы портреттер де қырағы психологиялық талдаулардан туындағандай. Мысалы, «Қабырғадағы Төремұраттың суреті теріс төңкеріліп қалыпты. Тұрып барып оңтайынан қойды; жігіттің мұңлы жүзінде: бірде бетін, бірде ту сыртын беретін алдамшы дүние–ай деген өкініш бар секілді. Ертең саған

теріс айналмасына кім кепіл? » (Ыскақ, 2010:182) – деп жазушы фото портретті өмірді философиялық тұрғыдан түйсінтудің құралына айналдырады. Елеусіз портрет кейіпкер өмірінде болып жатқан құбылыстарды іштей пайымдауға жол ашады. Қажымұратты ұнатып қалған Зылиха өзінің бақилық болған күйеуінің портретін көргенде, одан жүзін тайдырып, одан именгендей оны теріс айналдырып қойған еді. Портретті көрген Қажымұрат оны қайта оң қаратып жатып оның мұңлы жүзін байқайды. Мұңлы жүз – символ. Алдамшы дүниеге деген көзқарас. Барлығы өткінші. Жазушы кейіпкерлердің келешек өмірін әдемі тұспалдаған. Ақыры Зылиханың да үміті ақталмады, алданғандай болды. Қажымұраттың да бағы ұзағынан болмады. Шынымен-ақ, өмір бірде бетін, бірде сыртын тосты. Шығарма басындағы елеусіз портреттік нышан шығарма аяғындағы көңіл-күйге, өкінішке мегзеу жасап, мәтін мазмұнына болжаушылық қызмет атқарып тұр.

Қажымұраттың шынайы болмысын ашып көрсету үшін жазушы портреттік телімдермен қоса түрлі адамдардың назарымен бағалаулар береді. Соның ішінде үлкен адамның кемтар «дүлей» деп кемсіте берген бағасымен қоса балалардың ойыны арқылы «Мен Қажымұрат аға боламын, мен Қажымұрат аға боламын» – деген талассы да беріледі. Мұнда ойын баласының бейсаналы түрде эстетикалық, адамгершілік идеалдарға ұмтылысы арқылы өмір шындығы барынша ашылып көрсетіледі. Осылайша, жазушы жанама мінездеулер де беріп отырады.

Жазушының көптеген шығармаларында образдың кескін әлпетіндегі басты ерекшеліктер синекдохалық атауларға ұласады да «Түбітсақал», «Қауғасақал» («Аюлыда адам да бар» повесінің кейіпкерлері), «Қияқмұрт» («Тұйық» романының кейіпкері), «Маймұрын» («Қоңыр күз еді» повесінің кейіпкері), «Сарыпұшық», «Бұқажан», «Сары бәйбіше» («Тұйық» романының кейіпкерлері) секілді образдар дараланады.

Кейде тұлға бойындағы ерекшелік семиотикалық таңба дәрежесіне көтерілетінін байқаймыз. «Ақсу – жер жаннаты» романыдағы бас кейіпкер Бекеттен әкесінің халін сұрағандар: «Қалай, әкең әлі әтір мүңкіп жүр ме? !» – дейді. Елдің осы айтқан сөзі Бекеттің құлағынан кетпей түрлі ой салады. Әтір сөзінің еш әбестігі болмағанымен, олардың айтпай іркіп қалып отырған жарым сөздерінен: «Әкенің жең-жағасынан әтір ғана емес, басқа да бір нәрсенің мүңкімесіне кім кепіл ? » – деген ойға қалады Бекет (Ыскақ, 2010:91). Әтір иісі оқырманды да қызықтырып, интригаға салады. Жазушының әтір сөзіне акцент беріп отыруы тегін емес. Мұнда әтір – белгі, таңба. Ол нені білдіреді? Әтір сөзі дұрыс тіркесімде аңқуы керек. Ал жазушы сөйлемінде ол мүңкіп, жағымсыз мағынада келтіріліп отыр. Яғни, жалпы алғанда жағымды мағынадағы әтір сөзі керісінше романдағы халық басынан өткерген ең қиын драмалық жағдаймен, тіпті сұрқиялық категорияларымен байланысты екен. Авторлық теріс бағалаудың мәні осылай айқындалады.

Халық басына туған нәубетті қолдан жасаған негізінен елді басқарып жүрген шолақ белсенділердің бірі, Бекеттің әкесі – Есімхан. «Асу асудың ар жағына да, бер жағына да пулемет құрдырып, босқан ел шатқалға кіре бергенде орманға өрт қойдырып, ары қашқанды да, бері қашқанды да қорғасынның астына алды. Есімхандар жау түсіргендей, айдарынан жел есіп масайрады. Есіріктің қолынан оқ жұтқан бұрынғы екі болыс ел онан бетер үрікті: ит арқасы қиянның көк мұзына күл төсеп,

киіз төсеп, әйтеуір арғы бетке өтуге жанталасқан; күндіз қару асынғаннан қорқып, түнде қарайғаннан үріккен үрейлі қазақ сай–сала, жыныс–бытқылды сағалап, қашқын атанды» – делінген романда (Ысқақ, 2010:284). Адамын қырғанымен қоймай, бүкіл Қаратай елінің жылқысын тегіс жиып, оларды да атуға бұйрық берген кезде Шоңмұрын руы аузы дуалы қарт Сапаны алға сап, тілмаш қып оның ұлы Шерубай екеуін Есімханға жібереді. Есімханды алғаш көргендегі портреттік суреттемеден–ақ әтір мүңкуінің себебі ашылады. Бұл көрініс Шерубайдың назарымен сарапталған:

«...қодастың жалындай қобыраған шашын қолымен тарап, қызара бөрткен Есімхан төрдегі столдың алқымында алшиып отыр екен. Кішірейіп сәлемдескен Сапаның қолын зорға алды да, қолын ұсынған Шерубайға: «етігімді тартарсың?!» – деп аяғын көтерді. Қолында өлгісі келіп еді, амал жоқ ауыл итінің құйрығы қайқы екені есіне түсіп, өзін–өзі әрең тоқтатты. Сапаның алапесі жұғып қалатындай Есімхан алақанын одеколонмен шайып, тапаншасын суырып жанына қойды да, хром етігін жарқырата екі аяғын стол үстіне айқастыра тастады. Былғары күртені желбегей жамылып, сұр шалбар, сұр кительге сыймай отыр екен.

– Сайра – деп Сапаға отты көзін ата қарады.

– Шырағым, мен де епте, мал танитын адам едім, бұл жылқыда маңқа түгілі қыршаңқы да жоқ, текке обалына қалмаңдар, осыдан басқа айтарым жоқ – деп Есімханнан қайыр болмасын сезді ме, Сапа аялдамастан есікке бұрылды. – Мал ашуы, жан ашуы, ел бөрлігеді, ел бөрліксе, өкіметтен де тыныш кетеді – деді.

... былғары мен әтір мүңкіген қодас жалды теке көз Шерубайдың мәңгі есінде қалып еді» (Ысқақ, 2010:285).

Тура мағынасында Есімханның қолын әтірмен шайып отыруы, әтір сасуының себебі оның тазалығын, сал-серілігін емес, оның ешбір пендені өзіне тең көрмей, барлығын кемсіткіштігін, кесірлігін, тәкаппарлығын, жұрттан асқан менмендік психологиясын көрсетеді. Жазушы кейіпкер шашын қодастың жалына теңеуі, көзін теке көз деген эпитетпен айқындауы мінезіндегі тікбақайлықты, асынған зор қайратты байқатады.

Өнер философиясын зерттеуге арналған «Портрет өнері» атты жинақта А.Г. Цирес «Язык портретного изображения» деген мақаласында: «...Сопоставление может быть, наконец, композиционным объединением отдельных элементов в некоторое новое синтетическое целое: усмотрение общих линии контура отдельных частей тела или тела и окружающих предметов; красочной гармонии тела и одежды и т.д. Каждый вид сопоставлений, создавая новые комбинации элементов, создает тем самым и новые комбинации знаков, смысл которых не исчерпывается смыслом отдельных элементов, входящих в ту или иную комбинацию. Значения отдельных элементов входят при сопоставлении в своеобразные соотношения, диктуют новый смысл» – дейді. (Цирес, 1927:120)

Яғни мұнда суреткер портреттік телімге парфюмерлік детальді қосу арқылы, иістер кеңістігіне оқырманды енгізе отырып, жаңа мән үстейді. Ауыспалы мағынада мәтін астарынан әтірдің – бүркеншік, қалқа, маска іспетті екендігін көреміз. Яғни сөзінің сасығын, ісінің пасығын, ішкі ойының арамдығын жасыру үшін қолданылатын құрал. Шіріген ісінің сасық иісін шығармай, бүркемелеу үшін әтірді пайдаланады де-

ген метафоралық ой қылтияды. Романда ол туралы «дүниені шіріткен есімхандар» деп халық назарындағы перцептивті образын сомдалады.

Есімханның өзі әтір арқылы өз ісіне өзге бір мағына үстегісі келетіндей. Бірақ ол фикция. Тіпті мәтінде Есімхан есімі жалқы атаудан жалпы атауға ауысады. «Жеті ағайынды жұтты қолдан жасаған Есімхандар», «қарсы сөзге келген ел беделділерін Есімхандар сотсыз, заңсыз атып тастап...», «Есімхандар құбыжық қылған совет өкіметіне сенбей ел кордон аса бастады», «жылаған баланың жасын тиятын Есімхандар», ұлы кәмпәнді жүргізген «қайраткер» деген характерологиялық штрихтар арқылы жазушы шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенді Есімхандардың типтік бейнесін өрнектейді.

Қ.Ысқақтың кей портреттерінде шығыстық метафоризм де бар. Мысалы жазушы, жерде ирелеңдеп, созылып жатқан жанды «жауыннан соң асфальтта өліп қалған шылаушынның үзігіне» (Ысқақ, 2010: 34), шошынған адамды «жылан көрген бақаға» (Ысқақ, 2010: 35), топастау, түсінігі төмен адамды «астындағы көңнен басқаны түртіп көрмеген адамның көртышқанына» (Ысқақ, 2003:89), пәтершінің күнін «сүтке тиген күшікке» (Ысқақ, 2003:216), жалған патриоттарды «інге тығылған суырға» (Ысқақ, 2013: 62), кеудесіне нан пісіп, жақсылықты ұмытқан жанды «сиырға» (Ысқақ, 2013:75) балайды. Жазушы құбылтуларының кейбірі ерекше тосын, бірақ дәл. Кейбірінің ұлттық сипаты басым.

Белгілі ғалым Б.Майтанов өзінің «Портрет поэтикасы» атты зерттеуінде «Әдеби туындының тұтастық жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосып, біртіндеп тұрақты эстетикалық құндылық өлшеміне айналған ежелгі көркемдік құрылымның бірі – портрет. Суреткердің даралық стилі көрінетін маңызды буын ретінде портрет уақыт заңдылықтарына сәйкес ортақ бір бағыт, әдістің ішінде жалпыға тән сипаттар жинақтайды» – дейді (Майтанов, 2006:4). Яғни портреттік суреттеуде жазушының дара стилі де танылады, тіпті кей жазушылар оны әрдайым жетілдіре дамыту арқылы жазу мәнерінің қағидасына айналдырады.

Қорытынды. Жоғарыдағы мысалдарды талдай келе, Қ.Ысқақ шығармашылығындағы портрет жазушының образдары секілді қайталанбайтын әрі алуан түрлігімен ерекшеленеді. Мұнда трафареттік персонаж кездеспейді. Жорамал портрет жоқтың қасы екенін көреміз. Жазушы портреттерінде кейіпкердің сырт келбетін толық келтіру де, көзге бірден ілігетін бірер белгісін атап өту де, портретті түрлі жағдайда қайталап, әрбір қырынан толықтырып отыру да, бет жүзіндегі, денесіндегі ерекшеліктерді екінші адамның көзімен бағалату да, сол бағалау арқылы лақап ат қою да кездесетінін көрдік. Қаламгердің портрет жасаудағы ерекшелігі ретінде символдық мән үстеу, заттық, семиотикалық таңбалық мағына жүктеу тән екенін айқындадық. Ал мұның барлығы да мәтінде негізгі идеяны ашуға бағытталған көркемдік қызметін көрсетеді.

Солтанаева Е.М.
КазНУ имени Әл-Фараби
Алматы, Қазақстан
E-mail: gulkataim@gmail.com
ORCID: 0000–0001–8273–3571

Поэтика портрета в творчестве Калихана Искака

Аннотация. В статье рассматриваются виды и функции литературного портрета на примере творчества Калихана Искака. Выделяются такие черты, как восточный метафоризм, характерный для портретной характеристики писателя, индивидуальные детали, позволяющие зрительно представить читателю портретную особенность образов. В большинстве портретов К. Искака обнаруживается тесная связь внешнего облика и внутреннего характера. В некоторых произведениях писателя индивидуальность в портретном изображении героя становится его постоянной характеристикой, иногда некоторые портретные черты в изображении образов перерастают в синекдохические названия.

В романе «Аксу-жер жаннаты» люди, встретившиеся с главным героем, с иронией спрашивают о здравии его отца «Все ещё воняет одеколоном?». Это высказывание порождает сомнительные мысли в голове сына. Повторяющиеся мотивы, вызывают читательскую интригу, побуждают главного героя к проведению собственных расследований.

С помощью казалось бы незначительной детали используемой при создании ольфакоторной образности в портретной зарисовке автор создает некий символ. Запах одеколона завораживает читателя, интригует, автор акцентирует внимание читателя на слове одеколон. Таким образом раскрывается подтекст данного символа в авторской рецепции. Получается что, одеколон – это знак, символ. То есть, в обыденном смысле «одеколон» должен благоухать, но напротив, в романе это слово приобретает абсолютно противоположное значение. Это связано с самой сложной драматической и ужасной ситуацией в истории казахского народа и оказывается, что участники и виновники этой кровавой расправы с помощью одеколона хотели перебить запах крови на своих руках. Одеколон выступает в качестве некой маски, т. е. этот символ намеренно используется писателем как средство, используемое для сокрытия зловонности слова, неправого дела, внутренней нечистоты мыслей персонажа. Таким образом, определяется метафорический смысл подтекста. Есимхан использует одеколон для маскировки, для мимикрии, для сокрытия мерзостного запаха своих ужасных деяний.

В заключительной части статьи приведены следующие выводы: в портретном изображении узнаваем и индивидуальный стиль писателя, что делает его одним из принципов стиля авторского повествования, происходит его постоянная эволюция; в творчестве К. Искака мы не наблюдаем определенного портрета; писательские портреты отличаются разнообразием используемых приемов: как полное описание внешности героя, так и акцент на сразу бросающийся в глаза признак; обращение к портретной характеристике в разных ситуациях, дополнение с различных ракурсов; оценка особенностей лица и тела глазами других персонажей. Характерной особенностью творчества писателя в создании портретной характеристики является внесение в него символического значения, предметного и семиотического символического значения.

Ключевые слова: портрет, перцептивный образ, характер, символическое значение, метафорическая мысль.

Soltanaeva E.M.
Al-Farabi KazNU
Almaty, Kazakhstan
E-mail: gulkataim@gmail.com
ORCID: 0000-0001-8273-3571

The poetics of the portrait in the work of Kalikhan Iskak

Annotation. The article discusses the types and functions of a literary portrait on the example of the work of Kalikhan Iskak. There are such features as oriental metaphorism, characteristic of the portrait characteristics of the writer, individual details that allow the reader to visually present the portrait feature of the images.

In most of K. Iskak's portraits, there is a close connection between the external appearance and the internal character. In some of the writer's works, the individuality in the portrait image of the hero becomes his constant characteristic, sometimes some portrait features in the representation of images grow into synecdochic names.

In the novel "Aksu-zher zhannaty", people who met the main character ironically ask about the health of his father "Does he still stink of cologne?" This statement gives rise to dubious thoughts in the head of the son. Recurring motives, cause reader intrigue, encourage the main character to conduct his own investigations.

With the help of a seemingly insignificant detail used in the creation of olfactory imagery in a portrait sketch, the author creates a certain symbol. The smell of cologne fascinates the reader, intrigues, the author focuses the reader's attention on the word cologne. Thus, the subtext of this symbol in the author's reception is revealed. It turns out that cologne is a sign, a symbol. That is, in the ordinary sense, "cologne" should be fragrant, but on the contrary, in the novel this word acquires an absolutely opposite meaning. This is due to the most difficult dramatic and terrible situation in the history of the Kazakh people and it turns out that the participants and perpetrators of this bloody massacre with the help of cologne wanted to kill the smell of blood on their hands. Cologne acts as a kind of mask, i.e. this symbol is intentionally used by the writer as a means used to conceal the stench of the word, the wrong deed, the inner uncleanness of the character. Thus, the metaphorical meaning of the subtext is determined. Yesimkhan uses cologne for disguise, for mimicry, to hide the vile smell of his terrible deeds.

In the final part of the article, the following conclusions are given: in the portrait image, the individual style of the writer is also recognizable, which makes it one of the principles of the style of the author's narrative, its constant evolution takes place; in the work of K. Iskak, we do not observe a certain portrait; writers' portraits differ in the variety of techniques used: both a complete description of the hero's appearance and an emphasis on an immediately striking feature; an appeal to portrait characteristics in different situations, an addition from different angles; an assessment of the features of the face and body through the eyes of other characters. A characteristic feature of the writer's work in creating a portrait characteristic is the introduction of symbolic meaning, subject and semiotic symbolic meaning into it.

Keywords: portrait, perceptual image, character, symbolic meaning, metaphorical thought.

Информация об авторе:

Солтанаева Еркингуль Молотовна *– старший преподаватель кафедры казахской литературы и теории литературы, кандидат филологических наук, ORCID: 0000–0001–8273–3571*

Әдебиет:

[1] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б. ISBN 5–7090–0089–2

[2] Майтанов Б. Портрет поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.

[3] Сабырбаева Р.Қ. Қалихан Ысқақовтың прозасы: Ф.ғ.к. алу үшін дайындалған кандидаттық диссерт. автореф. – Алматы, 2007. – 27 б. Тәттімбетова С.Ж. Қ.Ысқақов шығармаларындағы кейіпкер бейнесінің лингвостилистикалық сипаты: Ф.ғ.к. алу үшін дайындалған дисс. Автореф. – Алматы, 2009 . – 24 б.

[4] Балтабаева Г. Қалихан Ысқақ // Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы, ҚазАқпарат, 2005. – 528 б. ISBN 9965–654–25–5

[5] Ысқақов Қ. Еліктеу ме, мұқтаждық па? // Жұлдыз № 5, 1963. – 122 – 135 бб.

[6] Цирес А.Г. Язык портретного изображения. // Искусство портрета. Москва: Академия Художественных наук, 1927. – 215 с. ISBN 978–5–518–05721–0

[7] Ысқақ Қ. Ақсу – Жер жаннаты. Алматы: Өнер, 2010. – 480 б. ISBN978–601–209–1 28–1

[8] Ысқақ Қ. Қоңыр күз еді. Әңгіме, повесть, роман. – Алматы: Ата–мұра, 2003. – 256 б. ISBN 9965–05–659–5

[9] Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: (роман–эссе). Алматы: Ана тілі, 2013. – 451 б. ISBN 978–601–251–094–2

Литература:

Балтабаева Г. Калихан Ыскак // История казахской литературы. Алматы, «ҚазАқпарат», 2005. – 528 с. ISBN 9965–654–25–5

Кабдолов З. Искусство слова. – Алматы: Казахский университет, 1992. – 352 с. ISBN 5–7090–0089–2

Майтанов Б. Поэтика портрета. – Алматы: Казахский университет, 2006. – 127 с.

Сабырбаева Р.К. Проза Калихана Ыскакова. Автореф. на соиск. канд.филол.наук. – Алматы, 2007. – 27 с. Тәттімбетова С.Ж. Лингвостилистическая характеристика персонажа произведении Қ.Ысқакова. Автореф. на соиск. канд.филол.наук. – Алматы, 2009 . – 24 б.

Ыскаков К. Подражание или безисходность? // Жулдыз № 5, 1963. – С.122 – 135 .

Цирес А.Г. Язык портретного изображения. // Искусство портрета. Москва: Академия Художественных наук, 1927. – 215 с. ISBN 978–5–518–05721–0

Ыскак К. Беловодье. Алматы: Өнер, 2010. – 480 с. ISBN 978–601–209–1 28–1

Ыскак К. Поздняя осень. Рассказы, повесть, роман. – Алматы: Ата–мұра, 2003. – 256 б. ISBN 9965–05–659–5

Ыскак К. Тень забытых дней: (роман–эссе). Алматы: Ана тілі, 2013. – 451 б. ISBN 978–601–251–094–2

References:

Baltabaeva G. (2005) Kalihan Yskak // [History of Kazakh literature]. Almaty, Kazakh information, 2005. – 528 s. (In Kaz)

Cires A.G. (1927) Yazyk portretnogo izobrazheniya // Iskusstvo portreta / [The language of the portrait image // The Art of portraiture]. Moskva: Academy of Art Sciences, 1927. – 215 s. (In Russian)

Iskakov's work]. Abstract of the dissertation of the Candidate of Philology sciences. – Almaty, 2009 . – 24 b. (In Kaz)

Kabdolov Z. (1992) Iskusstvo slova. [The art of the word]. – Almaty: Kazah University, 1992. – 352 s. (In Kaz)

Majtanov B. (2006) Poetika portreta. [Portrait Poetics]. – Almaty: Kazah University, 2006. – 127 s. (In Kaz)

Sabypbaeva R.K. (2007) Proza Kalixana Yskakova. [The prose of Kalikhan Iskakov]. Abstract of the dissertation of the Candidate of Philology sciences. – Almaty, 2007. – 27 s. Təttimbetova S.Zh. (2009) [Linguistic and stylistic characteristics of the character of

Yскаков K. (1963) Podrazhanie ili beziskhodnost'?. [Imitation or hopelessness'?] // ZHuldyz № 5, 1963. – S.122 – 135 . (In Kaz)

Yскак K. (2010) Belovod'e. [White water]. Almaty: Art, 2010. – 480 s. (In Kaz)

Yскак K. (2003) Pozdnaya osen. [Late autumn]. – Almaty: The legacy of the fathers, 2003. – 256 b. (In Kaz)

Yскак K. (2013) Ten' zabytyh dnej: (roman–esse). [Yскак 2013: Shadow of the 'forgotten Days (novel–essay)]. Almaty: Native language, 2013. – 451 б. (In Kaz)

ҒТАМР17.09.91 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-14

Таимова Г.Ж.[1]*, Бегманова Б.С.[2]
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті[1,2]
Алматы, Қазақстан
E-mail:·taimova97@bk.ru, bibizhan.begmanova@mail.ru
ORCID: 0000-0002-5891-4564, ORCID: 0000-0002-9135-6752

ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

Аңдатпа. Түркі тілдес елдердің шығу тарихын, әлеуметтік-генетикалық және психологиялық-моральді ортақ қырларын зерттеу – Орта Азия жерінің көп жылдық тарихын қайта жаңғыртумен тең. Бүгінгі таңда түркі әлемінің мәдениетін,саяси-әлеуметтік, этностық, әдеби жан дүниесіні зерттеп қарастыру өте маңызды. Түркі фольклорын дүниежүзілік жарияланымға алып келу – қазіргі заманның басты міндеті. Түркі ұлттарының, елдерінің бірлігін қайта көрсету – қазіргі ауыз әдебиетіндегі басты проблемалардың бірі. Сол себепті де бұл ғылыми мақаламыздың тақырыбы осы алдыға қойылған мүдделерді орындау мақсатында осылай аталып отыр. Мақала тақырыбы осы алға қойылған мақсат-міндеттері арқылы өте өзекті. Ғылыми мақаланың тағы да бір мақсат-міндеті – түркі ауыз әдебиетінің қалыптасқан, жинақталған және қағаз бетіне түскен кезеңдерін белгілі бір әдіс-тәсілдер арқылы жүйелеп, оның ішіндегі тек, композиция, мотив, персонаж ұқсастықтарын тауып, ғылымиландыра отырып, тұжырымдар жасау. Түркі фольклоры мәселелерінен басқа олардың проза жанрына қатысты ұқсастықтары да тілге тиек етіледі.

Түркі ауыз әдебиетінде осы уақытқа дейін фольклорлық проза жанрын толықтай тарқату үшін түркі халықтарына ортақ, біртұтас жүйелер, дәлелдер болмады. Текстологиясында және ғылыми жұмыстарында кей анықтамалардың, омоним сөздердің, терминдердің араласып кетуі көп орын алады. Соған орай түркі елдерінің әдебиетінде проза жанрын өзіндік классификацияларға бөліп қарастырады. Аталмыш мәселеге байланысты,берілген мақаланың тағы бір мақсаты – түркі әдебиетінің аңыздық прозаларының бөліну, белгілі бір критерийлерге байланысты жіктелу, анықтамалар проблемасындағы ортақтастықтары мен бір-біріне ұқсас емес тұстарын талдап көрсету.

Мақалада түркі халықтарының аңыз,әпсана, хикаяларының шығу сипаты, мифологиялық ерекшеліктері де назардан тыс қалып кетпейді. Сонымен қатар түркі әдеби дүниесінің басты өзектілігі және басқа ұлттардың аңыздық, прозалық танымымен ортақ дүниетанымы мен айырмашылығы сараланады.Түркі аңыздарындағы пенде мен қоршаған орта ұқсастығы, аспан мен жер туралы көне ұғымдар мысал ретінде қарастырылып, арнайы тұжырымдар жасалады.

Сондай-ақ мақалада көшпелі түркі жұртының өз руханиятын жасаудағы ескі түркі халықтары-ның дүниетанымы, мәдениеттері, ортақ әдет-ғұрыптары, ортақ шығармалары және ұқсас кейіпкерлер образдары ғылыми тұрғыда талқыланады. Ғылыми мақала мәтінді салыстырмалы түрде талдау,саралау,жүйелеу,тарихи-типологиялық, этногенетикалық әдістер арқылы зерттеліп құрастырылды, тиісті қорытындылар жасалды. Ғылыми мақаланы жазуға біршама тарих және түркі, қазақ ауыз әдебиеті ғылымдары зерттеушілерінің еңбектері, сонымен қатар ғаламтор желісінің тың ақпараттары да мұрындық болды.

Кілт сөздер: фольклор, миф, проза, этнография, әпсана.

Кіріспе. Өткен ғасырдың бастапқы жылдары түркі халықтарының ауыз әдебиетін жинау арқылы біршама жетістіктерге ие болды. Әр түрлі ұлттар әдеби

материалдарының нұсқаларын зерттеу, қағаз бетіне түсіру арқылы сапасы бар еңбектер орындалды. Қазақ және әлем саяхатшылары мен ғалымдары аңыздар мен әпсаналарды түркі ұлттарының шығу тарихы, тіршілігі мен ғұрып фольклорының көрінісі ретінде мойындап, оларға қатты қызығушылық таныта бастады.

Он тоғызыншы ғасырға дейін түркі прозаларының үлгілері біршама қолжазбаларда, мақалаларда, жергілікті, тарихи-ғылыми жұмыстарда пайдаланылып, түркі халықтары жайындағы ақпарат, мәлімет есебінде саналған.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ғылыми мақаланы жазу аясында түркі елдерінің халық ауыз әдеби жәдігерлерін қарастырып, ұқсастығын табу, солардың көмегімен тарихи-ғұрыптық ынтымақтастығын айқындау – өз еліміздің дүниежүзілік рухани аренадағы дәрежесін көрсетеді. Ғылыми мақалада салыстыру, топтастыру, анализ жасау, жүйелеу, тарихи классификациялау, типтік-генетикалық әдістер пайдаланылды. Тәуелсіз елдің рухани әлемі мен ұлттық нышандарын дәріптеп, әдебиет пен мәдениетін насихаттауда игі істің бірі болған түркі халықтары мәдениеттерінің бірлестігі үшін де баға жетпес әрі өзекті зерттеу жұмысы болады деген сенімдеміз.

Зерттеу нәтижесі. Түркі елдерінің мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші, сонымен қатар проза шығармаларын құрастыруда қажымай еңбек еткен азаматтар Ә.Диваев, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Н.Ф.Катанов және тағы да басқалары. Ә.Диваевтың басшылығымен орындалған зерттеу жұмыстарының нәтижесі өте көп. Оның экспедициялық еңбектерінде қазақ, қырғыз елдерінің мифтері, әпсаналары, әулие-көріпкелдер жөніндегі уақиғалары мен бақсылар жайындағы хикаяттары және одан өзгелері де қарастырылған.

Г.Потанин қазақ, қырғыз, алтай және тағы басқа ұлттардың ауыз әдебиеттік туындыларындағы мифтік көріністерін талдай отырып, 1881-1883 жылдары Моңғолияның оңтүстік-батысындағы қолжазбаларды жинақтаған. (Потанин, 1916:47)

Қырғыз-қазақ ауыз әдебиетін қағаз бетіне түсіріп, ғалымдардың жұмыстарын жарыққа шығаруда «Дала уәлаяты» газеті көп еңбек атқарды. Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басында түркі фольклоры туралы материалдар ғылыми түрде жиналып, баспа бетіне түсе бастады. Халық ауыз әдебиетін жарыққа шығарудың арнайы жүйесі құрастырылып, бағдарлама қойылды. Ресей ғалымдары ғана емес, жалпы Орта Азия ғалымдары да осы жұмысты қолға алуға кірісті. Ал қазақ ғалымдары болса түркі ауыз әдебиетін тарихи ақпарат ретінде қабылдап, сол мақсат бойынша шұғылданды(Бердібаев,1988). Сондай-ақ ұлы зерттеуші Ш.Уәлиханов та түркі фольклорын қарастыруда тарихи-салыстырмалы бағдар бойынша еңбек етті.

Атақты ғалым, түркітанушы В.Радлов түркі фольклоры жөніндегі бағалы жұмыстарды артына қалдырып кетті. Бұл жөнінде оның 10 томдық басылымы жарық көрді. Онда атақты қолбасшы әрі жаулап алушы Әмір Темір туралы кей қазақ тіліндегі мысалдар, алтай батыры Сартақпай батыр жайындағы әңгімелері мен хикаялары жазылған. Бұл жұмыстың екі томы хакас ауыз әдебиетіне арналып жасалған. Жарық көрген әдеби нұсқалар дәл және толық. Ал нұсқаның тұңғыш жазылған тілі – хакас тілі. Сонымен бірге бұл еңбекте көптеген рулардың, ұлттардың өзіндік

аймақтық тілі мен диалектілерінің айрықшалықтары сол қалпында қалған. Сонымен қатар орысшасы да оқушылар назарына ұсынылған. Зерттеуші-ғалым ұйғырлардың аңыздық еңбектеріне де өз септігін тигізіп, жұұмыстарында олардың хикаяттары туралы да айтады. Тува мен тофалар әдебиеті тағы бар.

Қазіргі таңдағы түркі халықтарының фольклорының дамуы туралы айтқанда міндетті түрде әйгілі түркітанушы Н.Катановты да айта кеткеніміз дұрыс. Оның ұлты –хакас. Ол - көптеген түрік фольклорлық туындыларын орысшаға алғашқы болып аударғандардың бірі. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы шенінде Сібір аймағындағы түркі тілдес ұлттардың лингвитикалық, ауыз әдебиетіне, шығу тегіне байланысты біршама мәліметтерді теріп, жазып алған.

Талқылануы. Бүгін осы туындылар хакас әдебиеті тарихының бағалы ақпараттарының бірі болып саналады. Сондай шығармаларының бірінде ұйғыр фольклоры да назардан тыс қалмайды. Ұйғыр аңыздары жайында зерттеу жұмыстарын, оны ғылыми тұрғыға зерттеп салғандардың бірі А.Пржевальский мен Г.Грумм-Гржимайло болды (Göçgün, 2002: 110).

Алтай фольклорын танушы В.Вербицкий алтай жұртының әдебиетін зерттеуді өз миссиясы ретінде қолға алды. Оның сол халық фольклорын жазуда жиырма тоғыз хикаяны енгізуімен қамтылды. Ал Еділ жағасындағы тұрғындарды зерттеуде Қазан қаласындағы оқу орны өз қызметін жақсы атқарды. Оқу орнының қарамағында орыс елдерінің археологиясын, шығу тарихын зерттеу орталығы ашылды. Ол оқу орны хабаршысының жұмысына зор ықпалын тигізді. С.Михайлов чуваш халықтарының фольклорын зерттеу арқасында мың сегіз жүз елу екінші жылы өз мақаласын қағаз бетіне түсірді. Сонымен қатар, мың сегіз жүз сексен бірінші жылы В.Магниций чуваш ұлтының көне сенімдерін, діни аңыздарын зерттеп қарастырған.Чуваш халық ауыз әдебиетін тағы да өте қатты зерделегендердің бірі – педагог И.Яковлев (Ильина, 2006: 13).

Қазан университеті зерттеушілері татар ауыз әдебиетінің де туындыларын іздеп, қағаз бетіне түсіруді қолға алған. Татар халқының әдеби туындылары Қазан қаласының ғылыми газет-журналдарында жарыққа шығып, танымал жарияланымдарда бой көрсеткен. Мифтер мен хикаялардың кей нұсқалары Ресей елінің басқа аймақтарында жаңалық ретінде қағазға басылып отырған. Ресей еліне келген венгр зерттеушілері де сол туралы еңбек жазып, еңбек ішіндегі қоршаған ортаның өзіндік рух-егелері бар деуімен танымал болған.Он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың бастапқы шенінде көне бұлғар және 16-17 ғасырдағы татар халқының әпсаналарын қағаз бетіне түсіруде ел аузынан алған әңгімелерін мүмкіндігінше іске асырған.

Якут жұртының түпкі тамырлары мен тайпалары жөнінде миф-әңгімелер баяндалған Я.Линденаудың еңбегі екі жарым ғасырдан соң барып Магадан қаласындағы жарияланымда қағаз бетіне түсті. Одан басқа да түрлі академиктер он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде Сібір аймағының шығыс және солтүстік өлкелеріне жасаған экспедициясында сол халықтың этнографиясы мен аңыздарына Ресей ғалымдарының назарын аудартқан болатын (Алексеев және т.б., 1995: 11).

Әзірбайжан әдеби көркем шығармаларының да жиналып, зерттелуі жоғарыдағы жылдарды қамтиды. Мысалға алатын болсақ, мың сегіз жүз сексен екі және мың тоғыз жүз он бесінші жылдар аралығында Тифлис шаһарында қағазға түскен жергілікті тұрғындар мен Кавказ тайпаларының сипаттамасы арқылы қырық бес томдық болып, ішінде әзірбайжан тарихи шығармалары, наным-сенімі мен ауыз әдебиеті үлгілері жазылды.

Қарашай-балқар фольклорлық туындылары бойынша зерттеулер біршама ғалымдардың жұмыстарында ұшырасады. Мысалы, М.Алейниковтың қарашай балқарлықтардың әпсаналары мен бірге аңыздық көріністері жайлы жазған мақаласы да бар.

19 ғасырдың ортасында түркі әдеби әлемінде орын алған ғылымға қатысты алғышарттар жұмыс ретінде қолға алынды. Г.Потаниннің зерттеуімен түркі ауыз әдебиетінің тұлғасы дүниенің пайда болуы, тайпалардың пайда болуы жайлы және фантастикалық, әдет-ғұрып, келемеж-кекету ертегілерімен, мысалдарымен танымал болды. Оның бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде шыққан қазақ және алтай ұлттарының фольклоры жайындағы еңбегіне Көкше тұрғындары мен Қарқаралы өңірі жүртының айтқан аңыздары сеп болды. Еңбек алпыс бір мәтін мен он екі нұсқалы болып жіктелген: бірінші материалы – қазақтар туралы болса, екіншісі – алтайлықтарға арналған. Ал жалпы еңбек қазақ фольклоры материалы негізінде жазылған (Потанин, 1893). Еңбекте Барсакелмес, Толағай Қалмақ, Таз таулары және мүшел, жетіқарақшы туралы әпсаналар жетерлік. Қазақ ауыз әдебиетіндегі түңғыш құнды туындылардың бір айғағы ол – әйгілі ғалым-академик М.Әуезовтің бастауымен жарыққа шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихының» фольклористикаға арнайылап тағайындалған алғашқы томы. Оның ішінде қазақ ауыз әдебиетіндегі ертегіден бөлек қазақ әдеби тектерін тануға арналған жұмыстар бар. Ал Мәлік Ғабдулиннің Қазақ фольклоры жайындағы еңбегінде аңыз-әңгімелер ертегі жанрының ішінде зерттеліп, қағазға түсті. Сондай-ақ Р.Бердібаев, А.Сейдімбек, С.Қасқабасов зерттеулерінде ғылыми ордалардың мұрағаттарында табылған қазақ халқының фольклорлық шығармалары түрлеріне байланысты тараушаларға бөлінген.

Зерттеуші Рахманқұл Бердібаевтың қазақ эпосы жайындағы зерттеу жұмысының басты мақсаты – көне аңыздар мен әпсаналар жайындағы тұжырымдар жасауында. Аңыз-әңгімелердің қазақ ауыз әдебиетіндегі маңызын, негізгі нысандарын айғақтайды. Проза жанрының кей түрлерінің текстологиясын тағы да жаңғырту ауыз әдебиеті саласының бүгінгі қызығушыларымен тағы да көрісуіне септігін тигізді. Осыған байланысты Г.Потаниннің қазақ ауыз әдебиеті жайындағы жинақтаған еңбегінің рөлі зор. Еңбекте көркем әдеби туындылар талқыланып, мифтік мысалдар мен прозалық шығармалар жазылған. Ә.Диваев зерттеген ғылыми жұмыстар бойынша халқымыздың ежелгі шығармашылық өнерлері хақында жинақ шықты. Зерттеуші С.Қасқабасов ұлттық фольклор құрылысын айғақтап, мифтік хикаяттар бөліктерін мақсатты қарастыруды міндет етіп қойды. Олар кәсіби ұстанымдарын сақтай келе, анықтамалық тараптан тиісті қорытындылар келтіреді. Оның бір айғағы – ұлттық көркем туындылар жайындағы шығарманың жазылуы.

Сейіт Қасқабасовтың ғылым жолындағы ең ірі бағындырған бір асуы – Қазақтың ертегі емес прозалары туралы жазған туындысы. Ұлтымыздың көне мифтік мысалдарын қарастырудың негігі нұсқасы қылған зерттеу жұмысында қазақ ауыз әдебиеті түрлерінің анықтамасы мен оның ұлттық көркем туындыларды талдаудағы басты нысаны, елдік әдеби тектерді бөлу проблемалары мен ескі әпсаналардың қазақ ауыз әдебиетінде көнеден келе жатқан қалдықтары жайындағы көзқарастар қорытындалып, әңгіме жанрындағы әпсаналық туындылар, архаикалық және аймақтық мысалдарға әмбебап сараптамалар жасалады, мифтік мысалдар мен олардың біршама жанрлары толықтай ашылады, қазақ ауыз әдебиетінде ескі аңыз да, архаикалық және аймақтық мифтер де, аңыз және мысал да, қарапайым ауызша оқиғалардың да көптігі біршама үлгілер арқылы қарастырылып, оның пайда болған уақыты мен типтік функциясын арнайы көзқараспен, діни көзқарасымен, ұлт дүниетанымымен бірлікте зерделенеді. Хикая жанрындағы аңыздық оқиғалардың негізгі шығу тегі діни нанымдарымен тығыздығына көңіл бөлініп, оның басты хикаясы демонизмдік персонаждардың қарапайым пендемен аяқ астынан көрісуімен дамып, осылардан құлшылықтың, құдайға, қасиетті күштерге жығылудың күшімен ғана аман қалу істеріне назар аударылады.

Үш ғасырға созылған уақыт арасында қазақ жері шекарасының орыс патшалықтарының басшылығына бағынуы қазақи әдет-ғұрып пен салт-сананың өзгеруіне әкеп соқтырды (Ноғайбаева, 2021). Соның салдарынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жұмысы жағынан да кешірек қалып қойғанымыз жалған емес.

Қазақ халқының ертегі емес туындылары туралы ғылыми еңбекте ертегі емес проза тұңғыш рет белгілі бір принциптер бойынша қарастырылып, тұлғасы, жасалуы, троптық айрықшалықтары анық нақтыланды, зерттеушінің осы көлемді жұмысының көмегімен қазақ ауыз әдебиеті саласында қайтадан бір жаңартылған прогресс – қазақ фольклорын жіктеп зерделеудің басты нысаны қайта орнықты.

Қазақ ұлтының дәстүрі басқа ұлттар дәстүрімен тура «парапар» демесек те, кейбір тұспа-тұс келіп жататын кездері болады. Себебі нәсілден, гениологиялық кодтан асып кету мүмкін емес. Ал қазақ халқының мәдениеті, өнері, халық ауыз әдебиеті сонау көне түркі жазбаларынан-ақ бастау алады. Ұлтымыздағы осыншалықты төл құндылықтарының қалыптасу дәрежесіне жетуіне барынша шекаралас, тілдес, тектес ұлттардың да ықпалы тигені жалған емес. Соған қатысты тұжырымдамалар Джем Каракиличтің «Journal of Modern Turkish History» атты журналға жариялаған мақаласында жасалды (Karakilic, 2021)

Жиырмасыншы жүзжылдықтың орта шенінде де көлемді қызметтер жасалынды. Осы кезде ертегілік емес проза саласы бойынша дүниежүзілік ауыз әдебиетін зерттеушілердің дәрежесіне дейін қызығу басталды. Сонымен бірге чуваш елі творчествосына да жыл сайын бөгде ел зерттеушілері назар аудара бастады. Сол ғасырдың жиырмасыншы жылдары ескі топонимикалық әпсаналарды жазуда тиісті қызметтер атқарылды. Симбир оқу орнын бітіруші Г.Тимофеевтің жиырмасыншы ғасырдың бірінші ширегінде жиып-терген ауыз әдеби мәліметтері жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде ғана баспа бетіне түседі. Ол жинақ чуваш ұлтының анықтамалық материалына айналады. Оның ішінде ауыздан-ауызға тараған хи-

каялар, ескі мысалдар, тарихи уақиғалар, сонымен бірге этнографиялық үлгідегі мифтердің нұсқалары көрсетілген. Жиырмасыншы ғасырдың жетпіс-сексенінші жылдары чуваш ауыз әдебиеті арқылы тұңғыш рет Чуваш фольклоры туындылары туралы бірнеше томдық жарияланым дүниеге келді. Осының 6-шы томының екінші тарауы әпсаналық хикаяттар мен әңгімелер үшін тағайындалды. Кітапқа үш жыз қырық тоғыз аңыздар тексті, жүз екі Улып жайында және екі жүз он сегіз ескі мифтік шығармалардың тексті кірген.

Жиырмасыншы ғасырдың ақырғы жылдарынан бастап чуваш халық ауыз әдебиетін зерттеу саласында арнайы бөліктер мен салаларды зерделеу жұмысы негізгі бөлігі болып табылады. Мәселен, Г.Юмарт «улып» жайында көріністердің өзіндік сала бойынша таралу нысандарын қарастырды. Оның зерделеуімен дүниеге келген «Улап» еңбегіне екі жүз жиырма жеті текст енген. Текст версияларының ауқымды түрде пайдаланылуы осы жұмыстың мағынасын біршама дамытты. Еңбекте текстологияға байланысты көптеген мағлұматтар жазылған. Қарашай-балқар диалектологиясы мен лексикасын, ауыз әдебиетін зерттеу ақпараттарын А.Бозиев жарияласа, ал Ф.Урисбаеваның басшылығымен қарашай-балқар ауыз әдебиетінің жанрларының типтік мәселелерін қарастырды.

Ұйғыр тарихын, мәдениетін, ауыз әдебиетін зерделеуде С.Маловтың жасаған қызметі ауқымды.Оның зерттеу жұмыстары уақытында қарастырған мәліметтері көлемді еңбектердің мәнін ашты. Солардың бірегейі – мың тоғыз жүз алпыс жетінші жылы басылып шыққан сары ұйғырлар тілдері жайындағы ғылыми жұмысы. Онда этностық ақпараттармен бірге халық ауыз әдебиетінің туындылары орын тепкен. Соның ішінде мифтер мен мысалдар ерекше мазмұнға ие. М.Әлиева ертегі емес прозаларды зерттеп қарастыруда алдына жан салмаған.

Ұйғыр халық ауыз әдебиетінің ертегі емес прозасына байланысты біршама жұмыстарды жасағандардың бірі – М.Әлиева. өткен ғасырдың сексенінші жылы аңыз, миф, мысалға байланысты көптеген ғылыми жұмыстарды баспа бетіне түсіріп, сексен тоғызыншы жылы ұйғыр әдебиетінің жанрлары туралы арнайы ғылыми жұмысын жария етті. Зерттеуші ұйғыр халық ауыз әдебиетіндегі жанрлар бойынша жіктеулерге көңіл бөліп, ішіндегі миф, мысалдар, хикаяттар жайында ғылыми қорытындыларын қаралым назарына қояды. Сонымен қатар осы жұмыста ұйғыр ауыз әдебиетінің құралып, зерделенуіне ықпалын тигізген зерттеушілердің жұмыстары жайында ақпараттар айтылады.

Жиырмасыншы ғасырдан бері хакас ауыз әдебиетін қарастыру ісі өрескел құдіретке ие болды. Халықтық зиялы қауымдар жағынан үлкен жұмыстар жүргізілді. Ұлы Отан соғысынан кейінгі уақытта ұлттың бастан кешірген өмірін толықтай зерделеу ісі жасалынды.Хакас ұлтының этнографиясы мен өткені үшін ғылыми еңбектер ішінде аңыз, мифтік уақиға және уақиғалар да зерттелді.

Хакас ауыз әдебиетін қарастырудағы жаңғыру кезеңі екінші дүниежүзілік соғыс жылдары хакас діні, ділі мен мәдениетін зерттейтін оқу орнының қайта жұмыс жасауымен қолға алынды. Бұл уақытта хакас фольклорлық туындылары жүйелі түрде құрастырылып, зерделенді. Бұл бағдарда оқу орнының зерттеуші-академиктері, атап айтар болсақ, М.Боргояков, У.Кирбижекова, В.Майногашевалар ерекше қызметтер

атқарды. Оқу орны ашылғаннан бері халық ауыз әдебиеті арқылы мол айғақтар мұралары жиылып, біршама еңбектер дүниеге келді. Терілген ақпараттар көмегімен хакас ауыз әдебиеті негізінде тұңғыш жұмыстар легі жарияланды.

Хакастардың этнографиялық ауыз әдеби шығармалары арқылы бағалы мәліметтер зерттеуші-ғалым В.Бутанаевтың зерттеу еңбектерінде көрсетілген. Хакас мифін танудағы пантеон проблемасы хакастардың дәстүрлі және ғұрыптық мәдениеті жайындағы зерттеу жұмысының белгілі бір тарауын алады. Осындай тарихи-әлеуметтік жұмыстар арқылы зерттеушінің хакас елінің тарихи және ғылыми әдебиеті, шығу тарихы, этнографиясы туралы қалыптастырған дәлелдері бар. Сонымен бірге хакас аңыздары, мифтік мысалдары мен уақиғалары Сібір зерттеушілерінің жұмыстарына себеп ретінде ұсынылған. Сібір жеріндегі түркі елдерінің, әсіресе хакас ұлтының өзіндік күш иесіне табынуын қарастыруда зерттеуші Н.Алексеевтің еңбегі айтарлықтай көп. Оның Хакасия жеріндегі зерттеу жұмыстары уақытында ол халық ауыз әдебиеті мәліметтерін біршама еңбек етіп жиыстырған. Ғалымның хакастардың жануарлар мен құстар туралы мифтік әңгімелері, Сібір түркі тілдес халықтарының діндерінің ерте кездегі түрлері, Сібір халықтарының дәстүрлі діни наным-сенімдері жайындағы еңбектерінде Сібір халықтарының этнографиясы арқылы мағлұматтар көрсетілген. Кәсіби тұрғыдағы көзқарасы мен сараптамалық анализдері ұсынылған. Ол түркі ұлттарының этнографиясын толығымен көрсетуге жол көрсетті. Біршама біріккен ортақ зерттеу жұмысында осы Сібір халықтарының мифтік-аңыздық көзқарасы барлық тараптан талқыланған (Миндибекова, 2004: 26).

Ш.Ыбыраев екі мың тоғызыншы жылы түркі елдері жұртының ауыз әдебиеті жайында ғылыми жұмысын жасап шығарды. Ол еңбекте отызға тарта түркі тілдес жұрттың ауыз әдеби сөйлеу материалдары талданды (Ыбыраев және т.б., 2009: 111).

Қорытынды. Жалпы, мақалада зерттелген ғалымдардың зерделеген жұмыстары мен ғылыми тұжырымдамаларының кәсіби талқылануы фольклор түрлерінің жіктелу өзектілігін арттырады. Түркі халық ауыз әдебиетінің жәдігерлері осы күнге шейін біршама архивтерде бар. Фольклор нұсқаларының барлық дерлік түрі түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеушілер, қызығушылар қызметіне шабыт береді деп сенуге болады. түркі фольклоры версияларын қызығып, алдарына міндет қып қоя отырып қарастырған зерттеуші ғалымдар осы уақытқа дейін аз болмады. Дәл осы уақытқа дейін жеткен сол зерттеулерді өз қажеттілігіміз, өмірлік ұстанымымыз бойынша, тарихты, түркі фольклорын танимын деген мақсатта қолдану – мына біздің басты міндетіміз.

Таимова Г.Ж.[1]*, Бегманова Б.С.[2]
Казахский национальный женский педагогический университет[1,2],
Алматы, Казахстан
E-mail: taimova97@bk.ru, bibizhan.begmanova@mail.ru
ORCID: 0000-0002-5891-4564, ORCID: 0000-0002-9135-6752

Трансформация национальных ценностей в тюркском фольклоре

Аннотация. Изучение истории происхождения тюркоязычных стран, их общих социогенетических и психолого-нравственных аспектов равносильно реконструкции многовековой истории Средней Азии.

Сегодня очень важно изучать культуру, политический, социальный, этнический и литературный мир тюркского мира. Доведение тюркского фольклора до мировой прессы – главная задача современности. Перевыражение единства тюркских народов и стран является одной из главных проблем современной устной литературы. Вот почему название этой научной статьи названо так, чтобы удовлетворить эти интересы. Тема статьи очень актуальна в силу этих целей и задач. Еще одной целью научной статьи является систематизация сформировавшихся, накопленных и письменных периодов тюркской устной литературы по определенным методикам, в том числе по составу, мотиву, сходству характеров, и сделать выводы. Помимо проблем тюркского фольклора упоминается и их сходство в жанре прозы.

До сих пор тюркская устная литература не имела общей системы и свидетельств полного распространения жанра народной прозы. В текстологии и научной работе много путаницы некоторых определений, омонимов, терминов. В связи с этим литература тюркских стран делит жанр прозы на свои классификации. В связи с этим вопросом еще одной целью данной статьи является классификация легендарной прозы тюркской литературы, ее классификация по определенным признакам, анализ общностей и различий в проблеме дефиниций.

Не оставлены без внимания природа и мифологические особенности легенд, мифов и преданий тюркских народов. Кроме того, анализируется основная актуальность тюркского литературного мира и общность мировоззрения и различия с мифологическими, прозаическими знаниями других народов. В качестве примеров рассматриваются сходство человека и окружающей среды в тюркских легендах, древние представления о небе и земле и делаются специальные выводы.

В статье также научно рассматриваются мировоззрение, культура, общие обычаи, общие произведения и образы сходных персонажей древних тюркских народов в формировании духовности кочевого тюркского народа. Научная статья изучена и составлена с помощью сравнительного анализа, анализа, систематизации, историко-типологического, этногенетического методов текста, сделаны соответствующие выводы. Научная статья написана по произведениям исследователей истории и тюркского, казахского фольклора, а также на основе информации из сети Интернет.

Ключевые слова: фольклор, миф, проза, этнография, миф.

Taimova G.Z.[1]*, Begmanova B.S.[2]
Kazakh national women's teacher training university[1,2]
Almaty, Kazakhstan
E-mail: taimova97@bk.ru, bibizhan.begmanova@mail.ru
ORCID: 0000-0002-5891-4564, ORCID: 0000-0002-9135-6752

Transformation of National Values in Turkic Folklore

Annotation. The study of the history of the origin of the Turkic-speaking countries, their common sociogenetic and psychological and moral aspects is tantamount to reconstructing the centuries-old history of Central Asia. Today it is very important to study the culture, political, social, ethnic and literary world of the Turkic world. Bringing Turkic folklore to the world press is the main task of our time. Re-expression of the unity of the Turkic peoples and countries is one of the main problems of modern oral literature. That is why the title of this scientific article is named to satisfy these interests. The topic of the article is very relevant due to these goals and objectives. Another purpose of the scientific article is to systematize the formed, accumulated and written periods of the Turkic oral literature according to certain methods, including composition, motive, similarity of characters, and draw conclusions. In addition to the problems of Turkic folklore, their similarities in the genre of prose are also mentioned.

Until now, Turkic oral literature did not have a common system and evidence of the full spread of the genre of folk prose. In textual criticism and scientific work there is a lot of confusion of some definitions, homonyms, terms. In this regard, the literature of the Turkic countries divides the genre of prose into its own classifications. In connection with this issue, another goal of this article is the classification of the legendary prose of Turkic literature, its classification according to certain characteristics, the analysis of commonalities and differences in the problem of definitions.

The nature and mythological features of the legends, myths and legends of the Turkic peoples are not ignored. In addition, the main relevance of the Turkic literary world and the commonality of the worldview

and differences with the mythological, prosaic knowledge of other peoples are analyzed. As examples, the similarity of man and the environment in Turkic legends, ancient ideas about heaven and earth are considered, and special conclusions are drawn.

The article also scientifically examines the worldview, culture, common customs, common works and images of similar characters of the ancient Turkic peoples in the formation of the spirituality of the nomadic Turkic people. The scientific article has been studied and compiled using comparative analysis, analysis, systematization, historical-typological, ethnogenetic methods of the text, and appropriate conclusions have been drawn. The scientific article is written based on the works of researchers of history and Turkic, Kazakh folklore, as well as on the basis of information from the Internet.

Key words: folklore, myth, prose, ethnography, myth.

Информация об авторах:

Г.Ж. Таимова, *магистрант специальности «Казахский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, E-mail: taimova97@bk.ru, Orcid ID: 0000–0002–5891–4564*

Б.С. Бегманова, *ассоциированный профессор кафедры «Казахской литературы», Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, E-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru, OrcidID: 0000–0002–9135–6752*

Әдебиет

[1] Потанин Г.Н. Казах–киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // В кн.: Живая старина. – СПб, 1916. вып. 2–3. – с. 47–198.

[2] Қазақ фольклористикасының тарихы: (Революцияға дейінгі кезең) / жауапты ред. Р. Бердібаев. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.

[3] Göçgün Ö. Türk Dünyası Edebiyat Tarihi – Ankara: AtatürkKültürMerkezi Yayınları, 2002. 2 cilt.– 721 s.

[4] Ильина Г.Г. Несказочная проза в системе жанров чувашского фольклора: дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2006. – 228 с.

[5] Алексеев Н.А. , Емельянов Н.В., Петров В.Т. Предания, легенды и мифы саха (якутов) – Новосибирск: Наука, 1995. – 400 с.

[6] Потанин Г.Н. Тангуско–Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. (Путешествие Г.Н. Потанина. 1884–1886). – СПб.: Тип. А.С. Суворина, 1893. т.2. – 437 с.

[7] Ноғайбаева Д., Ибадуллаева З. Қазақ туыстық антропологиясын әлемдік ғылыммен интеграциялау мәселесі. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. No4 (103). 2021 –122–130б. https://bulletin–history.kaznu.kz/index.php/1–history/article/view/1123

[8] Karakilic C. Methods used by the Ottoman State in the fight against smallpox (1908–1918). Journal of Modern Turkish History, 2021 – 33 issues. –june 29. http://www.ctad.hacettepe.edu.tr/17_33/1.pdf

[9] Миндибекова В. Жанровая специфика хакасских мифов: автореф. ... канд. филол. наук.– Новосибирск, 2004. – 183 с.

[10] Ыбраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтары фольклоры. – Көкшетау, 2009. – 432 б.

Литература

[1] Потанин Г.Н. Казах–киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // В кн.: Живая старина. – СПб, 1916. вып. 2–3. – с.47–198.

[2] Казах фольклористикасынын тарихы: (Революцияга дейинги кезен) /ответст. ред. – Р.Бердибаев. – Алматы: Наука, 1988. – с.432

[3] Göçgün Ö. Türk Dünyası Edebiyat Tarihi – Ankara: AtatürkKültürMerkezi Yayınları, 2002. 2 cilt.– 721s.

[4] Ильина Г.Г. Несказочная проза в системе жанров чувашского фольклора: дис. ... канд. филол. наук. – Чебоксары, 2006. – с.228

[5] Алексеев Н.А. , Емельянов Н.В., Петров В.Т. Предания, легенды и мифы саха (якутов) – Новосибирск: Наука, 1995. – с.400

[6] Потанин Г.Н. Тангуско–Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. (Путешествие Г.Н. Потанина. 1884–1886). – СПб.: Тип. А.С. Суворина, 1893. т.2. – с.437

[7] Ногайбаева Д., Ибадуллаева З. Казах туыстык антропологиясын алемдик гылыммен интеграциялау мэселеси. Вестник КазНУ. Серия Истории. No4 (103). 2021 – с.122–130
https://bulletin–history.kaznu.kz/index.php/1–history/article/view/1123

[8] Karakilic C. Methods used by the Ottoman State in the fight against smallpox (1908–1918). Journal of Modern Turkish History, 2021 – 33 issues. –june 29. http://www.ctad.hacettepe.edu.tr/17_33/1.pdf

[9] Миндибекова В. Жанровая специфика хакасских мифов: автореф. ... канд. филол. наук.– Новосибирск, 2004. – с.183

[10] Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахимов Б. Тюрк халыктары фольклоры. – Кокшетау, 2009. – с.432

References

[1] Potanin G.N. (1916) [Kazakh–Kyrgyz and Altai legends, legends and fairy tales] In the book: Living Antiquity, St. Petersburg, issue. 2–3. – p.47–198

[2] [History of Kazakh folklore] (1988): (Pre–revolutionary period)/ managing editor – R. Berdibaev. Almaty: Science, – p.432

[3] Göçgün Ö. (2002) [History of Turkish World Literature] Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Publications, 2 vols.– 721s.

[4] Ilyina G.G. (2006) [Non–fairy–tale prose in the system of genres of Chuvash folklore]: dis. ... cand. philol. Sciences, Cheboksary, – p.228

[5] Alekseev N.A. Emelyanov N.V., Petrov V.T. (1995) [Traditions, legends and myths of the Sakha (Yakuts)] Novosibirsk: The science, – p.400

[6] Potanin G.N. (1893) [Tangus–Tibetan margin of China and Central Mongolia] (Travel of G.N. Potanin. 1884–1886). St. Petersburg: Type. A.S. Suvorin, v.2. – p.437

[7] Nogaybaeva D., Ibadullaeva Z.(2021) [The problem of integration of Kazakhstani anthropology of kinship with world science] Bulletin of KazNU. Series of History. No4 (103). – p.122–130
https://bulletin–history.kaznu.kz/index.php/1–history/article/view/1123

[8] Karakilic C. (2021) [Methods used by the Ottoman State in the fight against smallpox (1908–1918)]. Journal of Modern Turkish History, – 33 issues. –june 29. http://www.ctad.hacettepe.edu.tr/17_33/1.pdf

[9] Mindibekova V. (2004) [Genre specifics of Khakass myths]:author. ... cand. philol. Sciences, Novosibirsk,– p.183

[10] Ibraev Sh., Bakhadyrova S.,Rakhimov B. (2009) [Folklore of the Turkic peoples] Kokshetau, – p.432

ҒТАМР 17.82.10 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-15

Жиенбаев Е.Б.*[1], Семиз К.[2]
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.
E-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz, kenan.semiz@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0001-9234-4780, 0000-0003-3524-3339*

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РОМАНТИЗМНІҢ ТҮРКИЯЛЫҚ АҚЫНДАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН САЛЫСТЫРЫЛУЫ

Аңдатпа. М. Жұмабаевтың шығармашылығы жайлы әр түрлі ғылым салаларында зерттеу жұмыстары жасалып жүр. Соңғы жылдары мағжантану жеке ғылым саласы ретінде біршама жетістіктерге жетіп, қалыптаса бастағаны да белгілі. М. Жұмабаев болмысының күрделігі мен оның қалдырған мұраларының сан салалы сипаты шетелдік ғалымдардыңда назарын аудартып тың ізденістер тудыруда. Яғни ақын шығармашылығы поэзиямен ғана шектелмейді. Оның еңбектеріндегі философиялық тарихи дерек көздері мен ағартушылық педагогикалық көзқарастарын жүйелі әрі кешенді түрде зерттеудің қолға алынуын заман үрдісінен туған қажеттілік деп санауға болады. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі М.Жұмабаев, XX ғасырдың басында түркішілдік тақырыбын поэзиялық шығармаларында кеңінен жырлаған ақындардың бірі болғандықтан, түбі түркі халықтары үшін де бірегей тұлға болып табылады. Оның қоғамға қатысты көзқарасы мен ұстанымдарын білдіретін өлеңдерінде «ұлттың аты - түрік, Отанның аты – Тұран» деп көрсетілген. Ақиық ақынның шығармаларында «түрік» сөзі арқылы бір ғана ұлт меңзелмегені анық. Ол барлық түркі әлемін бірлік пен ынтымаққа шақырып, өмірінің соңына дейін қазақ елінің тәуелсіздігін аңсаған. Оның өлеңдерінде ішкі сезім бейнеленумен қатар, сыншыл реализм тұрғысынан жазылған қоғамдық мәселелер де кеңінен сөз етілген. М.Жұмабаевтың поэзиясында XX ғасыр басындағы түркі тектес халықтардың ұлт азаттық күресі мен идеологиялық бірлігі жайлы толғаныстардың көрініс тапқаны белгілі. Осы ерекшелігіне байланысты түркі әлемінің көшбасшы елі сипатындағы Түркияда қазақ әдебиеті жайлы сөз қозғалғанда М.Жұмабаевтың есімі алғашқылардың бірі болып аталады. Өйткені М.Жұмабаевтың өзі Түркияға бармаса да, оның әдеби тұлғасы мен көзқарасы Анадолы жерінде кеңінен танымал. Осы тұрғыда оның поэтикалық шығармаларын түркиялық әдебиетші ғалымдардың мәтін талдау әдісі арқылы саралау және ақынның түркішілдік идеологиясын Түркиядағы түркішілдік ағымын қолдаушы ақындардың еңбектерімен салыстыра қарастыру - тақырыбымыздың өзектілігін танытады. М.Жұмабаев пен Анадолы әдебиеті милли әдебиет кезеңі ақындарының ұстанымдарын тұтас қарастырғанымызда олардың тақырыптарының ұқсас және мақсаттарының ортақ екенін байқауға болады. Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың мақсаты - М.Жұмабаевтың өлеңдерін түркиялық түркішілдік ағымын жырлаған ақындардың шығармаларымен ұлттық романтизм тұрғысынан салыстыра қарастыру болып табылады. Сонымен қатар әдебиеттану ғылымына тән кешенділік, жүйелілік, салыстырмалық, объективті-аналитикалық, тарихи тұрғыдан жүйелі талдау, жинақтау, қорыту әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, зерттеу нәтижесі сараланды. Жинақталған мәліметтер тақырыбы негізінде салыстырылды. Отандық және түркиялық әдебиеттану ғылымының тұжырым байыптаулары, поэзияның табиғатын, эпика жанрлары, дастан, поэмалардың жанрлық-стильдік, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін қарастырған ғылыми еңбектер зерттеу жұмысымыздың негізгі методологиялық әрі теориялық негізі ретінде қарастырылды.

Кілт сөздер: түркішілдік, ортақ тақырып, әдеби талдау мен салыстыру, ұлттық болмыс, ұлттық поэзия.

Кіріспе. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы қазақ сөз өнерін, өлең өрнегін, көркем ойды және көркем бейнелеуді жаңа деңгейге көтергені ақиқат. Оның поэзиясының философиялық мазмұнының терең болуы –ақындық қабілетінің басты қасиетін көрсетеді. Ақын қазақ өлең өнерінде әдеби қағидаларды ұсына біледі. Оның поэзиясынан қазақ әдебиеттану ғылымындағы дәстүрлі фольклордың, жыраулық әдебиеттің, шығыс пен батыс поэзиясының қазақтың өлең өнерінің қалыптасуы мен дамуына әсерлері мен ықпалын көруге болады. М.Жұмабаев әлемдік әдеби үрдістен тәлім ала отырып, ақындық өнердің шыңы Абай Құнанбаев пен ұлтжанды ағартушы Міржақып Дулатовтың поэзиясынан үлгі алған. Осы тұрғыда М.Жұмабаевтың ақындығын тақырыптық, жанрлық, стильдік және мазмұндық сабақтастық жағынан қазақ поэзиясында қайталанбас құбылыс деуге болады. Абай, Міржақып, Мағжан т.б. сынды сөз зергерлерінің бастаған поэтикалық үрдісі қазіргі қазақ әдебиетінің дамуына үлкен септігін тигізген.

Осы тұрғыда Түркияда қазақ әдебиеті жайлы сөз қозғалғанда алғашқы есемдердің бірі болып Абай Құнанбаев пен Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы аталады. Қазақ жазба әдебиетінің дамуына үлес қосумен қатар, түркішілдік тақырыбын қозғаған алғашқы ағартушы-ақын болғандықтан түркі тектес елдерде М.Жұмабаевтың тұлғасы ерекше құрметке ие. Сонымен қатар Түркияда М.Жұмабаевтың өлеңдеріне қатысты бірнеше ғылыми зерттеулердің жасалғанын атап айтуға болады. Түркиядағы мағжантану саласы бойынша жасалған ғылыми зерттеулердің алғашқы қатарындағы Ферхат Тамирдің «Mağcan Cumabayev'in Şiirleri (Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері)» (1992) атты докторлық диссертациясында М.Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте жарияланған кітабындағы өлеңдерге фонеткалық және лексикологиялық талдау жасалған. Сонымен қатар жинақтағы 159 өлең түрікшеге қара сөзбен аударылып, 1993 жылы Анкарада басылған. Осы аталған түрікше аударма негізінде М.Жұмабаевтың өлеңдеріндегі тақырыптарды қарастырған Йылмаз Баджаклы, «Mağcan Cumabeyulı'nın Şiirleri Üzerine Bir İnceleme (Мағжан Жұмабаевтың өлеңдеріне қатысты зерттеу)» (2014) атты магистрлік диссертациясын дайындаған. Сонымен қатар Ерлан Жиенбаевтың «Kazak Şairi Mağcan Cumabayev'in Şiirlerinde Yapı ve Tema (Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінің құрылымы мен тақырыбы)»(2016) атты докторлық диссертациясында ақынның жарияланған өлеңдеріне әдеби талдау жасалып, кешенді зерттеу жасалған. Аталған ғылыми еңбектердің қазақ пен түрік әдебиетінің әдеби шығармаларын салыстыру тұрғысынан маңызы мол.

Зерттеу нәтижесі. М. Жұмабаевтың поэзиялық шығармаларындағы түркішілдік тақырыбының түркиялық ақындардың шығармашылығымен салыстыра қарастырумәселесі Қазақстан мен Түркияда жасалған көптеген зерттеулерде шектеулі түрде қарастырылғандықтан, біз бұл еңбегімізде тың мәліметтер мен заманауи мәтін талдау әдістері арқылы тақырыптың ашылуына үлес қосуды мақсат еттік. Зерттеу жұмысымызда ақынның өлеңдеріндегі ұлттық болмыс идеологиясы айшықталды. Тақырыптық тұрғыдан түркішілдік бағыттағы түркиялық ақындардың шығармаларымен салыстырылды. М.Жұмабаевтың Анадолы елінде танылуы мен зерттелу деңгейін көрметумен қатар,оның әдеби тұлғасы мен ұлттық болмысқа қатысты көзқарасын түркиялық ақындардың дүниетанымымен ұштастыруға тырыстық.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуіміздің теориялық және әдістемелік негізі ретінде қазақ әдебиеттанушылары мен шетел ғалымдары ұсынған ғылыми еңбектер қолданылды. Зерттеу объектілерін қарастырып, поэтикалық талдау жасау үдерісінде отандық белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар А.Байтұрсынов, С.Мұқанов, Х.Сүйіншіәлиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеукенов, Б.Қанарбаева, Е.Тілешовпен қатар, түркиялық әдебиеттанушы-ғалымдар М.Каплан, Ш.Акташ, А.Б.Эржиласун, Н.Четин, Ф.Тамирдің теориялық еңбектері мен ой-тұжырымдары әдістемелік бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды. М.Жұмабаевтың тақырыпқа қатысты өлеңдерін талдау барысында Шериф Акташтың мәтін талдауға қатысты теориялық еңбегі басшылыққа алынды. Сонымен қатар әдебиеттану ғылымына тән кешенділік, жүйелілік, салыстырмалық, объективті-аналитикалық, тарихи тұрғыдан жүйелі талдау, жинақтау, қорыту әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып,зерттеу нәтижесі сараланды. Жинақталған мәліметтер тақырыбы негізінде салыстырылды. Отандық және түркиялық әдебиеттану ғылымының тұжырым байыптаулары, поэзияның табиғатын, эпика жанрлары, дастан, поэмалардың жанрлық-стильдік, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін қарастырған ғылыми еңбектер зерттеу жұмысымыздың негізгі методологиялық әрі теориялық негізі ретінде қарастырылды.

Талдау. М.Жұмабаев шығармаларының поэтикалық ерекшеліктерін ашу үшін оның дүниетанымына бойлау, ақыл-ойын қалыптастырған негіздерді саралау, сол арқылы қазақтың өлең өрнегіндегі өзіндік нақышын, даралық стилін сараптау міндет болып табылады. Сөз зергерінің көркемдік жүйесінің қалыптасуындаұлттық дәстүрдің рөлі, фольклор мен жыраулар поэзиясының, сондай-ақ батыс пен шығыс мәдениетінің әсері мол екені белгілі. М.Жұмабаев пен Түркиялық ақындардың арасындағы ортақ тақырыптармен поэтикалық үндестігін сараптау арқылы ұлы ағартушылардың өзгеше көркемдік әлем қалыптастырған даралық сипатын анықтауға болады. Зерттеуімізде түп төркіні мен ұстанымы ортақ екі елдің ақындары арасындағы творчестволық, тақырыптық, мазмұндық, идеялық, ұстанымдық және дүниетанымдық сабақтастығынан туындайтын сөз кестелері мен көркемдік амал-тәсілдері мен өлең өрнектерінде бедерленетін қолтаңбаларының ерекшелігін ұлттық болмыс тақырыбы аясында көрсетуге тырыстық.

Түркішілдіктің символы - Мағжан Жұмабаев, өзіне тән тұлғалық ерекшелігімен тек қазақ әдебиетінің ғана емес, түркі әлемінің әдебиетінде де өзіндік орны бар ағартушы. Шолпан атты алғашқы өлеңдер жинағы 1912 жылы Қазанда басылғаннан кейін ақиық ақынның шығармашылық еңбектері кеңінен танылып, халықтың ынта ықласына бөленген. Аталған жинақта халықтың әлеуметтік өмірі шынай бейнеленген.

Жастайынан халқының мұңын жырлаған ақынның 1920 жылы Уфада, 1922 жылы Ташкентте басылған өлеңдер жинағында да әлеуметтік тақырыптар ерекше толғаныспен тілге тиек етілген. Ресейде өткен Ақпан және Қазан төңкерісі жылдарында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов және М.Дулатов секілді қазақ зиялыларымен бірге ұлт азаттық ұстаныммен құрылған Алаш қозғалысына қатысқан М.Жұмабаев, 1937 жылға дейін түрлі газет журналдарда жарияланған жырлары мен мақалаларында ұлттың жағдайы мен келешегі жайындағы толғаныстарын баяндап, кезеңнің шартта-

рына байланысты ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тырысқан (Елеукенов, 2008: 110-150). Жәдитші ағартушылардан білім алған М.Жұмабаевтың қоғамға қатысты жазылған көптеген өлеңдерінде әлеуметтік мәселелермен қатар қазақ мәдениеті, өткені мен бүгіні және қаһармандық оқиғалар поэтикалық әдіспен суреттелген.

М.Жұмабаевтың өлеңдерінде тарихи романтизмге қатысты тақырыптар кеңінен қарастырылған. Оның түркішілдік ұстанымын, Анадолыдағы милли әдебиет кезеңінде (1908-1923) түркішілдік ағымын қолдаған ақындардың шығармаларынан да көруге болады. Атап айтқанда Анадолыда милли әдебиет кезеңінде Зия Гөкалп, Мехмет Эмин Юрдакул, Өмер Сейфеттин, Мехмет Акиф Эрсой сынды ақын әрі зиялы қауым өкілдерінің тарихи романтизмге қатысты шығармаларында да ұлт тағдырына қатысты толғаныстарын тілге тиек етіп, Османлы қоғамындағы өзгерістерге куә болумен қатар, ұлттық сананы дәріптеу мақсатында жазған шығармаларында отандастарын дұрыс жолға бағыттауды мақсат еткен.

Ш.Акташ, ұлттық романтизмнің тарихи дамуы мен анықтамасы жайлы былай деген,

Билік, патшалық, империялық негізде өмір сүрген адамзат қоғамы зиялы, өнерлі және саясат әлеміндегі тұлғалар арқылы мақсаттарына қарай қадам басқан. Мақсаттарын жүзеге асыру барысында ғылыми мәліметтер мен философиялық ағымдарға сүйенген. Дегенімен осы құбылыстардың барлығын жүйелі түрде бағыттап, түрлі мақсаттардың басын ұштастыратын ұстаным стилі бар. Бұл стиль тұлғаның өткен кезеңдегі түрлі іс шарасы мен қазіргі сипатын өзге тұлғалардан айырмашылығы мен артықшылығын ашып көрсетеді.

Батыста белең алған ұлтшылдық ағымы мен түркологиялық зерттеулердің артуына байланысты түркі әлемінде XVIII ғасырдан бастап жаһандану үдерісі басталды. Осы кезеңде түркі халықтарының ұлттық болмыс мәселесінің көтерілуі ұлттық әдебиеттің өркендеуіне септігін тигізді. Осы саладағы өзгерістер саяси үндеулер мен әлеуметтік оқиғаларда да жалғасып жатты.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті дамып, ұлттық идеология арта түскен болатын. Осы тұрғыда Османлы империясы мен Патшалық Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының қол жеткізген жаһандану үдерісінің бірнеше ортақ тұстары бар (Türkoğlu, 2000: 108). Алшақ тұстары ретінде, Османлы мемлекетінің әскери реформалар арқылы жасаған қозғалыстарын атауға болады. Ал, Патшалық Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының арасында білім саласындағы мәдени қозғалыс ретінде басталған іс-шараларға зиялы қауым өкілдерімен қатар, елдің өркендеуін көздеген байлардың да рухани әрі материалды түрде қолдау көрсеткені белгілі.

XX ғасырдың басында Анадолы аймағына жасалған сыртқы шабуылдар мен ішкі қақтығыстардың үдей түсуіне байланысты мемлекеттің болашақ тағдыры қыл үстінде болатын. Осы үдерісте Османлы зиялы қауым өкілдері ұлт тағдарына алаңдаушылық білдіріп, өз ұсыныстарын алға тартты. Осы үдерісте *исламшылық, османлышылық* және III-Сәлім кезеңінен кейін белең алған батысшылық мен ұлтшылдық көзқарастың өнімі болған *түркішілдік* ағымдары кезегімен дәуірдің саяси істерінде өз орнын алған болатын. Осы жылдардағы саяси оқиғалардың әсеріне байланысты ұлттық бағытта құрылған түркішілдік ағымын көшбасшылар мен ағартушылар қолдағаны белгілі.

Бұл жағдайды А.И.Колжу былай сиппаттайды, «Бұл кезеңдегі ұлтшылдықтың негізі – өзге ұлтқа үстемдік жүргізу емес, керісінше түркі халықтарын отарлап алғысы келетін алпауыттардан құтылу мен тәуелсіз болу әрекеті болатын» (Kolcu, 1997: 18).

XIX ғасырдағы дайындық кезеңінен кейін Анадолы түрік әдебиетінде біршама жаңа сілкініс пайда болды. Әсіресе Танзимат кезеңінде әдебиет саласында жаңа жанр мен үрдіс бойынша ізденіс жасаған ақын-жазушылар өз шығармаларында *өркениет, Отан, әділет пен тәуелсіздік* тақырыптарын қолға ала бастады. Бұл кезеңде османшылық пен батысшылық ағымдары үстем болғанына қарамастан, ежелгі сананың әсерінен алшақтаған ақын-жазушылар шығармаларын халыққа түсінікті ауызекі тілде жазуға тырысқан. Сонымен қатар олардың шығармаларында ұлттық құндылықтар басты назарда тұрған.

Танзимат кезеңінде ұлтшылдық ұғымы османлы халқын біріктіру мақсатында қолданылған болатын. Осы кезеңнен бастап бұрыннан қолданылып жүрген «түрік» сөзінің ауқымы кеңейген. Осы тұрғыда Ахмет Вефик пашаның Әбілғазы Бахадур ханнан аударған «Шежере-й түрки» атты шығармасын түріктердің османлы кезеңінен бұрынғы жағдайы жайлы жазылған алғашқы дереккөздердің бірі ретінде атап өтуге болады (Kanter, 2014: 18). Сонымен қатар осы кезеңде тіл мәселесі күн тәртібінде болған. Мухбир мен Улум газеттерінде Али Суави сынды ағартушылардың мақалалары жарияланып, әдеби жазба тілінің халыққа түсінікті тілмен жазылуы ұсынылған (Sarınay, 2005: 76). Осы тұрғыда «Камус-и турки» атты сөздіктің авторы Шемседдин Сами де мемлекетінің аты - Османлы, ұлтының аты - түрік екеніне тоқталып, жазған еңбегінде түрік тілінің құндылықтарын көрсеткен.

Ш.Акташтың айтқанындай, Анадолы әдебиетінде ұлттық романтизм алғашында Зия Гөкалп, Мехмет Акиф Эрсой және Яахия Кемалдің шығармаларында қолға алынған. Осы тұрғыда Зия Гөкалптың «Туран», «Кызыл элма», «Эргенекон», «Алтын дастан» атты шығармаларының ұлтшылдық сарында жазылғанын атап айтуға болады. Оның шығармаларында халықтың терең тарихымен қатар әлеуметтік мәселелер тақырыбынан құралады (Aktaş, 2011: 64).

XX ғасырдың басында ағартушылық пікірлері арқылы халқының болашағы жарқын болуы үшін атсалысқан Османлы мемлекеті мен Патшалық Ресейдің құрамындағы түркі елдерінің зиялы қауым өкілдерінің пікірлері арасында көптеген ұқсастықтар бар. Осы тұрғыда Джөн түріктер (Жас түріктер) мен Алаш әрекеті секілді саяси топтардың іс-шараларындағы ұлттық сананың ортақ болуы назар аудартады.

XX ғасырдың басында қазақ елінде жарияланған М.Жұмабаевтың өлеңдерін қоғамдық дамудың әдеби шығармалардағы көрінісі деуге болады. Оның өлеңдеріндегі тарих пен мифологиялық оқиғалар шабытты түрде жырланып, ұлттық патриотизмді арттырады.

М.Жұмабаевтың идеялық әлеміне өз дәуірінде түркішілік пен жәдидшілдік идеялары ұсынылған Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде (1910-1911 ж.) алған білімі әсер еткен. Өйткені «Ғалия медресесінің ұстаздары Мысыр мен Стамбулда білім алған татар зиялыларынан құралған болатын» (Ospanova, 2011: 40). Бұл медреседе М.Жұмабаев жәдитші зиялыларымен кездесіп, өз еңбектерінде Орта Азия аймағында қалыптасқан түркішілік ойдың шекарасын сызуға тырысады (Kuanyshbayeva ve

Zhiyenbayev, 2017: 310). Осы тұрғыда қазақ тілінің поэтикалық қуатын шебер пайдалана отырып, қазақтың тарихи санасын қалыптастыруға назар аударған. Сонымен қатар қазақтың жалпы түркітарихындағыорнын көрсеткен. Оның өлеңдерінде 1910-1920 жылдардағы түркі әлемі ұғымының өте кең аумақты қамтитыны байқалады. Оның өлеңдерінде XX ғасырдың басында Анадолы түріктерінің мекені Осман империясынан Орталық Азияның жүрегіне дейін созылды. М.Жұмабаев поэзиясындағы тарихи тұлғалар Фарабиден Авиценнаға, Шыңғыстан Темірге дейінгі саяси және мәдени өрістерді қамтиды.

Жалпы алғанда, М.Жұмабаевтың өлеңдерінде заманға, тәлім-тәрбиеге, тәжірибеге байланысты тақырыптық өзгерістер болғанымен, ол өзгеріске ұшыраған кезде трагедиялық деуге болатын үзіліссіз, бірте-бірте жаңарып, дамып отыратын форма берілген. Сондықтан да оның поэзиясындағы өзгеріс стихиясын – даму құралы деп атауға болады (Karağan, 2015: 197). М.Жұмабаев өлеңдерінде өзі тұратын география, ұлттың хал-ахуалы мен атамекенге деген сағынышы сияқты жергілікті элементтермен қатар тарихтағы ұлттық болмысты іздеу де алдыңғы қатарда көрінеді. Ақын өз ұлтының ерлік өткенін сөз еткен «Жер жүзіне» поэмасында ел болып болашаққа нық қадам басып келе жатқанын мына жолдармен жеткізеді:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жүрек шайылған (Жұмабаев, 2013: 63).

М.Жұмабаев өлеңдерінде түркілік ойдың маңызды орын алатыны анық. Осы тұрғыда оның ойлары түркі тектес халықтар қоныстанған территорияның әрбір нүктесін қамтиды. Осы аспектіде М.Жұмабаевтың көзқарасы, XX ғасырдың басында Анадолы аймағында аты шыққан ақын Зия Гөкалптың «Біздің Отан - тек Түркия немесе тек Түркістаннан құрылмаған / Біздің Отан ұлы және мәңгілік ел: Тұран» (Gökalp, 1989: 5) деп ұранымен ұштасады.Хасан Тунжай айтқандай, «Зия Гөкалп түркілік идеалын «түркішілдік», «оғыздық» немесе «түркмендік» және «тұраншылдық» деп үш кезеңге бөлген (Tüncay, 1974: 53). Оның бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде алға қойған мақсатымен бірге оның басқа да көзқарастары ұлттық идеяның қайнар көзіне айналған. «Жау жері ойран болады, / Түркия - Тұран болып өседі» (Gökalp, 1989: 102) сөздері болашаққа деген үмітін паш етіп тұр.

«Есте сақтау - болашақтың негізгі фантастикасын құрайтын әрекет. Қоғамдардың құрылысы өткенді қайта еске түсіру арқылы жүзеге асады» (Kanter, 2014: 108). Өйткені болашақты қалыптастыруда әлеуметтік жадының алатын орны маңызды. М.Жұмабаев қазақтың поэзиялық дәстүрін ұлтжандылық, тақырып, жанрлық және мазмұндық жағынан байыта отырып, «Тұран» ұғымында, әсіресе Орта Азиядағы түркілерді біріктіруші элементі бар екенін жиырма жеті шумақтан тұратын «Түркістан»өлеңіндегі алғашқы екі шумағында өрнектейді:

Түркістан – екі дүние есегі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанда Тұран дескен
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тағдары бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен (Жұмабаев, 2013: 168)

Бұл жолдарда Түркістан/Тұран деген ұғым Отан (атамекен) ретінде қолданылып, түркі тектес халықтардың түлеп ұшқан атақонысы ретінде бейнеленген. Өлеңдерінде туған жер феноменін негізгі тақырып етіп алған М.Жұмабаев, түркі бірлігі мен ататегіне негізделген ұғымдарға басымдық беріп, осы болмыстың толықтырушы элементі болып табылатын атамекен тақырыбын суреттеген.

Анадолыдағы ұлттық әдебиет кезеңі поэзиясында тарихи кеңістік ұғымы екі түрлі идея аясында құрылған. Мысалы, Мехмет Эмин Юрдакул, Зия Гөкалп және Өмер Сейфеттин т.б. ақындар өз шығармаларында дәстүрлі өлеңнің буын өлшемін (hece ölçüsü) қолданып, халық қолданған жалпақ тілмен жазуға мән берген. Шығармаларында тарих тақырыбы қозғалып, Османлы империясы құрылғанға дейінгі Орта Азиядағы түркі халықтары жайлы сөз етілген. М.Жұмабаевтың әлеуметтік жады туралы өлеңдеріндегідей, олардың шығармаларында да түркі қауымдарының ортақ даңқты тарихы қайта жаңғыртылған. Шығармаларында шығыс әдебиетіне көбірек еліктеген Мехмет Акиф Ерсой, Яхья Кемал, т.б. ақындардың шығармаларында тарихи идеологиясы түрік-ислам бірлігінен құралғанын көруге болады.

Осы тұрғыда Мехмет Эмин Юрдақұлдың «Türk sazı / Түрік сазы» деп аталатын өлеңінде Осман империясын құрайтын негізгі элемент түріктер екені баса айтылады:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Biz, Oğuzlar soyu olan Türkler'iz;	Біз оғыз текті түркіміз;
İlk ateşi parlatan,	Алғаш рет отты жарқыратқан
İlk sabanla sert toprağa tohum atan,	Алғаш рет сабанмен дән еккен,
İlk ocağa temel koyan hep biziz.	Алғаш рет ошақ құрған біз.
Her bucakta vahşî yeller eserken	Әр жерде асау жел ескен кезде
Isıg-göl'de çadır kuran biz vardık;	Ыстықкөлде шатыр құрған біз едік;
Urallar'da boz ayılar gezerken	Оралда боз аюлар жүргенде
İlk kervanı biz Uygurlar çıkardık. (Yurdakul, 1989: 108)	Керуенді ұйғыр болып шығардық

Бұл өлеңінде ұлттық тарих пен болмыс арасын байланыстыруға тырысқан Юрдақұл, өлеңнің жалғасында кеңістік пен қоғамға қатысты мәселелерді қозғаған. Ол өз ұлтының жеңістерін, ерлік оқиғаларын айтып, өткен кезеңдердегі түркі халықтарының жеңістерін жігерленіп былай сипаттайды:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Tarihimiz Altay gibi uludur;	*Тарихымыз Алтай секілді ұлы;*
Onun her bir yaprağı,	*Оны ірбір жапырағы,*
Duman tüten yirmi milyon ocağı	*Түтіндеткен жиырма миллон ошағы*
Öğündüren seferlere doludur. (Yurdakul, 1989: 111)	*Мақтанышты сапарлардан құралған.*

Осы тұрғыда М.Жұмабаевтың өлеңдеріндегі атамекен ұғымы «ана» бейнесі арқылы көрсетіледі. Кеңістік сипатталған «Айға» атты өлеңінде туған жердің мұңды халін сөз етеді. Осы жерде жетім күйде екенін тілге тиек етіп, туған жерге деген сезімін былайша жеткізеді:

Кең дала, көресің ғой ана жатқан
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау балдан тәтті сулары бар
Әне, сол анам еді мені тапқан

Осы мазмұндағы сипаттауды Мехмет Эминнің өлеңдерінен де көруге болады. Ақынның «*Irkımın Türküsü / Елімнің әні» атты* өлеңінде жұмаққа теңеген атамекеннің қадірін түсіндырып, «Түркі үні естілген жердің бәрі біздікі» деген сөзі арқылы «Тұран» ұғымының шекарасын сызуға тырысады:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Yurdumuzun en küçücük bir taşı	Еліміздің ең кішкене бір тасы
Bize Seylan incisinden üstündür;	Бізге Сейлан маржанынан қымбат;
Onun hafif gölgeli bir subaşı	Аз көлеңкелі қайнар бұлағы
Bize yeşil Cennet gibi görünür.	Бізге жұмақ секілді көрінеді.
Türk sesleri gelen her yer bizimdir;	Түркі даусы шыққан әр жер біздікі;
Üç dünyânın üstünde,	Үш әлемнің үстінде,
Gök-sadeften yedi deniz önünde	Көк аспанда жеті теңіз алдында
Parıldayan memleketler bizimdir.	Жарқыраған елдер біздікі.
(Yurdakul, 1989: 111)	

М.Жұмабаев үшін тарихты жандандырудың маңызды екені белгілі. Ол халықтың тыныш әрі бейбіт өткен кезеңдерін алға тартып, батыр аталарымыздың даңқын суреттеген:

Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді
(Жұмабаев, 2013: 45)

Түрік әдебиетінің өкілі Өмер Сейфеттиннің өлеңдерінде де патриотизм тақырыбы ерекше орын алады. Мысалы, «*Koşma / жыр*» атты өлеңінде түрік тарихындағы ерлік оқиғаларды айтып, Тұран мұраты жолындағы күрестерді былайша көрсетеді:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Çıktı yüz bin Türkün taşsız mezarı	Шықты жүз мың түркінің мазары
"Turan" diye yürüdükçe, önüme	«Тұран» деп жүрген сайын алдыма
Rast geldiğim derelerin suları	Алдымнан шыққан өзен сулары
Ağlıyordu artık sönen ünüme…	Жылып жатты сөнген атағыма...
Çamlıbellerçölolmuştu, bülbüller	Байтақ дала шөл болған. Бұлбұлдар
Susmuşlardı. Eskişenlik ne gezer,	Үнсіз. Ежелгі шаттық қалмапты,
Her tarafıkaplamıştıbirkeder	Жан-жақты қаумалаған бір қайғы
Giriyordumenkaranlıkgünüme…	Бара жатырмын ең қараңғы күніме...
Fakat "umut" doğdu yine karşımdan.	Бірақ «үміт» туды тағы алдымнан
Türktü babam, damarımda var o kan	Түрік еді атам, тамырымда бар қан
"Yarın"ımı benzetirim bir zaman	Ертеңімді ұқсатамын бір уақыт
Şan içinde geçen büyük dünüme…	Шаттықпен өткен кешегі күндерге...
(Seyfettin, 2000: 92)	

Ұлтының даңқты өткенін айта отырып, замандастарының бойына Отан, ерлік сезімін оятуға ұмтылған М.Жұмабаев, ежелден келе жатқан күрестерді жаңғыртумен қатар халық батырларының жеңістерін мақтанышпен суреттейді. От өлеңіндегі мына жолдар арқылы ауызбіршілікпен ынтымақтың маңыздылығына тоқталады:

Әлпіге барғам Алтайдан,
Балқанға барғам Қытайдан...
Заулап өрлеп аспанға,
Әлпіден ары асқан да
Отты Атилла, Баламгер
Мен едім. Тағы барғанда
Ойран салып Балқанға
Жолбарыс Жошы, Сүбітай ер
Шалғай-шалғай жер шалып,
Басылдым біраз от алып... (Жұмабаев, 2013: 49)

Осы сипаттағы тарихи оқиғалар Өмер Сейфеттиннің өлеңдерінде де кеңінен көрініс табады. Оның «*Köroğlu / Көроғлу» атты өлеңінде* Орта Азиядағы түркі халықтары жайлы айтылған. Ұлт азаттық күрес кезеңі бейнеленген бұл шығармада тарихи кезең тебіреніспен бейнеленген:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Tunguz, Çit, Afgan'ı paraya, kürke *Gark edip hepsini saldırttı Türke.* *Kıpçak'ı püskürttü, uzaklaştırdı,* *Uygur'u Çitlerde konaklaştırdı.* *Yalnız baş eğmedi Kırgız-Kazaklar* *Fağfura uydular kalan oymaklar.* (Seyfettin, 2000: 124)	Тунгус, дунган, ауғанды ақшамен баурап Қарақана түркілерге шабуылдатты. Қыпшақтарды аяқтан шалып, алыстатты, Ұйғырларды қытайға қонақ қылды. Тек қана бас имеген қырғыз бен қазақтар, Қытайға еріп кетті қалған тайпалар.

Алтай таулары – түрік халықтарының ортақ алтын бесігі, құтты мекені. Мұнда ғұн, көктүрік т.б. түркі тектес халықтардың мемлекеттері үстемдік орнатқан. Шыңғыс хан, Ақсақ Темір т.б. Түркі хандары Алтайдан шығып, дүниенің жартысын басып алған. М.Жұмабаев осы тарихи оқиғаларды түркі халықтарының есіне салу арқылы, ел болып еркін, бейбіт өмір сүруге деген ұмтылысты көрсетеді. Осындай сипаттағы үндеу Мехмет Эмин Юрдақұлдың «*Ey Türk Uyan / Ей түрік оян*» өлеңінде былайша айтылған:

Түрік тілінде	Қазақша аудармасы
Attilalar, Cengizler, Timurlenkler, Yavuzlar *Senin geniş göğsünü kabarttıran ecdadın.* *Sen tuğunu diktiğin üç dünyânın üstünde* *Beyaz, siyah ırkların dillerinde anıldın* (Yurdakul, 1989: 129)	Аттила, Шыңғыс, Темірлан, Явузлар Кең кеудеңді көтерген бабаң. Сенің ту тіккен үш дүниенің үстінде Ақ пен қара нәсілдердің тілінде жыр болдың

Қазақ және түрік әдебиетіндегі тарихи кезеңдер туралы ойлары мұнымен шектелмейді. Ақын жазушылар тарихи шығармаларында түркі халықтарының өткен тарихын айта отырып, аталарымыздың жүріп өткен жолдарын, мұңын, қиыншылықтарын, табыстарын еске түсіреді. Ұлыстың өткен күндеріне көз жүгіртеді. Түркі халықтары хандық құрған кезеңдер сағынышпен еске алынып, аталарымыздың даңқы келер ұрпаққа таныстырылады.

XVIII ғасырда Батыс елдерінде туындаған резонанстан кейін, XX ғасырдың басында татар мен башқұрт жәдитші ағартушылары арасында «оян», «әділетсіздікке қарсы шық», «білімге ұмтыл», «еліңнің ертеңі үшін күрес» т.б. сынды ұранды сөздер әдеби шығармаларда да көрініс тауып, Анадолы елімен қатар Орта Азия халықтары арасында кеңінен жайылғаны белгілі. М.Жұмабаев өзінің ұстазы М.Дулатовтың «Оян, қазақ» (1909ж.) өлеңінен әсер алғаны анық. Кезеңіндегі өзге ақындар секілді М.Жұмабаев та тарихи оқиғаларды тізбектеп, болашаққа үмітпен қараған. «Орал тауы» поэмасында түркі қағанатының даңқын көрсетеді:

Бір кезде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүрып еді.
Қорықпайтын таудан тастан батыр түрік
Қойнына жайменен кіріп еді...

Ер түрік ен даланға көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында
Іргесі жел-күн тимей берік еді. (Жұмабаев, 2013: 41)

М.Жұмабаевтың шығысы – стереотиптік, батыстық санада берік орныққан мұсылмандық шығыс емес.Ақын шығармасында қазақтың ұлттық дүниетанымы бейнеленеді (Dossanova and others, 2021: 47). Оның өлеңдерінде символикалық тұрғыдан күннің шығыстан шығып, бүкіл әлемге нұрын шашып тұрғаны бейнеленеді. Осы тұрғыда түркі халықтарын күнге теңеп, батыс елдерін түнге балайды. Барлық жаманшылықтың батыстан келіп жатқанын меңзейді (Zhiyenbayev, 2016: 351). М.Жұмабаевтың шығармаларындағы осы тәрізді суреттеулерді Анадолылық ақындардың шығармаларынан да кездестіруге болады. Мехмет Акиф Эрсой мен Яхия Кемал секілді түрік ақындары тарихи оқиғаларды баяндау барысында жыр тізбектерінде Анадолыдан Османлыға сапар шегіп, Ислам әлемін аралатады. Осы орайда Анадолы еліндегі түркішілдік ағымының мемлекеттен қолдау алып, қиынқыстау кезеңде елдегі этникалық топтардың түрік ұстанымы аясында бірігуіне септігін тигізгенін атап айтуға болады (Zhiyenbayev, 2016: 345). Яғни XX ғасырдың басында Түркия жерінде ресми түрде белең алған түркішілдік идеясы барша түркі жұртынан гөрі, Анадолыдағы этникалық топтарды ортақ ұстаным аясында біріктіріп, ортақ Отанды сақтап қалуға бағытталғаны байқалады. Ал, отаршыл Ресейдің қоластындағы түркі елдерімен қатар, қазақ жеріндегі түркішілдік ағымы болса елдегі ру басылары, ұлт жанашыры мен жергілікті көшбасшылардың атсалысуымен Алаш әрекеті арқылы қолға алынғанымен көп ұзамай кедергіге ұшырап саяси режим тарапынан тоқтатылғаны белгілі. Сынды сәттерде туындаған саяси кедергірдерге мойын имеген М.Жұмабаевтың түркішілдік идеясы тек Қазақстанды ғана емес, барша түркі әлемін қамтиды.

XX ғасырдың басында Орталық Азиядағы ұлтшыл зиялылар қауымы, Анадолы аймағындағы Әнуар пашаның бастамасымен жүргізілген тәуелсіздік күресі мен одан кейінгі жылдарда Мұстафа Кемал Ататүріктің басқарған ұлт-азаттық соғысын бақылап отырған болатын. Осы қақтығыстар шиеленіскен жылдарда батыстық баспасөз құралдары Түркияны қаралау мақсатында түрлі ақпарат таратқаны белгілі. Осы орайда қазақ зиялылары Айқап журналы мен Қазақ газеті арқылы тақырыпқа қатысты пікірлерін халықпен бөлісіп отырған. Өйткені бұл қақтығыс сөз жүзінде Түркия мен Грекия арасында болғанымен, Грекия әскерінің артында бүкіл Еуропаның империялист елдері бар еді. Басқаша айтқанда Еуропа елдері Түркияны қыспаққа алған болатын. Бұл шындыққа бейжай қарамаған М.Жұмабаев *Алыстағы бауырыма* өлеңінде Анадолыдағы қандастарының аянышты жағдайын тілге тиек еткен. Мехмет Эмин Юрдакулдың «Түрікше өлеңдер» атты кітабында жарияланған *Түркі бауырларыма (Türk karındaşlarıma)* (Yurdakul, 1989: 2), «Түрік сазы» кітабындағы *Ұлы халқыма (Büyük Irkıma)* (Yurdakul, 1989: 45) мен «Ей түркі оян» кітабындағы *Түркі жұртына (Türk Yurduna)* (Yurdakul, 1989: 129) атты өлеңдерінде айтылғандай М.Жұмабаев та бұл өлеңінде Анадолыдағы қандастарымызды бірлік пен шыдамдылыққа шақырады.

Түркі тектес елдерде түрікші зиялылардың аты аталған кезде түркі әлеміндегі өзге кеменгерлермен қатар міндетті түрде М.Жұмабаевтың аты да еркеше құрметпен

еске алынады. Өйткені олардың ұлттық патриотизмді оятатын шығармалары бүгінгі таңда да құндылығын жойған жоқ. Әсіресе Түркия мен Қазақстанда өтілген мәдени және ғылыми іс-шараларда М.Жұмабаевтың есімі аса мақтанышпен аталады. Осы тұрғыда Қазақстандағы өткен іс-шараларды былай қойғанда, М.Жұмабаевтың еске алу мақсатында Анадолы жерінде көптеген шаралар атқарылғанына қысқаша тоқталмақшымыз. 1998 жылдың 4 қыркүйегінде Кечиөрен әкімшілігі мен Қазақстан елшілігі тарапынан ұйымдастыруыменТүркияның астанасы Анкарадағы Ататүрік паркінде Мағжан Жұмабаевтың атына ескерткіш тақта ашылды. 2006 жылдың 20-22 қыркүйек күндері аралығында Түркияның Элазық қаласында М.Жұмабаев 14-Халықаралық Хазар өлең кеші өтті. Түркияда ұйымдастырылып жүрген осы сынды іс-шараларды - халықтың жарқын болашығы үшін аянбай күрескен түрікші ақын М.Жұмабаевтың рухына жасалған құрметтің белгісі деп қабылдауға болады.

Қорытынды. Зерттеуімізде М.Жұмабаевтың поэзиялық мұрасы оның дүниетанымымен сабақтас алынып, адами тұрғыдағы өсіп-жетілу жолының өлең өрнегіндегі іздері сараланады. Сонымен қатар М.Жұмабаев пен түркиялық түркіші ақындардың рухани үндестігі жан-жақты сарапталып, ортақ белгілері, ерекшеліктері мен даралық сипаттары: ұлттық тарихының маңызын көрсету, білімге құштарлықты арттыру, түзу адам қалыптастыру, махаббатты жырлау, табиғат пен жаратылысты үйлестіру, гуманизм мен сыншылдық т.б. ортақ тақырыптар айқындалды.

М.Жұмабаевтың ұлтшылдық рухты қалыптастырудағы психологиялық ішкі сапаны дамытудың мән-маңызын жоғары ұстауы өлеңдеріндегі көркем жүйе арқылы көрсетілген. Ойшыл ақынның күрделі мәселелерді қалың жұртшылыққа түсінікті, жатық тілде жеткізе білудегі көркемдік амал-тәсілдерді (диолог, монолог, автор сөзі, кейіпкер сөзі, баяндау, т.б.) орынды қолданудағы шеберлігі зерделенді. Ақынның тың поэтикалық ізденістерінен туған эпитеттік қолданыстардың мән-мағынасы ашылып, олардың қазақ әдебиетінің көркемдік келбетін көркейтудегі рөлі анықталды.

М.Жұмабаевтың шығармашылық поэтикасы өзіндік ерекшелігі бар күрделі көркем жүйе. Ақын туындыларында ғаламдық сипаттағы ой-танымынның көркемдік келбетін құрайтын компоненттер оның күрделі дүниетанымымен тамырлас. Өйткені ұлттық құндылықтармен қатар адамзаттық ақыл-ой жетістіктерін еркін игерген ғұлама ойшыл қазақ өлеңінің көркемдік деңгейін де биікке көтере білген. Мағжан поэтикасы - қазақтың халық шығармашылығының дәстүрінен, шығыс пен батыс мәдениетінің озық үлгілерінен әсерленгенімен өзіне ғана тән айшығы анық көркемдік құрылым ретінде құндылығы жоғары. Зерттеу нәтижесіндегі негізгі тұжырым түйіні – М.Жұмабаев шығармашылығында туған жерге махаббаты, ұлтқа сүйіспеншілігі жалпы ғаламдық, адамзаттық ауқымда алынуы. Ұлтшылдық рух арқылы елді бірлікке шақырған суреткер, бұл идеясының жүзеге асуында дәстүрлі тәрбиемен қатар білім мен ғылымның айрықша орны бар екеніне тоқталған. Шығармаларында өткен күндердегі халық қаһармандарының салтанат құрған кезеңдері суреттеліп, қоғамдағы олқылықтардың сынға алынуы арқылы жарқын болашаққа бағыт-бағдар сілтеген күрделі ой таным белгілері оның шағын лирикалары мен кең тынысты эпикалық туындыларында әсерлі түрде жан-жақты көрініс тапқан.

Зерттеудің құндылығы. Зерттеу жұмысының барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жинақталып түйінделді. Ең басты тұжырым өз дәуірінен

озып ой айтқан ақын шығармашылығының поэтикасы сан түрлі көркемдік амал-тәсілдермен бай екендігі сипатталды. Лирик ақынның қаламгерлік мақсатының негізгі арқауы – ұлттық рухты көтеру арқылы тәуелсіздікке қол жеткізу. Осы тұрғыда тарихи қаһармандық оғиғаларды суреттеу арқылы идеал кісі бейнесін сомдау – М.Жұмабаев шығармашылығының негізгі ерекшелігі. Ол поэзиялық шығармаларында кейіпкер, кеңістік, уақыт атауларында да осы мақсатта ұтымды қолданған. Жыр жолдарындағы осы суреттеулер әлеуметтік тақырыптармен шебер ұштастырылған. Ақиық ақын жырлары арқылы көкейіндегі ойлары мен сезімдерін бөлісумен қатар ұлтын, жерін сүйген, жалпы адамзатты сүйген адам тұлғасының дамытуды көздеген. Шығыс пен батыс әдебиетінен қатар сусындаған ақын дәстүрлі өлең жазу үрдісінің теориялық құрылымын жаңғыртуға елеулі үлес қосқан. Жинақтай келгенде, зерттеу нәтижелері көрсеткендей М.Жұмабаевтың поэтикасында сан-алуан бейнеге толы, әлеуметтік өмір құбылыстарын көркем түрде айшықталғанын атап айтуға болады. Оның жырларын Түркиялық түрікші ақындардың шығармаларымен тақырыптық тұрғыда салыстыра қарастырғанымызда М.Жұмабаевтың өлеңдерінде саяси идеологиямен қатар көркемдік әдіс-тәсілдердің аса шеберлікпен қолданылғанын айқындадық. Ұлтшыл ақындардың ортақ көзқарастары мен тақырыптары ел бірлігінің артуына септігін тигізері анық. Осы тұрғыда түркішілдік тақырыбын жырлауда М.Жұмабаевтың түркі әлеміндегі өзге замандастарынан кем түспейтінін атап айтуға болады. Біз бұл зерттеу еңбегімізде тақырыпты өз мақсатымыз аясында зерделедік. М.Жұмабаевтың жырларындағы тамыры терең тұжырымдардың әдеби, философиялық, психологиялық, тарихи себептерін ашу әлі талай іргелі зерттеулерге негіз болады деген ойдамыз.

Жиенбаев Е.Б.*[*1],Семиз К.[2]
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави.
Туркестан, Казахстан.
E-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz, kenan.semiz@ayu.edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-9234-4780, 0000-0003-3524-3339*

Сравнение национального романтизма в стихотворениях М. Жумабаева с произведениями турецких поэтов

Аннотация. Исследования творчества М.Жумабаева ведутся в различных областях науки.Известно, что за последние годы «мағжантану» как отдельная отрасль науки многого достиг и начал формироваться. Сложность жизни М.Жумабаева и многогранность его наследия привлекли внимание зарубежных ученых. То есть творчество поэта не ограничивается поэзией. Необходимость систематического и всестороннего изучения философско-исторических источников и педагогических воззрений в его произведениях можно считать велением времени. М.Жумабаев, один из видных представителей казахской литературы, является одним из поэтов, воспевших тему тюркизма в своей поэзии в начале XX века, и является уникальной фигурой для тюркских народов.В его стихах, выражающих его взгляды и отношение к обществу, утверждается, что «имя нации тюркское, имя родины Туран».Очевидно, что слово «тюрк» не относится к одному народу в произведениях настоящего поэта. Он призывал весь тюркский мир к единству и солидарности и всю оставшуюся жизнь жаждал независимости казахского народа.Помимо изображения внутренних переживаний в его стихах широко обсуждаются социальные вопросы, написанные в духе критического реализма. Известно, что в поэзии М.Жумабаева отразилась борьба за национальное освобождение и идейное единство тюркских народов начала XX века. Благодаря этой особенности имя М. Жумабаева одним из первых упоминается при раз-

говоре о казахской литературе в Турции, являющейся ведущей страной тюркского мира. Хотя М.Жумабаев не ездил в Турцию, его литературная личность и взгляды широко известны в Анатолии. В этом контексте анализ его поэтических произведений методом анализа текстов турецких литературоведов и сопоставление тюркской идеологии поэта с произведениями поэтов, поддерживающих тюркское движение в Турции, показывает актуальность нашей темы. Если мы посмотрим на принципы М.Жумабаева и поэтов национального периода анатолийской литературы, то увидим, что их тематика близка, а цели одинаковы. В связи с этим целью нашего исследования является сравнение стихотворений М.Жумабаева с произведениями поэтов, воспевавших турецкое направление в плане национального романтизма. Кроме того, результаты исследования были дифференцированы на основе присущих науке литературоведения методов комплексного, систематического, сравнительного, объективно-аналитического, историко-систематического анализа, обобщения, обобщения. Собранные данные сравнивались по тематике. Главной методологической и теоретической основой нашего исследования является обогащение выводов отечественного и турецкого литературоведения, природы поэзии, эпических жанров, былин, жанрово-стилистических, художественно-эстетических особенностей стихотворений.

Ключевые слова: тюркизм, общая тема, литературный анализ и сопоставление, национальная идентичность, национальная поэзия.

Zhiyenbayev Ye.[1]*, Semiz K.[2]
Khoja AkhmetYassawi International Kazakh-Turkish University
Turkistan, Kazakhtan.
E-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz, e-mail: kenan.semiz@ayu.edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-9234-4780, 0000-0003-3524-3339*

Comparison of National Romanticism in the Poems of M. Zhumabayev With the Works of Turkish Poets

Abstract. Studies of M.Zhumabayev's creativity are carried out in various fields of science. It is known that in recent years "Magzhan tanu" as a separate branch of science has achieved a lot and began to take shape. The complexity of M.Zhumabayev's life and the versatility of his heritage attracted the attention of foreign scientists. That is, the work of the poet is not limited to poetry.The need for a systematic and comprehensive study of philosophical and historical sources and pedagogical views in his works can be considered the imperative of the times. M.Zhumabayev, one of the prominent representatives of Kazakh literature, is one of the poets who sang the theme of Turkism in his poetry at the beginning of the 20th century, and is a unique figure for the Turkic peoples. In his poems, expressing his views and attitude towards society, it is stated that "the name of the nation is Turkic, the name of the homeland is Turan." Obviously, the word "Türik" does not refer to one people in the works of this poet. He called the entire Turkic world to unity and solidarity, and for the rest of his life longed for the independence of the Kazakh people. In addition to depicting inner experiences, his poems widely discuss social issues written in the spirit of critical realism. It is known that the struggle for national liberation and ideological unity of the Turkic peoples of the early twentieth century was reflected in the poetry of M.Zhumabayev. Thanks to this feature, the name of M.Zhumabayev is one of the first to be mentioned when talking about Kazakh literature in Turkey, which is the leading country of the Turkic world. Although M.Zhumabayev did not travel to Turkey, his literary personality and views are widely known in Anatolia. In this context, the analysis of his poetic works by the method of analyzing the texts of Turkish literary critics and comparing the Turkic ideology of the poet with the works of poets who support the Turkic movement in Turkey shows the relevance of our topic.If we look at the principles of M.Zhumabayev and the poets of the national period of Anatolian literature, we will see that their subject matter is close, and their goals are the same.In this regard, the purpose of our study is to compare the poems of M.Zhumabayev with the works of poets who sang the Turkish direction in terms of national romanticism. In addition, the results of the study were differentiated on the basis of the methods of complex, systematic, comparative, objective-analytical, historical-systematic analysis, generalization, and generalization inherent in the science of literary criticism. The collected data were compared by topic. The main methodological and theoretical basis of our research is the enrichment of the conclusions of domestic and Turkish literary criticism, the nature of poetry, epic genres, epics, genre-stylistic, artistic and aesthetic features of poems.

Keywords: Turkism, common theme, literary analysis and comparison, national identity, national poetry.

Информация об авторах:

Жиенбаев Ерлан Бейбитович, *старший преподователь кафедры Турецкой филологии Международный казахско–турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Phd, и.о. доцент. yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz, Scopus ID 57204081865, ORCID ID: 0000–0001–9234–4780.*

Семиз Кенан, *старший преподователь и научный сотрудник полномочного совета Международный казахско–турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (г. Анкара / Турция), кандидат филологических наук. kenan.semiz@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000–0003–3524–3339.*

Әдебиет:

Акташ Ш. Әдебиет және көркем мәтіндерге арналған шығармалар. – Анкара: Эдебият Қорған, 2011. –704 б. (тур).

Акташ Ш. Поэзияны талдау, теориясы мен қолданылуы. – Анкара: Акчаг, 2009. –280 б. (тур).

Баджаклы Й. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдеріне шолу. Жарияланбаған магистрлік диссертация, Нигде университетінің Әлеуметтік ғылымдар институты, –Нигде, 2014. – 155 б. (тур).

Будак Ф. Мағжан Жұмабай поэзиясында ұлттық болмыс. – Анкара: Жаңа Еуразия басылымдары, 2001. –71 б. (тур.)

Жұмабаев М. 1–том, Алматы: Жазушы, 2013. –376 б. (қаз).

Досанова Н., Әбдіманұлы О., Мәуленов А., Карбозов Ю., Матбек Н. М.Жұмабаев шығармашылығындағы ұлттық әдеби дәстүрді дамытудың негізі ретінде мәдени өзара әрекеттестік // Халықаралық қоғам, мәдениет және тіл журналы. №9 (2). –2021. –41–53 б. (ағыл).

Елеукенов Ш.Р. Мағжан. – Астана: Астана полиграфия, 2008. –392 б. (қаз).

Ферхат Т. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері. Жарияланбаған докторлық диссертация. Гази университеті Әлеуметтік ғылымдар институты. Анкара, 1992. –456 б. (тур).

Гөкалп З. Өлеңдер мен халық ертегілері. Дайындаған: Февзие Абдулла Тансел. –Анкара: ТТК басылымдары, 1989. –434 б. (тур).

Кантер М.Ф. Ұлттық әдебиет дәуіріндегі түрік поэзиясындағы болмыс пен қабылдау. –Ыстамбұл: Кітапевы Яинлары, 2014. – 328 б. (тур).

Қапаған Е. Қазақ поэзиясындағы тақырыптық өзгерістер (Мағжан Жұмабаев өлеңдері мысалында) // Түркітану зерттеулері. №37. –2015. –189–218 б. (тур).

Кольчу А.И. Ұлттық романтизм тұрғысынан Чингиз Айтматов. –Ыстамбұл: Өтүкен, 1997. –254 б. (тур).

Қуанышбаева Ж., Жиенбаев Е. Айқап» журналы мен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері мысалында XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінде қолданылған кітаби тіл элементтері // Билиг. № 80. –2017. –279–315 б. (тур).

Оралтай Х. Ұлы түркіші Мағжан Жұмабайоғлы. –Измир: Жаңа Еуразия Матбажылық, 1965. –38 б. (тур).

Оспанова А. Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы түркілік идея // Түркі тілі және зерттеулері. №20. –2011. –35–52 б. (тур).

Сарынай Ю. Түрік ұлтшылдығының тарихи дамуы және түрік ошағы орталықтары. –Стамбул: Өтүкен баспасы, 2005. –432 б. (тур).

Сейфеттин О. Барлық шығармалары: Өлеңдері, прозалық өлеңдері, ойлары мен естеліктері, хаттары. Дайындаған: Хуля Аргуншах. –Стамбул: Дергах Яинлары, 2000. –336 б. (тур).

Тюнчай Х. Зия Гөкалп. Стамбул: Токер басылымдары, 1974. –166 б. (тур).

Туркоглы И. Ресей түріктері арасындағы жаңару қозғалысы жетекшілерінің бірі Ризаеддин Фахреддин (1858–1936). – Стамбул: Өтүкен баспасы, 2000. –368 б. (тур).

Юрдакул, М. Е. Өлеңдері. Дайындаған: Февзие Абдулла Тансел. –Анкара: ТТК басылымдары, 1989. –473 б. (тур).

Жиенбаев Е. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің құрылымы мен тақырыбы. Жарияланбаған докторлық диссертация. Гази университетінің Әлеуметтік ғылымдар институты – Анкара, 2016. –582 б. (тур).

Литература:

Акташ Ш. Сочинения по литературе и художественные тексты. –Анкара: Курган Эдебият, 2011. –С. 704.(тур).

Акташ Ш. Анализ поэзии, теория и применение. –Анкара: Акчаг, 2009. – с. 280. (тур).

Баджаклы Й. Обзор стихов Магджана Джумабаева. Неопубликованная магист. диссертация, Институт социальных наук Университета Нигде, –Нигде, 2014. – с. 155. (тур).

Будак Ф. Национальное самосознание в поэзии Магжана Джумабая. –Анкара: Новые Евразийские Публикации, 2001. – С.71. (тур).

Жумабаев М. Соченение. Том 1., Алматы: Писатель, 2013. – 376 с. (каз).

Досанова Н., Абдиманулы О., Мауленов А., Карбозов Ю., Матбек Н. Культурное взаимодействие в творчестве М. Жумабаева как основа развития национальной литературной традиции // Международный журнал общество, культура и язык, –№9 (2), –2021. –С. 41–53. (анг).

Елеукенов Ш.Р. Магжан. –Астана: Астана Полиграфия, 2008. – 392 с. (каз).

Ферхат Т. Стихи Магжана Джумабаева // Неопубликованная докторская диссертация. Институт социальных наук Университета Гази, Анкара, 1992. – с. 456. (тур).

Гөкалп З. Стихи и народные сказки. Подготовлено: Февзие Абдулла Тансель. –Анкара: Публикации ТТК, 1989. –С. 434. (тур).

Кантер М.Ф. Восприятие идентичности и идентичности в турецкой поэзии периода национальной литературы. –Стамбул: Китапеви Яинлары, 2014. – с. 328. (тур).

Капаган Э. Тематические изменения в казахской поэзии (на примере стихотворений Магджана Джумабаева) // Түркология: –№37, –2015. –С. 189–218. (тур).

Кольчу А.И. Дженгиз Айтматов с точки зрения национального романтизма. –Стамбул: Отукен, 1997. – с. 254. (тур).

Куанышбаева Ж., Жиенбаев Е. Журнал «Айкап» и стихи Магджана Джумабаева на примере книжных элементов, употреблявшихся в казахском литературном языке начала XX века // Билиг, №80, –2017. –с. 279–315. (тур).

Оралтай Х. Великий тюркский Магжан Джумабайоглу. –Измир: Новая Евразия Матбаджилык, 1965. –с. 38. (тур).

Оспанова А. Мысль о тюркизме в творчестве Магджана Джумабаева // Журнал тюркского языка и исследований, №20, –2011. –с. 35–52. (тур).

Сарынай Ю. Историческое развитие турецкого национализма и турецких очагов. –Стамбул: Издательство Отукен, 2005. –с. 432. (тур).

Сейфеттин О. Все произведения Стихи, Мансур Стихи, Мысли, Воспоминания, Письма. Подготовлено: Хюлья Аргуншах. –Стамбул: Дергах Яинлары, 2000. –с. 336. (тур).

Тюнчай Х. Зия Гокалп, –Стамбул: Публикации Токера, 1974. –с. 166. (тур).

Тюркоглу И. Ризаэддин Фахреддин (1858–1936), один из лилеровдвижения обновления среди Российских турок. – Стамбул: Издательство Отукен, 2000. – с. 368. (тур).

Юрдакул М. Э. Мехмет Эмин Юрдакул Творчество–1. Стихи. Подготовлено: Февзие Абдулла Тансель. –Анкара: Публикации ТТК, 1989. –с. 473. (тур).

Жиенбаев Е. Структура и тема в стихотворениях казахского поэта Магжана Джумабаева. Неопубликованная докторская диссертация. Институт социальных наук Университета Гази, – Анкара, 2016. – с. 582. (тур).

References:

Aktaş Ş. (2011) Edebiyat ve Edebi Metinler Üzerine Yazılar. [Essays on literature and artistic texts]. –Ankara: Kurgan Edebiyat. –s. 704. (in Turkish)

Aktaş Ş. (2009) Şiir Tahlili, Teori ve Uygulama. [Poetry analysis, theory and practice]. –Ankara: Akçağ Yayınları. –s. 280. (in Turkish)

Bacaklı Y. (2014) Mağcan Cumabeyulı'nın Şiirleri Üzerine Bir İnceleme. [Study of the poems of Magzhan Zhumabayev]. Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Niğde Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü (Unpublished Master's Thesis, Niğde University Institute of Social Sciences), –Niğde. –s. 155. (in Turkish)

Budak F. (2001) Mağcan Cumabay Şiirinde Millî Kimlik Tanımı. [Definition of national identity in the poetry of Magzhan Zhumabayev]. –Ankara: Yeni Avrasya Yayınları. – s.71. (in Turkish)

Zhumabayev M. (2013) Shygarmalary. [Literary works]. 1. tom, –Almaty: Zhazushy. –376 b.

Dossanova N., Abdimanuly O., Maulenov A., Karbozov Y. & Matbek N. (2021) Cultural interaction in the works of M. Zhumabayev as the basis for the development of a national literary tradition // International Journal of Society, Culture and Language, –9 (2). –41–53. (in English)

Eleukenov Sh.R. (2008) Magzhan. [Magzhan]. –Astana: Astana poligrafiya. –392 b. (in Kazakh)

Ferhat T. (1992) Mağcan Cumabayef Ölenderi. [Lyrics by Magzhan Zhumabayev]. Yayımlanmamış Doktora tezi. Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü (Unpublished doctoral thesis. Gazi University Institute of Social Sciences), –Ankara. –s. 456. (in Turkish)

Gökalp Z. (1989) Ziya Gökalp Külliyatı – I. Şiirler ve Halk Masalları. [Collection of Ziya Gokalp – I. Poems and folk tales]. Hazırlayan (Editor): Fevziye Abdullah Tansel. –Ankara: TTK Yayınları. –s. 434. (in Turkish)

Kanter M. F. (2014) Milli Edebiyat Dönemi Türk Şiirinde Benlik Algısı ve Kimlik Kurgusu. [Self–perception and construction of identity in Turkish poetry of the period of national literature]. –İstanbul: Kitapevi Yayınları. –s. 328. (in Turkish)

Kapağan E. (2015) Kazak şiirinde tematik değişimler (Mağcan Cumabaev'in şiirleri örneğinde) [Thematic changes in Kazakh poetry (on the example of Magzhan Zhumabayev's poems)]. // Türklük Bilimi Araştırmaları –37. –189–218. (in Turkish)

Kolcu A. İ. (1997) Milli Romantizm Açısından Cengiz Aytmatov. [Chingiz Aitmatov in terms of National Romanticism]. –İstanbul: ÖtükenYayınları. –s. 254. (in Turkish)

Kuanyshbayeva Z. ve Zhiyenbayev Y. (2017) Ayqap Dergisi ve Mağcan Zhumabayev'in Şiirleri Örneğinde 20. Yüzyıl Başında Kazak Edebî Dilinde Kullanılan Kitabi Unsurlar [Biblical elements in the Kazakh literary language of the early twentieth century on the example of the magazine "Ayqap" and the poems of Magzhan Zhumabayev]. // Bilig, –80. –279–315. (in Turkish)

Oraltay H. (1965) Büyük Türkçü Mağcan Cumabayoğlu. [Great Turkist Magzhan Zhumabayoglu]. –İzmir: Karınca Matbaacılık. –s. 38. (in Turkish)

Ospanova A. (2011) Mağcan Cumabayev'in Eserlerinde Türkçülük Düşüncesi [The idea of Turkism in the work of Magzhan Zhumabayev]. // Türk Dili veAraştırmaları Dergisi, –20. –35–52. (in Turkish)

Sarınay Y. (2005) Türk Milliyetçiliğinin Tarihi Gelişimi ve Türk Ocakları. [The historical development of Turkish nationalism and Turkish homes]. –İstanbul: Ötüken Neşriyat. –s. 432. (in Turkish)

Seyfettin Ö. (2000) Bütün Eserleri Şiirler, Mensur Şiirler, Fıkralar, Hatıralar, Mektuplar. [All his works Poems, poems in prose, anecdotes, memoirs, letters]. Hazırlayan: Hülya Argunşah. –İstanbul: Dergâh Yayınları. –s. 336. (in Turkish)

Tüncay H. (1974) Ziya Gökalp. [Ziya Gokalp]. –İstanbul: Toker Yayınları. –s. 166. (in Turkish)

Türkoğlu İ. (2000) Rusya Türkleri Arasındaki Yenileşme Hareketinin Öncülerinden Rızaeddin Fahreddin (1858–1936). [Rizaeddin Fakhreddin (1858–1936), one of the pioneers of the Renewal Movement among the Russian Turks.]. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, Özener Matbaası. –s. 368. (in Turkish)

Yurdakul M. E. (1989) Mehmet Emin Yurdakul'un Eserleri–1. Şiirler. [Poems by Mehmet Emin Yurdakul–1]. Hazırlayan (Editör): Fevziye Abdullah Tansel. 2.Baskı. –Ankara: TTK Yayınları. –s. 473. (in Turkish)

Zhiyenbayev Y. (2016) Kazak şairi Mağcan Cumabayev'in Şiirlerinde Yapı ve Tema. [Structure and theme in the poems of the Kazakh poet Magzhan Zhumabayev]. Yayımlanmamış Doktora Tezi. Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü (Unpublished doctoral thesis. Gazi University Institute of Social Sciences), –Ankara. –s. 582. (in Turkish)

ҒТАХР 17.71.91; 17.81.31. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-16

Елесбай Н.
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан
E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru
ORCID: 0000-0002-0482-1223

ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Түйіндеме. Мақалада XIX ғасырда Батыс Қазақстан өңірінде ғұмыр кешкен атақты ақын әрі шешен Шернияз Жарылғасұлы шығармаларының жиналуы, сақталуы, жариялану принциптері талқыланады, сонымен бірге ақын өлеңдерінің көркемдік деңгейі, арнаулары мен толғауларының текстологиясы әрі авторолық мәтінді анықтау мәселелері қарастырылады. Бұл барыста Шернияз шығармаларының алғаш 1924 жылдан бастап І. Жансүгіровтың «Сәуле» журналына, Х. Досмұхамедұлының «Қызыл Қазақстан» журналына, Ө. Ахметовтың «Ленин туы» газетіне жариялаған матриалдары мен 2001 жылғы Арыс баспасынан жарық көрген Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы «Қазына» атты көп томдығының «Шернияз» атты 3-кітабы зерттеу жұмысында пайдаланылды. Шернияз сөздерінің қазақ жеріне кең жайылуына байланысты, оның сөздері кейінгі Сүйінбай, Жанақ, Құлмамбет т.б. ақындар шығармаларында көрініс тапты. Әсіресе, Сүйінбай ақынның Тезек төренің алдына барғандағы ханның қойған шарттары, оған Сүйінбайдың берген жауабы Шернияздың Баймағамбет сұлтанның алдына барғандағы іс-әрекеттерін, арнау сөздерін еске түсіреді. «Бірі Батыс Қазақстанда, бірі Жетісуда бір дәуірде өмір сүрген екі ақынның арнауларындағы ұқсастық және екі ханның ақындарға қойған шарттары алдын-ала келісіп алғандай бірін-бірі қайталауынан қандай қорытынды жасауға болады, әуелгі авторлық мәтін кімге тиесілі?» деген сұрақ туындайды. Сондықтан ҚР «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапхана мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған ақын шығармалары бұрын басылым көрген жинақтардағы нұсқаларымен текстологиялық тұрғыда талданып, салыстыру, ғылыми тұжырым жасау арқылы Шернияз Жарылғасұлына тән туындылардың авторлығы анықталады. Мақала «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (аттрибуция) мәселелері» жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: Текстология; автор; қолжазба; бума; өлең; арнау; нұсқа.

Кіріспе. XIX ғасыр қазақ халқының қоғамдық, саяси өмірінде ірі тарихи оқиғалардың орын алуына байланысты көптеген тұлғалардың да есімі тарихта қалды. Қазақ халқында таңбаланған жазба тарихтың болмауынан бұл есімдер бүгінге тек халықтың ауыз әдебиеті, фольклоры арқылы танылды. Қ. Қабдешова ауызша әдебиеттің маңызы туралы: «Кез келген халықтың тарихын зерттегенде оның қайнар көздері, деректері, әдебиеті, мәдениеті тіпті, тарихты каталогтау үшін де әдебиеттің рөлі айырықша» (Kabdeshova K., 2019: 104) деуі осындай ерекшеліктеріне қарап айтылса керек. Бұл дәуірде күн сайын дендеп кірген отаршылдық елді жер-суынан, қонысынан ығыстырды. Осы кезде Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс күллі қазақ жерін шарпыса, Исатай-Махамбет, Жанқожа батырлар бастаған жекелеген көтерілістерден халықтың өз тәуелсіздігіне, еркіндігі жолында жасаған күрескерлік рухын анық сенізуге болады. Бұл заманның келбеті әсіресе Нысанбай

Жаманқұлұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Махамбет Өтемісұлы т.б. көптеген ақын-жыраулар шығармаларында көрініс тапқан. «Әр халықтың тарихы ұлы адамдардың естеліктерін мұқият сақтайды. Әр дәуір өзінің ерекше есімдері мен тұлғаларын тудырады, уақыт өте келе оны тірі символдарына айналдырады» (Жалғасбаева. Қ.Б. 2021: 255). Осындай заманының шындығын шынайы суреттеген, сөздері бүкіл қазақ жеріне кең жайылған, артында мол рухани мұрасы қалған жырау әрі шешеннің бірі – Шернияз Жарылғасұлы болды.

Шерниязның туған, қайтыс болған жылдары жөнінде алғаш Қажым Жұмалиев оның бүгінге жеткен шығармалары негізінде ғылыми болжам жасайды. «Нұртуған ақынның айтуынша, Жәмет жыраудың аузынан жазылып алынған бір мәліметте: «Аққете Шернияз жиырмаға келгенде Исатайдың дабысына құмартып, сонымен таныс болуға, бозжорға атпен іздеп барыпты» дейді. Бұл 1836-1837 жылдар шамасы болу керек. Өйткені Исатайдың Жайықтың бергі бетіне атағы шыққан жылдары осы кез. Ал, Балмырзаның Нұрымға айтқан өлеңінен, яғни, 1881 жылы Шерниязды қайтыс болғаны мәлім болады» (Жұмалиев, ӘӨИ 420) деп, шамамен 1817-1881 жылдары өмір сүрген деген қорытынды жасайды. Көп жылға дейін осы мерзімдеу ғылыми айналымда қолданылып келді.

Алайда белгілі жазушы, ақын әрі драматург, Шернияз мұрасын жинаушылардың бірі Берқайыр Аманшин 1976 жылы Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданы Жантерек ауылынан солтүстік батысқа қарай он бес шақырымдай жерден Шерниязды бейітін табады. Құлыптаста: «Кете руғы Айдар тайпасы Малай бөлімі Шернияз Жарылғасұғлы опат 60 жасында 1867 жылда....» деген жазуды оқып: «Бұл біріншіден, мына бейіт анық Шерниязды бейіті екенін ақиқат дәлелдеумен құнды болса, екіншіден ақынның қазіргі жазылып жүрген өмірбаянына үлкен өзгеріс (дәлдік) енгізеді» (Қорқытов, 2001: 128.) деп, ақынның 1807 жылы туып, 1867 жылы өмірден өткенін нақтылады. Ал туып-өскен жері қазіргі Ақтобе облысы Ойыл ауданы Жарыпшыққан өзенінің бойы.

Әдістер. Тақырыпты зерттеу барысында ақын шығармаларының қолжазба нұсқалары мен басылым көрген шығармаларын текстологиялық (мәтінтанулық) тұрғыда салыстыру, ғылыми талдау әдістері қолданды. Авторлық мәтінді анықтау үшін кейінгі ақындар шығармаларына кіріккен Шернияз сөздері тарихи хронологиялық және стилдік жағынан дәлелденеді.

Нәтиже. Зерттеу жұмысының нәтижесінде бүгінгі күнге дейін ғылыми айналымға толық ене қоймаған Шернияз Жарылғасұлы шығармаларының қолжазба нұсқалары анықталды әрі ол туындылар текстологиялық әдіс-тәсілдер негізінде зерттеліп, кейбір өлеңдерінің Шерниязға тән авторлығы ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Сондай-ақ зерттеудің нәтижесі отандық гуманитарлық ғылымдар саласында ілгелі зерттеумен айналысатын ғалымдар мен докторанттар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, магистрлері мен студенттері үшін дерек көзі ретінде пайдалануға жарайды. Бүгінгі күнге дейін әдебиеттану ғылымында ақсап келе жатқан текстология ғылымының теориялық негіздерінің қалануына, оның дамуына септігін тигізеді.

Талдау. Ақын мұрасының жиналуы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Бұл ретте ең алғашқылардың бірі болып Ташмұхамет Баймұхаммедұлының 1884

жылы ескі қадім жазуымен хатқа түсірген «Шернияз» (қолжазба, ӘӨИ 885) атты ескі қолжазбасын атауға болады. Бұл Шерниязды елге кең таралған «Баймағамбет сұлтанға арнауының» бір версиясы.

Мұнан соң Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да осы арнаудың бір нұқасын ел арасынан жазып алған (қолжазба, ОҒК 1178.). «Туындының 1925 жылдан бергі басылымдары осы нұсқаның негізінде жариланып келгені мәлім. Алайда, ол арнайы редакцияланғандықтан, кейбір сөздер, тіркестер, шумақтар өзгертілгені, үзіліп тасталғаны байқалады» (Әлібеков, 2012: 14.) дейді белгілі қолжазбатанушы ғалым Т. Әлібеков. Мұның дәлелі ретінде 2001 жылғы Б.Қорқытов құрастырған «Шернияз» жинағында аталған «Мәшһүр нұсқасы» жарық көрген. Алайда түпнұсқамен салыстыру барысында өзгеріске түскен, түсіп қалған шумақтарының бар екені анықталды. Бұл арнау өлеңнің Орталық ғылыми кітапхана мен М.О. Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында мұнан басқа Шәймерден нұсқасы (1911 жыл) және Шәйхы Кәрібаев жинаған матриалдар ішінде (қолжазба, ӘӨИ 879/3.) белгісіз екі нұсқа кездеседі. Аталған нұсқалар Қазақстанның әр өңірінен жиналғанына қарап Шернияз сөздерінің қазақ ішіне кең таралғанын, халықтың сүйіп тыңдағанын байқауға болады. Бұл туралы Қажым Жұмалиев: «Шернияз сөздері халыққа ерте күннен мәлім. Қазақстанның қай түкпірі болсын Шерниязды жақсы біледі. ... Халыққа көп тарағандығы жағынан Шернияз қазақтың қай ақынымен де таласа алады» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 261-262) деген пікір білдіреді.

Шернияз шығармалары алғаш 1924 жылдан бастап І. Жансүгіровтың Сәуле журналына, Х. Досмұхамедұлының «Қызыл Қазақстан» журналына, Ө. Ахметовтың «Ленин туы» газетіне берген матриалдары негізінде там-тұмдап болса да жарық көре бастады. Ал ақын шығармаларының жеке жинағы 2001 жылы Арыс баспасынан жарыққа шыққан Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы «Қазына» атты көп томдығының 3-кітабында жарық көрді.

Және соңғы рет 2018 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан құрылған «Авторлық ауызша әдебиет» ғылыми орталығы ақынның толыққанды жинағын әзірлеп, жарыққа шығарды (Шернияз Жарылғасұлы, 2018: 292.).

Ақын шығармаларының сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да мол қоры, әсіресе, 1948 жылғы Қазақ КСР ҒА Тіл және Әдебиет институты ұйымдастырған Ақтөбе, 1957 жылғы Батыс Қазақстан, 1958 жылғы Шығыс Қазақстан, 1959 жылғы Орынбор, 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициялары кезінде жинақталған. Дегенмен бұл жерде бір көңіл аударатын жайт, рухани дүниелердің мол қорының жиналуы міндетті түрде авторлық мәселесін туындатады. Себебі, фольклорлық мұралар болсын, жеке ақындар шығармашылығы болсын біріндегі мәтіннің, әлде мәтіндегі шумақ, сөз тіркестерінің екіншісінде көрініс беруі, қайталануы кездеседі. «Ортағасырлық, тіпті, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ авторларының жеке қолжазбасы, тіпті, қолтаңбасы сақталып қалмағандықтан, туындыларын мерзімдеу тұрмақ, авторлығын (атрибуция) дәлелдеу қиынға түседі. Кейде бір автордың шығармасы екінші біреуге телініп жүретін болса, енді бірде бүтіннің өзі бөлшектеніп, бірнеше адамның шығармашылығына кірігіп кетеді. Сондықтан көне

әдеби мұраларды мерзімдеу барысында жекелеген шығарманың біртұтастығы ерекше мәнге ие болады» [Қазақ текстологиясы, 2017: 9.]. Мәселен, кейбір халық әндері мен шығармалардың Сегізсеріге таңылуы, не болмаса каласикалық айтыстың үлгісі саналған «Біржан мен Сара айтысын «Әріп Тәңірбегенұлы шығарыпты» деген секілді т.б. даулы дүниелер жетерлік. Мұның бәрі текстологиялық зерделеуді, мәтіндік салыстырулар мен ғылыми тұжырым жасауды қажет етеді.

Халыққа кең жайылған Шернияз сөздерінің де өзінен кейінгі ақындар шығармаларында қайталануы заңды құбылыс болған. Әсіресе Шерниязды Баймағамбет сұлтанның алдына баруы, өлеңімен қаһарлы ханды жүйеге жығып, қалауын алуы ертеден келе жатқан жыраулық дәстүрдің жаңғыруы іспетті. Сонымен бірге «Бақтыбайдың Тезек төреге айтқаны», «Сүйінбайдың Тезек төреге айтқаны», «Жанақ ақынның Рүстем төреге баруы» сияқты әңгімелер және бұлардың хан алдындағы іс-әрекеттері, амал-айласы, сөз қолданыстары Шерниязды Баймағамбет ханның сынақтарынан өтуін еске түсіреді. Яғни хан-төрелердің алдында өлең айтып, қылмыстарын бетіне басып, әшкере етеді, соңында сөз құдіретіне қаһарлы ханды да бас игізіп, қалауын орындатқызады.

Әсіресе, Шерниязды Баймағамбет сұлтанға, Сүйінбайдың Тезек төреге барғандағы айтқан сөздері, оларға ақындықтарын сынау мақсатында хандардың қойған түрлі сынақтары бірін-бірі қайталап тұрғандай әсер қалдырады. Нақтырақ айтқанда қыздарын, әйелін, өзін мадақтатуы артынша жамандатуы және сыйға кәрі түйе (Сүйінбайда кәрі ат) беруі, оған ақындардың малмен сөйлескен болып, ханды масқаралаған іс-әрекеттері, арнаулары да ұқсайды.

Мәселен, Шернияз Исатай көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін, Баймағамбет сұлтан Исатай маңындағыларды Сібірге жер аудартып, қатаң жазаға ұшыратады, көтеріліс ұраншысы Шернияз да талай жыл қашып жүріп, ақыры Баймағамбет сұлтан ордасына келеді. «Астымда ат жоқ, үстімде киім жоқ, ханның қасы адамсыз болмас, көп адамның ішінде барғанмен сөзімді тыңдамас. Бұған оңашада, ханның көзіне бір ерсі жұмыс істеп көрінейін» деп ойлайды. Кешкісін келіп бір үйге қонады. Таң алакеуімде сол үйден түрегеліп, ханның ордасының еңсесіне келіп, тымағын аяғының астына басып, қолын қусырып, қыблаға қарап, басы тоқырайып жалаңбас тұрады.

Таңертең иығында жанат ішігі бар, қолында мыс құманы бар дәрет алуға шыққан хан Шерниязға көзі түсіп: «Аяғынан басын қадірсіз көріп тұрған бұл қай бетпақ?» – дейді. Сонда Шернияз ханға өлеңменен жауап беріп, өзін таныстырады. Хан: «Сыртта тұрып өлең айту менің ақсүйектігіме сын» деп үстіндегі жанат ішігін тастай беріп, «мынаған оранып үйге кірген соң, өзіме бересің», – дейді де, өзі ішке еніп, намазын оқып болған соң қыздарына: «Ана сорлыға, түгел киім киіндіріңдер», – дейді. Киімдерді қасына апарған соң, «ал, мыналарды ки де, ананы таста!» (Шернияз Жарылғасұлы, 2018: 128.) – дейді. Сонда Шернияз сөйлейді:

«Байеке, құтты болсын кеңесіңіз,
Исатай ішке кеткен егесіңіз.
Ақ сұңқар түлегенде түк қалады,
Бұ да бір қалған түгім демесеңіз.
Жамылып ішігіңді шекем қызбас,

Қайтейін басы бүтін бермесеңіз?»

Хан, сөзден тосылып, ішікті басы бүтін Шерниязға береді. Ал Тезек Сүйінбайға «сыртқы шайы шапанымды шешіп ки» дегенде, Сүйінбай қос шапанының жеңін бірден тартады. Тезек ішкі шапанын бергісі келмегенде Сүйінбайдың айтқан сөзі:

«Ақсүйек болғаннан соң ата тегің,
Ұстатып шапаныңның қалдың жеңін.
Сыймай ма екен бұл шапан маңдайыма,
Бойыңда тегің болса кие бергін!» –

дегенде «Қу Екей тонағалы келіп пе едің» деп, сөзден тоқтап екі шапанын қабат береді. Бұл арада айтылған сөздері ұқсас болмағанымен, оқиға желісі бір, яғни хандардың жүйелі сөзге тоқтап, үстіндегі кимін шешіп беруі.

Баймағамбет Шерниязға үйінің салтанатын, қыздарын, қатынын, өзін мақтатқызады, артынша «енді жамандашы, недеп айтар екенсің?» деген бас кетерлік шарт қояды. Сонда Шернияздың «Хан бұйрығы екі болмас» деп, қыздарын жамандағаны:

«Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?
Сіздің қызды жамандар заман бар ма?
Бір нәрсе қиыстырып айтар едім,
Бармайды аузым құрғыр жамандарға.
Қызыңның бес тиындық біреуі жоқ,
Құдай «ханша» дегізді амал бар ма?» –

дейді. Және ханның қатынын жамандап айтқаны:

«Байеке, заманында тасуың-ай,
Шеріңнің сөйлер сөзге басымын-ай.
Ханымның бойы аласа, мұрны қайқы,
Тап мінген мегежіннің қаншығындай.
Өлең – жел, айдалаға жаққан оттай,
Япыр-ау, көргенімді жасырам ба-ай!» –

деген секілді улы тілмен әшкере етеді. Шернияздың мақтап айтқан өлеңдерінің өзінде астарында ащы мысқыл, кекесін жатады. Ал, «жаманда» дегенде тіпті шегінен асырып, жеріне жеткізе, шерін тарата жырлайды. Енді дәл осы жамандаулар Сүйінбайдың Тезек төренің әмірімен оның қыздарын, қатынын жамандап айтқан сөздерінде сөзбе-сөз қайталанады:

«... сонда Тезек Сүйінбайға:

– Сен менің барлық мінімді айттың, енді қатын қызымның мінін айтқын, – дейді. Сүйінбай:

– Қой, тақсыр, қатын мен қыз мені жеккөрініш қылады. Тезек:

– Жоқ, айтасың, – деп болмапты. Сонда «сен тыңда, мен айтайын», – деп Сүйінбайдың айтқаны:

«Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма?
Қызыңды жамандайтын заман бар ма?
Болғанмен жаман, жақсы – төре қызы,
Қылғанды Құдай ханша амал бар ма?

Жалғанда зәрің суық төре екенсің,
Қол салып қойынына амалдарға».
«Қатынымды жаманда» дегенде Сүйінбайдың айтқаны:
«Тезек-ау, осы күнде асуыңды-ай,
Суындай сусамырдың тасуыңды-ай.
Қатының басы жалпақ, мұрны кейкі,
Келбеті мегежіннің қашырындай. (Аронұлы, 2015: 106.).

Арнау өлеңдегі мұндай ұқсастықты, үндестікті басқа ақындардың сөздерінен табу кемде-кем. Шернияз: «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма? Сіздің қызды жамандар заман бар ма?» десе, Сүйінбай: «Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма? Қызыңды жамандайтын заман бар ма?» дейді. Жолма-жол, сөзбе-сөз қайталаулар. «Қазақстанның екінші бір бұрышында өмір сүрсе де, белгілі халық ақыны Сүйінбайдың өлеңжырларында Шерниязға үндестік бар. Тегі бұл екі адам бірінен-бірі үйренбеген де шығар, ұзынқұлақтан есімдерін естіскендері болмаса, тіпті, олай болмауы да мүмкін. Олардың байланысы жөнінде ешбір дерек жоқ. Шернияздың Баймағамбетті әшкерлегені секілді, Сүйінбайдың Тезек төрені шенеуіндегі ұқсастық, замана шындығының біртектес, тамырлас болуынан туса керек» (Үш ғасыр жырлайды, 1965: 15.).

«Шернияздың немеурін сұрап хан ауылына келуі» (қолжазба, ӘӨИ 822.) атты аңызда бір жылы әйелі өліп, қалың беріп, қатын алуға немеурін дәметіп хан ауылына келеді. Немеурін сұрай келгенін хан біліп, айттырмай-ақ ертесі мал өргенде бір ат, бір түйені желіге байлап қояды. Шернияз кетерінде сыртқа шығып, сырттағы малды өзіне беретұғынын біліп, анықтап қараса түйенің аузында ақ тісі жоқ кәрі екен. Түйенің алдына келіп, үйге естіртіп:

«Ассалаумағалайкум, түйемісің,
Көтіңнен кейін қарай сиемісің,
Мен жүрсем жетегіме жүремісің?
Түйедей көп жасаған көрінесің,
Қаратай, Шуман ханды білемісің?» –
деп, қайтадан түйе болып:
«Әликім ассалам, түйемін-ау,
Көтімнен артқа қарай сиемін-ау.
...
Қаратай, Шуман ханды айтамысың,
Оның арғы атасы Айшуақ,
Нұралы ханды да білемін-ау!» –
дегенде: – Сөйлетпей әкел, – деп семіз жас нар беріпті.

Ал Сүйінбай мен Тезек төре айтыс нұсқаларының бірінде Тезек Сүйінбайды мұқатқысы кеп аузында бір тісі жоқ, сары атты көлденең тартады. Сонда Сүйінбай:

«Тақсыр-ау, мынауыңыз сары ат па еді,
Аузында бір тісі жоқ кәрі ат па еді?
Кірпігі жануардың құрап қапты,
Тұсынан Абылайдың бар ат па еді?»

деп, оның осы ұсақ мінезін өз малының аузымен бетіне басады. Тезек төре сөз жүйесіне жығылып өзінің жүйрік тұлпары Шалқасқаны береді. Ақындардың сөзі сүйектен өтсе де, шындыққа бас иіп, оны құрметтеуі – арғы заманнан келе жатқан хандардың, ақсүйектердің бойындағы түркілерге тән қасиет. Қандай қатал болса да, хан-төрелердің сөз қадірін жоғары бағалап, жүйелі сөзге жығылған тектілігі, жомарттығы бүгінге дейін таптық тұрғыда бағаланып келгенін жасыруға болмайды. Хан, төрелердің мұндай ауыр сынының ар жағында өзіндік мақсаттары да бар. Ол мықты ақыны, жырауы болса «басым хандыққа, ел билеуге жеткен» деп те түсінген. «Атам Абылайдың тұсында Бұқар жырау шыққан екен, әкем Әділдің тұсында Қабан ақын шыққан екен. «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген. Мен хан болған жоқпын десем, мен де қосылады екем. Менің сұрқылтайым сен екенсің. Бұдан былай «Тезектің ақынымын» деп жүргін» (қолжазба, ӘӨИ 386.) деуінің астарында үлкен мән жаста керек.

Жоғарыда айтылған сөздерден «Бірі Батыс Қазақстанда, бірі Жетісуда бір дәуірде өмір сүрген екі ақынның арнауларындағы ұқсастық және екі ханның ақындарға қойған шарттары алдын-ала келісіп алғандай бірін-бірі қайталауынан қандай қорытынды жасауға болады, әуелгі авторлық мәтін кімге тиесілі?» деген сұрақ туындайды. Мұның төркіні дәстүрлі шығармашылық сабақтастық та, соңғылардың алдыңғылардан үлгі, өнеге алу, ұтымды сөздерін тиісті жерде өз туындыларында пайдалануында жатыр. Себебі, Шернияздың жас шамасы Сүйінбайдан үлкен. Сүйінбайдың қазіргі әдебиетімізде орынққан туған жылы 1815 деп көрсетілгенімен қолжазбаларда 1827 жылы өмірге келгені жазылған (қолжазба, ОҒК 1292: 200.). Бұл бір. Екіншіден кейбір деректерде Сүйінбай Қатағанмен айтысқанда жиырмадан жаңа асқан жас жігіт еді» делінелді. Және астың 1850 жылдардың басында қырғыз елінде, Ыстықкөл маңында өткені туралы мәліметтер де кездеседі. Мәселен, Қырғыз Республикасы Шыңғыс Айтыматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында «Катаған менен Сүйүмбайдың айтысканы» атты айтыс нұсқасы сақтағлан. Онда «Кенесары-Наурызбай соғысынан кейінгі қазақ-қырғыздың алғаш елдесіп, соғыста өлген шейттерге ас беріп, ат шаптырады... Сүйінбай 23 жаста, Қатаған 40-50 жастың ортасында екен» дейді. Бұл мәліметтер жоғарғы «1827 жылы туған» деген ойымызды тағы да қуаттайды. Сонда Шернияз Сүйінбайдан 20 жасқа үлкен екені белгілі.

Әсіресе, Шернияздың «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?» дейтін өлеңі өз заманында бүкіл қазақ жеріне кең жайылған. Баймағамбет сұлтанға барғандағы оқиғалар ел ішінде әңгіме болып, тез таралған. Еліміздің әр түкпіріне дәл қалпында жетпесе де бастапқы арнасын бұзбай айтылғанға ұқсайды. Бұған Х. Сүйіншәлиевтің: «Шернияз аты үш жүзге мәлім. Оны әр облыс ақындары сүйсіне жырлайды. Көкшетауда – Алыш. Жетісуда Сүйінбай мен Омарбек, Балқашта – Шашубай күні кешеге дейін Шернияз өлеңдерін жырлап келген-ді. Бұлардың әркайсысы оның жырын өз естулерінше айтып жүрген. Бірақ, олар Шернияз өлеңдерінің негізгі арнасын бұзбай сақтап отырған» (Сүйіншіәлиев, 1967: 388.) деген пікірі дәлел болады. Соған қарағанда Сүйінбай Шерниязды жақсы білген, оның өлеңдерін, әсіресе Жетісу жерінде нәсихаттаушыларының бірі деп бағалауға болады. Бұған дәлел ретінде Сүйінбай жырлаған:

«Айдан ару нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ», –

деген шағын өлең, Шерниязdan «Толға десең, толғайын» (Қорқытов, 2001: 40) деген ұзақ толғауының үзіндісі іспетті. Мәселен, Шерниязда:

«Айдан жарық нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен жарық нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ,
Тілде бар да, дінде жоқ...», –

деп жалғасып кете береді. Стильдік жағынан екі ақын да жеті-сегіз буынды, кейде он бір буынды өлең жолдарын тиісінше пайдаланады. Бұл жағынан бір-бірі-не ұқсап кетеді. Алайда көркемдік қуаты жағынан Сүйінбай өлеңдері басым болса, Шернияз өлеңдері терең философиялық ойға, өткір кекесінге, ащы ажуа құрылады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың ортасынан бастап, Шернияз сөздерінің халық арасына өте кең таралғанына байланысты, оны әр жерде әр ақындар өзінше жырлаған. Әсіресе, Сүйінбайдың Тезек төреге барғандағы ханның құрулы қақпанынан, шалыс айтса бас кетер сынағынан аман өтуіне, Шерниязdың Баймағамбет сұлтанға барғандағы істері тәжірибе болды, керек жерінде Шернияз сөздерінде пай-далана білді. Әрине, арасы алшақ жатқан екі өңірге Шернияз сөздері қалай жетті дегенде, белгілі текстологк, қолжазбатанушы ғалым С. Қосанның «Әлбетте, Ба-тыс Қазақстан мен Сыр өңірі ақындарының арасындағы шығармашылық тығыз байланыстың орнауына олардың қазақы жөнімен туыстықта болуы ғана емес, сол уақыттағы Кіші жүз руларының көші-қонына қатысты геосаяси ахуалы себеп болса керек. Тарихи деректерге қарағанда, Әлім бірлестігіне кіретін Шөмекей, Кете, Шекті рулары Байұлының Беріш, Адай, Жаппас, Алтын, Есентемір т.б. руларымен қоныстас болып, Ақтөбе, Атырау өлкесіндегі Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Қобда, Елек сияқты өзен сағаларын жайлаған» (Әлібеков, 2012: 25) деген пікірі шындыққа жақын. Міне, осындай қарым-қатынастың нәтижесінде Шернияз өлеңдері Сыр өңірінен Жетісу, онан шығысқа, сөйтіп, ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа жетіп отырған. Сондықтан өзінен кейінгі ақындар шығармаларында Шернияз сөздерінің қайталануы заңды құбылыс. Ал, авторлық мәтінді анықтауда ең бірінші хронологиялық тұрғыдан, екін-ші ақындардың сөз қолданысындағы стильдік ерекшелкітер және шығармаларындағы сөз болатын кейіпкерлерді өмір сүрген өңіріне, тарихына қарай текстологиялық талдаудың нәтижесінде анықтауға болады.

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №08855749).

Елесбай Н.
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова
Алматы, Казахстан
E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru
ORCID: 0000-0002-0482-1223

Текстология произведений Шернияза Жарылгасулы

Аннотация. В статье рассматриваются принципы сбора, сохранения и публикации произведений известного поэта и оратора Шернияза Жарылгасулы, жившего в Западно-Казахстанской области в XIX веке, а также художественная сторона стихотворений поэта, текстология и способы определения автора текстов. Для исследования были использованы материалы, которые были опубликованы начиная с 1924 года в журналах «Сауле» И. Джансугурова, «Кызыл Казахстан» Х. Досмухамедулы, и в газете «Ленин туы» О. Ахметова, а также произведения вошедшие в 3-й том под названием «Шернияз» многотомника произведений поэтов и писателей Атырау «Казына», изданного в 2001 году в издательстве «Арыс». В связи с широким распространением стихов Шернияза в казахской степи, некоторые художественные приемы, отдельные словосочетания и тексты позже нашли отражение в произведениях таких поэтов, как Суюнбай, Жанак, Кульмамбет и другие. В частности, условия, поставленные ханом во время визита акына Суюнбая Тезек торе, и ответ, данный ему Суюнбаем, напоминают действия и слова Шернияза при его визите султана Баймагамбета. И тут возникает вопрос: «Почему тексты посвящения султанам этих двух поэтов практический одинаковы, ведь один из них жил в Западном Казахстане, а другой в Семиречье, и что означают сходства условий, поставленных ханами, будто они заранее сговорились? Кому принадлежит этот оригинальный текст?» Поэтому были сравнены версий стихов в ранее изданных сборниках и рукописи, хранящиеся в рукописных фондах Центральной научной библиотеки РК и Института Литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, был сделан текстологический анализ, в попытке определить и установить авторство стихов Шернияза Жарылгасулы.

Статья написано в рамках грантового проекта «Казахская текстология: проблемы идентификации (атрибуции) основного текста и автора».

Ключевые слова: Текстология; рукопись; автор; папка; стихотворение; посвящение; версия.

Yelesbay N.
M.O. Auezov Institute of Literature and Art
Almaty, Kazakhstan
E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru
ORCID: 0000-0002-0482-1223

Textual criticism of works by Sherniyaz Zharylgasuly

Annotation. The article discusses the principles of collecting, preserving and publishing the works of the famous poet and orator Sherniyaz Zharylgasuly, who lived in the West Kazakhstan region in the 19th century, as well as the artistic side of the poet's poems, textual studies and methods of determining the author of texts. For the study, materials were used that were published since 1924 in the magazines "Saule" I. Dzhansugurov, "Kyzyl Kazakhstan" H. Dosmukhameduly, and in the newspaper "Lenin Tuy" O. Akhmetov, as well as works included in the 3rd volume under the title "Sherniyaz" of the multivolume works of poets and writers of Atyrau "Kazyna", published in 2001 by the publishing house "Arys". Due to the wide distribution of Sherniyaz's poems in the Kazakh steppe, some artistic techniques, individual phrases and texts were later reflected in the works of such poets as Suyunbai, Zhanak, Kulmambet and others. In particular, the conditions set by the khan during the visit of akyn Suyunbay Tezek tore and the answer given to him by Suyunbay resemble the actions and words of Sherniyaz during his visit of Sultan Baimagambet. And then the question arises: "Why are the texts of dedication to the sultans of these two poets practically the same, because one of them lived in Western Kazakhstan, and the other in Semirechye, and what does the similarity of the conditions set by the khans mean, as if they had agreed in advance? Who owns this original text? « Therefore, we compared versions of poems in previously published collections and manuscripts stored in the manuscript collections of the Central Scientific Library of the Republic of Kazakhstan and the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, a textual analysis was made in an attempt to determine and establish the authorship of the poems by Sherniyaz Zharylgasuly.

The article was written within the framework of the grant project «Kazakh textology: problems of identification (attribution) of the main text and the author».

Key words: Textology; manuscript; author; manuscript; folder; poem; dedication; version.

Информация об авторе:

Елесбай Нуржума, *научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru, ORCID: 0000–0002–0482–1223*

Әдебиет:

Әлібеков Т. Шернияз ақынның қолжазба мұралары. Шернияз Жарылғасұлы және ұлт–азаттық поэзия. Республикалық ғылыми–теориялық конференцияның матриалдары. Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2012. – Б. 12–18. ISBN 9965–515–71–9.

Жалғасбаева Қ.Б., Даутова Г.Р. Жамбылдың ақындық әлемі. // Керуен. Том 73. – № 4 – (2021). – Б. 255–266. ISSN 2078–8134.

https://doi.org/10.53871/2078–8134.2021.4–28

Жұмалиев Қ. Шернияз Жарылғасұлы. «Қазақ әдебиеті тарихының» 2–томына жазылған зерттеудің алғашқы машинкаға басылған нұсқасы. Әдебиет және өнер институты қолжазба қоры. 420–бума, 1949. – Б. 1–31.

Қабдешова, Қ., Рақыш, Ж., Әуесбаева, П., Әлбеков, Т., Алпысбаева, Қ. Kazakh historical epics and epical tradition // Utopia y Praxis Latinoamericana. Том 24. – № Extra5 – (2019). – С. 103–112. (ағылшын).

http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2–s2.0–85077061102&partnerID=MN8TOARS (англ)

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2005. – Т. 4. – 261–262. ISBN 9965–643–89–X.

Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу (датировка) мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2017. – Б. 9. ISBN 978–601–7414–78–8.

Қолжазба: 1178–папка. Орталық ғылыми кітапхана.

Қолжазба: 1292–папка. Орталық ғылыми кітапхана.

Қолжазба: 386–папка, 1–дәптер. Әдебиет және өнер институты.

Қолжазба: 822–папка, 7–дәптер. Әдебиет және өнер институты.

Қолжазба: 879/3–папка. Әдебиет және өнер институты.

Қолжазба: 885–папка, 2–дәптер. Әдебиет және өнер институты.

Сүйінбай Аронұлы. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. – Б. 106. ISBN 978–601–7414–59–7.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – Б. 202–217.

Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965. – Б. 15.

Шернияз Жарылғасұлы / Шығармалар. Құрастырғандар: Б. Ыбырайым, Н. Елесбай. – Алматы: Ұлағат, 2018. – Б. 128. ISBN 978–601–298–670–9.

Шернияз. Құрастырушы Б. Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – Б.128. ISBN 9965–447–92–6.

Литература:

Алибеков Т. Рукописное наследие поэта Шернияза. Шернияз Жарылгасович и национально–освободительная поэзия. Материалы Республиканской научно–теоретической конференции. Актобе: К. Редакционно–издательский отдел Актюбинского государственного университета имени Жубанова, 2012. – С. 12–18. ISBN 9965–515–71–9. (на каз.).

Жалгасбаева К.Б., Даутова Г.Р. Жамбылдың ақындық әлемі. Жалғасбаева Қ.Б., Даутова Г.Р. Поэтический мир Жамбыла. // Керуен. Том 73. – № 4 – (2021). – С. 255–266. ISSN 2078–8134. (на каз.).

https://doi.org/10.53871/2078–8134.2021.4–28

Жумалиев К. Шернияз Жарылгасович. Первый машинописный вариант исследования, написанный во 2–м томе «Истории казахской литературы». Собрание рукописей Института литературы и искусства. Папка 420, 1949. – С. 1–31. (на каз.).

Қабдешова, Қ., Рақыш, Ж., Әуесбаева, П., Әлбеков, Т., Алпысбаева, Қ. Kazakh historical epics and epical tradition // Utopia y Praxis Latinoamericana. Том 24. – № Extra5 – (2019). – С. 103–112. (на анг.).

http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2–s2.0–85077061102&partnerID=MN8TOARS

История казахской литературы. Десять томов, Алматы: КАЗинформ, 2005. – Т. 4. – С. 261–262. ISBN 9965–643–89–Х. (на каз.).

Казахская текстология: проблемы датировки эпических поэм. Коллективная монография. – Алматы: Мир литературы, 2017. – С. 9. ISBN 978–601–7414–78–8. (на каз.).

Рукопись: папка 1178. Центральная научная библиотека. (на каз.).

Рукопись: папка 1292. Центральная научная библиотека. (на каз.).

Рукопись: папка 386, тетрадь 1. Институт литературы и искусства. (на каз.).

Рукопись: папка 822, тетрадь 7. Институт литературы и искусства. (на каз.).

Рукопись: папка 879/3. Институт литературы и искусства. (на каз.).

Рукопись: папка 885, тетрадь 2. Институт литературы и искусства. (на каз.).

Суюнбай Аронович. Полное собрание сочинений. – Алматы: Мир литературы, 2015. – С. 106. ISBN 978–601–7414–59–7. (на каз.).

Суиншалиев Х. Этапы становления казахской литературы. – Алматы: Казахстан, 1967. – С. 202–217. (на каз.).

Поет три века. – Алматы: Жазушы, 1965. – Б. 15. (на каз.).

Шернияз Жарылгасович / Соч. Составитель: Б. Ыбырайым, Н. Елесбай. – Алматы: Улагат, 2018. – Б. 128. ISBN 978–601–298–670–9. (на каз.).

Шернияз. Составитель Б. Коркытов. – Алматы: Арыс, 2001. – С. 128. ISBN 9965–447–92–6 (на каз.).

References

Alibekov T. (2012) Shernijaz ahynnyn holzhazba muralary [The handwritten heritage of the poet Sherniyaz]. Shernijaz Zharylgasuly zhane ult–azattyh pojezija. Respublikalyh gylymi–teorijalyh konferencijanyn matrialdary. Ahtobe: H. Zhubanov atyndagy Ahtobe memlekettik universitetinin redakcijalyh baspa bolimi, 2012. – B. 12–18. ISBN 9965–515–71–9. (in Kaz.).

Zhalgasbaeva Қ.B., Dautova G.R. (2021) Zhambyldyn ahyndyh alemi. [The poetic world of Zhambyl] // Keruen. Tom 73. – № 4 – (2021). – B. 255–266. ISSN 2078–8134. (in Kaz.).
https://doi.org/10.53871/2078–8134.2021.4–28.

Zhumaliev H. (1949) Shernijaz Zharylgasuly [Sherniyaz Zharylgasovich]. «Kazakh adebieti tarihynyn» 2–tomyna zhazylgan zertteudin algashhy mashinkaga basylgan nushasy. Adebiet zhane oner instituty holzhazba hory.420–papka. 1949. – B. 1–31. (in Kaz.).

Habdeshova, H., Rahysh, Zh., Auesbaeva, P., Albekov, T., Alpysbaeva, H. Қ. Kazakh historical epics and epical tradition // Utopia y Praxis Latinoamericana. Tom 24. – № Extra5 – (2019). – B. 103–112.
http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2–s2.0–85077061102&partnerID=MN8TOARS

Kazakh adebietinin tarihy (2005) [History of Kazakh literature]. On tomdyh, Almaty: HAZahparat, 2005. – T. 4 – B. 261–262. ISBN 9965–643–89–X. (in Kaz.).

Kazakh tekstologijasy: epostyh zhyrlardy merzimdeu (datirovka) maseleleri (2017) [Kazakh textual criticism: problems of dating of epic poems]. Uzhymdyh monografija. Almaty: Adebiet alemi, 2017. – B. 9. ISBN 978–601–7414–78–8. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 1178–papka. Ortalyh gylymi kitaphana. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 1292–papka. Ortalyh gylymi kitaphana. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 386–papka, 1–dapter. Adebiet zhane oner instituty. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 822–papka, 7–dapter. Adebiet zhane oner instituty. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 879/3–paka. Adebiet zhane oner instituty. (in Kaz.).

Holzhazba [Manuscript]: 885–papka, 2–dapter. Adebiet zhane oner instituty. (in Kaz.).

Sujinbaj Aronuly. Tolyh shygarmalar zhinagy (2015) [Suyunbai Aronovich. Complete Works]. Almaty: Adebiet alemi, 2015. – B. 106. ISBN 978–601–7414–59–7. (in Kaz.).

Syjinshaliev H. (1967) Kazakh adebietinin halyptasu kezenderi [Stages of the formation of Kazakh literature]. Almaty: Kazakhstan, 1967. – B. 202–217. (in Kaz.).

Ysh gasyr zhyrlaidy (1965) [Ysh gasyr zhyrlaidy]. Almaty: Zhazushy baspasy, 1965. – B. 15. (in Kaz.).

Shernijaz Zharylgasuly / Shygarmalar (2018) [Sherniyaz Zharylgasovich. Works]. Hurastyrgandar: B. Ybyrajym, N. Elesbaj. Almaty: Ulagat baspasy, 2018. – B. 128. ISBN 978–601–298–670–9. (in Kaz.).

Shernijaz (2001) [Shernijaz]. Hurastyrushy B. Horhytov. Almaty: Arys baspasy, 2001. – B. 128. ISBN 9965–447–92–6 (in Kaz.).

МРНТИ 17.82.30 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-17

Шмакова Е.С.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан
alena-low2008@mail.ru
ORCID: 0000-0001-5682-3581

ГОРОДСКИЕ ТОПОСЫ КАК ОТРАЖЕНИЕ АВТОРСКОГО МИРООЩУЩЕНИЯ

Аннотация. Настоящая статья посвящена анализу городских топосов и авторских мироощущений, которые они отражают. Предпринятое исследование основывается на семиотическом подходе к таким понятиям как текст, городской текст, город как текст. Раскрывается понятие «городского текста», проводится обзор научных источников, отражающих проблему эволюции данного теоретического понятия. Основной точкой опоры в настоящем исследовании становятся результаты научных изысканий казахстанских ученых-филологов, посвященных проблеме городского текста и, в частности, «алматинского текста». В процессе обзора научных исследований казахстанских учёных вычленяются культурные, философские, литературоведческие доминанты, формирующие и раскрывающие суть феномена «алматинского текста». Анализируются тексты современной русскоязычной прозы Казахстана, объединенные структурно и семантически в систему «алматинского текста», и урбанистические топосы, маркирующие данную систему. Исследуются вариативности моделей городского текста, базирующихся на авторском отношении к изображаемому. В исследовании представлена интерпретация авторских мироощущений, основанных на теоретических выкладках казахстанских и зарубежных ученых, исследующих понятие городского текста в рамках семиотического, структуралистского и психоаналитического подходов. Выявляются сходства и различия в отношении авторов к изображаемым урбанистическим топосам, сопряженным с теми или иными историческими реалиями, на которые проецируются авторские мироощущения. Урбанистические топосы и урбанистические знаки, маркирующие авторские модели городского текста, позиционируются автором научной статьи как ключевые элементы в структуре городского текста, в частности, текста «алматинского». Актуальность статьи обусловлена комплексным подходом к проблеме городского, «алматинского» текстов, строящихся по особым авторским моделям и отражающим индивидуальный авторский стиль и мировосприятие, а так же отсутствием специальных научных изысканий, посвященных моделям городских текстов, отражающих авторское мироощущение в пределах современной казахстанской прозы. На проверку выносится гипотеза о том, что формирование тех или иных моделей городских текстов основано на отношении автора к определенным урбанистическим знакам, топосам, культурным кодам. В ходе исследования поднимается актуальная проблема гендерных различий в мировоззрении и мироощущении авторов, влияющих на творческую манеру письма и, соответственно, на формирование авторского мироощущения, отношение к окружающим реалиям. Фокусируется внимание на контрасте в восприятии исторических реалий у разных авторов вследствие гендерных различий: феминистская манера письма у Л. Калаус; солипсизм и скептицизм в творческом восприятии И. Одегова.

Ключевые слова: городской текст, алматинский текст, урбанистические топосы, урбанистические знаки, модели городского текста, авторское мироощущение.

Введение. Проблема городского текста стала наиболее актуальной в период развития семиотического подхода в литературоведении и культурологии. Рассмотрение города как системы урбанистических знаков и кодов сопряжено с понятием «текста» в филологии и семиотике, которое Ю.М. Лотман рассматривал как «сложное устрой-

ство, хранящее многообразные коды, способное трансформировать получаемые сообщения и порождать новые, как информационный генератор, обладающий чертами интеллектуальной личности» (Лотман, 1992: 132). По мнению Ю.М. Лотмана, текст обладает следующими качествами: структурностью, отграниченностью и выраженностью.

Этими же качествами может обладать и городской текст, структурирующийся на основе диалогичности, иерархичности и последовательности урбанистических знаков и кодов; обладающий выраженностью в определенных географических, личностно-биографических, мифологических рамках; характеризующийся отграниченностью от внеположенных ему символически-знаковых элементов.

В.Н. Топоров, объединив определенные городские тексты в единую систему «петербургского текста», полагал, что важнейшим основанием для такого объединения является «семантическая связанность», ряд существенных черт, объединяющих их (Топоров, 1995).

Урбанистическими знаками, структурирующими и объединяющими городские тексты, могут быть ландшафты, архитектурные памятники, строения, городская инфраструктура, погодные и климатические условия, геолокация, топографические объекты (горы, реки и т.д.). «Семантическая связанность» городских текстов выражается в том числе и на идейно-тематическом уровне. Онтологические и остросоциальные проблемы, волнующие современных писателей, тесно переплетены с городом, его развитием, переломными моментами и формируют культурно-духовный топос городского текста.

Наряду с перечисленным город характеризуется и посредством людей, проживающих в нем. Еще древнегреческий ученый и философ Платон говорил о взаимосвязи полиса и человека. Развивая его положения, В.Т. Звиревич представил государство как «макроантропос», а человека как «микрополис» (Звиревич, 2002). Опора на такое представление о городе и человеке позволяет говорить о взаимодействии и взаимосвязи автора, героя и города в пределах городского текста.

Методы и материалы. Методологической основой предпринятого анализа проблемы формирования моделей городского текста и городских топосов, отражающих авторское мироощущение, послужили литературоведческая и семиотическая концепции (Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров). Кроме того, помимо методов классической герменевтики со структуралистским подходом, предполагающих приемы интерпретации, анализа и обобщения художественного текста, в статье акцентируется внимание на психоаналитическом аспекте исследования различий в формировании моделей городских текстов и выдвижении на первый план тех или иных урбанистических топосов, отражающих авторское мировосприятие.

Результаты и обсуждение. Научные изыскания казахстанских авторов по проблеме городского текста сосредоточены, в основном, на текстах художественной литературы, созданных в рамках культурной жизни южной столицы – Алматы. Алматинские топосы становятся предметом изображения и рефлексии не только на страницах известных советских и казахстанских писателей и поэтов, но и предметом научного интереса казахстанских филологов-исследователей.

Традицию семиотического подхода к проблеме городского текста поддерживает в своих исследованиях И.Т. Какильбаева. Ученый в сравнительном аспекте сопоставляет городские топосы российского и казахстанского авторов и, опираясь на понятия «петербургский» и «московский» тексты, интерпретирует сюжет произведения О. Сулейменова «Балкон» с целью вычленить концептуальные доминанты понятия «алматинский текст». По мнению автора, в алматинских текстах смыслообразующей доминантой являются «мифы об имени города и его «узких» локусах, фольклорные и исторические предания и легенды как форма памяти народного сознания» (Kakilbaeva, 2016: 67). Исследователь отмечает, что ключевой этап осмысления понятия «алматинский текст» связан с периодом культурной эвакуации в период Великой отечественной войны творческой интеллигенции из Москвы и Ленинграда. В этот период под влиянием восторженного впечатления от «особой ауры вещего города» созданы городские тексты, в том числе и работы в кинематографии (Kakilbaeva, 2016: 68).

Примером таких текстов являются «Хранитель древностей» и «Факультет ненужных вещей» Ю. Домбровского. Ж.А. Баянбаева исследует тексты Ю. Домбровского на предмет «развития художественного образа города» посредством реализации мотива «открытия нового города». Опираясь на традиции российских исследователей городского текста – Н.П. Анциферова, Ю.М. Лотмана, В.Н. Топорова, Ж.А. Баянбаева выстраивает систему литературоведческих координат алматинского текста, среди которых: авторское мироощущение – «город как неслучайное пространство»; мифологическая составляющая городского текста; мотив чуда – как смыслообразующая доминанта формирования образа города; мотив открытия «нового» города; слияние природы и города; контраст величественной природы и незаурядной архитектуры и т.д. (Баянбаева, 2015).

Г.И. Власова рассматривает городской текст через призму структурных и пространственно-временных элементов: «Маркированные заглавия, топосы пространства, природные и культурные сферы, образ городского сознания, историческая и культурная память» (Власова, 2018: 517). На примере «алматинских текстов» Е. Клепиковой исследователь выстраивает модель «алматинского текста», которому присуща «хронотопическая целостность», «репрезентированная в структуре, в заглавиях, в мотивах, образах и поэтике произведений» (Власова, 2019: 1797). Исследователь отмечает «диффузию» исторического и мифологического пространства, внутри которой формируются сложные семантические связи, выстраивающиеся в целостную модель «алматинского текста». Г.И. Власова в своих исследованиях, посвященных городскому тексту, констатирует тот факт, что методология исследования городского и, в частности, алматинского текста выходит на новый виток изучения «структурно-семантических модификаций типов и моделей художественного пространства на современном литературном материале» (Власова, 2019: 1801).

Ж.Б. Кермешова, К.Б. Муханова анализируют влияние номинаций Алма-Ата и Алматы на содержание художественных текстов казахстанских писателей и поэтов. Ученые выделяют ряд реалий, образов, топонимов, присущих городу Алма-Ате и городу Алматы. Пространственно-временные и исторические изменения, по мнению исследователей, меняют и художественные элементы, присущие модели городского текста ДО и ПОСЛЕ (Кермешова, 2018: 222).

В аспекте традиционализма рассматривает городской текст Н. Исина, раскрывающая в своем исследовании философско-эстетическую основу понятия «алматинский текст» на примере романа Д. Накипова «Круг пепла». Исследователь рассматривает элементы «алматинского текста» как признаки традиционализма казахской литературы. Философско-эстетической основой понятия «алматинского текста» в романе Д. Накипова, по мнению исследователя, является то, что «Алматы – это не только художественное пространство, но и воплощение культурной и духовной жизни поколения, пережившего трагические периоды социальной истории» (Isina, 2016: 1169).

Таким образом, казахстанские исследователи, разрабатывающие теоретико-методологическую и философско-эстетическую основу понятия «алматинский текст», опираются на структуралистский подход семиотического восприятия города как системы литературоведческих, культурно-исторических и пространственно-временных координат. Определяя модель городского «алматинского текста», можно выявить следующие доминанты, её формирующие: мифологическая составляющая, историческая составляющая, культурные традиции Алма-Аты и Алматы, локации и топонимика, авторские мироощущения, формирующие в целом образ города в художественном тексте.

Структура городского текста имеет характер вариативности моделей, базирующихся на авторском отношении к изображаемому (к городским топосам). В настоящем исследовании рассматриваются урбанистические топосы, отражающие авторское мироощущение и авторское отношение к изображаемому в цикле рассказов Л. Калаус «Аля в меловом периоде» и в повести И. Одегова «Снег в паутине» (Одегов, 2015; Калаус, 2019).

Выводы. Таким образом, разнообразие обсуждаемого материала и относительно большое количество эскизов дают представление о сложности процесса перевода прозаических произведений О. Бокеева, что позволяет разобраться в многогранных проблемах перевода этномаркеров. Сближение культур посредством перевода не происходит через единый текст, поэтому требуется много переведенных текстов, чтобы постепенно описывать определенный образ, который обуславливает различные национальные особенности культуры. Чтобы произошла идентификация этноса и сближение культур, также необходимо, чтобы переведенные тексты существовали

не только в книжных магазинах или библиотеках, но и занимали место в сознании читателей. Знание особенностей этнических и культурных маркеров является обязательным фактором для достижения адекватного и успешного процесса перевода, который должен предусматривать преодоление культурных и языковых аспектов. Невозможно отразить специфику этнокультурной идентичности казахов без понимания народной ментальности. На основании этномаркеров, представленных трудными для перевода фрагментами произведений, можно оптимально рассмотреть языковую картину мира, представленную автором.

Эффективная коммуникация между культурами в современном мире особенно важна, поскольку, процесс перевода влечет за собой коммуникацию как минимум двух языков. Ведь незаменимыми структурами существования современного перевода являются культурные ценности, обмен знаниями и навыками, а также прогресс, которые в комплексе способствуют формированию и постижению различных литературных произведений. Проблемы перевода этномаркеров в прозаическом тексте на материале произведений О. Бокеева обусловлены непростой задачей нахождения правильных установок и передачи национальных особенностей, которые выступают основным отображением особенностей культуры этноса. Деформация участков, возникших в результате неполного или неправильного перевода произведения, может привести к значительным изменениям в его содержании и в конечном изображении получателя. Существенным для читательского восприятия является изучение влияния идеологических этномаркеров. В обсуждаемых произведениях прозы исходный текст трактуется как объект, который подвергается операциям фрагментации, что позволяют через призму перевода найти источник размышлений об этнических особенностях народа.

Тернавская М.М.[1], Хамидова А.Х. [2]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-сұлтан, Қазақстан
E-mail: ternavskayamadina@gmail.com[1], azima691@mail.ru[2]
ORCID: 0000-0002-5626-8781, 0000-0002-1396-615X

О. Бөкеев прозасының аудармаларында этномаркерлердің берілу ерекшеліктері

Аннотация. Мақалада аударылған мәтін мен түпнұсқа жұмыс арасындағы құрылымдық, сондай-ақ басқа да ресми айырмашылықтар талданады. Этномәдени ерекшелік жағдайында сөзсіз деп танылатын түпнұсқа мәтіннің жекелеген элементтерін аударудың мүмкін еместігі, әр түрлі тілдерге тән экспрессивті құралдар жиынтығының айырмашылығы семантикалық тұрғыдан сәйкессіздік анықталды. Сонымен қатар, аудармашының жеке басы, оның тәжірибесі мен дағдылары түпнұсқа туындыны аударудың толықтығы мен дәлдігіне әсер етеді. Зерттеудің өзектілігі-ежелгі дәуірден бастап аударма қажетті білім мен мәдениеттің қайнар көзі болып табылады. Аударманың рөлі-әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы делдалдық. Прозалық мәтінді аударудың мағынасы үнемі өсіп келеді. Түпнұсқа тіліндегі мәтінде бар нәрсені басқа тілге аударудан тұратын бұл процедура, сөзсіз, күрделі операция болып табылады және тиісті дағдыларды қажет етеді. Прозалық мәтіндерді аудару кезінде, ең алдымен, қарым-қатынас принципін басшылыққа алу керек. Прозалық мәтіндердің этномаркерлерін аудару кезінде сақталуы керек үш маңызды ережені бөліп көрсету керек: ақпарат нақты және жауапкершілікпен берілуі керек; мақсатты мәтін алушыларға бейімделуі керек; аударма өз рөлін атқара алатыны маңызды, яғни зерттелетін тілдің этникалық болмысын ескере отырып, ақпаратты беру. Зерттеудің мақсаты-О. Бөкеев материалдарының мысалында прозалық мәтіндерді аударудағы этникалық аспектілер мен

проблемалардың рөлін қарастыру. Аударманың бұл түрі пәндік, тілдік және мәдени құзіреттілікті қажет етеді. Бұл процедура аударманың әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты ерекше қиындықтар туғызады. Айта кету керек, әлеуметтік-мәдени контекстен айырылған сөздер құрылымдық тұрғыдан дұрыс болуы мүмкін, бірақ этникалық талаптарға сәйкес келмейді. Аударманы тіларалық жүйе ретінде қабылдаудан мәдени-бағдарланған аспектілерге дейінгі процесс мәтіндік аударманы прозалық талдаудың негізінде жатыр. Түпнұсқаның тілден алынған мәндердің көзі ретіндегі абсолютті позициясы эквиваленттілік тұжырымдамасына назар аударуы керек. Прозалық аударманың структурализмі негізгі міндет этникалық топтың мінез-құлық сипаттамаларын, сондай-ақ оның өкілдерінің терминдерін қолдану контекстін жалпылайтын мәні мен шарттарын анықтау болып табылады. Практикалық маңыздылығы этномаркерлерді беру мәселелерін қарастырумен қатар, О.Бөкеев шығармаларының прозалық аудармасын талдауда жатыр.

Түйін сөздер: аударма, этномаркерлер, мәдениет, мәтін, мәселелер, этнос.

Ternavskaya M.M.[1], Khamidova A.Kh.[2]
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
E-mail: ternavskayamadina@gmail.com[1], azima691@mail.ru[2]
ORCID: 0000-0002-5626-8781, 0000-0002-1396-615X

Features of the transfer of ethnomarkers in translations of O. Bokeev's prose

Abstract. The article analyzes the structural and other formal differences between the translated text and the original work. The discrepancy in the semantic relation is revealed due to the impossibility of translating individual elements of the original text, which is recognized as inevitable in the conditions of ethnocultural specificity, differences in sets of expressive means inherent in different languages. In addition, the translator's personality, experience and skills also influence the completeness and accuracy of the translation of the original work. The relevance of the research lies in the fact that since ancient times translation has been a source of necessary knowledge and the foundations of culture. The role of translation is to mediate between different cultures and languages. The value of translating a prose text is constantly increasing. This procedure, which consists in translating into another language what is contained in the original text, is undoubtedly a complex operation and requires appropriate skills. When translating prose texts, one should be guided, first of all, by the principle of communication. It is necessary to identify three important rules that should be followed when translating ethnomarkers of prose texts: information should be transmitted clearly and responsibly; the target text should be adapted for recipients; it is important that the translation can fulfill its role, that is, transmit information, taking into account the ethnic realities of the language being studied. The purpose of the study is to consider the role of ethnic aspects and problems in the translation of prose texts using the example of O. Bokeeva. This type of translation requires subject, language and cultural competence. This procedure creates special difficulties associated with various translation features. It should be noted here that statements devoid of socio-cultural context may be structurally correct, but inappropriate from the point of view of ethnic requirements. The process of moving away from the perception of translation as an interlanguage system to culturally oriented aspects underlies the prosaic analysis of text translation. The absolute position of the original as a source of meanings extracted from the language should focus on the concept of equivalence. The structuralism of prose translation assumes that the main task is to determine the essence and conditions that generalize the behavioral characteristics of an ethnic group, as well as the context of the use of terms of its representatives. The practical significance lies in the analysis of the prose translation of O. Bokeev's works along with the consideration of the problems of the transfer of ethnomarkers.

Keywords: translation; ethnomarkers; culture; text; problems; ethnos.

Информация об авторах:

Тернавская М.М., *м.п.н., докторант ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур–Султан, Казахстан. E-mail: ternavskayamadina@gmail.com. ORCID: 0000–0002–5626–8781.*

Хамидова А.Х., *к.ф.н., ст. преподаватель ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур–Султан, Казахстан. E-mail: azima691@mail.ru*

Литература:

Абдеева Я. “Куда ты идешь, человек?”: Жизнь и проза Оралхана Бокеева. Библиофил, 5, с. 10–15. — 2012. (рус)

Бокей О. Собрание сочинений. — Алматы: Эль–шежире. — 2013. (рус)

Джуанышбеков Н. Творческий портрет писателя: Оралхан Бокеев. Библиофил, 12, с. 32–33. — 2006. (рус)

Жанузакова К., Орда Г., Саметова З., Жумакаева Б., Сарбасов Б. Движения и направления в мировой и казахской прозе. — Социальные науки. 11(21), с. 5199–5203. — Пакистан, — 2016. (рус)

Зальцман З. Проблема лексической аккультурации // Международный журнал американской лингвистики. С. 623–628. — 2019. (англ)

Ким А.А. Собрание сочинений в томах. – Алматы: Коре Сарам, 2018. (рус)

Кэтфорд Дж. С. Лингвистическая теория перевода. Оксфорд: Издательство Оксфордского университета. — 2019. (англ)

Лайонс Дж. Язык и лингвистика. Знакомство. — Кембридж: Издательство Кембриджского университета. — 2019. (англ)

Ландерс С.Е. Художественный перевод: Практическое руководство. Многоязычие Имеет Значение. Нью–Джерси: Издательство Университета Нью–Джерси. — 2020. (англ)

Ларсон М.Л. Перевод, основанный на значении: Руководство по межъязыковой эквивалентности. — Вашингтон: Издательство Американского университета. — 2019. (англ)

Лулуа А.В. Проблемы перевода мировой классики. Литература в переводе. От культурного переноса к метонимическому перемещению. — Нью–Дели: Университет Джавахарлала Неру. — 2018. (англ)

Мандельборн Д.Г. Избранные работы Эдварда Сапира по языку, культуре и личности. — Калифорния: Издательство Калифорнийского университета. — 2020. (англ)

Морган Т.Е. Есть ли в этом тексте интертекст? Литературный и междисциплинарный подход к интертекстуальности. — 2019. (англ)

Нида Э.А., Табер С.Р. Теория и практика перевода. Лондон: Лейден. — 2019. (англ)

Норд С. Перевод как целенаправленная деятельность: Объяснены функционалистские подходы. Манчестер: Сент–Джером. — 2019. (англ)

Нургали К.Р., Тернавская М.М. Этнокультурные маркеры как мифообразы в прозе О. Бокеева. Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш.Ш. Уалиханова.(Филологические науки). № 4 (2), 2020. С. 194–199. ISSN 1608–2206. (рус.).

Ньюмарк П. Еще параграфы о переводе. Многоязычные матери. Нью–Джерси: Университетская пресса. — 2018. (англ)

Риффатерре М. Составление текста. Идентичность художественного текста. — Торонто: Издательство Университета Торонто. — 2018. (англ)

Сапир Э. Язык: Введение в изучение речи. — Нью–Йорк: Харкорт, Брейс и Компания. — 2020. (англ)

Тажибаева, Ж. Д. Этномаркеры и их передача в переводе поэзии Олжаса Сулейменова // Молодой ученый. — № 21 (363). — 2021.— С. 447–450. (рус)

Талгери П. Проблема культурной реконтекстуализации в художественном переводе. От культурного переноса к метонимическому перемещению. — Нью–Дели: Университет Джавахарлала Неру. — 2018. (англ)

Әдебиет:

Абдеева Я. «Сіз қайда барасыз, адам?»: Оралхан Бөкеевтің өмірі мен прозасы. Библиофил, 5, 10–15. — 2012. (орыс)

Бөкей, О. Шигармалары. — Алматы: Эль–шежіре. — 2013. (орыс)

Джуанышбеков Н. Жазушының шығармашылық портреті: Оралхан Бөкеев. Библиофил, 12, 32–33. — 2006. (орыс)

Жанұзақова К., Орда Г., Саметова З., Жұмақаева Б., Сарбасов Б. (2016). Әлемдік және қазақ прозасындағы қозғалыстар мен бағыттар. — Әлеуметтік ғылымдар. 11 (21), 5199–5203. — Пәкістан, — 2016. (орыс)

Зальцман З. Лексикалық аккредитация мәселесі // Американдық лингвистиканың халықаралық журналы, 5, 623–628. — 2019. (ағылш)

Ким А. А. Томдардағы шығармалар жинағы. — Алматы: Коре Сарам. — 2018. (орыс)

Кэтфорд Дж. Б. Аударманың лингвистикалық теориясы. — Оксфорд: Оксфорд университетінің баспасы. — 2019. (ағылш)

Ландерс С.Е. Көркем аударма: практикалық нұсқаулық. Көптілділік Маңызды. — Нью–Джерси: Университетінің Баспасы. — 2020. (ағылш)

Ларсон М. Мәнге негізделген аударма: тіларалық эквиваленттілік бойынша нұсқаулық. — Вашингтон: американдық университеттің баспасы. — 2019. (ағылш)

Лион Дж. Тіл және лингвистика. Танысу. — Кембридж: Кембридж университетінің баспасы. — 2019. (ағылш)

Лулуа А. Әлемдік классиканы аудару мәселелері. Аудармадағы әдебиет. Мәдени ауысудан Метонимикалық ауысуға дейін. — Жаңа Дели: Джавахарлал Неру Университеті. — 2018. (ағылш)

Мандельборн Д. Эдвард Сапирдің тіл, мәдениет және тұлға бойынша таңдалған жұмыстары. — Калифорния: Калифорния университетінің баспасы. — 2020. (ағылш)

Морган Я. Бұл мәтінде интертекст бар ма? Әдеби және пәнаралық көзқарас. — 2019. (ағылш)

Нида Э. А., Табер С. Р. Аударма теориясы мен практикасы. — Лондон: Лейден. — 2019. (ағылш)

Норд Б. Аударма мақсатты қызмет ретінде: функционалистік тәсілдер түсіндірілді. — Манчестер: Сент–Джером. — 2019. (ағылш)

Нұрғали Қ.Р., Тернавская М.М. О. Бөкеев прозасындағы этномәдени маркерлер мифтәріздес ретінде. Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Ш.(Филология ғылымдары). № 4 (2), 2020. С. 194–199. ISSN 1608–2206. (орыс.).

Ньюмарк Б. Аударма туралы тағы бір абзац. Көптілді аналар. — Нью–Джерси: Университет баспасөзі. — 2018. (ағылш)

Риффатерре М. Мәтінді құрастыру. Көркем мәтіннің сәйкестігі. — Торонто: Торонто Университетінің Баспасы. — 2018. (ағылш)

Сапир Э. Тіл: сөйлеуді үйренуге кіріспе. — Нью–Йорк: Харкорт, Брейс және Компания. — 2020. (ағылш)

Талғар Т. Көркем аудармадағы мәдени қайта құру мәселесі. Мәдени ауысудан Метонимикалық ауысуға дейін. — Жаңа Дели: Джавахарлал Неру Университеті. — 2018. (ағылш)

Тәжібаева Ж.Д. Этномаркерлер және оларды Олжас Сүлейменов / Ж. Д. Тәжібаев, г. Ш. Әкімбеков поэзиясына аудару. — Мәтін: тікелей / / Жас ғалым. № 21 (363). — 2021. — Б.447–450. (орыс)

References:

Abdeeva, Ya. (2012). “Kuda ti idesh chelovek”: Jizn i proza Oralhana Bokeeva (“Where are you going, Man?”: Life and prose of Oralkhan Bokeev). Bibliophile, 5, 10–15. (Rus)

Bokei, O. (2013). Sobranie sochinenii (Collected works). Almaty: El–shezhire. (Rus)

Catford, J.C. 2019. A linguistic theory of translation. Oxford: Oxford University Press. (Eng)

Dzhuanyshbekov, N. (2006). Tvorcheskii portret pisatelya: Oralhan Bokeev (Creative portrait of the writer: Oralkhan Bokeev). Bibliophile, 12, 32–33. (Rus)

Kim, A.A. 2018. Sobranie sochinenii v tomah (Collected works in volumes). Almaty: Kore Saram. (Rus)

Landers, C.E. 2020. Literary translation: A practical guide. Multilingual Matters. New Jersey: New Jersey University Press. (Eng)

Larson, M.L. 2019. Meaning–based translation: A guide to cross–language equivalence. Washington: University Press of America. (Eng)

Lulua, A.W. 2018. Problems in translation of world classics. Literature in Translation. From Cultural Transference to Metonymic Displacement. New Delhi: Jawaharlal Nehru University. (Eng)

Lyons, J. 2019. Language and linguistics. An Introduction. Cambridge: Cambridge University Press. (Eng)

Mandelbaurn, D.G. 2020. Selected writing of Edward Sapir in Language, Culture and Personality. California: University of California Press. (Eng)

Morgan, T.E. 2019. Is there an Intertext in this text? Literary and Interdisciplinary Approach to Intertextualtiy. American Lourrial Of Semiotics, 3(1), 12–21. (Eng)

Newmark, P. 2018. More paragraphs on translation. Multilingual Maters. New Jersey New Jersey: University Press. (Eng)

Nida, E.A., Taber, C.R. 2019. The theory of practice of translation. London: Leiden. (Eng)

Nord, C. 2019. Translating as a purposeful activity: Functionalist approaches explained. Manchester: St. Jerome. (Eng)

Nurgali K.R., Ternavskaya M.M. Ethnocultural markers as myth–images in O. Bokeev's prose. Bulletin of Kokshetau State University named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Philological sciences). No. 4 (2), 2020. pp. 194–199. ISSN 1608–2206. (Rus.).

Riffaterre, M. 2018. The making of the text. Identity of the literary text. Toronto: University of Toronto Press. (Eng)

Salzmann, Z. 2019. The problem of lexical acculturation. International Journal of American Linguistics, 5, 623–628. (Eng)

Sapir, E. 2020. Language: An introduction to the study of speech. New York: Harcourt, Brace and Company. (Eng)

Talgeri, P. 2018. The problem of cultural recontextualisation in literary translation. From Cultural Transference to Metonymic Displacement. New Delhi: Jawaharlal Nehru University. (Eng)

Tazhibayeva, Zh. D. Etnomarkeri i ih peredacha v perevode poezii Oljasa Suleimenova (Ethnomarkers and their transmission in the translation of poetry by Olzhas Suleimenov) / Zh. D. Tazhibayeva, G. Sh. Akimbekova. – Text: direct // Young scientist. — 2021. — № 21 (363). — Pp. 447–450. (Rus)

Zhanuzakova, K., Orda, G., Sametova, Z., Zhumakaeva, B., Sarbasov, B. (2016). Dvijeniya i napravleniya v mirovoi i kazahskoi proze (Movements and directions in world and Kazakh prose). Social Sciences (Pakistan), 11(21), 5199–5203. (Rus)

ҒТАМР 17.01.09 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-19

Өскен Ә.М.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
E-mail: asem_a7_95@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-7291-9858

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АУДАРҒАН АНТОН ЧЕХОВТІҢ «ХАМЕЛЕОН» ӘҢГІМЕСІ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)

Аңдатпа. Мақалада Алаш көшбасшысы, қаламгер, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның орыс классик жазушысы А.П.Чеховтен аударған «Хамелеон» әңгімесі көркемдік, мәтіндік тұрғыдан талданған. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ-орыс әдеби байланысына атсалысқан тұлғаның көркем аудармадағы өзіндік стилі, көркемдік ерекшеліктері мен тәржіме саласына қосқан үлесі қарастырылған.

Ұлт дамуындағы жауапты кезеңде Алаш зиялылары қазақ қоғамының мәдениеті мен ғылым-білімінің жетілуіне аянбай еңбек сіңірді. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін ғылымның әр түрлі саласынан оқулықтар жазды. Көзі ашық, мәдениеті биік ұрпақ қалыптастыру үшін мәдени жұмыстар атқарып, Еуропа жүйесіндегі театрлар мен мектептер ашуға мұрындық болды. Қарапайым халықтың сауатын ашып, таным-түсініктерін кеңейтіп, әлем әдебиеті жауһарларының шығармаларын мерзімдік баспасөздерде қазақ қауымына таныстырды. Ал, біз нысанаға алып отырған тақырып – Әлихан Бөкейханның қазақ әдебиетіндегі аударма саласына қосқан үлесі.

Ә.Н.Бөкейхан аударма ісіне терең үңіліп, бұл саламен іс жүзінде айналысқан қаламгер. Ол елеулі көркем шығармаларды, ғылыми-танымдық еңбектер мен оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Осы бағыттағы еңбектерінің ішінде ерекше көзге түсетіні – әдеби көркем аудармасы. Ә.Бөкейхан әлем әдебиеті тұлғаларының әңгімелерін, мысалдары мен повестерін қазақ оқырманына жеткізуде де ағартушылық мақсатты көздеді. Оның Л.Н.Толстойдан аударған «Сурат кафеханасы», «Қажы-Мұрат», «Кавказ тұтқыны», «Жұмыртқадай бидай», «Жеті қарақшы», «Күн» әңгімелерінен бөлек «Жетпіс жеті мысал» атты жинағындағы Л.Н.Толстой мен Эзоптан алған топтамалары қаламгердің биік идеалдарға адал болғанын көрсетеді. Сондай-ақ асылы Ги де Мопасаннан – «Симонның әкесі», «Жарасын алдырған ана», «Күзетте», «Ақсақ кемпір», О.Уайльдтан – «Жұлдыз бала», В.Г.Короленкодан – «Мақардың түсі», И.С.Тургеневтен – «Торғай», Мамин-Сибирняктан – «Қара ханым», «Баймақан», Н.Маркстен – «Ескі Қырым сөздері», «Пайғамбарға хат», «Герейдің ажалы», «Азамат Юсуф» т.б. аударармалары шынайылығымен, тапқырлығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Бұл мақалада Әлихан Бөкейханның А.П.Чеховтан аударған «Хамелоен» әңгімесіне талдау жасадық. Қайраткер мен жазушы мұрасын бір-бірімен салыстыру арқылы қазақ аудармашысының ерекшелігі мен шеберлігін сараладық. Атап айтсақ, біріншіден, Әлихан Бөкейханның орыс тілін өте жетік білген; екіншіден, еркін аударма жасап, шығарманың идеясы мен мазмұнын сақтауды мақсат тұтқан; үшіншіден, түпнұсқаны қазақтың таным-түсінігіне лайықтап тәржімелеген; төртіншіден, шығарманың көркемдік ерекшелігінен гөрі оқушыға берер рухани әсеріне молырақ көңіл аударған.

Қазақ әдебиетінде Абай, Ыбырай, Шәкәрім жаңа деңгейге көтерген көркем аударма ісін XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы сияқты Алаш зиялылары жалғастырды. Алаш көшбасшысының аудармалары қазір де өзектілігін жоймағаны аңғарылады.

Кілт сөздер: тәржіме, Алаш, автор, аудармашы, ұлттық таным, аналитика, контекст.

Кіріспе. Ұлттың маңдайына біткен жарық жұлдызы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өз заманында қазақ қоғамына алып келген мәдени, саяси, ғылыми реформалары мен ізашар бастамалары – адамзат тарихының аясында қарастырылатын

мәселе. Саясаткер, Алаш партиясының жетекшісі, ағартушы, ғалым, публицист ретінде танылған тұлғаның көркем аудармаға бет бұруы да – елеулі факт. Ол осы бағдарда әдебиеттегі Абай мен Ыбырай тәжірибесін дамытып, мәдени және интеллектуалдық байланыстың дамуына, ең бастысы қазақ қауымының кемелдікке бет түзеуіне үлес қосты.

Жан-жақты ғалым, елшіл тұлға Әлихан Бөкейханның Л.Н.Толстой, Ги де Мопассан, О.Уайлд, И.С.Тургенев, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, К.Фламмарион, Д.Мамин-Сибиряк, Н.А.Маркс секілді көрнекті жазушылар шығармаларынан көркем аударма жасап, оларды ұлт оқырманының рухани шамшырағы болған «Қазақ», «Жаңа мектеп», «Темірқазық», «Әйел теңдігі», «Жас қазақ», «Ақ жол», «Сәуле» басылымдарына жариялауы – Алаш зиялыларының парасат, білік деңгейін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Әлем әдебиетінің классиктерінің ішінде орыстың талантты жазушысы, драматург, сатиралық әңгімелерімен мойындалған Антон Чеховтің 1915 жылы Әлихан қазақ тіліне тәржімелеген *(А.Байтұрсынұлы қағидаты осындай; «тәржімалаған» деу – үндестік заңына қайшы)* «Хамелеон» әңгімесі – адамның пенделік болмысын дәл танытатын шығарма.

Салыстыра қарасақ, Ә.Н.Бөкейхан (1866-1937) мен А.П.Чехов (1860–1904) – замандастар. Оларды оятқан да, ойлантқан да – Ресей шындығы. Сондықтан талғамның сабақтасуын, үйлесімін ерекше атап кетуге де болады. Аударма «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №140 санында қайраткердің «Қыр баласы» деген бүркеншік атымен жарияланған.

Чехов бұл әңгімесі арқылы қоғамдағы әділетсіздікті, тұрақсыздықты терісінің түсін ыңғайына қарай өзгерте беретін жәндік – хамелеонға теңеп, Очумелевтің бейнесі арқылы екіжүзді адамдардың болмысын жан-жақты тереңінен ашқан. Юмор мен сатира қатар өрлеген Чехов әңгімесінің идеясы мен сюжетін, көркемдік күшін Әлихан қаншалықты бере алды – аударма қуаты осында.

Мәтінді бір тілден екінші тілге тәржімелеу мәселесі көне заманнан бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Бұл – тіл білімі, әдебиеттану, психология, философия аясында қарастырылатын мәселе. Әсіресе юмор мен сарказмге құрылған әңгімелерді аудару тіптен күрделі. Себебі, юмор – белгілі бір халықтың тарихи-дәстүрі негізінде қалыптасқан өзгеше мәдениетінің көрінісі. «Юмор барлығына бірдей түсінікті әмбебап емес. Ол сол қоғамның танымдық, тарихи-мәдени, психологиялық ерекшеліктеріне бағынышты болғандығынан да бір мәдениеттен екінші мәдениетке көшіп жүре бермейді. Сондықтан да юмор, анекдот, саяси әзіл сияқты ұлттық ерекшелікті қанық көрсететін дүниелерді тәржімелеу мәселесі үлкен еңбекті қажет етеді», - деп жазады белгілі орыс әдебиеттанушысы Е.И.Панченко (Панченко, 2012).

Талқылау. «Хамелеон» әңгімесіндегі басты кейіпкер полиция қызметкері – бақылаушы Очумелов. Оның деген тегінің өзі (атауы) орыс тіліндегі «очуметь», «чуметь», яғни «оба ауруының таралуы» мағынасындағы етістікті еске түседі. «Очуметь», «чуметь» етістігінің түбірі – «чума». Яғни «оба» зат есімі – бүкіл қалалар мен елдерді жайлаған қорқынышты жұқпалы ауру. Автор «Очумелов» деген тегі арқылы шығарманың негізгі идеясы мен кейіпкердің мінез-құлқын керемет жеткізе білген. Әңгіменің соңында автор Чехов (аудармашы Әлихан да) күшіктің кімдікі екенін біле

алмай әбден дал болған жағымпаз надзиратель Очумеловтің образы арқылы сол заманның бар болмысын әдемі ашып көрсетеді. Чеховтағы:

«Толпа хохочет над Хрюкиным

– Я еще доберусь до тебя! - грозит ему Очумелов и, запахиваясь в шинель, продолжает свой путь по базарной площади», - (Чехов, 1983: 236) деген жолдарды Әлихан:

«Хрюкин топқа күлкі болып қала берді.

– Мен саған көрсетермін,- деп Хрюкинге жекіріп, қаһарын тігіп, Ошумелов төре жөніне кетті», - деп, эпизодтағы көріністі сол кездегі қазақ қоғамына өте түсінікті тілде қысқа да нұсқа етіп аударған (Бөкейхан, 2016: 576).

Айта кететін бір мәселе: әңгіменің бас кейіпкерінің «Очумелов» атты тегін қазақ аудармашысы ана тілінің ішкі заңдылығына бағындыра «Ошумелов» деп алған. Бұл жердегі авторлық мақсат: қазақ тілінің өзіне ғана тән ұлттық ерекшелігі орыс тілінің көлеңкесінде қалып қоймасын деген ой болған секілді.

Әңгіменің соңында «хамелеондық» қасиет, Очумеловтен тараған жағымпаздық айналасындағы адамдарға да тез жұғып, оба ауруы секілді қоғамды жайлайды. Очумелов – әр түрлі жайғадайларға байланысты терісін ыңғайлы түр-түске ауыстырып отыратын нағыз хамелеон болса, оны қоршап тұрған бір топ кісінің іс-әрекеті «көпте ақыл жоқ» деген сөзді толықтай ашады.

«Через базарную площадь идет полицейский надзиратель Очумелов в новой шинели и с узелком в руке. За ним шагает рыжий городовой с решетом, доверху наполненным конфискованным крыжовником. Кругом тишина... На площади ни души... Открытые двери лавок и кабаков глядят на свет божий уныло, как голодные пасти; около них нет даже нищих», - (Чехов, 1983: 235) деп басталатын А.П.Чехов «Хамелеонының» бастапқы сөйлемін Ә.Бөкейхан: *«Күн ыстық, дүкен ашық, алушы жоқ. Саудагерлерді ұйқы басқан. Базарда хайыршылар да жоқ. Базармен полицейский надзиратель Ошумелев келе жатыр. Барымталап алған бір шелек қарақатты көтеріп, қасында городовой келеді»,* - (Бөкейхан, 2016: 575) деп аударған. Көркем әдебиетте алдымен пейзажды суреттеп, сосын барып іс-әрекетті баяндау – әбден қалыптасып қалған әдіс. Әлихан мұнда осы заңдылықты ұстанып, «Күн ыстық, дүкен ашық, алушы жоқ», - деп әуелі жалпы көріністі сипаттап өтеді. Ал, Чеховта орыс тіліндегі етістіктің сөйлем басында келетіні секілді – алдымен іс-әрекетті баяндап, содан соң көріністі суреттейді. Қазақ тіліндегі заңдылықта сөйлемнің басында зат есім, соңында етістік келетіні белгілі. Бұл сөйлемді құрауда аудармашы Әлихан қазақ тіліндегі осы заңдылықтарды мәтінде де өте сәтті қолданған.

Әлиханның тәржімесін Чеховпен салыстырып оқығанда байқағанымыз: қазақ қаламгері орыс классигі әңгімесінің көркемдік ерекшеліктерін жарқырата көрсете отырып аударуды мақсат етпеген. Тек, жалпы оқиғаны баяндай отырып, оқырманның көз алдына көрініс қалыптастыруды маңызды деп санаған. *«Через базарную площадь идет полицейский надзиратель Очумелов в новой шинели и с узелком в руке»,* - деген сөйлемді Әлихан *«Базармен полицейский надзиратель Ошумелев келе жатыр»,* - деп қана береді. Мұндағы *«в новой шинели и с узелком в руке»* деген суреттеуді Әлихан бермеген. Дәл сондай *«Открытые двери лавок и кабаков глядят на свет божий уныло, как голодные пасти»,* - деген «шатырлардың ашық есіктері көңілсіз, ашыққан

ауыз секілденеді» мағынасындағы орысша көркемдігі ерекше сөйлемді Әлихан: *«Күн ыстық, дүкен ашық»* деп қана аударған. Атап көрсеткеніміздей, Әлихан аудармашы ретінде көркем әңгіменің жалпы оқиғасын ғана жеткізіп отырушы. Ал, Чеховта ауа-райы туралы, күннің ыстық екендігі туралы айтылмаса да Әлихан өз жанынан «Күн ыстық, ... алушы жоқ. Саудагерлерді ұйқы басқан» деп тәржімелеген. Бұл жерде оқушыға мәтіннің мазмұнын анық жеткізу үшін қазақ қаламгері өз жанынан сөз қосуды ұйғарғаны көрініп тұр. Күн ыстық, ыстық күнде адамдардың ештеңе істеуге зауқы соқпайтынын ескерген аудармашы «саудагерлерді ұйқы басқан» деген ойды қосуды жөн санаған.

Кез-келген шығармашыл тұлғаның туындысын зерттегенде оның ішкі әлеміне үңілу өте маңызды. Себебі, қаламгер туындысына жанын, тәнін, уақытын, өмірін арнайды. Олай болса, қайраткерлігін қаламымен де дәлелдеген аудармашы Әлихан Бөкейханның ішкі жан әлеміне бір сәт үңілген дұрыс.

Әлихан – табиғатында көшбасшы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын тұлға. Ол – прагматик. Әлихан өнерді, әдебиетті, көркем шығарманы сүйді, мойындады, содан күш алды, әсерленді. Десек те, оның жаны жаратылыстану ғылымына жақын еді. Технократтық бейімі де жоқ емес. Осы орайда Әлиханның «Физика», «Астрономия» бағытындағы оқулықтарының өте сәтті жазылғандығын ескерте кетуіміз керек. Ғылыми, сыни, аналитикалық және логикалық ойлау жүйесі ерекше болғаны үшін де Алаш көшбасшысына бар тақырыпта мақала жазу, аударма жасау, зерттеулер жүргізу қиынға соқпады. Ал, әдебиет саласында Әлихан жазушы ретінде емес, сыншы-зерттеуші, аудармашы ретінде танылды. Ойын қысқа да нұсқа жеткізіп үйреніп дағдыланған қайраткер көркем аудармада да осы тәсілді қолданды және онысы сәтті шыққандығын да мойындауымыз керек.

Чеховтің «Хамелеонында»: «За ней (за собакой.- Ә.Ө*.) гонится человек в ситцевой крахмально*й рубахе и расстегнутой жилетке*. Он бежит за ней и, подавшись туловищем вперед, падает на землю и хватает собаку за задние лапы. Слышен вторично собачий визг и крик: «Не пущай!*», - (Чехов, 1983: 235) деген үш сөйлемін Әлихан: *«Итті қуып жетіп, бір кісі жығыла-шағыла аяғынан алып ұстады»,* - (Бөкейхан, 2016: 575) деп бір-ақ сөйлемге сыйғызған. Алғашқы сөйлемдегі «шыт көйлек пен түймелері ағытылған күртеше киген адам иттің артынан жүгіріп бара жатқаны» туралы көрініс аудармада жоқ. Сондай-ақ, соңындағы «Слышен вторично собачий визг и крик: «Не пущай!» деген сөйлемді де Әлихан артық деп санаған. Тек «Он бежит за ней и, подавшись туловищем вперед, падает на землю и хватает собаку за задние лапы» дегенді: «Итті қуып жетіп, бір кісі жығыла-шағыла аяғынан алып ұстады», - деп аударады. Қаламгер әдеби шығарманың көркемдік қайсыбір сәттерін әдейі тастап кетсе де, аударманың көркемдік қуаты төмендеп тұрған жоқ. Себебі, аудармашы эпизодтағы қимыл-қозғалысты аса дәлдікпен берген. Бұл – аудармашы шеберлігі.

Орта ғасырда өмір сүрген ақын әрі әдебиет зерттеушісі, француз ғалымы Этьен Доле 1540 жылғы «Бір тілден екінші тілге дұрыс аудару ережесі» атты мақаласында аудармашыға төмендегідей бес талап қояды:

– аудармашы түпнұсқа мәтінін толық түсініп, сол тілді еркін меңгеруі керек;

– аудармашы түпнұсқамен қатар аударылатын екінші тілді де жетік білуі қажет;

– аудармашы сөзбе-сөз аудармаға ұрынбағаны жөн;

– аудармашы қолданыстағы тілдік бірліктерді пайдаланғаны абзал;

– аудармашы сөздердің баламасын мейлінше дұрыс тауып, мәтіннің стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып аударма жасауы керек» (Dole, 1994).

Әлихан Бөкейханның орыс тіліне жетіктігі 1913 жылға дейінгі «Степной край», «Туркестанские ведомости», «Киргизская степная газета», «Семипалатинский листок», «Иртышъ», «Омичъ», «Голос степи», «Сибирские вопросы» секілді газеттердегі мақалаларынан-ақ аңғарылады. Осыған байланысты кейбір замандастарымыз: «Әлиханның орыс тіліндегі мақалалары қазақ тіліндегі мақалаларынан сәтті шыққан» дегенді де айтып жүр. Біздіңше, бұл – асығыс және үстірт айтылған пікір. Ә.Бөкейхан қазақ тілін де, орыс тілін де өте жақсы білді. Бұл ойымызға дәлел – Әлиханның түрлі кезеңде қазақ және орыс тілінде жарық көрген мақалалары. Әрине, XX ғасырдың басында баспасөз тілі (газет, журнал) енді қалыптасып келе жатқан қазақ қауымының мүмкіндігін бұл дәстүр бірнеше ғасыр бойы орныққан орыс жағдайымен салыстыруға болмайды. Сондықтан да, Әлиханның қазақ тіліндегі мақалаларын орыс тіліндегі мақалаларымен салыстыру қисынға келмейді.

Этьен Долье айқындаған аудармашыға тән бес қасиеттің үшіншісін, яғни «аудармашы сөзбе-сөз аудармаға ұрынбағаны жөн» деген талабын Әлиханның жоғарғы деңгейде меңгергенін Чеховтің «Хамелеон» әңгімесінің аудармасынан анық байқаймыз.

« – Жарайды, кім иті екен бұл өзі? Итті бос ұстау қалай екенін көрсетермін. Үкімет жарлығын орнына келтірмегеннің әкесін танытармын. Барса-келмеске жіберемін. Ыштраф салам. Елдрин, кім иті екенін біл, иесін тап, протокол жаз. Бұл бәлкім құтырған ит шығар. Итті қазір өлтір. Бұл кім иті? Айтыңдаршы! - деді Ошумелов», - деп аударады қазақ қаламгері (Бөкейхан, 2016: 575). Ал, түпнұсқада А.П.Чехов:

« – Гм!.. Хорошо... – говорит Очумелов строго, кашляя и шевеля бровями. – Хорошо... Чья собака? Я этого так не оставлю. Я покажу вам, как собак распускать! Пора обратить внимание на подобных господ, не желающих подчиняться постановлениям! Как оштрафуют его, мерзавца, так он узнает у меня, что значит собака и прочий бродячий скот! Я ему покажу Кузькину мать!.. Елдырин, – обращается надзиратель к городовому, – узнай, чья это собака, и составляй протокол! А собаку истребить надо. Немедля! Она наверное бешеная... Чья это собака, спрашиваю?», - дейді (Чехов, 1983: 235).

Түпнұсқа авторы Чехов бұл мәтінде көркем суреттеуді қолданған. Ал, «Как оштрафуют его, мерзавца, так он узнает у меня, что значит собака и прочий бродячий скот!», - деген Очумеловтің күрделі сөйлемін Әлихан: «Ыштраф салам»,- деген бір ғана жәй сөйлеммен беріп, сөзбе-сөз аудармай, еркін аударып, түпнұсқадағы автор ойын қазақ оқырманына қысқа да нұсқа етіп өзіне ғана тән аудармашылық стильде жеткізген.

Қаламгер Очумеловті *«Әкесін танытармын», «Барса-келмеске жіберемін»* деп қазақша сөйлетеді. Аудармашы түпнұсқа мазмұнынан ауытқымай, қазақтың құлағына етене жақын сөздерді қолдану арқылы ашулы кейіпкердің бүкіл болмысын

аша білген. Сөзбе-сөз аудармаға ұрынбай, түпнұсқадағы авторлық ойды қазақтың таным-түсінігіндегі сөздер арқылы еркін аударған.

Этьен Доленің «Аудармашы сөздердің баламасын мейлінше дұрыс тауып, мәтіннің стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып аударма жасауы керек» деген аудармашыға қойған бесінші талабына келер болсақ, Әлихан мұны да сәтті орындаған. Мысалы:

«– Врешь кривой! Не видал, так, стало быть, зачем врать?», - деген топтағы біреуге айқайлаған Хрюкин сөзін аудармада: *«– Өтірік айтып былжырама, соқыр. Айтқаны қума өтірік. Тіпті көрген жоқ»,* - деп береді (Бөкейхан, 2016: 576). Мұндағы «кривой» сөзінің тікелей аудармасы «қисық». Екінші бір мағынасында «одноглазый», яғни «жалғызкөз» деп те айтыла береді. Мұны жақсы білген Ә.Бөкейхан «кривой» сөзін «соқыр» деп аудару арқылы әңгіме кейіпкерінің надандыққа толы топас болмысын қазақ оқырманына әдемі жеткізген.

Осы орайда жоғарыда айтып өткендей, автор Очумелов есімін «оба» ауруымен негіздеп алғаны секілді, Хрюкин есімін алудың да өз себебі бар. «Хрюкин» сөзі орыстың «хрюкать», «хрюкать как свинья», яғни «шошқа сияқты қорсылдау» деген сөзінен шыққаны аңғарылады. Мысалы, мәтінде қолын ит тістеп жан даусы шығып, аузына ақ ит кіріп, көк ит шыққан Хрюкин мен жоғарыдағы Хрюкиннің іс-әрекетінен қорсылдаған доңыздың ғана бейнесін көреміз.

Бір топ кісінің арасынан шыққан дауыстың әрбіріне сеніп, иттің кімдікі екенін білмей, кімнің ыңғайына шығуды ұйғара алмай әбден әбігерге түскен Очумелов, *«Жоқ, бұл жандарал күшігі емес, жандаралда мұндай күшік жоқ. Жандарал итінің бәрі тазы» деген Елдрин сөзінен соң: «Мен өзім де білемін, жандаралдың итінің бәрі тазы. Мынау бір жаман күшік қой. Не жүн жоқ, не кескін жоқ...»,* - дейді бас кейіпкер Әлихан аудармасында (Бөкейхан, 2016: 576). Ал, Чеховта: *« – Нет, это не генеральская... – глубокомысленно замечает городовой. – У генерала таких нет. У него всё больше легавые...*

– Я и сам знаю. У генерала собаки дорогие, породистые, а эта – чёрт знает что! Ни шерсти, ни вида... подлость одна только...», - делінген (Чехов, 1983: 236).

Бірінші сөйлемдегі Елдриннің итті сипаттаған «легавый» сөзін Әлихан «тазы» деп қазақша баламасын дәл тауып отыр. Екінші сөйлемдегі Очумеловтің «дорогие, породистые собаки» деген сөзін де Әлихан «тазы» деп аударады. Қазақта «ит жақсысы – тазы» деген мақал бар. Тазы – саятшылықта бірге алып жүретін аңшы иттердің тұқымы. Тазы иттер қазақ тіршілігінде ерекше құрметке ие. Осыны жақсы білген Әлихан «тазы» деген сөзді қолдану арқылы да, «дорогие, породистые» деген сөздердің мағынасын нақты ашып отыр.

Әлихан Бөкейхан өзінің шығармаларында, мақалаларында, аудармалары мен зерттеу еңбектерінде тікелей дінге қатысты болмаса, «Құдай», «Алла» деген сөздерді сирек қолданған. Оның орнына «Япырым-ай», «Ойбай» секілді қыстырма сөздерді молынан қолданған. Мысалы, Ә.Бөкейхан Чеховтан аударған дәл осы «Хамелеон» әңгімесінде надзиратель Очумеловтің:

« – Ишь ты, господи... Соскучились по братце... А я ведь не знал! Так это ихняя собачка? Очень рад... Возьми ее... Собачонка ничего себе... Шустрая такая... Цап этого за палец! Ха-ха-ха... Ну, чего дрожишь? Ррр... Рр... Сердится, шельма... цуцык этакий...», - (Чехов, 1983: 236) деген сөздерін:

« – Япырым-ай, туысқанын сағынған ғой! Мен білген жоқ едім. Мынау нәресте жандарал ағасінікі ме? Тіпті жақсы болды. Қуанып қалдым ғой... Сен күшікті ал, қандай әдемі күшік. Әп-әп,- деп мынаның қолын тістеп алыпты, ха-ха-ха. Күшігім-күшігім, шырағым! Неге қалтырайсың? Ешкім тимейді. Қорықпа, ырылдама, қарағым. Қандай сүйкімді,- дейді Ошумелов төре», - деп аударады (Бөкейхан, 2016: 576).

Әлиханның «Ишь ты, господи...» деген сөзді «Япырым-ай» деп бергендігінің себебі: біріншіден, бір қарағанда, надзирательдің бұл «господи» сөзі діни бағытта айтылғандай көрінетіні рас. Алайда, Әлихан бұл сөзді түпнұсқа авторы кейіпкердің діншілдігі асып бара жатқандығынан қолданбағанын жақсы білген. Бұл жерде «Ишь ты, господи» – таң қалу мағынасында айтылған жәй ғана қыстырма сөз. Ал, Әлиханның қазақ тіліндегі «япырым-ай» секілді қыстырма сөзді қолданғандығын оның тапқырлығы дегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Екіншіден, Әлихан діни тақырыптарға өте нәзік, сақтықпен қарап, мақалаларын үлкен дайындықпен жазған. Сол себепті де, ол «Алла», «Құдай» сөздерін барлық жерде жайбарақат қолдана бермеген. Бұл оның дінге деген көзқарасының терістігінен емес, қайта дінге деген көзқарасы мен құрметінің өте жоғары болғандығынан деп ойлаймыз. Әлихан діни сауат жөнінен замандастарының алдында жүргенін «Дін таласы» («Сурат кофеханасы»), «Дінбасы-муфтиге қандай кісі лайық?», «Қ. оязындағы моллалардың баяны» атты мақалаларынан анық байқаймыз. Бұл еңбектеріндегі негізгі ой – дінді ғылым арқылы түсініп, оған белгілі бір дайындықпен, ғылыми көзқараспен келу керектігі туралы. Әлиханды XX ғасырдың басында туған халқының ағармағаны мен жұртты адастыратын надан моллалардың әрекеті қатты толғандырды. Халықты қараңғылықтан шығарудың жалғыз жолы ғылым деп түсінген қайраткер халықтың дінге деген «қарабайырлығын» жою үшін Еуропа білім жүйесін ұсынды. Әлихан үшін ғылым – қоршаған орта мен қоғамды тереңнен танытып, ақиқатқа апаратын жалғыз жол. Ал, жоғарыдағы мәтінде Әлихан «господи» сөзінің аудармасын жете біліп тұрса да, «Алла» сөзін жөнсіз қолданудан сақтанды.

Әңгіме соңын автор күшіктің жандарал ағасынікі екенін білген Очумеловтің Хрюкинге айтылған сөзімен аяқтайды. Бұл жерде: «Аудармашы қолданыстағы тілдік бірліктерді пайдалану арқылы жалпы контексті сақтау керек», - деген Этьен Дольенің аудармашыға қояр тағы бір талабын Әлихан нақты ескергенін анық аңғарамыз.

« – Мен саған көрсетермін,- деп Хрюкинге жекіріп, қаһарын төгіп, Ошумелов төре жөніне кетті», - дейді (Бөкейхан, 2016: 576). Чеховта бұл сөйлем:

« – Я еще доберусь до тебя! - грозит ему Очумелов и, запахиваясь в шинель, продолжает свой путь по базарной площади (Чехов, 1983: 236).

«Я еще доберусь до тебя» сөйлемінің тікелей аудармасы «Мен саған әлі жетермін». Егер Әлихан бұлай аударса, ол мәтінді толық түсінбегендігін көрсетер еді. Сондай-ақ, мұндай сөйлемнің қазақ тілі қолданысында жоқ екені де анық. Контекске сай «Мен саған көрсетермін» деген сөйлем арқылы Әлихан Очумеловтің Хрюкинге төккен ызғарын, кеудесінде кернеген ызаны сипаттап, кейіпкер бейнесін керемет ашып отыр.

Әдетте көркем шығарма авторлары алдын ала белгілі бір позиция ұстанып, өзі сомдаған кейіпкерлердің біріне жақтасып, қолдап отыратынын байқаймыз. Ал, Чеховта олай емес. Жазушы соңғы шешімді оқырманның өзіне қалдырады. Ол екі

жақты да барынша күлкіге айналдырып, барлық жағдайға шынайы тұрғыдан келеді. Есімі жұқпалы «оба» ауруымен сәйкес кейіпкер Очумелов пен доңызша қорсылдап, кішкентай итпен арпалысқан Хрюкин сияқты кейіпкерлердің бүкіл болмысын әңгіме барысында әдемі ашып көрсетеді. Әңгімені оқи бастағаннан-ақ, кейіпкерлерге келемеждеп есім берген автор ешкімнің позициясын жақтамайтындығына оқушысын сендіреді. Чеховтің осы позициясын тереңнен түсінген Әлихан аударма барысында ешкімді жақтамайды да, даттамайды да. Тек шығарманың бүкіл мазмұны мен идеясын сақтай отырып, еркін аударма жасап, автордың айтқысы келген дүниесін қазақ оқырманына сәтті жеткізуді ғана мақсат тұтқан. Әлихан аудармашы ретінде бұл мақсатына жете білген.

А.П.Чехов «Хамелеон» әңгімесі арқылы шенді-шекпенділерге жағымпазданған екіжүзді орыс қоғамының болмысын реалистік тұрғыда көрсете білді. Әлихан да бұл шығарманы кездейсоқ таңдамағаны анық. Ол қорқақтық, арызқойлық, екіжүзділік, жағымпаздық, көре алмаушылық секілді жиреніште қасиеттер өршіп тұрған қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды Чеховтің «Хамелеоны» арқылы аша түсіп, әшкерелеуді мақсат етті. Көркем дүниенің өміршеңдігі де, құндылығы да осында.

Зерттеу нәтижесі. Әлихан да, Чехов та – бір заманның тұлғалары. Әлем әдебиетінің классик жазушысы Антон Павлович – мамандығы бойынша дәрігер. Ол аз ғана ғұмырында тек «дәрігер-жазушы» ғана болып қалмай қоғам қайраткері деңгейіне көтерілді. Чеховтің өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдардың жазуынша: «Ол аштыққа ұшыраған және туберкулезбен ауырған адамдарға, балаларға және шаруаларға көмек көрсетіп, Ялта қайырымдылық қоғамы басқармасының уәкілі ретінде қайырымдық қызметін атқарды. Сондай-ақ, осы мәселелер және мұқтаж жандардың пайдасына қаражат жинау туралы мақалаларын тұрақты түрде баспа беттеріне жариялап тұрды» (Кузичева, 2010). Жазушы халық жағдайына еш уақытта бейжай қарамады. Қолынан келгенше орыс қоғамына пайда тигізуді азаматтық борыш санады. Осы орайда Әлихан Чеховтің әңгімесін тәржімелеуі - тек әңгіменің мазмұны мен «қоғамдағы ащы шындыққа» байланысты емес, оның авторға деген құрметі деп те түсінген дұрыс. Екі авторды рухани байланыстырушы көзге көрінбес бір күш бар болса, ол – еліне, халқына деген құрметке толы махаббаты деп түсінгеніміз жөн. Әлиханның: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген сертінің сырын бұралаң соқпақты өмір жолын, сан қырлы шығармашылығын тереңдеп танысқан сайын біле түскендей боламыз.

Чехов пен Әлиханды байланыстырып тұрған бірінші қасиет – елшілдігі десек, екіншісі – екеуінің де бастапқы мамандығы әдебиет әлемінен тыс тұрғандығы. Антон Павлович 1879 жылы И.М.Сеченов атындағы Мәскеу медициналық факультетіне оқуға түсіп, дәрігер қызметін атқарады. Дәрігер бола жүріп әр түрлі басылым бетіне мақала жариялауды да тоқтатпайды. Алғашында медициналық зерттеу тақырыбы қызықтырған Чехов 1887 жылдан бастап адамзатқа ортақ маңызды да күрделі мәселелер төңірегінде әңгіме, повесть, пьеса жаза бастайды. Сөйтіп, әуелгіде бірталай сынға ұшыраған «дәрігер жазушы» уақыт өте келе әдебиетке алаңсыз бет бұрады.

Әлихан 1890-1894 жылдары Санкт-Петербург Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқып, «ормантанушы-статист» мамандығын алады. Алайда бұл саламен ғана шектеліп қалмаған табиғатынан сан қырлы талант иесі,

жан-жақты ғалым, елшіл тұлға не істесе де қазақ халқының жарқын болашағы үшін қызмет етті.

А.П.Чехов пен Әлихан Бөкейхан сынды екі қайраткердің бастапқы мамандығы жаратылыстануға орайлас болғанымен, өмірлерінің соңына дейін қолдарынан қаламы түспегені белгілі. Мұның негізгі себебі – екі қайраткердің еліне деген шексіз махаббаты еді.

Қорытынды. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан аудармашы ретінде де қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Ол алғашқылар қатарында орыс және Еуропа жазушыларының шығармаларына сәтті аударып, қазақ оқырманына жеткізді. Ә.Бөкейхан көркем аударма саласындағы табысын анықтайтын тәжірибелік негіздер:

- екі тілді де өте жетік білуі;
- сөзбе-сөз аудармаға ұрынбай, еркін аударма жасауы;
- жалпы контекст пен шығарманың толық мазмұны мен идеясын сақтай отырып аударма жасауы;
- аударма барысында қазақтың таным-түсінігі мен тыныс-тіршілігінде кездесетін сөздерді қолдануы немесе оларды синоним сөздермен алмастыруы;
- орысша сөздердің қазақша баламасын дұрыс тауып, мәтіннің стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып аударуы;
- мәтіннің көркемдігінен гөрі, оқырманға беретін рухани қуаты мен идеясына көп мән беретіні.

Тіл мерейінің үстем болуына аударма саласының да атқарар рөлі ерекше. Әлемнің рухани мұралары мен классикалық жауһарларын тәржімелеу – халық болашағы үшін жасалған іргелі де қайтарымы мол еңбек. Бар ғұмырын қазақ қоғамының еркіндігі мен дамуына арнаған Әлихан Бөкейханның көркем аударма саласындағы ізденісі мен жетістігі – адамзат өркениетін салаландыруға бағытталған бірегей еңбек екені анық.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан шығармашылығы кезең-кезеңмен жиналып, жүйеленіп, зерттелініп жатыр. Бұл саладағы жұмыстардың соңғы табыстары – «Әлихан Бөкейхан» энциклопедиясы (Бөкейхан, 2018), қайраткердің 15 томдық шығармалар жинағы (Бөкейхан, 2016), белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектер мен монографиялары. Десек те, Ә.Н.Бөкейханның әдеби зерттеулері мен сыни мақалалары, аудармалары өз дәрежесінде байыпталмай жатқанын да айта кетуіміз керек. Жоғарыда айтылғандай, оның аудармашылық мұрасы – жан-жақты зерттеуді талап ететін үлкен бір сала. Бұған бүгінгі және келешек буын өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Оскен А.М.
Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева.
Нур-Султан, Казахстан.
E-mail: asem_a7_95@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-7291-9858

Рассказ Антона Чехова «Хамелеон» в переводе А. Букейхана (сравнительный анализ)

Аннотация. В статье художественно проанализирована повесть Алашского интеллигента Алихана Букейхана «Хамелеон», переведенная им от русского писателя-классика А. П. Чехова. Кроме того, в

данной статье рассматривается оригинальный стиль, художественные особенности переводчика Алихана Букейхана в переводе художественного произведения и его вклад в сферу перевода.

В начале XX века алашская интеллигенция внесла большой вклад в развитие культуры и науки казахского общества. Они писали учебники из разных областей науки, чтобы воспитать образованное поколение. Алашская интеллигенция вела культурную работу по воспитанию высокого поколения, способствовала открытию театров и школ европейской системы. Они публиковали свои статьи в периодической печати, чтобы раскрыть народную грамотность, расширить кругозор и представить им произведения шедевров мировой литературы. А тема, на которую мы нацелены, - вклад Алихана Бокейхана в сферу перевода в казахской литературе.

Алихан Букейхан – переводчик, который глубоко погрузился в переводческое дело. Он перевел с русского языка на казахский язык множество художественных произведений, научно-познавательных трудов и учебников. Среди перечисленных переводческих работ особое внимание Алихана уделялось переводу художественной литературы. А. Букейхан переводил рассказы, басни и повести шедевров мировой литературы, публиковал свои переводы на страницах прессы. У него есть рассказы «Сурат кафеханасы» («Суртаская кофейня») , «Қажы-Мұрат» («Хаджы-Мурад»), «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник»), «Күн» («Солнце») в переводе Л. Н.Толстого и Эзопа, а также «Жетпіс жеті мысал» («Семьдесят семь басни») . Также он перевел на казахский язык многие произведения Ги де Мопасана, такие как «Симонның әкесі» («Отец Симона»), «Ақсақ кемпір» («Старуха Соваж») от О. Уайльда, «Мақардың түсі» («Сон Макара») от Короленко, «Торғай» («Воробей») от Тургенева, «Қара ханым» («Кара ханым») от Мамина-Сибирняка, «Баймақан» («Баймакан»), «Ескі Қырым сөздері» («Легенда Крыма»), «Пайғамбарға хат» («Письмо Богамету»), «Грейдің өлімі» («Смерть Герея»), «Азамат Юсуф» от Н.Маркса.

В этой статье мы проанализировали рассказ Алихана Букейхана «Хамелоен» в переводе А.П. Чехова. При сравнении художественных переводов, созданных А. Букейханом, мы выделили несколько характерных для него особенностей перевода. Алихан Букейхан в качестве переводчика очень хорошо знал русский язык; в своем переводе он стремился к свободному переводу художественного произведения, сохранению идеи и содержания произведения; А. Букейхан перевел произведение в русле казахского самосознания; он больше обращал внимание на его духовное влияние, чем на художественную специфику произведения.

Художественный перевод в казахской литературе, основанный Абаем, ЫБыраем, Шакаримом, в начале XX века продолжили такие интеллектуалы Алаша, как А.Байтурсынулы, А.Бокейхан, Ж.Аймаутулы, М.Дулатулы. Художественные переводы, созданные А.Букейханом в казахской литературе, сегодня отличаются самобытностью.

Ключевые слова: перевод, алаш, автор, переводчик, национальное познание-понятие, аналитика, контекст.

Osken A.M.
L.N.Gumilyov Eurasian National University.
Nur-Sultan, Kazakhstan.
E-mail: asem_a7_95@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-7291-9858

The Story of Anton Chekhov «Chameleon» Translated By A. Bukeikhan (Comparative Analysis)

Conclusions on the article. The search and demands for regional identity in urban planning hearings, architectural competitions have reasons: misunderstanding of globalization and the multiplicity of future times, civilizational characteristics, where, for the chosen *place*, as it seems to us, Kazakhstan and other Turkic republics, busy building their own language, face a multiplicity and competition of future models. There is a conflict of perceptions of the future not only in terms of the professional language, but also the change of generations, which coincided with the change of economic structures.

The mythopoetic language of the construction of the capital's power space demonstrated the projection in archaic images of the modern construction flow of free territories. Society is losing its dominant "civilization" of the European type and is in search of myth-making and mythopoetic intentionality (Vyunanbyurzhe, 2000: 55), corresponding to the internal intentions of self-realization, while relying on the accessible layer of traditionalism that creates an ethno-metaphysical construct of reality. There are gaps in spatial statements in the urban fabric of the city, forming phenomena of the formalized ethnic and symbolic, which is often replaced by the ornamentation of the external structure of the statement, without involving in the search the internal structure of the statement, which is more difficult to detect and understand, giving it a form. Thus, there are developments related to the formation of a "nationally" defined architecture in the *"oy-tech"* style, where "*oy"* is an ornament, a carved part of something, combined with the international "tech" - manufacturability. The author of the term is the Kazakh architect Zh.Malibekov. Ornamentalization, as the only proven technique, is carried out in a similar direction, as a symbolic exchange, developing a flat, superficially marked structure of the object. Mimicry of forms on surface of an architectural object, in an ornamentally executed composition, moves to the level of a semantic mechanism, carried out as an exchange of the real and the virtual.

The urban environment in the capital and other cities of Kazakhstan is mostly built on the level of fragmentary motives for understanding and assimilation of directives issued by the authorities and is carried out in a quick "reading" of information-rich surfaces that supplement postmodernist principles with the social practice of coercion and simplification of the language of expression. And most importantly, the fundamental state of the architectural and construction industry is the controllers of the processes of government agencies, remaining behind the scenes directives in direct or indirect forms of the first persons of the

state. Thus, it fell to the architects to ensure the procedural infinity of the meaning of the form, to have the courage to speak within certain boundaries. In the case of Astana-Nursultan, the search is based on verified means with a clearly expressed symbolic structure-forming the concept of the mythopoetic language of traditional culture. The urbanization of the capital's *place,* in the realities of Kazakhstan, is a hierarchically organized semiotic product that has the stability of archaic meanings. The current trends of the 30-year period of independence of the republic and the 20-year development of the formation of the capital reveal the construction of symbolic images, trying to ensure the identity of the Kazakh and, in general, the Turkic system of values.

Нұрдубаева Ә.Р.*, Көбжанова С.Ж.[1], Валеева-Сулейманова Г.Ф.[2]
E-mail: 01nurasya@mail.ru; svetlanakobzhanova@mail.ru; valeeva_art@mail.ru
E-mail: 01nurasya@mail.ru; svetlanakobzhanova@mail.ru; valeeva_art@mail.ru
ORCID: 0000-0003-3429-1398 0000-0002-4968-3020, 0000-0001-7759-1951

Түркілердің дәстүрлі көзқарасы арқылы қала кеңістігін қалыптастырудың сәулеттік тәжірибесі (Нұрсұлтан, Қазақстан)

Аннотация. Мақалада Нұрсұлтан қаласының сәулеттік кеңістіктерін жобалау тұрғысынан мемлекеттік биліктің сәулеттік идеялары, эстетикасы, этикасы және әлеуметтік этикасы ашылады. Орта түркі мәдениетінің универсалийлері мен шығармашылықтың заманауи ынталандырушы екпіндері талданады. Қалалық кеңістіктерді бейнелеуде «ұжымдық портретті» іздестіру және олардағы мифологиялық әрі символдық мәнді зерттеу критерийлері ашылады.

Архитектуралық бейнелер қабылданған әдеби паттерндер – мифологиялық, символдық құрылымдар – деңгейінде қалыптасады. Астаналық орын урбанизациясы, құрылыс кезеңдері түріндегі архаикалық мағыналардың жиіленген кездейсоқтығы бар, экономикалық және мифопоэтикалық конструктивизмді, «астаналық түйіндері» шартты ұғымдарымен белгіленетін иерархиялық ұйымдастырылған семиотикалық өнім. Бірінші елордалық жазықтық (жер үсті) түйіні, тың өлкенің көшелерінің, билік нысанын – Президенттік мәдениет сарайын - орналастыра отырып, аттарын өзгертіп, жаңа тәуелсіз және өзіндік әлемқұрылымықағидаттарын ашты. Екінші түйін – Нұржол бульвары – қабылдаудың жаңа принципін – тәуелсіздікке жетудің ритуалдық жолын – белгіледі: Алаң түріндегі ритуалдықты көрсетудің кеңестік формуласын ауыстырып, Биліктің бір символдық құрылысынан екіншісіне дейін. Үшінші түйін, ең соңында астаналықты планеталарлық масштабта қалыптастыра отырып, Шар-Ғалам – ЭКСПО-2017 бейнесі туындауымен аяқталатын сәулеттік пассаж бейнесіндегі Жолды безендіретін және жабатын сауда қатарларымен белгіленеді.

Түйін сөздер: астананың сәулеті, символдық мифологиялық бейнелер, жер үсті құрылымы, терең құрылым, түріктердің дәстүрлі кеңістік бейнелері, Нұрсұлтан (Астана).

Нурдубаева А.Р.*, Кобжанова С.Ж.[2], Валеева-Сулейманова Г.Ф[3].
E-mail: 01nurasya@mail.ru; svetlanakobzhanova@mail.ru; valeeva_art@mail.ru
ORCID: 0000-0003-3429-1398 0000-0002-4968-3020, 0000-0001-7759-1951

Архитектурная практика формирования городских пространств сквозь призму традиционных представлений тюрков (Нурсултан, Казахстан)

Аннотация. В статье раскрываются архитектурные идеи, эстетика, этика и социальная этика государственной власти с точки зрения проектирования архитектурных пространств г. Нурсултан. Анализируются универсалии традиционной тюркской культуры и современные побудительные импульсы творчества. Выявляются критерии поиска «коллективного портрета» в репрезентации городских пространств и способы конструирования в них мифологического и символического смыслов.

Архитектурные реплики формируют библиотеку смыслов, на уровне допущенных литературных паттернов – мифологических, символических образов. Урбанизация столичного места, определяет ие-

рархически организованный семиотический продукт, обладающий устойчивостью архаичных смыслов, как этапы строительства, с этническим и мифопоэтическим конструктивизмом, отмеченными условными понятиями «узлов столичности». Первый столичный пространственный узел раскрылся принципами нового независимого и самостоятельного мироустройства, переименовав улицы целинного края, но добавив объект власти – Президентский дворец культуры. Второй узел – бульвар Нуржол заложил новый принцип пространственности – Ритуальный путь по выставке достижений независимости: от одного символьного сооружения Власти к другому, сменив советскую форму выражения ритуального как Площадь. Третий узел начинался с торговых рядов, оформляя, и закрывая Путь в архитектурный пассаж, который в итоге увенчался появлением образа Шара-Вселенной - ЭКСПО 2017. Таким развитием образных форм раскрываются этапы осмысления и обретения топологического пространства - «лица» столицы первично в республиканском, региональном и в планетарном масштабе.

Ключевые слова: архитектура столицы, символьные мифологические образы, поверхностная структура, глубинная структура, традиционные пространственные представления тюрков, Нурсултан (Астана).

Информация об авторах:

Нурдубаева Асия Руслановна, *кандидат архитектуры, ассоц. профессор Казахской академии искусств им. Т.К. Жургенова КазНАИ, Алматы, Казахстан. E–mail: 01nurasya@mail.ru*

Кобжанова Светлана Жумасултановна, *кандидат искусствоведения, заместитель директора по научной работе Государственный музей искусств им. А.Кастеева. Алматы, Казахстан. E–mail: svetlanakobzhanova@mail.ru*

Валеева–Сулейманова Гузель Фуадовна, *доктор искусствоведения, Старший научный сотрудник, Главный научный сотрудник, Институт истории им. Ш.Марджани Академии наук Татарстана, Россия. E–mail: valeeva_art@mail.ru*

References

"Stars of Eurasia". documentary URL: https://vimeo.com/69977027 (date of the application: 01.05.2022). (In Russ).

Beisenov A.Z. (2001) Problems of studying ancient cultures of Central Kazakhstan // Tr. International Margulan readings, dedication. 10th anniversary of the independence of the Republic of Kazakhstan on the topic: "Achievements and prospects of archeological science of independent Kazakhstan". – Kyzylorda: KSU, p.139–143. (In Russ).

Delez Zh. Guattari F. (1998) What is philosophy? / with Fri. C.H. Zenkina SPb.: Aleteya, 1998. – 402 p. (In Russ).

Foucau M. (2015) The Warden and the Penitentiary of the Prison. Editions of Gallimard.: – Translation from French. Naumov under the red. I. Borisova. – M.: Ad Marginem Press, 316 p. (In Russ).

Kyzlasov I.L. (2018) The oldest roots of the runic writing of the Turkic peoples (short exposition) // International Forum. A.T., 16 p. (In Russ).

Lvova E.L. Oktyabrskaya I.V., Sagalaev A.M., Usmanov M.S. (1990) Traditional worldview of the Turks of Southern Siberia. – Novosibirsk: Volume 1, 206 p. (In Russ).

Manfredi Nicoletti with Luke F. Nicoletti // Central Concert Hall of Kazakhstan. URL: https://ia–centr.ru/experts/11037/. (Date of appeal: 01.05.2022). (In Russ).

Nurdubayeva A.R. (2021) "Face", "Face surfaces" in the traditional culture of the Turks as the first space–orientation model // Heritage and modernity: problems of studying, preserving and continuity of traditions in art and architecture. VI Valeevsky Readings: Collection of MNPK /. – Kazan: Artifact Publishing House, p.123–156. (In Russ).

Potapov L.P. (1957) New data about ancient Otuken // Soviet Oriental Studies. –№1. – P.106–117. (In Russ).

Tishin V.V. (2014) The interpretation of the combinations of the Kok Turk // Problems of Oriental Studies. – № 1. – p.78–83. (In Russ).

Vyunanburje J.J. (2000) Principles of mythopoetic imagination. Translation from French. E. Semash // Metaphysical research. Issue XV. Art II. – p.50–69. (In Russ).

Әдебиет

«Еуразия жұлдызы». Тікелей URL: https://vimeo.com/69977027 (Қолдан күні: 01/05/2022).

Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан мәселесі // Тр. Халықаралық Марғұлан оқулары. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның археология ғылымының жетістіктері мен болашағы» тақырыбында. – Қызылорда: КГУ, 2001. – Б.139–143.

Виюнанбурже Ж.Ж. Мифопоэтикалық қиялдың принциптері. француз тілінен аударған Е.Семаш// Метафизикалық зерттеулер. XV шығарылым. Арт II, 2000. – С.50–69

Делез Дж. Гваттари Ф. Философия дегеніміз не? / француз тілінен аударған С.Н.Зенкина. – Санкт–Петербург: Алетейя, 1998. – 402 б.

Қызласов И.Л. Түркі халықтарының руна жазуының көне тамыры (қысқаша мазмұны) // Халықаралық форум. – Приход: А.Т., – 2018. –16 б.

Львова Е.Л. Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманов М.С. Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымы. – Новосибирск, 1990. – Т.1. – 206 б.

Манфреди Николетти, Лука Николетти // Қазақстан орталығы концерт залы. URL: https://ia–centr.ru/experts/11037/. (Қолдан күні: 05.01.2022).

Нұрдубаева А.Р. «Бет», «Бет беттері» түркілердің дәстүрлі мәдениетіндегі алғашқы кеңістіктік–бағдарлық үлгі ретінде // Мұра және қазіргі заман: өнер мен сәулет өнеріндегі дәстүрлерді зерттеу, сақтау және сабақтастығы мәселелері. В.И.Валеевский оқулары: МНПК жинағы. – Қазан: «Артефакт» баспасы, 2021. – Б.123–156.

Потапов Л.П. Ежелгі түркі Өтүкен туралы жаңа деректер // Кеңестік шығыстану. 1957. – №1. Б. 106–117.

Тишин В.В. Көк түрік тіркесін түсіндіруге // Шығыстану мәселелері. 2014. – №1. – Б.78–83.

Фуко М. Түрме бастығы және түзеу мекемесі. Gallimard басылымдары. Француз тілінен аударған В.Наумов қызыл астында Борисова И.М.: Ad Marginem Press, 2015. – 316 б.

Литература

«Звезды Евразии». документальный URL: https://vimeo.com/69977027 (Дата обращения: 01.05.2022).

Бейсенов А.З. Проблемы изучения древних культур Центрального Казахстана // Тр. Международные Маргулановские чтения, посвящ. 10–летию независимости Республики Казахстан на тему: «Достижения и перспективы археологической науки независимого Казахстана». – Кызылорда: КГУ, 2001. – С.139–143.

Вьюнанбюрже Ж.Ж. Принципы мифопоэтического воображения. пер. Э.Семаш // Метафизические исследования. Выпуск XV. Арт II, 2000. –С.50–69.

Делез Ж. Гваттари Ф. Что такое философия? / пер. с фр. С. Н. Зенкина СПб.: Алетейя, 1998. – 402 с.

Кызласов И.Л. Древнейшие корни рунического письма тюркских народов (краткое изложение) // Международный форум. Приход.: А.Т., 2018. – 16 с.

Львова Е.Л. Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманов М.С. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. – Новосибирск, 1990. –Т.1. – 206 с.

Манфреди Николетти с Лукой Ф. Николетти // Центральный концертный зал Казахстана. URL: https://ia–centr.ru/experts/11037/. (Дата обращения: 01.05.2022).

Нурдубаева А.Р. «Лицо», «Лицевые поверхности» в традиционной культуре тюрков как первая пространственно–ориентационная модель. //Наследие и современность: проблемы изучения, сохранения и преемственности традиций в искусстве и архитектуры. VI Валеевские чтения: Сборник МНПК /. – Казань: Артифакт, 2021. – С.123–156.

Потапов Л.П. Новые данные о древнетюркском Отукен // Советское востоковедение. 1957. – №1. – С.106–117.

Тишин В.В. К интерпретации сочетания кок турк // Проблемы востоковедения. 2014. –№1. –С.78–83.

Фуко М. Надзиратель и пенитенциарное учреждение тюрьмы. Издания Gallimard.: – Пер.с фран. В.Наумова под красной. Борисовой И.М.: Ad Marginem Press, 2015. – 316 с.

ҒТАМР 18.45 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-22

Исламбаева З.У.
Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан
E-mail: zetta1975@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0438-899X

ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІН СОМДАҒАН АКТРИСАЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРІ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада авторлар қазақ театрларының сахнасындағы әйел бейнелерінің сомдалу барысын кәсіби талдаған. Ең алдымен драмалық шығарманы сахнаға шығару процесіндегі актер жауапкершілігінің жоғарылығына маңыздылық беріліп, олардың ізденістеріне тоқталады. К.С.Станиславскийдің теориялық жүйесінен мысалдар келтіре отырып, роль орындаушы үшін аса қажетті әдіс-тәсілдерді атап өтеді. Сондай-ақ, кейіпкержандылық және кейіпкермәнділік мектептердің сахналық өнерде алатын орнына баса назар аударылған. Актердің әрекет шындығы оның психологиялық және физикалық тұрғыдан құбылу процесімен ұштасқанда ғана роль деңгейінің жоғары болатындығы баса айтылады. Сонымен қатар авторлар қазіргі уақыттағы көрерменнің талабын қанағаттандыру мақсатының өткір тұрғандығын, бұрынғы сүрлеуден шығып, жаңашылдыққа бағытталған қойылымдарда өнер көрсетудің, шығармашылық ізденістің аса маңызды екендігін атап өтеді. Сол сияқты мақалада М.Әуезов атындағы театрдың репертуарындағы «Сұлу мен суретші» спектаклінде Сұлудың бейнесін кескіндеген Н.Қарабалинаның әйел бойындағы нәзіктікті, заманауи театр өнері жүктеген талапты еңсерудің жарқын үлгісін көрсеткендігі кеңінен талданады. Зерттеуде кейіпкердің жан сұлулығын, пластикасы мен сыршылдығын шебер жеткізген актрисаның осы шығарманы жаңа нұсқада сахналаған Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театрында да Сұлудың бейнесін келісті ойынымен кескіндегенінен хабардар боламыз. «Карменситадағы» Кармен ролін орындаған Ж.Мақашеваның қызуқандылыққа негізделген ойынын, әйел бойындағы махаббат сезімінің асқақтығын паш еткен сахналық әрекетін, еркіндік сүйген сыған қызының құштарлыққа толы мінез ерекшелігін жеткізудегі сөз бен әрекетті, қимыл пен биді қатар алып жүруіндегі тапқыр тәсілдерін зерделеу мақала авторларының назарынан тыс қалмаған. Және А.Иманбаеваның «Медея» спектакліндегі басты кейіпкердің әйелге тән қызғанышын, ішкі ой-тебіреністерін, басына түскен трагедиялық күйі мен оның нәзіктігін қатар жеткізудегі нанымды ойыны нақты дәлелдер арқылы сараланған. Медеяның шығармадағы орнын, пьеса идеясының негізгі түйіні сол әйелдің іс-қимылымен өлшенетіндігін мысалдар негізінде қарастырады. Аталған кейіпкерді М.Әуезов театрында Д.Жүсіптің жаңа көзқараста орындағанына да зерттеушілер баса назар аударады. Олар екі спектакльді салыстырмалы саралай отырып, А.Иманбаеваның Медеясын ақылдан гөрі эмоциясы, жастық жалыны басым десе, Д.Жүсіп кейіпкерінің сырт көзге салмақтылығы, сабырлылығы, бірақ соншалықты қатігездігі мен кекті күйі күрделі нотада бедерленеді деген қорытынды жасаған. Жалпы аталған мақалада орындаушылық өнерде өздерінің дара ойындарымен көзге түскен актрисалардың әйел бейнесін сомдаудағы шығармашылық ізденістері мен олардың күрделі қаһармандарды сомдаудағы шеберліктеріне кәсіби баға берілген.

Кілт сөздер: ұлттық театр, әйел бейнесі, драматургия, актриса, кейіпкер, режиссура, көркемдік шешім.

Кіріспе. XXI ғасыр ақпараттық құралдардың кезеңі екендігін ескерсек, қазіргі уақытта театр өнеріне деген талаптың да, талғамның да басқа екендігі белгілі. Театрдан жаңалық көргісі келетін көрермен руханият сарайына жанына дәру болатын, көңілін тазартатын шынайылық іздеп қадам басады. Ендеше сахнада өнер тудырушы

актерлерге деген жауапкершіліктің де салмағы ауыр. Сондықтан да артистердің ең әуелгі сыншысы өзі, яғни өзінің ішкі «мені» болса, екінші сыншысы әрине – көрермен. Жансыз дүниені (пьесаны) жанды спектакльге айналдыру процесі режиссерден де, актерден де терең һәм жан-жақты ізденісті талап ететіндігі сондықтан. Осы тұрғыдан келгенде әдеби негізбен танысқаннан бастап, спектакльді үлкен сахнаға шығарғанға дейінгі аралықта драматург, режиссер және актер арасында толассыз ізденіс пен тыңғылықты дайындықтың қызық әрі машақатқа толы шығармашылық үрдісі басталады. «Режиссер – сахналық қойылымның көркемдік тұтастығын, кейіпкерлердің өзара қатынастары арқылы саяси-әлеуметтік, фәлсафалық, азаматтық және басқа көптеген келелі мәселелерді көтеретін спектакльдің қоюшысы, шығармашылық процестердің ұйымдастырушысы әрі авторы» (Рахимов, 2010: 4) болса, актерге драманың ішкі әлемін ашып, көркемдік кілтін табу, кейіпкер табиғатын талғам мен мазмұн, зерде мен әсемдік бедерінде бейнелеу, яғни бір ауыз сөзбен айтқанда, қойылымға «өмір сыйлау» жауапкершілігі жүктеледі. Осы тұста актердің ізденіс іздерінің күрделі болатынын білеміз.

Материалдар мен әдістері. Театр өнерінде шығарма идеясының көрерменге ең алдымен актерлік ойын арқылы жететінін ескерсек, толыққанды, кемеліне жеткен суреткерлік өнерді дамыту үшін игерілетін түрлі тәсілдер мен мектептер бар. Солардың ішінде әлемдік үрдісте кең мойындалып, қолданыста жүргені – К.С.Станиславскийдің жүйесі (Станиславский, 2018). Аталмыш жүйе театр өнерінің теориялық платформасы, актер мен режиссер шеберлігінің тәжірибелік әдістемесі болып табылады. Негізінен бұл тұжырым төмендегіше тарқатылады: «К.С.Станиславскийдің этикалық әм эстетикалық көркемдік нормасына өзек болған «адамның рухани тіршілігі» – актер творчествосын айқындайтын басты-басты алты процестен бастау алады, олар:

1. «Жігердің» (ерік) (Воля) алғашқы дайындық процесі – яғни артистің кезекті творчествоға әзірлік кезеңі (В первом подготовительном процессе «воли» – артист готовится к предстоящему творчеству). Артист жазушы немесе драматург шығармасымен танысып, өзінің актерлік мүмкіншілігін іштей алдын ала сарапқа салып, творчестволық тебіреніс қиялын оятып, ішкі сарайына қозғау салады.

2. «Ізденіс» (процесс «искания») процесі – яғни өз бойынан немесе қоршаған айналасынан, әлемдік әдебиет пен бейнелеу құралдарынан творчестволық көркем материалдар жинақтау.

3. «Кейіпкержандылық» процесі (процесс переживания) – яғни артистің көзге көрінбей (невидимо) іс істеуі. Бұл кезеңде актер өзі ойнайтын кейіпкердің ішкі-сыртқы іс-әрекеті мен мінез-құлқын қиялында пісіріп, жетілдіреді.

4. «Кейіпкермәнділік» (Воплощение) процесі – яғни артистің ел алдында (көрермен) көзге көрініп ойын көрсетуі.

5. «Құйылыс» (слияние) процесі – яғни артистің «кейіпкержандылық» процесі мен «кейіпкермәнділік» процесін бір арнаға бағыттап, егіз процесті біріктіру... К.С.Станиславскийдің тұжырымы бойынша аталмыш екі процесс, екі элемент творчестволық сәтте жеке-дара пайда болмай, бір мезетте туындап қатар дамып, бірін-бірі жебеп-қолдап отыруы тиіс» (Байсеркенов, 1993: 20-21). Міне, «сахна» деп аталатын осы киелі кеңістікке жол тартқанға дейін әдеби негіз бен спектакльдің арасын қызығынан гөрі қиналысы, рахатынан гөрі мехнаты жалғап жатады.

Қазіргі уақытта бізге бұрыннан таныс дәстүр бойынша «үстел маңы» дайындығында айлап отыруды уақыт та, өнер заңдылығы да көтере бермейді. Мұны режиссер-теоретиктер К.С.Станиславский мен Г.А.Товстоногов кезінде мойындап та қойған. Алайда олардың осы ойдың төңірегіндегі пікірлерінде режиссер мен актер ізденбесін деген ұғым жоқ. Керісінше, «үстел маңы» дайындығы роль орындаушының шығармашылық қиял кеңістігін тежейтінін, сахнагер ізденісін сыңаржақтылыққа әкеліп соқтыратынын меңзейді. Сол сияқты бұл актерлерді рольге деген жауапкершіліктен босатып, бар ауыртпалықты режиссердің мойнына түсіретінін алға тартады. Соның салдарынан, психикалық һәм қимыл-іс арасында кереғар алшақтық пайда болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижесі. К.С.Станиславскийдің тұжырымын негізге алсақ, сахнагер әрекет шындығына кейіпкердің психикалық және қимыл-іс әрекеті бір арнада тоғысқанда ғана қол жеткізе алады. Демек, қимыл-іс тіршілігін психикалық тіршіліктен әсте ажыратуға болмайды. Өмірде «жан» мен «тәннің» бөлек өмір сүрмейтіндігі секілді, сахнада да кейіпкержандылық пен кейіпкерсындылық жеке дара ғұмыр кеше алмайды. Яғни, байырғы «үстел маңы» тәсіліндей спектакльге дайындықтың алғашқы кезеңінде тек «миға» ғана ауыртпалық түсірмей, ой мен әрекетті қатар ұштастырудан өнер ұтылмайтын көрінеді. Осының нәтижесінде рольдің әрекетке негізделген іргетасы ашылып, актерлік ізденіске жаңа мүмкіндік беріледі. Демек, «психофизикалық тіршілік» деп К.Станиславскийдің өзі анықтама бергендей, сахналық әрекет психология мен қимыл-іс бірлігін тудырады. Бұдан шығатын қорытынды: жаңа ғасыр сахна суреткерлерінен жылдамдық пен жинақылықты, ең бастысы өнімділікті талап етіп отыр. Қазіргі таңда жылдам әрі сапалы, көрермен талғамына сай өнер тудыру бүгінгі күннің талабына айналған. Әйтсе де өнердегі бұл асығыстық сахнадағы талғамсыздыққа әсте ұрындырмауы тиіс. Жаңа уақыт шынайы өнер тудырушы сахнагерлердің қатарын көбейту жолында қызмет етуге міндетті. Бұл бүгінгі театр өнерінде өте өзекті саналады. Өйткені зымырандай жүйткіген заманның тарихи көші адамдардың күллі тіршілігін, оның ішінде, театр өнерін жинақылық пен жеделдікке әрі кешенділікке бағытталуға негіздейді. Соған қарамастан барынша сапалы да мазмұнды, шынайы өнер тудыру талабы алдыңғы шепке шықты. Мәселен, осыдан жарты ғасыр бұрын спектакльдер жылдап, ең аз дегенде жарты жылдап дайындалатын болса, қазір бар-жоғы бір-екі аптаның (немесе бір-екі айдың) көлемінде сахна көреді. Осы тұста шығармашылық талаптың үдесіндегі күрделі психологиялық рольдерді игеруде қазіргі роль орындаушылардың көзқарасы, ізденісі қандай деген сауалдың туындауы заңдылық. Соның ішінде әсіресе, бүгінгі қазақ сахнасындағы әйелдер бейнесінің көркемдік келбетінің кескінделу процесі көпшіліктің қызығушылығын тудыратыны анық.

Талқылануы. Қазіргі ұлттық режиссурада аз уақыттың ішінде мазмұнды қойылым түзетін режиссерлердің көшін Нұрқанат Жақыпбай бастайды. Сахна арқылы ықшам, ыждаһатты ой айтуды мұрат тұтқан оның жұмысы өз қатарластары арасында жеделдігімен дараланып жүр. Өзін ғана емес, ойнайтын актерлерін де сол талапқа бағыттайтын режиссердің басты мақсатын жоғары деңгейде алып шыққан өнерпаздың бірі – М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының актрисасы

Назгүл Қарабалина. Ол ойнаған Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» драманоктюрнындағы Сұлу ролі заманауи театр өнері жүктеген талапты еңсерудің жарқын үлгісін көрсетті деп айта аламыз.

Ыстықкөлге демалуға келген жас суретшінің жағалаудан өзінің қиялындағы аруды жолықтыруынан басталып, мәңгілік өнер мен махаббат тақырыбын қатар толғайтын лирикалық қойылымда Сұлу – Н.Қарабалина әйел бойындағы нәзіктікті баса көрсетеді. Дабыра-дабылдан аулақ, кейіпкерлердің ішкі үніне, қайшылығы мен қарсылығына басымдық берген психологиялық қойылымдағы кейіпкер тағдырын сараптауда тамаша табысқа жеткен. Жас келіншектің сыртқы сұлулығы мен ішкі көркемдігін, пластикасы мен сыршылдығын беруде актриса сәтті ізденіс үлгісін көрсетті. Жалпы алғанда «Сұлу мен суретші» қойылымы Н.Қарабалина шеберлігінің бабында екендігін дәлелдеп берді. Аталған роль кілтінің табылғандығы болуы керек, 2008 жылы М.Әуезов театрында тұсауы кесілген шығарма Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театрында 2016 жылы жаңартылған нұсқада қайта сахналанып, режиссердің арнайы шақыртуымен келген Сұлу роліндегі Н.Қарабалина елордалық көрерменнің де жоғары бағасын алды. Бұл қойылымның алғашқы сахналануында Суретші ролін Дулыға Ақмолда кейіптесе, нұр-сұлтандық спектакльде мұны Әділ Ахметов кескіндеді. Яғни, қойылымның құрамы толығымен өзгергенімен Сұлу бейнесіндегі Н.Қарабалинаның ойыны өзгерген жоқ. Демек, бұл кейіпкерді актрисаның шығармашылық ізденісіне тұздық болып, оның сахналық бойтұмарына айналғандығы деп білеміз.

Белгілі орыс-кеңес актері, режиссері Борис Захаваның теориялық еңбектерінде: «Актер, как известно, выражает создаваемый им образ при помощи своего поведения, своих действий на сцене. Воспроизведение актером человеческого поведения (действий человека) с целью создания целостного образа и составляет сущность сценической игры. Поведение человека имеет две стороны: физическую и психическую. Причем одно от другого никогда не может быть оторвано и одно к другому не может быть сведено. Всякий акт человеческого поведения есть единый, целостный психофизический акт», – деген жолдар бар (**Захава**, 2008: 17). Бұл тұжырым Н.Қарабалинаның роль сомдауы барысында ішкі зиялылық пен терең психологиялық сабырдың, физикалық қимыл-қозғалыс пен рольге шынайы енудің егіз өрілуіне тұздық болғандай. Актрисаның бойындағы Б.Захава айтқан психофизикалық үндестік орнымен көрінеді.

Сол сияқты Ғ.Мүсірепов атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының дарынды актрисасы Жанар Мақашева ойынындағы ішкі және сыртқы темперамент әсте көрерменін бір сәт бей-жай қалдырмайды. Онда сахнаны жандырып әкететін жалын басым. Сонысымен де актриса көрерменін өзіне баурап алады. Сөз басында тілге тиек етіп өткен актерлік қуаттың тасыған, тасқындаған лебі міне осы бір өнерпаздың ойынымен тікелей байланысты. Жанар Мақашева ойынын тамашалағанда үнемі актерлік күш-қуат мәселесін жіті зерделеуге, оқтын-оқтын оралып отыруға үндейтіндей әсер қалдырады. Соның ішінде әсіресе Т.Теменовтің режиссурасымен қойылған П.Мерименің «Карменситасындағы» Кармен ролін тамашалау өте қызық. Ондағы еркіндік сүйген сыған қызының құштарлыққа толы тем-

пераментті характерін беру жолындағы актрисаның шебер ойыны мен отты жанары өзіне еріксіз назар аудартады. Ж.Мақашеваның ойыны туралы Айдана Аламан: «Қай рөліне болмасын үлкен жауапкершілікпен келетін, салғырттық танытпайтын Жанар Мақашева қашан да өз формасында көріне білетін талантты актриса екенін тағы бір рет дәлелдеді. Жастайынан би өнерін серік еткен актриса үшін Карменнің билері қиынға соқпаса керек. Сыған, испан билерін ынтықтық сезіммен ұштастырып, керемет үйлесімділік көрсетті. Карменнің харезматикасы, образдың ішкі фактурасы толыққанды ашылды деген ойдамыз. Жанар өз рөлін бастапқы нүктесінен соңғы нүктесіне дейін жеткізеді», – деп жазады (Аламан, 2012). Расымен актрисаның ойыны қызуқандылығымен, әйел бойындағы махаббат сезімінің асқақтығымен ерекшеленді.

Ұлттық заманауи театр сахнасындағы қазақ актрисаларының шағын формадағы спектакльдердегі ізденісі көңіл қуантады. Дегенмен нағыз моноспектакль талаптарына сай қойылымдар қазақ сахнасында сирек болғанымен жалпы шағын формадағы шығармаларда көрініп жүрген үздік ізденістер жоқ деп айта алмаймыз. Шағын формадағы қойылымдар дегенде ең алдымен ойға оралатыны – Еврипидтің антика дәуірінің жауһары саналатын «Медея трагедиясы». Қазақ сахнасында ең алғаш Медеяның күрделі табиғатына қадам басқан актриса Фәрида Шәріпова болса, қазіргі уақытта бұл бейнені көптеген актрисалар өз таным деңгейіне сай сан алуан сараптауда көрерменіне ұсынып келеді. Соның бірі – жекеменшік «А.И.» театрындағы актриса Айгүл Иманбаева сомдаған Медея ролі. Режиссер Қуандық Қасымовтың қолтаңбасымен қойылған айтулы трагедия тұңғыш рет коммерциялық бағыттағы жас театр сахнасында 2011 жылы сахнаға жол тартқан болатын. Шығармашылығының бастапқы кезінен-ақ өзін драмалық жанрдағы актриса ретінде дәлелдеп, Ғ.Мүсірепов театрында жемісті еңбек еткен өнерпаз 2011 жылы театр ішінен өзінің жекеменшік театрын ашып, айтулы мәдени жаңалық жасаған болатын. Кейінгі жылдары «А.И музыкалық театр орталығы» деген ресми атау алған ұжымның ерекшелігі – оның елімізде драмалық бағытта тұңғыш рет ашылып отырған коммерциялық театр болғандығында. Міне, қазақстандық театрлар көшіне айтарлықтай жаңалық болып қосылған жас театрдың тарихы тікелей осы қойылыммен байланысты болғандықтан талғампаз көрермен есінде А.Иманбаева кескіндеген Медея ролі ерекше жатталып қалды.

Негізгі түп-тамыры ежелгі грек драматургі Еврипид қиялынан бастау алғанымен, шығарманың сюжетіне басқа да авторлар оқтын-оқтын оралып отырғанын тарихтан білеміз. Мәселен, Софокл, Овдий, Сенека, Жан Ануй, т.б. Яғни, мыңдаған жылдар тоғысында драматургтердің белгілі тақырыптың белгісіз қырын ашуға деген ұмтылысы классикалық туындының құдіретін айқындайды. Әлем театрларында әртүрлі интерпретацияда үздіксіз қойылып келе жатқан бұл трагедияның күні бүгінге дейін идеялық өзектілігін жоймай келе жатқандығының өзіндік сыры да жоқ емес. Олай дейтініміз, төрткүл дүние режиссерлерінің қызығушылығын оятқан бұл туындыда шынымен-ақ әйел жанының қатпары мол құпиялары, психологиялық күйі терең ашылады. Және бір қызығы – қанша ғасыр өтсе де әйел табиғатының қызғаныштан көзсіз кекке ауысқан қатігез күйі бүгінгі біз өмір сүріп жатқан қоғамда

да жиі көрініс беріп қалатындығы. Қай дәуір, қай ұлт болмасын Медея тағдырын қайталап, күйеуінің сатқындығына төзе алмаған, соның салдарынан шарасыз күйге түсіп, тастанды бала мен жетімдер үйінің санын арттырған әйелдердің әрекетін көп жағдайда кінәлауға дайын тұратындардың қарасы қалың. Махаббат жолында туған перзентін дәл Медея сияқты көзсіз қатігездікпен құрбандыққа шалып жібермегенімен, сонымен арналас оқиғалар өте көп. Бұл – әр замандағы әр қоғамның жазылмас дерті, қорқынышты келбеті. Негізінен «Медеяны бейнелей отырып Еврипид миф бойынша берілген мінездемеге сүйенген. Медея – сиқыршы. ... Оның шексіз сезімі мен күйзелісі көрермен алдында грек қызының емес, «тағылар» жерінде туған қыздың ісі болып көрінеді. Бірақ мұның бәрі драматургтың өз заманындағы әйелдердің терең сезімін ашатын орта. Медея ар-намысының тапталғаны, алыстағы туған жері жайындағы ойлары, күйеуі Ясонның сатқындығы осының бәрі кейіпкер басында шоғырланып, оны бірте-бірте кек алу жолына түсіреді. Көрермен Медеяның әрекетін кешірмейді. Бірақ оны осындай халге түсірген кім екенін біледі» (Нұрпейіс, 2018: 77). Бүгінгі қазақ театрларында «Медеяға» жиі оралатын режиссерлердің негізгі мақсаты да осындай сатқындықтың, мейірімсіздіктің өлшем-салмағын бағдарлау болып отыр. Медеяның күйі арқылы ашылатын бүгінгі қоғамдағы әйел мәселесі, қоршаған ортаның адам тағдырына деген үстірт пікірі терең ашылатын қойылымның негізгі өзектілігі осында жатыр. «А.И. музыкалық театр орталығы» сахнасында он жылдан бері үзілмей қойылып келе жатқан трагедия табысының басты сыры осының айқын айғағы деп білеміз.

Трагедияның негізгі мәні мен құндылығы жөнінде театртанушы Меруерт Жақсылықова: «Трагедияда көтерілетін әйел тағдыры, махаббат тауқыметі, соның салдарынан туған кек мәселесі – қай қоғамның болмасын ішкі дертіндей. Өз отбасына сатқындық жасаған Ясондай адамға, ер-азаматқа сену мүмкін бе. Әлде селт еткен сезімі үшін өз туғанына опасыздық көрсеткен Медеяның жантүршігерлік іс-әрекетінен безінген Ясонның осалдығы – жаңа жерде (Коринф патшалығы), «таза беттен» жаңаша өмір жолын бастауға деген соңғы талпынысы ма... Осылайша, мифтің ішкі астары, күрделі оқиғаны жеткізудегі екі деңгейлігі режиссерлерге әрқилы ой айтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сондықтан әр суреткер өз оқиғасын көріп, бірі Медеяны құптаса, бірі Ясонды қолдап жатады», – деген ой түйеді (Жақсылықова, 2018). Демек, көрермен аталған шығармадан өзін толғандырған мәселені көре алады.

Жалпы қойылымының негізгі табысы сәтті драматургия дегенімізбен оқиға желісі, шығарманың идеясы актердің шебер ойынысыз өз деңгейінде ашыла қоймасы анық. Бұл тұрғыдан келгенде А.Иманбаеваның жемісті ізденісін баса айтқымыз келеді. Негізінен бос кеңістікте ойналатын спектакльде Медея, Ясон, Креонт, Хабаршы сынды бас-аяғы төрт-бес-ақ кейіпкер бар. Бірақ соның ішінде Медея бейнесінің салмағы да, жауапкершілігі де үлкен. Трагедияның барлық түйіні мен табысы басты рольдегі актрисаның ішкі тереңдігіне тікелей байланысты. Осы бір мінез жағынан да, өмірлік ұстанымы жағынан да аса күрделі бейненің табиғатын жеткізуде А.Иманбаева тамаша табысқа жетті. Актриса Медеяның әйелдік қалпын, ішкі ой-тебіреністерін, өз кейіпкерінің басына түскен трагедиялық күйді, бір сәттерде оның нәзіктігін шебер жеткізеді. Қызғаныштың отына күйген Медея – А.Иманбаеваның аяусыз әрекетіне

қынжыла отырып, оны іштей ақтап алуға деген ниет те туындайды. Өйткені әйелдің ең бір әлсіз тұсы қызғаныш екендігі белгілі. Сол бір жаман қасиет бойын билегенде өзінің қылмысты әрекетін саралай алмай қалатын әйелдің тасқынды, эмоцияналды күйге түсетіні сонау ықылым заманнан-ақ ешкімге таңсық емес. Тек ол өтіп жатқан ситуацияға байланысты бірінде солғын, бірінде анық көрінеді.

Ал, «А.И музыкалық театр орталығының» сахнасындағы Медеяның күйі қызғаныштың қызыл оты шегіне жетіп, махаббат құрбанына айналған дәрменсіз әйелдің ахуалын көрсетеді. А.Иманбаева Медеяның басына түскен трагедияның боя-уын қалыңдатып, психологиялық кеңдікпен жеткізеді. Оның ойынында әсіре қызыл бояу емес, ащы да болса өмірдің өз шындығы жатыр. Медеяның теріс әрекеті соны-сымен де ақталмақ. Бұл әрине актрисаның кәсіби шеберлігінен туындаған. Жоғарыда атап өткен актерлік қуатты А.Иманбаева кейіптеген Медеяның бойынан танығандай, тапқандай, сезінгендей болдық. Әрине мұндай шығармашылық табыстар мен жоғары деңгейдегі нәтижелер режиссер мен орындаушының тандемдік ізденістерінен туын-дайтыны сөзсіз. Әлемдік классиканы заманауи түрге енгізіп, жаңаша оқылымда көрерменге ұсынған Қ.Қасымовтың бағытын аса құптарлық дейміз. «Сверхзадача – режиссерская концепция спектакля. Создавая ее, необходимо учитывать и авто-ра, и время постановки. Каждое поколение зрителей воспринимает автора-класси-ка по-своему. Вот почему я всегда говорю, что сверхзадача спектакля существует в зрительном зале и режиссуру нужно ее обнаружить. Надо знать круг вопросов, волнующих современного человека, точно выбрать классика, который может на них ответить, и уметь прочитать пьесу, минуя ее прежние сценические интерпретации. Последнее условие очень важно», – деп жазады Георгий Товстоногов (Товстоногов, 2018: 93). Бұл жерде театр режиссері әрі теоретигі әрбір буын көрерменнің тала-бына жауап бере алатын режиссерлік шешім болмаған күнде ол қойылымның да, шығармашылық ансамбльдің де жетістікке жете алмайтындығын ашық айтқан. Де-мек, «А.И. музыкалық театр орталығының» қойылымында бүгінгі күннің ұстанымы, көзқарасы мен тынысы бар.

Аталған коммерциялық орталықта өзіндік формада өрілген аталған антикалық аңызды араға бірнеше жыл салып, М.Әуезов театрының Камералық залын-да Дәрия Жүсіп өзіндік үнмен жаңаша жандандырды. Алғашқы ұжым Ж.Ануй драматургиясына иек артса, соңғы қойылымда режиссер Алена Қабдешова түп нұсқадан, яғни Еврипидтің өзінен өмір үнін табуға тырысыпты. Қос қойылымда да негізінен әйел табиғатының дәрменсіз күйі сөз болғанымен, сюжетті сараптауға келгенде әр актрисаның ізденісі өзіндік ерекшелігімен көңіл баурайды. Мәселен, А.Иманбаеваның Медеясының ақылдан гөрі эмоциясы, жастық жалыны басым бо-лып келсе, Д.Жүсіптің кейіпкерінде эмоциямен қатар ішкі салмақ, сабырлылық, бірақ соншалықты қатігез, кекті күй күрделі нотада бедерленеді. Екі актрисаның ізденісі екі бөлек, әрқайсысының сараптауы өзіндік мәнге ие, олардың бейнеле-уіндегі әйелдік әлсіздігі ақтауға тұрарлық. Сахна бұл шексіз кеңістік болса, сол түпсіз тұңғиықты бағындыруда әр сахнагердің өзіндік суреткерлік сүрлеу тапқаны сүйсінтеді. Ең бастысы, қос актрисаның да өз кейіпкерінің қатпары мол күрделі күйі мен ішкі психологиялық қақтығысын берудегі қырағылығы, орындаушы ретіндегі

ішкі еркіндігі айқын. Бұдан бүгінгі актрисалардың өткеннің көркемдік өрнегін ала отырып, жаңа уақытқа сай замандастар бейнесін тудырудағы тың жетістіктерін, айтарлықтай табысын байқаймыз.

Қорытынды. Жоғарыда тоқталып өткендей, суреткер болу – бұл ең алдымен өнердің құдіретін, өнердің қасиетін өзіңнің ішкі «менің» арқылы өткізу. Театр процесінде рольге тағайындалу бір басқа, оны көркемдік биік деңгейге көтеру, суреткерлік деңгейге шығару, толыққанды игеру тіпті бөлек мәселе. Ол – актердің тікелей ішкі энергиясына, энергетикасына, зияткерлік-санаткерлік болмысына және түйсігіне байланысты. Соның ішінде әсіресе актерлік күш-қуаттың маңызы зор. Мұны грек ғұламасы Аристотель: «... Поэтому двигатель, действующий разнообразно, должен в одном случае «действовать так-то через себя», т.е. благодаря собственным энергиям, поскольку они обусловливают все многообразие, наблюдаемое при возникновении и уничтожении», – деп түсіндіреді (Аристотель, 2002: 621). Сол сияқты психологияда адамның ішкі және сыртқы энергетикасына байланысты тұтастай бір ғылымның қызмет ететіндігін ескерсек, адам өмір сүрген ортаның барлығында да энергетиканың, яғни адам бойындағы күш-қуат мәселесінің күн тәртібінде қарастырылып, зерттеліп, зерделенуі қисынсыз қағида емес, заңдылық та. Жеке адами қарым-қатынастағы қуат алмасу мәселесі өз алдына, сахна арқылы мыңдаған көрерменге «хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер – театрды» (Ғ.Мүсірепов) паш етуші сахнагерлер қауымы үшін бұл жауапкершіліктің ролі де, салмағы да зор. Аталған мәселеден Аристотель мен Платоннан бастап, К.С.Станиславский, В.И.Немирович-Данченко, Г.Товстоногов, М.Чехов, т.б. айналып өтпеген, тұтастай бір ғылымның негізі ретінде жан-жақты ізденіп, актер энергетикасының құпия-сырын ашуға барынша тер төккен, ізденген. Бүгінгі жаңа ғасырда уақыт алға жылжыған сайын, ғылыми-техникалық прогресс көз ілеспес жылдамдықпен дамып, көрерменнің талғамын да, сұранысын да өзгеше бағытқа бұрып үлгерді. Адамзат санасы дамып, тіршілік алға жылжыған сайын театр өнерінің де бір орында тұралап қалмай, уақыт ағысымен, замана талабымен жарыса алға жылжып отыруы бұл – заңдылық. Себебі, театр – жанды өнер, тірі организм. Сондықтан жаңа заманның сахна суреткерлерінің ізденісіне жүктейтін талабы мен талғамы бір орында тұрып қалмайды, үздіксіз дамып, жаңарып, түлеп, түрленіп отырады. Ендеше сахнагердің өзінің актерлік күш-қуатын барынша ұтымды һәм жемісті пайдаланудың жолдары мен жоралғысын ұсынуы бүгінде кезек күттірмейтін мәселе болуы керек. Ендеше Н.Қарабалинаның, А.Иманбаева мен Д.Жүсіптің шығармашылығы осы талапқа жауап берері хақ.

Исламбаева З.У.*
Казахская национальная академия искусств имени Т.К.Жургенова
Алматы, Казахстан
E-mail: zetta1975@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0438-899X

Художественные поиски актрис исполнявших женские образы

Аннотация. В научной статье авторы профессионально проанализировали процесс создания женских образов на сцене казахских театров. Прежде всего, в процессе постановки спектакля большое значение име-

ет подготовк актера к воплощению драматического произведения на сцене, его творческих поисках. Опираясь на примеры теоретической системы К.С. Станиславского, выявляются важнейшие для актера приемы в подготовительной работе. Особое внимание уделяется роли школ характера и героизма в исполнительском искусстве. Подчеркивается, что уровень роли высок только тогда, когда реальность действий актера сочетается с процессом его психологической и физической трансформации. Авторы также отмечают, что для удовлетворения потребностей современной зрительской аудитории, важным является расширение творческих поисков, выходящих за рамки прошлого и ориентированных на инновации. Так, в статье посредством анализа воплощения Н. Карабалиной образа главной героини в спектакле «Красавица и художник» в репертуаре театра имени М.Ауэзова раскрывается ее мастерство в передаче тонкой нежности, яркого разностороннего женского образа, отвечающего требованиям современного театрального искусства. Далее рассматривается этот же образ, воплощенный актрисой на сцене Молодежного театра акимата города Нур-Султана в другой редакции, где в ее игре не менее выразительно раскрывались красота, пластика и остроумие этого воплощенного женского образа. Не остался без внимания и образ Кармен в спектакле «Карменсита», воплощенный Макашевой. Авторы особо отмечают ее сценическую трактовку, где ярко проявляется женская гордость ее героини, смекалка в сочетании ее речи и действий, жестов и танцев, демонстрирующая страстный характер свободолюбивой цыганки. Убедительная игра А.Иманбаевой, раскрывающая ревность главной героини, ее внутренние переживания, трагическое душевное состояние и ее нежность в спектакле «Медея» рассмотрены на основе сравнительно-сопоставительного анализа, как роль Медеи в произведении, основная идея спектакля, мысли и действия женщины, исходя из сюжета. Особое внимание исследователи обращают и на то, что этот же образ, совсем по-другому трактовала и исполнила актриса Д. Жусуп в театре М. Ауэзова. Сравнивая два спектакля, автор приходит к выводу, что Медея А.Иманбаевой более эмоциональна и юношески не зрелая, чем сумасшедшая, а Д.Жусуп - более серьезная и спокойная, как человек, но при этом жестокая и мстительная, как женщина. В целом в статье дается профессиональная оценка творческих поисков актрис в воплощении женских персонажей и их способности по-своему трактовать такие сложные персонажи на театральной сцене.

Ключевые слова: национальный театр, женский образ, драматургия, актриса, герой, режиссура, художественное решение.

Islambayeva Z.U.*
Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenov
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: zetta1975@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0438-899X

Artistic searches for actresses who performed female images

Annotation. In a scientific article, the authors professionally analyzed the process of creating female images on the stage of Kazakh theaters. First of all, in the process of staging a play, the preparation of an actor for the embodiment of a dramatic work on stage, his creative quest is of great importance. Based on the examples of the theoretical system of K.S.Stanislavsky, the most important techniques for the actor in the preparatory work are revealed. Particular attention is paid to the role of schools of character and heroism in the performing arts. It is emphasized that the level of the role is high only when the reality of the actor's actions is combined with the process of his psychological and physical transformation. The authors also note that in order to meet the needs of today's viewers, it is important to expand creative pursuits that transcend the past and are focused on innovation. So, in the article, through the analysis of N.Karabalina's embodiment of the image of the main character in the play «Beauty and the Artist» in the repertoire of the theater named after M. Auezov, her skill in conveying subtle tenderness, a bright versatile female image that meets the requirements of modern theatrical art is revealed. Further, the same image is considered, embodied by the actress on the stage of the Youth Theater of the Akimat of the city of Nur-Sultan in a different edition, where the beauty, plasticity and wit of this embodied female image were no less expressively revealed in her play. The image of Carmen in the play «Carmencita», embodied by Makasheva, was not ignored either. The authors especially note her stage interpretation, where the female pride of her heroine is clearly manifested, the ingenuity in the combination of her speech and actions, gestures and dances, demonstrating the passionate character of a freedom-loving

gypsy. A.Imanbaeva's convincing play, revealing the main character's jealousy, her inner feelings, tragic state of mind and her tenderness in the play «Medea» out of the plot. Researchers pay special attention to the fact that the same image was interpreted and performed in a completely different way by the actress D. Zhusup in the theater of M.Auezov. Comparing the two performances, the author comes to the conclusion that A.Imanbaeva's Medea is more emotional and youthful not mature than a madwoman, and D.Zhusup is more serious and calm, like a man, but at the same time cruel and vindictive, like a woman. In general, the article provides a professional assessment of the creative searches of actresses in the embodiment of female characters and their ability to interpret such complex characters on the stage in their own way.

Key words: national theater, female image, drama, actress, hero, directing, artistic solution.

Информация об авторе:

Исламбаева Зухра Усманбековна*, театровед, кандидат искусствоведения, профессор кафедры «История и теория театрального искусства» Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова. Алматы, Казахстан, E-mail: zetta1975@mail.ru. ORCID: 0000–0003–0438–899X*

Әдебиет

Аламан А. Тура жолдан тайдырған Карменсита // https://qazaquni.kz. 2012, наурыз – 20.

Аристотель. Метафизика. Переводы. Комментарии. Толкования / Сост. и подготовка текста С.И.Еремеев. – СПб.: Алетейя; Киев: Эльга, 2002. – 832 с.

Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 336 б.

Жақсылықова М. Қуыршақ театрында «Медея» // https://www.oner.kz/theatre/view/10562–kuyrshak–teatrynda–medeya. – 2018, қазан – 15.

Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера: Учебное пособие. 5–е изд. – Москва: РАТИ–ГИТИС, 2008. – 432 с.

Нұрпейіс Б.К. (Құрастырушы). Шетел театрының тарихы. Т. 1.: Оқулық. – Алматы: «ТОО Universal Print Media», 2018. – 168 б.

Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 248 б.

Станиславский К.С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания. – СПб.: Азбука, 2018. – 512 с.

Товстоногов Г.А. Зеркало сцены: Учебное пособие. 4–е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «Планета музыки», 2018. – 400 с.

Литература

Аламан А. Карменсита, сбила с правильного пути // https://qazaquni.kz. 2012, март – 20.

Аристотель. Метафизика. Переводы. Комментарии. Толкования / Сост. и подготовка текста С.И.Еремеев. – СПб.: Алетейя; Киев: Эльга, 2002. – 832 с.

Байсеркенов М. Сцена и актер. – Алматы: Родной язык, 1993. – 336 с.

Жаксылыкова М. «Медея» в кукольном театре // https://www.oner.kz/theatre/view/10562–kuyrshak–teatrynda–medeya. – 2018, октябрь – 15.

Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера: Учебное пособие. 5–е изд. – Москва: РАТИ–ГИТИС. 2008, – 432 с.

Нурпеис Б.К. (Составитель). История зарубежного театра. Т. 1.: Учебник. – Алматы: «ТОО Universal Print Media», 2018. – 168 с.

Рахимов А.С. Мастерство режиссера. От пьесы до спектакля. – Алматы: Уроки истории, 2010. – 248 с.

Станиславский К.С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания. – СПб.: Азбука, 2018. – 512 с.

Товстоногов Г.А. Зеркало сцены: Учебное пособие. 4–е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «Планета музыки», 2018. – 400 с.

References

Alaman A. (2012). Tura zholdan taidyrgan Karmensita [Carmencita, led off the right path] // https://qazaquni.kz. mart – 20. (in Kaz.)

Сөйлеу барысында өкпедегі дем яғни, ауа дем шығару жолы арқылы өңешке келіп, дауыс желбезегіне (связка) тигенде оны дірілге ұшырату арқылы дыбысқа айналады. Ол дыбыс ауыз қуысына келіп жеткенде жоғарыда айтылған сөйлеу аппаратының

қимылға мүмкіндігі бар мүшелерінің қандай қалыпта болуына байланысты, әлгі дыбыс *дауысты* немесе *дауыссыз* болып шығады. Екі, үш дыбыс қосылып буынды немесе сөзді құрайды. Әр сөзді, әр буынды, әр әріпті айтқанда сөйлеу аппараты әр түрлі қалыптарға өзгеріп отырады.

1. Мысал: *«ТОП»* сөзін алайық. Үш дыбыс. Осы *«Топ»* сөзі айтылу кезінде, сөйлеу аппараты үш дыбысқа үш түрлі қызмет атқарады. Дауыс желбезегінде пайда болып, ауыз қуысына келіп жеткен дыбысты шығару кезінде тілдің ұшы көтеріліп, жоғарғы алдыңғы тістердің іш жағына тиіп қайтады. Ал, астыңғы жақ сәл ғана төмен түседі. Бұдан *Т* дыбысы пайда болды. Келесі *О* дыбысына ауысарда астыңғы жақ бір шама төмен түседі, астыңғы және үстіңгі еріндер жылдам өзгеріп алдыға шошайыңқырайды, еріндердің арасы ашық. Тіл жотасы жоғарғы таңлайға шамалы көтеріледі ал, тілдің ұшы артқа тартылады. Енді соңғы *П* дыбысы. Егер *П* дыбысы сөз басында болатұғын болса, онда ол өзінен кейінгі дыбысқа *ПЫ* – болып үндескен болар еді. Мысалы*, «Пырақ»* сөзі. Ал, *«Топ»* сөзінде сөз соңында тұрғандықтан алдыңғы әріпке *ЫП* болып жалғасады. Сол себептен де *П*-ға ауысарда астыңғы жақ сәл төмен түскен қалыпта, ал астыңғы, үстіңгі еріндер бір-біріне қымқырылады. Сонымен *«Топ»* сөзі айтылды.

Сөйлеу аппаратының қалыптан қалыпқа ауысу қызметі жылдам әрі жеңіл атқарылуы тиіс.

2. Мысал: *«Атам балама ат аламын дейді,*

Апам балама ала мата аламын дейді.

Атасы ат ала ма?,

Апасы ала мата ала ма?» – жаңылтпашын алайық. Бұл жаңылтпашты айту кезінде, сөйлеу аппаратының мүшелері – астыңғы жақ, астыңғы, үстіңгі еріндер, тіл, ауыз қуыс бұлшық еттері емін-еркін қозғалып жұмыс істеулері керек. Сөздердің еш әріпін түсірмей, керісінше таза, анық айту керек және ол, жаңылтпаш болғандықтан шапшаң айтылуы тағы бар. Белгілі сахна тілі педагогі Э.М.Чарели «Әрбір студент, болашақ актер сөйлеу аппаратын дұрыс меңгеруі үшін алдымен оның құрылымы мен басқару механизміне баса назар аударулары жөн» (Петрова, Промптова, Фрид, Спасский, Чарели, 1979: 335) – дейді. Сөйлеу аппаратын басқару механизмдері мен тәуелділік жағынан екі бөлікке бөлеміз: *Орталық және шеткі.* Орталық бөлікке ми мен омыртқа жұлынын, шеткі бөлікке көмей, дауыс қатпарлары мен сөйлеу аппаратының басқа да мүшелерін жатқызамыз. Бұл екі бөліктің физиологиялық қызметтерінің бір-бірімен тығыз байланыстылығы сол, орталық бөлік шеткі бөліктің қызметін тікелей басқарып, екшеп тұрады. Адам миының бөлшекті анатомиясы өте күрделі. Ми үш бөліктен тұрады:

1. Екі үлкен ми сыңарлары

2. Сопақша ми

3. Мишық

Үлкен ми сыңарларында бес миллиардтан астам жүйке жасушалары болады. Бұл адам ағзасындағы бүкіл жүйке жасушаларының жартысынан көбі. Ал, тыныс алу, жүрек, жұтқыншақ, бет бұлшық еттерінің жүйке орталығы сопақша мида орналасқандықтан тіл, ауыз қуыс бұлшық еттері, жақ бұлшық еттерінің жұмысы,

көзді қорғау реакциясы, ас қорыту, жүрек жұмыстары осы бөлшекке тәуелді. Сол себепті де, адамның ми қызметі бұзылғанда сөйлеу аппаратның да жұмысы өзгеріске ұшырайды.

2. тыныс алу. Дұрыс дем алу, жалпы адам баласы үшін өте маңызды. Тыныс – адам анатомиясы мен физиологиясының табиғи заңдылығы. Ол, дем алу – ауа алмасу процесі. Тыныс алу, дыбыс шығару процестерін түрлі жолдармен жаттықтырып, нәтижесінде болашақ сахнагерлердің дем, дауыс, дыбыс артикуляциясы, сөйлеу аппаратын шыңдап көрермен көкейіне әсерлі де әдемі, мәнді де мәнерлі, мағыналы сөздері арқылы ой сала білетін қабілеттерін ашып, дамыту сахна тілінің міндеті. Машықтану кезінде тыныс алудың түрлерін ажырата білу шарт. Тыныс алудың екі түрі бар. Олар: *физиологиялық* және *фонациялық.*

1.Физиология – ағзаның қызметі және оны реттейтін заңдылық.

2.Фонация – сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы. Сахна тілі мамандарының, фониатор – дәрігерлердің көп жылдық тәжірибелеріне үңіле отырып дауыс тәрбиесі, оны дамыту, қажетті жағдайда емдеу жолында талмай еңбек еткен Э.М. Чарели тыныс алу түрлерін былайша ажыратады:

Физиологиялық тыныс:	*Фонационды тыныс:*
– Адам еріксіз, автоматты түрде демін алады.	– Адам саналы түрде дем алу процесін реттей отырып, өз бетімен тыныс алады.
– Демін ішке алу ұзақтығы демін сыртқа шығару ұзақтығымен тең	– Әрі жиі, әрі қысқа ғып демін ішке алу, ал демін сыртқа шығарған кезде керісінше әрі ақырын, әрі ұзақ тыныстау.
– Тыныстаудың мынандай тәртібін сақтау: демін ішке алу – демін сыртқа шығару – пауза жасау – демін ішке алу...	– Тыныстаудың мынандай тәртібін сақтау: демін ішке алу – демін сыртқа шығару – екі аралығында сөз сабақтау – демін ішке алу...

И.П.Козлянинова мен Э.М.Чарели «Дауыс және фонациондық тынысты жаттықтыруға келгенде көптеген қиындықтар туындайды. Себебі, көп жағыдайда дауысқа, ауыртып алғанда немесе жоғалтып алғанда ғана көңіл бөлінеді. Ал, ондай дауысты жоспарлы түрде тәрбиелеу үшін алдын-ала дауыс ауруының салдарын анықтау, емдеу шараларын жүргізу сияқты қиындықтар кездеседі. Өкінішке орай, кәсіби театрлардың өзінде де актердің сөйлеу дауысына деген немқұрайлылық көптеп кездеседі» (Козлянинова, Чарели, 1992: 320) – деп, бекер айтпаған және бұл проблема әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Қазіргі театрларда да, телевизия саласында т.с.с. сөйлеу мәдениеті кәсіби тұрғыда сын көтермейді. Жоғарыда айтылып кеткен фонациялық тыныс, дауысты меңгеруді айтпағанның өзінде, дикциясы (анық сөйлеу) нашар, үндестік заңын түсінбейтін, сөз астарын ашу тұрмақ берілген мәтінін әрең жаттайтын актерларымыздың бар екені шындық. Сол себепті сахнада да, экраннан, радиодан болсын сөйлеу, кәсіби дайындық пен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Адам тыныс алу кезінде, ауа тыныс алу жолдары арқылы екі өкпеге толып, оны тиісті оттегімен қамтамасыз етіп отыратындығы белгілі. Егер, тыныс алу процесі дұрыс болмаса, тыныс алу жолдары мен өкпе ауруға ұшырайтыны тағы белгілі.

«Ленинградтың онкологиялық ғылыми-зерттеу институты өкпе ауруларын зерттей отырып, өкпедегі ісік ауруының пайда болуының бірден бір себебі – демді дұрыс пайдаланбағандықтан деген қорытындыға келген. Врач онкологтардың дәлелі бойынша ісік ауруы өкпенің ауа бармайтын жағында, яғни ауамен тазартылмайтын бөлігінде пайда болатынын анықтаған» (Абзельбаев, 1988: 24).

Демек, дем алу процесі бұзылғанда өкпенің ауамен қамтамасыз етілмеген жақтарында ісік аурулары пайда болады. Сондықтан да өкпені ауаға толық толтырып, өкпеден ауаны толық шығарып үйренудің маңызы зор. Өкпені оттегімен толық қамтамасыз ету үшін өкпені кере дем алудың да қажеті жоқ. Терең дем алу желбезек басына артық күш түсіріп, сөйлеген кезде дауыстың өзіне тән ырғағын бұзады. Сөйтіп дауыс жағымсыз болып естіледі.

Бұндай қысым пайдасыз ғана емес, өте зиян. Өкпе артық ауадан керіліп, кеңірдекті ұлғайтады. Бұдан тіпті тыныстың физиологиялық жұмыс процесі өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жалпы, ауаны өкпеге толық толтырып, өкпеден ауаны толық шығарып үйрену, біріншіден өкпе ауруынан сақтандырса, екіншіден, тыныс бұлшық еттерін шынықтыру кезінде пайда болатын дем алу процесінің жиілігін, тереңдігін басу үшін қолдануға болады. Ендеше, дем алудың үлгілеріне назар аударайық. Дем алу үлгілерін Е.Саричева: 1) иықпен дем алу, 2) кеудемен дем алу, 3) қабырға аралық дем, 4) Диафрагмалық дем – деп, төртке бөледі (Саричева, 1939:108).

Бір демнің бұлайша төрт түрлі болатын себебі, дене бұлшық еттерінің жұмысына байланысты. Бұлардың қай-қайсысы болмасын, дем алу аппаратының қандай бұлшық еттері жұмыс істеуіне байланысты жүзеге асып отырады. Мысалы біріншісінде, иық бұлшық еттерінің жұмысы қарқынды жүріп, нәтижесінде иық көтеріледі және өкпенің жоғарғы бөлігімен ғана дем алу орын алады. Осылайша, кеудемен дем алуда өкпенің ортаңғы және жоғарғы бөлігі жұмыс істейді. Ал қабырға аралық демде, тыныс қабырға аралығын кеңейтіп, дем алу сәтінде көк ет бұлшық еттері де іске қосылады. Демнің төртінші яғни, диафрагмалық түрінде көк ет барынша жиырылып, іштің ілгері қарай шығуына әсер етеді. Бұл сәтте өкпенің төменгі бөлігімен дем алу процесі күштірек болады. Енді, осының барлығын қосып сахна тілінің қойған негізгі мақсатына жеткізетін шынайы, дұрыс яғни, қалыпты, терең тыныстауға үйретететін аралас – диафрагмалық демнің болуы заңды екені рас. Ал, Э.М.Чарели өмірде қалыптасқан, негізгі деп саналатын, баршаға белгілі дем алудың үш үлгісін алға тартады. Олар: кеудемен дем алу, ішпен дем алу, аралас – диафрагмалық яғни, толық дем.

Мұндағы ең маңыздысы әрине, аралас – диафрагмалық дем. Толық дем алған кезде кеуде кеңейіп, дыбыс жолдары ашылады. Бұл сәтте тыныс аппаратының барық – тиісті бұлшық еттері дұрыс жұмыс істейді. Сөйлеу мәнерін немесе дауысты тәрбиелеудегі ең тиімді тыныс үлгісі де, осы.

3. дауыс. Жалпы адам дауысы күрделі, әлі де көптеген құпиялары ашыла қоймаған құбылыс. Ол, тек қана белгілі бір бұлшық еттердің жұмысына ғана емес, адамның бүкіл психофизикалық аппаратына байланысты. Себебі, дауысында еш ауруы жоқ адамның жүйкесі бұзылып, нәтижесінде дауыссыз қалған жағыдайлар медицинада дәлелденген. Сол сияқты күнделікті өмірде көңіл – күйіміздің дауысқа әсері

барын аңғару қиын емес. Мысалы, көңілің болса қандай жұмыс болмасын қиынға түсе қоймайтыны анық, дәл сол сияқты дене бұлшық еттерінің еркіндігі мен сөйлеу аппаратының физиологиялық қызыметі сөз ырғағына үлкен әсерін тигізеді. Өйткені, кез – келген қобалжу тыныстауға әсер етіп, дауыс ырғағын бұзады. Ал, дауыс ырғағы бұзылса сөз жаншылып тұрғандай болып, болмаса әр дыбыс нақтылығын жоғалтып сөйлеуші де, тыңдаушы да әбігер болады. Адамзат баласының табиғи үні – дауысы жасанды болмауға тиіс. Олай дейтініміз, актер дауысын дұрыс жолмен тәрбиелемесе сәтсіздікке ұшырап, дауысын жоғалтып алуы қиын емес. Дауыс мәселесіне келгенде, оны күтіп баптаудан бастағанымыз дұрыс.

Қорытынды. Қазіргі кезде оқу орындарында, театрларда күрделі мәселелердің бірі актердың жеке басының және дауыс гигиенасы. Жеке бастың гигиенасы денсаулықты сақтаумен қатар дауыс аппаратын нығайтуға бағытталады. Актердің, жалпы адам баласының көңіл-күйі, жұмыс қабілеті төмендеп, шығармашылық шабытының құлдырауы қай кезде де болмасын дұрыс өмір салтын сақтамағандықтан болады. Ұйқы тәртібін бір қалыпқа келтіру әркімдердің де ойлау жүйесін, ми қызметін, сөз саптауын, адамдармен қарым-қатынасын жақсартып, жұмыс кезінде сахнаның өз этика-эстетикасын сақтауға септігін тигізіп, жалпы күні бойғы тіршілігін қуаттандырмақ. Керісінше ұйқысы қанбаған адамның жүйке жүйесі бұзылып, ол міндетті түрде сөйлеу дауысына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ, шамадан артық ұзақ ұйықтау да адам ағзасының кез-келген жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетін төмендететіні белгілі. Жеке бастың және дауыс гигиенасын әрбір оқушы актер тұрмыста да, сахнада да, жаттығу жасау кезінде де қатаң сақтауы тиіс. Мысалы, дем, дауыс т.б. жаттығулар жасау кезінде аудитория ауасының таза болуы шарт. Шаң тозаңда жасалынған жұмыстардың пайдасынан зияны көп деуге болады.

Дауыс – сахнадағы сөздің негізгі қызметін жүзеге асырады. Мысалы, біріншіден – болып жатқан қойылымның не жайында екендігін, екіншіден – дыбыс ырғағы арқылы кейіпкердің мінезін, ойын, үшіншіден – шығармадағы кейіпкердің қандай көңіл-күйде екендігін, актердың дауыс ерекшелігі арқылы естіп – білеміз, түсінеміз.

«Сахналық дауыс – табиғаттың адам баласына ерекше сыйға тартқан, сондай бір сезіммен жаратқан адам үні, ол жасанды болмауға тиіс. Адам үні ол әрі жеңіл, әрі жарқын күмістей сыңғырлап, саф алтындай мінсіз болуға тиіс. Актер ырқынан шықпайтын, кез-келген ырғаққа түсіп, кез-келген әуенмен шырқап шығатындай икемді, ширақ болғаны жөн. Үннің нақыш, мұқамы арқылы адам жанының күрделі иірімдерін ашып, нәзік сезімдері мен ой сілемдерін дәл де анық жеткізуге тиіс. Ондай мың құбылған бұлбұл үн сахнаның күнделікті сан алуан «қақтығыстарынан» өтіп, әбден төзімді болып ғана шыңдалғанда шаршау, шалдығу дегенді білмейді. Әйтсе де, адам даусымен жұмыс істеу – инемен құдық қазғандай қиын да тынымсыз, біліктілік пен білімділікті талғайтын, сауаттылықты қажет ететін нәзік іс» (Тұранқұлова, 1998: 213).

Сөйлеу аппаратының қызметі, тыныс алу, дауыс сияқты адамның физиологиялық қабілеттері психологиямен тығыз байланысты. Өйткені сөзді тудырып айту, психологияның құзырындағы заңдылықтарсыз жүзеге аспайды. Мысалы, психология тұрғысында сөйлеу – **ішкі** және **сыртқы** болып екіге жіктеледі. Әдетте сөз (сыртқы

сөз), ойдан туады (ішкі сөзден). Ал, актердың немесе студенттің ой ұшқырлығы оның кәсіби шеберлігі мен қарымының көрсеткіші десек артық айтпағандық. Сахналық сөзді тудыру үдерісі, әсіресе актер мамандарын оқытуда жан-жақты зерттеулер мен ізденісті қажет ететін күрделі тақырып. Сол себепті, сахнада сөзді тудырып айтуға қатысты ой- тұжырымдар, келесі мақалаларға да өзек болары хақ.

Хожамбердиев О.К., Акмурза Б., Шынболатов Е.
Казахская национальная академия искусств имени Т.К.Жургенова
Алматы, Казахстан
E-mail: ordabek_79@mail.ru, b.akmurzaeva@mail.ru, ermek.shinbolatov@bk.ru
ORCID: 0000-0001-7975-2974, 0000-0001-9438-9114, 0000-0003-3152-8732

Процесс словообразования как основная проблема сценической речи

Аннотация. В научной статье авторы рассмотрели одну из основных проблем сценической речи особенности процесса словообразования и пути его развития. Вообще известно, что язык сцены занимает особое место в актерском искусстве. Это потому, что пять разделов, которые являются основой сценического языка, играют большую роль. Одно дело говорить на сцене, другое словообразование. Хотя говорить нелегко, задача создания слов еще более трудна и ответственна для актера. Его учили языку сцены. Сценический язык, наряду с актерским, является предметом, развивающим ораторские способности режиссеров, теле и радиоведущих, лекторов, руководителей коллективов и общественных деятелей, а также юристов и судей. Авторы научной статьи проанализировали тему на множестве примеров. Например, он анализирует особенности его произношения на сцене, цитируя литературные произведения писателей-классиков. Широко обсуждается говорение на сцене по бумажке, то есть процесс рождения слова. Кроме того, четко указано, что основные части сценического языка – дикция, дыхание, голос, орфоэпия, работа с текстом очень полезны в процессе словообразования на сцене. Способ и метод заучивания слова очень схожи и распространены у актеров драматического театра, актеров музыкального театра, камерных или эстрадных артистов, оперных артистов, мастеров риторики. Создание слов на сцене начинается с контроля над своими внутренними чувствами и ловкостью ума. Избежать поиска фонетики в речи, наоборот, удастся только в том случае, если попытаться раскрыть психологию персонажа. Ведь через слово приходит образ персонажа. Речевые навыки и речевая деятельность в основном развиваются за счет органов чувств, влияющих на процесс словообразования. В частности, процесс словообразования на сцене начинается с освоения речевых приемов, узнавания речевого аппарата, овладения дыханием и голосом. Так же авторы статьи профессионально анализируют внутренние и внешние слова, имеющие значение в процессе словообразования, и приводят доказательства.

Ключевые слова: слово, сценическая речь, голос, дикция, актер, актерское мастерство, действенное слово

Khodzhamberdiev O.K., Akmurza B., Shynbolatov E.
Kazakh National Academy of Arts named after T.K.Zhurgenov
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: ordabek_79@mail.ru, b.akmurzaeva@mail.ru, ermek.shinbolatov@bk.ru

The process of word formation as the main problem of stage language

Summary. In the scientific article, the authors considered one of the main problems of stage speech - the features of the process of word formation and ways to develop it. In general, it is known that the language of the stage has a special place in the art of acting. This is because the five sections, which are the basis of the stage language, have a great role to play. Speaking on stage is one thing, word formation is another. While it is not easy to speak, the task of creating words is even more difficult and responsible for an actor. He was taught the language of the scene. Stage language, along with actors, is a subject that develops the speaking skills of directors, TV and radio presenters, lecturers, team leaders and public figures, as well as lawyers and judges. The authors

of the scientific article analyzed the topic with many examples. For example, he analyzes the peculiarities of its pronunciation on the stage, quoting from the literary works of classical writers. Speaking on stage on a piece of paper, that is, the process of birth of the word, is widely discussed. In addition, it is clearly stated that the main parts of the stage language - diction, breathing, voice, orthoepy, work with the text are very useful in the process of word formation on stage. The method and method of learning the word is very similar and common for drama theater actors, musical theater actors, chamber or pop artists, opera artists, masters of rhetoric. Creating words on stage begins with controlling your inner feelings and mental agility. Avoiding the search for phonetics in speech, on the contrary, will only succeed if you try to reveal the psychology of the character. After all, through the word comes the image of the character. Speech skills and speech activity are mainly developed through the sense organs that influence the process of word formation. In particular, the process of word formation on stage begins with the development of speech techniques, recognition of the speech apparatus, mastering the breath and voice. Similarly, the authors of the article professionally analyze the internal and external words, which are important in the process of word formation, and provide evidence.

Keywords: word, stage speech, voice, diction, actor, acting skills, effective word

Информация об авторах:

***Хожамбердиев Ордабек Камзабекович**, PhD, доцент Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова. Алматы, Казахстан. E-mail: ordabek_79@mail.ru*

***Ақмұрза Бақыт**, магистрант Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова. Алматы, Казахстан. E-mail: b.akmurzaeva@mail.ru*

***Шынболатов Ермек**, магистрант Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова. Алматы, Казахстан. E-mail: ermek.shinbolatov@bk.ru*

Әдебиет

Абзельбаев М.Н. Работа над речевым дыханием актера (Методическая разработка). – Алматы, 1988. – С.24.

Әбзелбаев, М.Н. Радио және теледидар дикторының тіл техникасы [Мәтін]: Оқу құралы / М.Н. Әбзелбаев. – Алматы: Зумар, 2012. – 208 б. ISBN 978–601–7035–01–3

Жүнісов С. Ақан сері. – Алматы: Жазушы, 1978. – 365 б.

Козлянинова И.П., Чарели Э.М. Тайны нашего голоса. – Екатеринбург, 1992. – 320 с.

Петрова А.Н., Промптова И.Ю., Фрид О.Ю., Спасский Г.В., Чарели Э.М. Культура сценической речи. Сборник статей. – Москва, 1979. – 413 с.

Саричева Е. Техника сценической речи. – Москва, 1939. – 108 с.

Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы, 1998. – 213 б.

Тұранқұлова Д. Сахна тілі [Мәтін]. Т.4: оқулық / Дариға Тұранқұлова. – Алматы: Білім, 2016. – 216 б.+8б. ISBN 978–9965–09–883–3

Хожамбердиев О. Сахналық тіл – сөз әрекетінің негізгі [Мәтін]: Оқу құралы. Ғылыми зерттеулер / Ордабек Хожамбердиев. – Алматы: КазНАИ им.Т.Жургенова, 2015. – 76 б. ISBN 978–601–265–156–0

Литература

Абзельбаев М.Н. Работа над речевым дыханием актера (Методическая разработка). – Алматы, 1988. – С.24. (русс).

Абзельбаев М.Н. Язык диктора радио и телевидения (Методическая разработка). – Алматы: Зумар, 2012. – 208 б. ISBN 978–601–7035–01–3 (каз).

Жунисов С. Акан сере. – Алматы: Жазушы, 1978. – 365 б. (каз).

Козлянинова И.П., Чарели Э.М. Тайны нашего голоса. – Екатеринбург, 1992. – 320 с. (русс).

Петрова А.Н., Промптова И.Ю., Фрид О.Ю., Спасский Г.В., Чарели Э.М. Культура сценической речи. Сборник статей. – Москва, 1979. – 413 с. (русс).

Саричева Е. Техника сценической речи. – Москва, 1939. – 108 с. (русс).

Туранкулова Д. Сценический язык. – Алматы, 1998. – 213 б. (каз).

Туранкулова Д. Сценический язык [текст]. Т.4: учебник / Дарига Туранкулова. – Алматы: Билим, 2016. – 216 б.+8б. ISBN 978–9965–09–883–3 (каз).

Хожамбердиев О. Сценический язык–основа речевой деятельности [текст]: Учеб. инструмент. научные исследования / Ордабек Хожамбердиев. – Алматы: КазНАИ им.Т.Жургенова, 2015. – 76 б. ISBN 978–601–265–156–0 (каз).

References

Abzelbaev M.N. (1988). [Work on the actor's river breathing (Methodical development)]. A., 1988., 24 p.

Abzelbaev, M. N. The language of the Radio and television announcer technique [text]: textbook / M. N.Abzelbayev. – Almaty: Zumar, 2012. – 208 p . ISBN 978–601–7035–01–3

Zhunusov S. Akan sere. Volume I., A., 1978., p. 365.

Kozlyaninova I. P., Chareli E.M. Secrets of our voice. Ekaterinburg.1992., 320 pages.

Petrova A. N., Promptova I.Y., Fried O.Y., Spassky G.V., Chareli E. M. The culture of scripted speech. Collection of articles. M., 1979., 413 p.

Saricheva E. Technique of scenario speech. M., 1939., L., 108 p.

Turankulova D. scenic language. A., 1998., p. 213.

Turankulova, D. scenic language [text]. Vol. 4: textbook / Dariga Turankulova.– Almaty: Education, 2016.– 216 P.+8b. ISBN 978–9965–09–883–3

Khodzhamberdiev, O. stage language is the basis of speech activity [text]: Textbook. the tool. scientific research / Ordabek Khojamberdiev.– Almaty: KazNAI Zhurgenova I.T., 2015. – 76 p. ISBN 978–601–265–156–0

ҒТАМР: 13.61.17 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-25

Ермагамбетова К.С.[1], Оразбаева Д.Е.[2]*
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-сұлтан, Қазақстан
e.kuralai@yandex.kz, orazbaevadana@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1620-5794, 0000-0001-7620-9917

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ БАТЫРЛАРДЫ МЕМОРИАЛДАУ ҮРДІСІ: МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Қазіргі кезде зерттеуші антропологтар мен мәдениеттанушылар арасында мемориалдау үрдісінің, коммеморация тәжірибелерінің жүзеге асырылуын зерттеуге деген қызығушылық жыл сайын артып келуде. Ал Қазақстанның барлық аймақтарында жергілікті мұра, жергілікті ұлы тұлға, аймақтың әлеуметтік және мәдени кеңістігін құру, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесін жандандыру үрдісі қарықынды дамуда. Бұл үрдіс бір жағынан мемлекеттік бағдарламалардың әсерінен іске қосылса, екінші жағынан, нақты бір акторлардың қалауы бойынша жүзеге асырылады. Соңғы он жылда қалыптасқан «Memory Studies» ғылымы адамзаттың мәдени, тарихи, ұжымдық естеліктерін ғылыми тұрғыда түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік берді. Қазақтың ұлттық тарихы мен мәдениетінде маңызды орын алатын ұлы тұлғалардың бейнесін, соның ішінде батырлар бейнесін сақтап қалу, оны болашақ ұрпаққа тарату қоғамның міндеті. Дегенмен, тарихи оқиғаны мемориалға айналдыру, ескерткіш арқылы оқиғаны ұрпаққа жеткізу мемлекеттік мемориалдау саясатының бағытының бірі болапы саналатыны анық. Орталық Азия елдерін зерттеуші Кристоффер Риз бойынша, «Қазақ елдігінің қалыптасу тарихындағы қанды оқиғаларды ескерткіштер, мемораллы орындар, естелік орындары арқылы мәңгі есте сақтау тәжірибесі тарихыт қайта қарастырумен байланысты, ұлттық құрылысытың жаңа бағыты» (Rees, 2020: 446). Ескерткіш сәндік үшін қойылмайды, ол тарихымызды дәріптейді. М. Хальвакс айтқандай, ұжымдық естелік бүгінгі шындыққа сәйкес келу үшін үздіксіз «тексерістен» өтеді (Хальвакс, 2007: 146). Сондықтан әрбір естелік орындарының қоғам үшін маңызы зор.

Мақалада Шығыс Қазақстан өңіріндегі коммеморация тәжірибесі қарастырылады. Шығыс Қазақстан өңірі өзінің табиғи, тарихи, мәдени және нышадық мұраларымен, мәдени ландашфтымен танымал. Сонымен қатар бұл өңірде мемлекеттік идеологиялық бағдарламаларды іске асырумен қатар ұжымдық естелікті бекіту мақсатында мемориалдар мен ескерткіштер орнату, жүйелі рәсімдер орындау және әртүрлі коммеморация тәжірибелері анық байқалады. Біз өңірдің ұлы тұлғаларын, соның ішіндегі жергілікті батырларды мемориалдау үрдісін қарастырамыз. Батыр деген сан қырлы ұғым. Өзіміздің зерттеу бағытымызда жоңғар шапқыншылығы және қазақ хандығы кезеңіндегі ерлігімен танымал болған, рулық сабақтастықты қалыптастаратын батырларға тоқтадық, атап айтқанда Қабанбай, Шынқожа, Тәуке, Ер Дәулет, Көкжал және басқа батырларға қойылған ескерткіштерге талдау жасадық. Бұл батырлар жергілікті тұрғындар үшін өте маңызды тұлғалар болып саналады. Аталған батырлар жергілікті мәдени бірегейлікті, ұлттық патриотизмді және әлеуметтік мәдени кеңістікті қалыптастырушы эмоционалды тұлғалар болып саналады.

Мақаладағы суреттер мен ақпараттар Шығыс Қазақстан өңіріндегі далалық зерттеулер нәтижесінде алынды.

Кілтті сөздер: мемориалдау, батыр, ескерткіш, естелік орын, мәдени естелік, ұжымдық естелік, коммеморация.

Кіріспе. Соңғы он бес жылда гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар зерттеушілерінің мәдени және тарихи естелік *(«жады» сөзі психологиялық катего-*

рия болғандықтан, мәдениеттану ғылымында «естелік» деген сөзді қолдануды жөн көрдік) мәселесіне деген қызығушылықтың артуын байқаймыз. Қазіргі қоғамның рухани жаңғыруын жүзеге асыру үшін еліміздің өткен тарихи-мәдени мұралары мен батырларын есте сақтау, тарихты қайта қарастыру мәселесі өткір пікір-таласты тудыруда. Сонымен қатар, аймақтық және ұлттық бірегейлік мәселесі де әртүрлі пікір-таласты туғызуда. Мемлекеттік мәдени саясатты және елдің даму жобаларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттің әртүрлі деңгейдегі зерттеу институттары тарихи тұлғаларға мемориалды кеңістіктер құрды. Әсіресе, жергілікті аймақтық тарих пен мәдениетке, өлкетануға, ұрпақтар жалғастығына, рулық сабақтастыққа деген қызығушылық пен оны мемориалдау тәжірибелері қазіргі мәдени саясаттың трендіне айналып отыр. Бұл бір жағынан саяси стратегия болса, екінші жағынан ұлттық, мәдени және аймақтық бірегейлікті қалыптастырудың бір жолы екені анық. Зерттеуші Н.Е. Копосовтың пікірі бойынша, «тарихи қайраткер бейнесі қоғам үшін түсінікті, әрі нышандық әсер береді. Қоғамдық сананың оянуы мен жетілуіне септігін тигізеді» (Копосов, 2011:25). Мұндай тұлғаларға қазақ тарихындағы еркіндік үшін күрескен, жер үшін, отан үшін «қан төккен» батырларды, қоғам қайраткерлерін және тағы басқаларын жатқызуға болады. Батырларды мемориалдау және жергілікті аймақтарда мемориалды кеңістіктер жасау үрдісі ұлттық, аймықтық, мәдени бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Мақаламыздың зерттеу нысаны – Шығыс Қазақстан аймақтарындағы батырларды мемориалдау үрдісі. Шығыс Қазақстан өңірі тарихи, табиғи мұраға бай. Оның мәдени және нышандық капиталы аймақты ұлттық және жергілікті мағынаға ие ерекше «естелік (жады) орны» ретіне дәріптеуге мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан өңірінде жергілікті батырларға ескерткіш қою, ауылдарға батырлар есімін беру, мазарлар мен кесенелер тұрғызу үрдісі кең таралуда. Бұл үрдістер өңірдің инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, келуші қонақтар мен саяхатшылардың, зиярат етушілердің, зерттеушілердің де қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, өңірдің мәдени-тарихи мұрасы, сакралды және табиғи әлеуеті «Киелі Қазақстан» (Киелі Қазақстан географиясы, 2017), «Туған жер» (Ұлттық рухани жаңғыру, 2021), «Ұлы даланың жеті қыры» (Ұлы даланың жеті қыры, 2018) жобалары тарапынан белсенді зерттелуде. Дегенмен, Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи және мәдени естеліктерді меморалдау үрдістері мәдениеттану тұрғысынан жеткілікті зерттелген жоқ.

Біздің зерттеуімізідің ерекшелігі – Шығыс Қазақстан өңіріндегі жергілікті батырларды мемориалдау үрдісін коммеморация тәжірибелері шеңберінде зерттеу, аймақтың «эмоционалды келбетін» саралау.

Материалдар мен әдістер. Тарихи-мәдени естелікті түсіну, оны сақтау, қоғамдағы қызметін зерттеу мәдениеттану, тарих ғылымдары үшін үлкен дисскуссиялық мәселе. Батырларды мемориалдау үрдісін зерттеудің әдістемелік бағдары батыс антропологтары П.Нораның, М.Хальвакстың, А.Ассманның, Я.Ассманның, П.Хаттонның және Қазақстандағы коммеморация тәжірибелерін зерттеушілер К.Медеуованың, У.Сандыбаеваның, Д.Толгамбаеваның зерттеулері негізінде құрылды.

М.Хальвакстің «ұжымдық естелік - қоғамның өмір сүруі үшін қажетті әлеуметтік тәжірибе, ал тарихи естелік әрбір әлеуметтік топтың немесе қоғамның өзін өзі

сәйкестедіруі үшін маңызды немесе ұжымдық естеліктің нышандық репрезентациясы» (М.Хальвакс, 2005: 8) тұжырымдамасы мемориалдау үрдісінің қоғамдық сана үшін маңыздығын анықтауға мүмкіндік берді.

Американдық зерттеуші П.Хаттонның «естелік бейнелері үзінді түрде ғана беріледі. Дәстүрді қорғаушылар коммеморация тәжірибесі арқылы естелік орындарын жасауы тиіс» (Хаттон, 2003: 202) тұжырымдамасы Шығыс Қазақстан аймақтарындағы коммеморация үрдістерінің қалыптасу механизмдерін зерттеуге жол ашты. Жергілікті орталық кеңістіктерде ескерткіштердің қойылуы, мемориалды кешендердің құрылуы біріншіден, мемлекеттік тапсырыс арқылы жүзеге асырылса; екіншіден, жүз немесе ру өкілдерінің өз батырларын дәріптеу негізінде; үшіншіден, белгілі бер отбасының өз аталарын «еске түсіру, оның қоғам өміріндегі рөлін» мадақтау негізінде жүзеге асырылды.

Ескерткіштер, мазарлар, мемориалды кешендер және кесенелер аймақтық кеңістікті толтыруға бағытталған архитектуралық сән беретін нысан емес. Ол «естелік орны». «Естелік орны немесе естелік территориясы» ұғымын қолданысқа егізген П.Нора. П.Нора бойынша, естелік орны – кеңістіктің категориялар көмегімен жады әлемін сипаттау, адамды өткен шақпен байланыстыратын біріктіргіш. Естелік орны коммеморация нәтижесінде пайда болады, яғни, әртүрлі тәсілдер кешені арқылы бекітіледі. Сақталады және ұрпақтан ұрпаққа материалды нысандар түрінде таратылады. П.Нора естелік орнының үш мағыналық белгісін ажыратады: материалды, нышандық және функционалды. Олар өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады (Нора, 2002: 39). П.Нора теориясына сәйкес батырлар ескерткіштеріне сипаттау және мағыналық талдау жасалды.

Қазақстандық зерттеуші К.Медеуова бойынша, қазақстандық кеңістіктегі естелік орындарының қалыптасуы постколониалды, посткеңестік трансформациялармен және тарихи реконструкциямен байланысты (Медеуова, 2017: 24). Шынымен де, батырлар ескерткішін орнату қазақстанның барлық өңірлерінде, шағын ауыл-аймақтарда қарықынды жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз тарихымыз бен мәдениетіміздің ұмытылған бөліктерін жаңғырту деп түсінуге болады, сонымен қатар, ұлы тұлғалармен мақтану және өсіп келе жатқан ұрпақтарға танымдық ақпарат беру деп түсінуге болады.

А.Ассманның «Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика» атты еңбегі батырлар ескерткішін ұлттық өткен өміріндегі «қара таңбаның», қайғылы оқиғаның, адамзат жүрегіндегі ауыр жарақттың ұмытылмас бөлшегі ретінде қарастыру бағдарын берді. Батырлардың ерлігі бір жағынан мақтанышпен еске алынса, екінші жағынан ауыр қаза ретінде жадыда сақталады. Осы естеліктің ұрпақтан ұпақа сақталуын мемориалдау үрдісі жүзеге асырады. А.Ассман өзінің кітабында «мемориалды мәдениет» ұғымын енгізеді. А.Ассман бойынша «мемориалды мәдениет – мәдениетте бүгінгінің бейнесін жасап болашаққа қалдыру» (Ассман, 2014: 12-15).

Мемориалдау үрдісін зерттеу барысында теориялық тұжырымдамаларды талдаумен қатар, визуалды сипаттау, салыстыру, нарративті талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Мақаланың мақсаты – Шығыс Қазақстан аймақтарындағы мемориалдау үрдісін мәдени антропологиялық талдау. Ол үшін қазақ тарихы мен

мәдениетінде ерекше орын алатын батырларға арналған ескерткіштердің қойылу үрдісі зерделенеді. Батырлар ескерткішін мемориалдау үрдісін талдау барысында А.Ассманның «мемориалды мәдениет», М.Хальвакстың «тарихи естелік», «ұжымдық естелік», П.Нораның «естеліктер орны», Я.Ассманның «мәдени естелік» тұжырымдарына сүйендік. Бұл тұжырымдар«мемориалдау мәдениетінің» қазақ тіліндегі теориялық-әдістемелік негіздемесін қалыптастыуға көмектесті. Талдау нәтижесінде алынған категориялық ұғымдар мен теориялық тұжырымдар «естеліктер тәжірибесі» бағытындағы зерттеушілерге әдістемелік көмек береді.

Адамзаттың сана астында немесе түпсанасында, жүрек түбінде ауыр жарақаттың ізі ұзақ уақыт сақталады. Сол жарақатты адам қағазға басу немесе бейнелеу арқылы сыртқа шығарады. Нәтижесінде нарратив түрінде таралады. Нарратив естелік туралы баспа құралдарының жариялануына, Аймақтың мәдени кеңістігінде орнатылған батырлар ескерткіші немесе кесенесін мәдени антропологиялық тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан аймақтарындағы батырлар ескерткішінің қоғамдағы орны мен рөлін аынқтау барысында келесідей нәтижеге қол жеткізілді: біріншіден, батылар ескерткіші «естелік орны» ретінде; екіншіден, батырлар ескерткіші «тарихи, мәдени, ұжымдық естелік» ретінде; үшіншіден, батырлар ескерткіші мәдени кеңістікті құраушы құрал ретінде жіктелді.

Сонымен қатар, батырлардмемориалдау үрдісіндегімемлекеттікбағдарламалардың рөлі зерделенді. Атап айтқанда, батырлар ескерткіштерін орнату мен мемориалды кешендер тұғызу үрдісінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақ хандығының – 550 жылдығы» мерей тойын атап өту жобаларының үлесі қарастырылды.

Талқылауы. П.Нораның «естеліктер орны» тұжырымдамасына сәйкес Шығыс Қазақстан-ның мемориалды кеңістігі нышандық, материалды және функционалды құрылымнан тұрады. Шығыс Қазақстанның ландшафты мен тарихы әртүрлі оқиғаға толы. Шығыс Қазақстан өңірінен әулие, емші, ақын, жазушы, еңбек ерілерімен қатар, ел қорғаушы батырларда шыққан. Барлығының өз еліне деген сіңірген еңбегі зор. Біздің мақаламызда Жоңғар шапқыншылығы кезінде жері үшін күрескен, еркіндік пен азаттық үшін күрескен батырларға арналған ескерткіштерге талдау жасаймыз. Олардың архитектуралық сипатын жасаймыз, себебі батырлардың мифологиялық эпостық бейнесі мен, халықтың жадында сақталған келбеті кейбір кезде сәйкес келе бермейді. Әлеуметтік мәдени кеңістіктегі рөлі туралы зерделейміз.

Батырлар қазақ қоғамы үшін «эмоционалды тұлға». Олар азаттықтың, еркіндіктің және елдіктің нышаны. Қазақстанның аймақтарында орнатылған ескерткіштердің бір ерекшелігі – барлығы аттың үстінде отырғызылған. Бұл халық санасында жылқы малынының да адам өмірінде, соның ішінде, батыр болмысын сипаттауда маңызды орын алатынын сипаттайды. Қазақстан кеңістігінде батырлар ескерткішінің бір типте аттың үстінде сипатталғандығы, оның эстетикалық өлшемі туралы К.Медеуова өзінің «Конная скульптура современности» (Медеуова, 2007) мақаласында жақсы сипаттаған. Аттың үстінде отырған бір қолында найзасы мен екінші қолына қалқан ұстаған батырдың бейнесін барлық аймақтардан көруге болады. Әрине қазақ батырларын атсыз елестету мүмкін емес. Бұл бөлек мәселе, дегенмен, бұл да ұжымдық

естеліктің бейнесін көрсетеді.

Шығыс Қазақстанда Қабанбай батырға арналған ескерткіштер көп. Олардың көбі аттың үстінде бейнелеген. Шығыс Қазақстан үшін Қабанбай батыр ерекше тұлға. Жергілікті эмоционалды тұлға ретінде оның астындағы атын бейнелеуде жергілікті тұрғындар үшін маңызды орын алады. Қабанбай батыр ескерткіші Шығыс Қазақстанның бес аймағында кездеседі. Біріншісі, Семей қаласынның теміржол вокзалының алаңында орналасқан ат үстінде отырған Қабанбай батыр ескерткіші (сурет 1). Ол 2004 жылы орнатылған. Мүсіншісі - Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Е.А.Көкеев. Батыр ескерткіші биік аппостоментте, атты мүсінде орнатылған, оң қолында найзасы сол қолында қалқан ұстаған, басында дулыға киген қалпын бейнеленген. Ескерткіш әкімшілік тапсырысы бойынша орнатылған. Сондықтан мемлекеттік идеологиялық мағынаға ие. Поездан түскен жолушылар үшін батырдың бейнесі арқылы қалаға да батыр келбетін береді. Міндетті түрде эмоционалды күй сыйлайтыны анық. Ескерткіштің айналасына сара жол жасалған, демалу орны ретінде орындықтармен толықтырылған. Ескерткіш вокзал алаңында орналасқандықтан адамдардың кездесу орны қызметін атқарады.

Сурет 1. Семей қаласында теміржол вокзалында орналасқан Қабанбай батыр ескерткіші (автордың түсірген суреті, 2021)

Қабанбай батырдың екінші ескерткіші 2008 жылы Үржар ауданы, Мақаншы ауылындағы орталық саябақта орналасқан (Сурет 2). Бұл ескерткіште ат үсітндегі Қабанбай бейнесі. Ескерткіш Мақаншы ауылындағы Қабанбай батырдың ұрпақтарының тапсырысы бойынша жасалған. Ескерткіш авторлары – Қ.Сыдықов, Ұ.Сыдықов. Ескерткіш қоладан жасалған аттың үстінде дулыға киген оң қолында найзасы бар айбынды батыр мүсінін жасаған мүсінші Б.Құсайынов. Аппостамент қызыл гранит тастан көтерілген. Ескерткіште Қабанбай батыр айтқан сөзі жазылған: «Алыс-жақын демеймін, Мұсылман кәпір демеймін, Атымды кім атаса, Қоштап-қолдап жебеймін» - деген Қабанбайдың сөзі жазылған.

Сурет 2. Мақаншы ауылының орталық саябағында орналасқан Қабанбай батыр ескерткіші (автордың түсірген суреті, 2021)

Қабанбай батырдың келесі ескерткіші 2012 жылы Тарбағатай ауданының Омск–Майқапшағай тас жолының бойында Тарбағатай ауданына бұрылысындағы Боғаз бекетінде қойылған (Сурет 3). Ескерткіш «Менің бабам – Қабанбай батыр» қорының қаражатынан тұрғызылған. Батыр ескерткішін орнату бойынша қорға қаражатты барлық аудан тұрғындары жинаған. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша батырдың ескерткішінің ашылу салтанатында ауданда ас беріліп, аламан бәйге өткізілген. Бұл ескерткіште ат үстіндегі батырдың бейнесін көрсетеді. Ескерткіштің өзгешелігі Қабанбай батырдың атының алдыңғы аяқтары биік көтерілген. Барлық ескерткіштерде баяу жүріп бара жатқан ат бейнеленсе, мына ескерткіште аттың батылдығына екпін қойған.

Сурет 3. Тарбағатай ауданының Омск–Майқапшағай тас жолында орнатылған Қабанбай батыр ескерткіші ((автордың түсірген суреті, 2021)

2014 жылы Өскемен қаласының кіре берісінде ат үсітнде отырған қолында найзасы бар Қабанбай ескеркерткіші орнатылды (Сурет 4). Ат пен бардың биікті алты метр, жаслаған материалы – қола. Мүсіннің авторы – танымал мүсінші Нұрлан Далбай. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржыландырумен тапсырысты орындаған Нұр-Сұлтан (сол кездегі Астана) қаласының ЖШС «Балқыту» компаниясы.

Айта кетерлігі, тұрғындар батыр мүсінінің қала сыртына орнатылу себебі «ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорған болып, ел тыныштығын сақтап тұрғандай», – деп пікір білдіруде. Дегенмен, Қабанбай батырдың «жаудың өтінде, жердің шетінде боламын» сөзі бар. Қабанбай батыр ескерткіштерінің кіре берістерге немесе жол қиылысытарына қойылуының себебі осында шығар. Яғни, «мен елімнің, халқымның қорғанышымын» деп тұрғандай. Ескерткіштің символикалық мағынасы өскелен ұрпақтың ұлттық санасын жаңғырту демек, бұл тек естелік орыны ғана емес, сонымен қоса болашақта түрлі мәдени-ғылыми іс-шаралар өткізілетін алаңға айналмақ.

Сурет 4. Өскемен қаласының кіреберісінде орналасқан Қабанбай батыр ескерткіші

Қаракерей Қабанбай батырдың Үржар ауданында бір емес екінші рет ескерткіш орнатылды. Алғашқы Қаракерей Қабанбай батыр ескерткіші өзге аймақтардағы бейнеленген ескерткіштердегі батыр образдарына сәйкес келмегендіктен алынып тастады. Бұған дәлел әлеуметтік желіде авторы белгісіз мақалада: «Қабанбай батырды қалай қашағанбыз» Үржардағы ескерткіш сондай аянышты батыр емес, көшеде жүрген қаңғыбастың кейпін көргендей боласын (Қабанбай батырды қалай қашағанбыз? URL)

Халық тарапынан сынға ұшырағанның нәтижесінде батыр ескерткіші Үржар ауданының орталығынан алынып орнына 2017 жылы гранит тастан қашалған биік, еңселі, батырдың даңқын асқақтайтын рухты ескерткіш қойылды. Мүсінші – Б.Құсайынов. Жалпы мұндай ротациялар елімізде болып тұрады, себебі, саяси – мәдени мемлекеттік бағытынан бөлек жоғарыда айтып өткеніміздей батырға ескерткіш орнату үрдісі тікелей ұрпақтарының да септігі тиеді.

Қаракерей Қабанбай батырдың жаңа ескерткіші Абылайхан даңғылының бойында аудандық әкімдік ғимаратына қарама-қарсы тұрған орталық алаңда орнатылған (Сурет 5). Бұл ескерткіш өзге батырлар ескерткіштерінен өзгеше. Жоба авторы К.Шалабаевтың пікірінше, «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» деген пікірмен, Абылайханның бас сарбазы Қабанбайды «Мәңгілік елге» аяқ басқан батыр ретінде жаяу тұрған батыр ретінде сипатталған. Ат үстінде отырғызылып орнатылған батырлар ескерткіштері бір біріне ұқсап кеткен, ажырату мүмкін емес. Сол себепті автор бұл ескерткішті барлығынан өзге етіп бейнелеуге тырысқан. Қазбалай берсек кемшілік табылады. Дегенмен, алғашқы атсыз батырдың бейнесі сәтті шықты деп айтуға болады.

Сурет 5. Үржар ауданында орналасқан Қабанбай батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2017)

Қаракерей Қабанбай батырмен үзеңгілес болған қазақ хандығында өзіндік орны бар Ер Дәулетбай батыр ескерткіші Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында бой көтерді (сурет 6). Жергілікті тұрғындардың пікірі бойынша, Тарбағатай жері жоңғар шапқыншылығы кезінде жер мен елге қалқан болған мекен, қасиет қонып құт дарыған өңір. Тарбағатай өлкесі өзінің ұлы тұлғаларымен мақтан етеді. Дәулетбай батыр ескерткішін орнату «Туған жерге – тағзым» акциясы аясында батырдың ұрпақтары мен жергілікті тұрғындардың бастамасымен жүзеге асырылды. Ескерткіш гранит тастан жасалынған, жанына мәрмәр тасты тақтайшалар қойылған, онда қазақтың тарихына мәдениетіне қатысты деректер мен суреттер қашалып жазылған. Мүсіннің авторы – мүсінші Т.Сейітов. ескерткішті жасау үшін үш жыл уақыт кетті, себебі, Дәулетбай батырдың суретін табу қиындық туғызды. Қытай мұрағаттарында сақталған Дәулетбай батырдың жалғыз суреті негізінде мүсін жасалып ауданның мақтанышына айналды. Ескерткіш Қазақ хандығының 550 жылдығы мерей тойының

қарсаңында 2015 жылы мамыр айында «Бірлігі мықты ел озады» марафонды шеру аясында ашылды.



Сурет 6. Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында орналасқан Ер Дәулетбай батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2015)

Ұжымдық естеліктің, жергіліктік бірегейліктің тағы бір көрінісі – Тарбағатай ауданында орнатылған Тәуке батыр ескерткіші (сурет 7). Ескерткіш «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2019 жылы Тәуке батырдың 340 жылдық мерейтойына орай орнатылды. Тәуке батыр тарихта батырлығымен қатар күйші, ақын әрі шешендігімен белгілі болған. Ауыл тұрғындарының пайымдауынша ескеркіш ашылған күні батыр баба рухына тағзым еткен шара барысында ақындар айтысы өткізіліп, ұлттық ойындар ойнатылды, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді.

Сурет 7. Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында орналасқан Тәуке батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2019 ж)

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай 2015 жылы өр Алтай ланшафтында екі батырға ескерткіш ашылған. Қатонқарағай ауданында Қаратай Көкжарлыұлына «Туған жерге тағзым» деп өңір азаматтары Қ.Оразаев, Қ.Ахметов, Ғ.Шаймерденов, Б.Нұралин батыр ескерткішін туған өңірлеріне тарту еткен. Қаратай Көкжарлыұлы Абылай ханның дәуірінде өмір сүрген жоңғар қалмаққа қарсы соғысқа шыққан батыр. Батыр Қаратай Көкжарлы ескерткішінің ерекшелігі батыр аттан түсіп құшағын айқара ашып тұрған кейпін мүсіндеген (сурет 8).

Сурет 8. Катон-Қарағай Қаратай ауданында Қаратай Көкжарлыұлы батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2015)

Күршім ауданында Көкжал Барақ батырға екі ескерткіш орнатылған. Ескерткіш Күршім ауданның Өскемен жақтан кіре берісіндегі оңжақтағы оқшау таудың үстінде орналасқан. Әдеби дереккөздерде бұл жерді «Қарауыл төбе» деп атаған. Яғни, жаугершілік уақытында бұл жерде қарауыл тұрған екен. Бүгінгі күні бұл төбеде қоладан құйылған Көкжал Барақтың атты мүсіні орналасқан. Абылай ханның заманында еркіндік үшін атқа мініп қолына қару ұстап ерлік көрсеткен батыр. Күршім ауданына ескерткіштің орнатылуы батырдың туған жеріне байланысты (сурет 9). Ескерткіш авторы Р.Тоқтарбек. Сондай-ақ, Өскемен қаласында Барақ батыр атында көше атауы да бар. Қоладан жасалған ескерткішті Қазақ хандығының 550 жылдығына орай аудан әкімдігі тарапынан орнатылған. Екінші ескерткіш Күршім ауданың Теректі Бұлақ ауылында батыр бюсті 1992 жылы Көкжал Барақ батырдың 290 жылдығына орнатылған (сурет 10).

Сурет 9. Күршім ауданындағы Көкжал Барақ батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2015)

Сурет 10. Күршім ауданындағы Теректі бұлақ ауылы Көкжал Барақ батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан)

(

Шығыс Қазақстан облысының үлкен аудандарының бірі болып саналатын Аягөз ауданы ескерткіштер мен түрлі таңбаларға бай өңір. Аягөз ауданының Нарын ауылдық округінің Шыңқожа ауылында Шыңқожа батыр ескерткіші орнатылған (сурет 11). Батыр ескерткіші еліміздің айтулы күніне орай яғни Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығының қарсаңында ашылған. Қазақтың хас батыры Шыңқожа Базарқұлұлының ескерткіші Алматы – Өскемен жолы бойында орнатылған. Ескерткіш орнатылған күні «өлі разы болмай тірі байымайды» деген ниетпен ауыл тұрғындары батыр аруағына арнап құран бағыштап ас берілген. Шыңқожа батыр ескерткішін салтанатты ашылуна орай «Шыңқожа батыр және Аягөз өңірінің әдеби-мәдени шежіресі» тақырыбында конференция өткізілген.

Сурет 11. Аягөз ауданында Шыңқожа батыр батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2016)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Зайсан ауданында Қабанбай батырдың сенімді серігі болған батыр Баймұрат Бәйімбетұлына ескерткіш орнатылды (сурет 12). Баймұрат батыр ескерткіші Зайсан қаласының кіре берісінде орналасқан. Батыр бейнесінің авторы мүсінші Н.Қалиев. Ескерткішті орнату Зайсан елінің азаматтарының демеушілігімен жүзеге асқан.

Сурет 12. Зайсан ауданында Баймұрат батыр ескерткіші (автордың жеке мұрағатынан, 2016 ж)

Сонымен қатар, туған жерге тағзым жобасы аясында Жарма ауданы Ортабұлақ ауылында 2009 жылы Ер Жәнібек батырға мемориалды кешен ашылған. Мүсіншісі Ж.Әлімбаев, сәулетшісі Ш.Өтебаев. Ескерткіштің сыртына 12 босағалы кең қоршау мен биік мұнара орнатылған. Екі бірдей батыр ескерткіші орнатылған Абай ауданының Қарауыл ауылы. Қарауыл ауылында Мамай Жұмағұл батыр мен Тоқтамыс Лақаұлының ескерткіштері орнатылған. Мамай Жұмағұл батыр жоңғар шапқыншылығы кезіндегі белді мүшесі. Мамай Жұмағұл батырдың ескерткіші 2015 жылдың тамыз айында ауылдың жаңа саябағында бой көтерген. Ескерткіш қызыл гранит тастан жасалған биік аппостаментте орнатылған. Батыр аттың үстінде оң қолын жоғары көтеріп шауып бара жатқан қалпын мүсіндеген авторы М.Әбілқасымов. «Ту тіккен Тобықтының қос басшысы» аталып кеткен батыр ескерткіші 2019 жылы Қарауыл ауылында орнатылды. Еңселі ескерткіш «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асып, Тоқтамыс батырдың 290 жылдығына орай ашылған.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесі Шығыс Қазақстан өңірінің мемлекеттік идеологиялық, мәдени және тарихи нышандық әлеуетінің жарылығын дәлелдейді. Өңірдің әлеуетін «Қазақстанның киелі жерлері», «Туған жер», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары, ұжымдық естелікке негізделген халықтың бастамасы, ұрпақтар сабақтастығы куәләндырады.

Далалық зерттеу барысында аймақтың тұрғындарының патриоттық сезімін жоғары екенін байқадық. Жергілікті батырларды мүсін ретінде ғана емес, елдік пен тәуелсіздіктің нышаны, ұлттық бірегейлік ретінде қабылданады.

Шығыс Қазақстан өңірі тек қана батырлар ескерткішімен ғана мақтанып қоймайды, табиғаты да адамды тамсандыратын жер. Зерттеу нысанымыз батырлар болғандықтан осы мақаламызды батырларға арнадық.

Зерттеу барысында батырлар ескерткіштерінің орнатылуының бірнеше себептерін анықтадық. Олар:

– батырларды ескерткіш арқылы насихаттап өскелең ұрпақтың санасына сіңіру;

– 70 жыл бойы Ресей империясының бодандығы кезінде ұмытылған және бұрмаланған қазақ мәдениеті мен тарихын қалпына келтіру;

– егеменді қазақ елінің жаңа мәдениеті мен тарихын жасау;

– халық мұрасын сақтау және дәріптеу;

– мемлекеттік жобалардың жүзеге асуы;

– бүгінгі ұрпақтың бабаларға, өткенге деген құрметі, ұрпақ сабақтастығын нығайту;

– ұлттық сананы жаңғыртып, мәдени танымдық ақпарат беру.

Батырлар ескерткіштерінің орналасу жері орындары әр түрлі. Бірі ауылдың кіре берісінде орналасса, бірі ауылдың орталық саябақтарында орнатылған. Бұның да өзіндік ерекшелігі бар. Ауыл сыртында орналасқан батыр ескерткіші жергілікті халықты сыртқы жаулардан қорғап тұрғандай кейіп танытады. Орталық алаңда, саябақта бой көтерген еңселі айбынды батыр ескерткіші ауылдың сәнін келтіріп қана қоймай, жергілікті халықты рухтандырып жігерлендіреді.

Батырларға арнап ескерткіш орнатудан бөлек Шығыс Қазақстан облысында батырлардың құрметіне бірнеше ауыл атаулары берілген, ол Шыңқожа ауылы, Қабанбай ауылы, Мамай ауылы және Барақ батыр ауылы.

Шығыс Қазақстан аймақтарында жүргізілген далалық зерттеу нәтижесі бойынша батырлар ескерткішінің реестрі жасалды (Кесте 1).

П.Нора айтқандай, естелік орнындары, ескерткіштер өздігінен пайда болмайды, олар сезім арқылы пайда болып өмір сүреді, яғни ол үшін мұрағаттарды құру, мерейтойларды атап өту және мерекелерді атап өту мен қабір тастарын орнату арқылы қалыптасады, бұл ұжымдық естеліктің жиынтығы.

Батырлар ескерткіштеріндегі батырлар бейнесі қаншалықты мифтерде, ертегілерде немесе эпостық жырлардағы бейнеге сәйкес келетіндігі туралы сұрақ келесі зерттеуді қажет етеді.

Батырларды мемориалдау үрдісі жергілікті бірегейлікті қалыптастыратындығы ақиқат. Еліміздің болашағы үшін, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу үшін өте маңызды үрдіс болап табылады.

Кесте 1. Шығыс Қазақстан аймақтарындағы батырлар ескерткішінің реестрі

№№	Ескерткіш атауы	Орналасқан жері және жылы	Авторлары	Түсініктеме
11	Кабанбай батыр	Семей қаласы 2004	Е. А Көкеев	Атты мүсін биіктігі 3,8 метр, салмағы 3,5 тонна, биіктігі (тағанымен қосқанда) 10 метр.
22	Қабанбай батыр	Өскемен қаласы 2014	Н. Далбай	Атты мүсін биіктігі (тағанымен қосқанда) 13 метрден асады. Ескерткіштің салмағы – 8 тонна.
33	Кабанбай батыр	Мақаншы 2008	Б.Кусаинов	Атты мүсін биіктігі (тағанымен қосқанда) 10 метр. Мүсін қоладан құйылған .Салмағы 3 тонна .
4	Кабанбай батыр	Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылы 2012	-	Атты мүсін биіктігі (тағанымен қосқанда) 17,3 метр. Ескерткіш «Менің бабам - Қаракерей Қабанбай» қорының қаражаты есебінен орнатылды. Ескерткіш Қытай Халық Республикасының «Altay Prefecture Ali Trading Co.,Ltd» фирмасында жасалған, фирманың өкілі Гани Курбан.
5	Кабанбай батыру	Үржар 2017	К.Шалабаев	Биіктігі 10 метр гранит тастан қашап жасалған
4 6	Дәулетбай батырға	Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында 2015	Т. Сейітов	Ескерткіштің биіктігі 8 метр болып табылады. Гранит тастан ойылған ескерткіштің маңына мәрмәр тасты тақтайшалар қойылып, онда қазақтың тарихына қатысты суреттер мен деректер қашалған.
7 7	Тәуке Жұмықұлы	Тарбағатай ауданы Ақжар ауылы 2019	Б .Карибаев	Атты мүсін. Ескерткіштің биіктігі 4 метр құрғақ цемент пен ұсақ гранит технологиясымен жасалған.
8	Мамай Жұмағұл	Абай ауданы, Қарааууыл 2015	М.Әбілқасымов	Атты мүсін. Ескерткіштің биіктігі 4 метр
19	Қаратай Көкжарлыұлы	Қатон қарағай ауданы 2015	Қ.Оразаев, Қ.Ахметов, Ғ.Шаймерденов, Б. Нұралин	Атты мүсін «Мұзтау» қоғамдық қоры» қаражатының есебінен орнатылды. Ескерткіш Қазақ хандығының 550 жылдығына орай орнатылған.
110	Көкжарлы Көкжал Барақ	Күршім ауданы 2015	Р.Тоқтарбек	Атты мүсін қоладан жасалған Ескерткіш өзегінде баспалдақ орналасқан .
111	Көкжарлы Көкжал Барақ	Күршім ауданы Теректі бұлақ ауылы 1992	-	Қоладан құйылған бюст батырдың 290 жылдығына орнатылған

112	Шыңқожа батыр Базарқұлұлы	Аякөз ауданының Шынғожа ауылында 2016	О.Болсамбеков	Атты мүсін қоладан құйылған. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығының қарсаңында ашылған. Ескерткіш Алматы – Өскемен жолы бойында орнатылған.
13	Баймұрат батыр	Зайсан ауданы	Н. Қалиев	биіктігі тұғырымен қоса алғанда 10 метр болатын, салмағы 7 жарым тоннаға жуықтайтын ескерткіші қоладан құйылған,
14	Тоқтамыс батыр	Абай ауданы, Қарауыл ауылы 2019	Н. Қалиев	Атты мүсін қоладан құйылған
15	Ер Жәнібек	Жарма ауданы Ортабұлақ мекенінде 2009	Қ.Сүлейменов Ж.Әлімбаев Ш.Өтепбаев	Мұнараның биіктігі 40, ал қола ескерткіштің биікті - 5 Ескерткіштің екі жағына көк түркінің символы саналатын қос бөрі қойылған. Батыр мүсінінің сыртында 12 босағалы кең қоршау және биік мұнара орнатылған. 12 босағалы қоршау – батырдың руы Керей 12 тармақтан тұрады дегенді білдіреді. Биік мұнара өзегінде баспалдақ орналасқан.

Ермағамбетова К.С. [1], Оразбаева Д.Е.[2]*
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Қазақстан
e.kuralai@yandex.kz, orazbaevadana@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1620-5794, 0000-0001-7620-9917

Процесс мемориализации героев в Восточно-Казахстанской области: культурный антропологический анализ

Аннотация. В настоящее время интерес к изучению процесса мемориализации, реализации практик коммеморации среди исследователей антропологов и культурологов с каждым годом растет. А во всех регионах Казахстана динамично развивается процесс активизации вопросов местного наследия, создания местного культа личности, социального и культурного пространства региона, формирования национальной идентичности.

Эта тенденция, с одной стороны, активизируется под влиянием государственных программ, с другой – осуществляется по усмотрению конкретных авторов. «Memory Studies», сформировавшаяся за последние десять лет, позволила научно осмыслить и интерпретировать культурные, исторические, коллективные памяти человечества. Задача общества сохранить образ великих личностей, в том числе героев, занимающих важное место в национальной истории и культуре казахов, передать его будущим поколениям.

Тем не менее, превращение исторического события в мемориал, передача истории через памятник поколениям является одним из направлений государственной мемориальной политики. По словам исследователя стран Центральной Азии Кристоффера Риза, «опыт увековечивания травматических событий в истории становления казахского народа через памятники, мемориалы, памятные места связан с переосмыслением истории, то есть нациостроительством» (Rees K. M, 2020: 446). Памятник не ставится для декорации, он прославляет нашу историю. Как сказал М.Хальбвакс, коллективная память проходит непрерывную «ревизию», чтобы соответствовать сегодняшней реальности (М.Хальбвакс, 2007: 146). Поэтому каждое памятное место имеет большое значение для коллектива.

В статье рассматривается опыт коммеморации в Восточно-Казахстанском регионе. Восточно-Казахстанский регион известен своим природным, историческим, культурным и символическим наследием, культурным ландашфтом. В то же время в регионе наряду с реализацией государственных идеологических программ четко прослеживается практика установления мемориалов и памятников, выполнения системных процедур и различных коммеморациий с целью закрепления коллективной идентичности. В статье мы рассматриваем процесс мемориализации великих личностей региона, в частности локальных героев. Герой-многогранное понятие. В своем исследовательском направлении мы остановились на героях, прославившихся своим героизмом в период джунгарского нашествия и в период формирования Казахского ханства. Исследование проведено по памятникам Кабанбая, Шынкожи, Тауке, Ер Даулет, Кокжал и других батырах. Эти герои считаются очень важными фигурами для местных жителей. Указанные герои считаются эмоциональными личностями, формирующими местную культурную идентичность, национальный патриотизм.

Фотографии и информация в статье получены в результате полевых исследований в Восточно-Казахстанском регионе.

Ключевые слова: мемориализация, батыр, памятник, место памяти, культурная память, коллективная память, коммеморация.

Yermagambetova K.S.[1], Orazbayeva D.E[2]*
L.N.Gumilov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e.kuralai@yandex.kz, orazbaevadana@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1620-5794, 0000-0001-7620-9917

The process of memorialization of heroes in the East Kazakhstan region: cultural anthropological analysis

Abstract. Nowadays, the interest in the study of the memorialization process, the implementation of commemoration practices among anthropologists and culturologists is annually growing. In all regions of Kazakhstan, the process of activation of local heritage issues, the creation a local personality cult, social and cultural space of the region, and the formation of a national identity is dynamically developing. This tendency, on the one hand, activated under the influence of state programs; on the other hand – carried at the discretion of specific actors. "Memory Studies", which has been developed over the past ten years, has made it possible to scientifically comprehend and interpret the cultural, historical and collective memories of humanity. The task of the society is to keep the image of great personalities, including heroes, who occupy a significant place in the national history and culture of the Kazakhs, and to pass it on to future generations.

Nevertheless, the transformation of a historical event into a memorial, the transmission of history through a monument to generations is one of the directions of the state memorial policy. According to the researcher of Central Asian countries Cristopher Reese, "the experience of perpetuation traumatic events in the history of Kazakh people development through monuments, memorials, memorable places is associated with a rethinking of history, that is, nation-building" (Rees K. M, 2020: 446). The monument is not put up for decoration, it glorifies our history. As M. Halvaks said, the collective memory is undergoing continuous "revision" to match today's reality (M. Halvaks, 2007: 146). Therefore, each memorable place is of great importance for the collective.

The article discusses the experience of commemoration in the East Kazakhstan region. The East Kazakhstan region is known for its natural, historical, cultural and symbolic heritage and the cultural landscape. At the same time, in the region, along with the implementation of state ideological programs, the practice of memorials establishments and monuments, the realization of systemic procedures and various commemorations in order to consolidate the collective identity. In the article, we consider the process of great personality's memorialization of the region, in particular local heroes. Hero is a multilateral concept. In our research direction, we focused on the heroes who became famous for their heroism during the period of the Dzungarian invasion and during the formation of the Kazakh Khanate. The research was carried out on the monuments of Kabanbay, Shynkozhy, Tauke, Er Daulet, Kokzhal and other batyrs. These heroes are considered very important figures for the locals. These heroes are considered as emotional personalities who create the local cultural identity and national patriotism.

Photos and information in the article were got as the result of field research in the East Kazakhstan region.

Keywords: memorialization, batyr, monument, place of memory, cultural memory, collective memory, commemoration.

Информация об авторах:

***Ермагамбетова Куралай Сергабыловна**, и.о. доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, PhD. Нур–Султан, Казахстан, E-mail: e.kuralai@yandex.kz, Scopus Author ID: 57218094370, ORCID: 0000–0002–1620–5794*

***Оразбаева Дана Ермековна**, Докторант 2 курса Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева по специальности «8D03104 – Культурология». Нур–Султан, Казахстан, E-mail: orazbaevadana@mail.ru ORCID 0000–0001–7620–9917*

Әдебиет:

Ассман А. Өткеннің ұзақ көлеңкесі: мемориалдық мәдениет және тарихи саясат/; Борис Хлебниковтың неміс тілінен аудармасы. – Москва: Новое литературное обозрение, 2014. – 328 с.

Копосов Н.Е. Қатаң режимнің жадысы: Ресейдегі тарих және саясат. – Москва: Новое литературное обозрение, 2011. – 320 с. (рус)

Қабанбай батырды қалай қашағанбыз? – 2017 / URL: https://alashainasy.kz/culture/kabanbay–batyirdyi–kalay–kashaganbyiz–29086/

Қазақстанның киелі жер географиясы жобасы – 2018 / URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/sakralnaya–geografiya–kazahstana/

Медеуова К.А., Сандыбаева У.М., Наурзбаева З.Ж., Мельников Д.Н., Кикимбаев М.Ж., Рамазанова А.Ч., Тлепберген А.Б., Жетибаев Е.Ж., Оразбаева Д.Е., Полтавец К.А. Қазақстандағы тәжірибе және есте сақтау орны. – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2017. 335 с.

Медеуова К.А. «Қазіргі заманғы ат мүсіні» // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2007. – №1. – С.47–56.

Нора П. Есте сақтау орындарының мәселелері. Франция–естелік // Нора П., Озуф М., Пюимеж Ж. де, Винок М. / пер. с франц. Д. Хапаевой. СПб.: Изд–во – Санк–Петербург: 1999. – 328 с.

Паттон Х. Тарих есте сақтау өнері ретінде ./ пер. с англ. В. Ю. Быстрова. – СПб, 2003. – 424 с.

Rees K. M. Ұлтты өзгерту: Кеңес Одағының батырларын қазақстандық патриотизм нышандарына айналдыру // Орталық Азияға шолу. 2020. – №39. – Б.445–462. https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1803213.

Туған жер жобасы – 2018 / URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/tugan–zher/

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы – 2017. /URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724

Хальбвакс М. Жадтың әлеуметтік шеңбері. – Москва: 2007, 304 с.

Хальбвакс М. Ұжымдық және тарихи жад // Дербес қоры. – 2005. – №2–3. – С. 8–27.

Литература:

Ассман А. Длинная тень прошлого: Мемориальная культура и историческая политика / перевод с немецкого. Бориса Хлебникова. – Москва: Новое литературное обозрение, 2014. – 328 с. (рус)

Копосов Н.Е. Память строгого режима: История и политика в России. – Москва: Новое литературное обозрение, 2011. – 320 с. (рус)

Кабанбай батырды калай кашаганбыз? – 2017. / URL: https://alashainasy.kz/culture/kabanbay–batyirdyi–kalay–kashaganbyiz–29086/ (каз)

Медеуова К.А., Сандыбаева У.М., Наурзбаева З.Ж., Мельников Д.Н., Кикимбаев М.Ж., Рамазанова А.Ч., Тлепберген А.Б., Жетибаев Е.Ж., Оразбаева Д.Е., Полтавец К.А. Практики и места памяти в Казахстана – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2017. – 335 с. (рус)

Медеуова К.А. «Конная скульптура современности» // Вестник КазНУ серия политология, философия, культурология, 2007. – №1. – С.47–56. (рус)

Нора П. Проблематика мест памяти. Франция–память// Нора П., Озуф М., Пюимеж Ж. де, Винок М. / пер. с франц. Д. Хапаевой. СПб: Издательство – Санкт–Петербург: 1999 ун–та, 328 с. (рус)

Об утверждении национального проекта «Национальная духовная модернизация» – 2017 / URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724 (рус)

Проект Сакральная география Казахстана – 2018 /URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/sakralnaya–geografiya–kazahstana/ (каз).

Проект Туган жер – 2018 / URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/tugan–zher/ (каз)

Паттон Х. История как искусство памяти. / пер. с англ. В.Ю. Быстрова. – СПб, 2003, 424 с. (рус).

Реес К.М. Преобразование нации: превращение героев Советского Союза в символы казахстанского патриотизма // Обзор Центральной Азии. Т.39. – №4. С.445–462. https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1803213 (анг).

Хальбвакс М. Социальные рамки памяти. – Москва: 2007, 304 с. (рус)

Хальбвакс М. Коллективная и историческая память // Неприкосновенный запас, 2005. – №2,3. – 8–27 с. (рус)

References:

Assman A. (2014) Dlinnaya ten` proshlogo: Memorial`naya kul`tura i istoricheskaya politika. [The Long Shadow of the Past: Memorial Culture and Historical Politics]/; per. s nem. Borisa Khlebnikova. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 328 p. (in Russ)

Koposov N. E. (2011) Pamyat` strogogo rezhima: Istoriya i politika v Rossii. [Strict Regime Memory: History and Politics in Russia] – Moskva: Novoe literaturnoe obozrenie, 320 p. (in Russ)

Kabanbaj baty`rdy` kalaj kashaganby`z? (2017) [How we create/depict Kabanbai monuments] –/ URL: https://alashainasy.kz/culture/kabanbay–batyirdyi–kalay–kashaganbyiz–29086/ (in Kaz)

Medeuova K.A., Sandy`baeva U.M., Naurzbaeva Z.Zh., Mel`nikov D.N., Kikimbaev M.Zh., Ramazanova A.Ch., Tlepbergen A.B., Zhetibaev E.Zh., Orazbaeva D.E., Poltavecz K.A. (2017) Praktiki i mesta pamyati v Kazakhstana [Practices and places of memory in Kazakhstan]. – Astana: ENU imeni L.N.Gumileva, 335 p. (in Russ)

Medeuova K.A. (2007) «Konnaya skul`ptura sovremmennosti». [Equestrian sculpture of modernity] // Vestnik KazNU seriya politologiya, filosofiya, kul`turologiya, №1. – p.47–56. (in Russ)

Nora P. (1999) Problematika mest pamyati. [The problems of memory locations] Francziya–pamyat`// Nora P., Ozuf M., Pyuimezh Zh. de, Vinok M. / per. s francz. D. Khapaevoj. SPb.: Izd–vo —Sank–Peterburg. un–ta, 328 p. (in Russ)

Ob utverzhdenii naczional`nogo proekta (2017) «Naczional`naya dukhovnaya modernizacziya». [National spiritual modernization] –/ URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724 (in Russ)

Proekt (2018) Sakral`naya geografiya Kazakhstana. [Sacred geography of Kazakhstan] –/URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/sakralnaya–geografiya–kazahstana/ (in Kaz)

Proekt Tugan zher. (2018) [Native place] / URL: https://ruh.kz/ru/2021/12/10/tugan–zher/ (in Kaz)

Patton Kh. (2003). Istoriya kak iskusstvo pamyati. [History as the Art of Memory] / per. s angl. V. Yu. By`strova. – SPb., – 424 p. (in Russ)

Rees K.M. (2020). Recasting the nation: transforming heroes of the Soviet Union into symbols of Kazakhstani patriotism // Central Asian Survey. – T.39. – №4. – p. 445–462. https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1803213 (in Eng)

Khal`bvaks M. (2007). Soczial`ny`e ramki pamyati. [The social framework of memory] – Moskva, 304 p. (in Russ)

Khal`bvaks M. (2005) Kollektivnaya i istoricheskaya pamyat [Collective and historical memory] // Neprikosnovenny`j zapas. № 2–3. – p.8–27. (in Russ)

ҒТАМР 18.45 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-26

Тәшімова М.М.
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан.
E-mail: monshak76@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0414-1292

ЗАМАНАУИ БАЛАЛАР ТЕАТРЫ ӨНЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОД

Аңдатпа. Бұл мақалада қуыршақ және балалар мен жасөспірімдер театрлары сахналарындағы жүріп жатқан қойылымдардың ұлттық болмыстың қалыптасуына етер әсері зерттеледі.Зерттеме авторы жер шарын мекендеген түрлі халықтардың өзіндік ұлттық ерекшеліктері, өмір сүру салты бар болғандықтан ұлттық коды болатыны заңды деген тоқтамға келеді. Мұның бәрі халқымызың ата-бабадан мирас болып келе жатқан салттары мен дәстүрлерінде, ежелден келе жатқан халықтық фольклорымен астасып жатқан рухани құндылықтарымен тікелей байланысты. Яғни, бір ұлт екінші бір халықтан түрі мен сыртқы кейіпіндегі тұрқы ғана емес сонымен бірге жаратылыстан берілген болмыстары арқылы да ерекшеленуі тиіс. Әр халық өзінің бойындағы ана сүтімен дарыған ұлттық ерекшеліктері арқылы танылады. Адам өзінің бар жақсы қасиеттерін барынша сақтап қалар болса және бойындағы асыл қасиеттерін дамытса соғұрлым өз ұлтына пайдалы болмақ.

Бүгінгі тәуелсіздік таңы атып барлық рухани дүниелерімізге еркіндік берілген тұста біз нағыз қазақ болып қалу үшін барымызды салуымыз керек. Сахна мен экранға қазақтың ұлттық бояуы сіңген ән жырлары мен күйлері, аңыз, жыр, дастандарына құрылған мол мұралары көрерменнің сұранысын қамтамасыз етуі тиіс деп түйіндейді автор. Яғни, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды өте жас кезден бастау керек және оған балалар театрының етер әсері зор екенін спектакльдер талдау арқылы дәйектейді.

Кілт сөздер: Балалар театры, қуыршақ театры, ұлттық код, ұлттық болмыс, қойылым, режиссер, актерлік шеберлік, суретші.

Кіріспе. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы көпшілік халықтың санасына оң әсер етті. Өткеніміздің сипаты қандай болды? Бүгінгі күні кімбіз? Ертеңіміздің бағыты қалай болмақ? – деген сұрақтарға жауап іздеп толғандырды. Яғни, әрбір халық, жер бетіндегі көптеген ұлттар мен ұлыстардың арасында өзінің төл болмысын, ерекшелігін сақтап қалуы үшін жанталасады екен. Түрлі халықтардың өзіндік ұлттық ерекшеліктері, өмір сүру салты бар болғандықтан ұлттық коды болатыны заңды. Мұның бәрі ата-бабадан мирас болып келе жатқан өмір сүру салттары мен дәстүрлерінде, ежелден келе жатқан халықтық фольклорымен астасып жатқан рухани құндылықтарда екен. Жоғарыда аталған мақалада мемлекет басшысы: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу», – деп атап көрсеткен (Назарбаев, 2017). Ұлттық код мәселесі өте терең ұғымды қамтиды. Мәдениет қайраткері Б.Қайратұлы: «Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айрықша

антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен діні, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында», – деп нақты атап көрсеткен пікіріне иланамыз (Қайратұлы Б, 2017). Бүгінгі күнгі кең байтақ әлемде жаһанданудың құрығына ілініп жұтылып кетпеуін ойлаған әр халық (әсіресе саны аз халықтар) өзінің ежелден келе жатқан рухани-тектік қасиеттерін барынша жаңғырта түсіп, өзінің жеке дара кодына сүйеніп бүгінгі күнгі ғаламдағы елдермен рухани және адамдық қасиеттерімен бәсекелесуге барын салып бағу керек деген ой түйеді автор.Яғни, ұлттық код, ұлттық жадыны жаңғырту арқылы санамыздағы рухани құлдықтан құтыла алатынымызды сөйлейді ел ағалары.

Ұлттық код деген ұғымның ең басында – ұлттың тілі тұр. Одан кейін ұлттың жады, ұлттық ерекшеліктер мен қасиеттер болып жалғаса бермек. Бір сөзбен айтқанда бәсекеге төтеп бере алатын нағыз қазақ болып қалу қажет дегенге тоқтаймыз. Қазақ деген ақын халық, батыр халық, қонақжай да текті халық дейміз. Жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспейтін ұлттық қасиетімізді бүгінгі күнге дейін ұстанып келе жатқанымызға дамыған елдердің барлығы таңғала, қызығада қызғана қарайтыны желпіндіргенмен, ел боп қалу жолында көптеген мәселелеріміз де жоқ емес. Берісі 150 жыл орыс бодандығында болғанымыз,қазақ елін көптеген ұлттық қасиеттеріміз бен ұлттық салт-дәстүрлерімізден айырғаны шындық. Көреалмаушылық, еліктегіштік, көрсеқызарлық пен жалқаулық сияқты жаман қасиеттердің қазақтың бойына қайдан келгенін филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы нақты дәлелдермен көрсетіп береді.Батыс-сібір гинерал губернаторы М.Сперанскийдің «Сексеуіл» әдісін ұсынып, соны патшаның мақұлдағаны... Қазақты бірімен-бірін таластырып, қырқыстырып қойғанын, сол уақыттаұлтымыздың мінез рухының қалай бұзылғанын нақтылықпенайтқан дәлелдеріне жүрегіңіз қан жылайтыны сөзсіз.

Дегенмен, тәуелсіздігімізді алуымыз біздің санамыздың жаңғыруына оң әсер етті, көптеген дүниелерімізді құрдымға жібермей сақтап ала алғанымызға Жаратқанның алдында ғазиз басымызды иген халықпыз. Оған іштей қуанып Аллажар айтып жүргеніміз сондықтан. Ендігі мәселе жаңғыру мен жаңару. Жәй ғана емес, нағыз қазақ болып, ақын да батыр қазақ болып рухани жаңғыру. Бұл жаңғырудың жөні саяқ. Осы күнге дейін салғырттықпен мән бермей келген кейбір құндылықтарымыз баға жетпейтін байлық екенін санамызға салып түсіне жаңғырамыз. «Менталитет немесе діл (лат. menta – жан құрылымы) – ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез-құлқы. Сондай-ақ діл халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелігін тану болып табылады», – деген анықтамаға ерекше мән беруге тиіспіз (wikipedia, 2014). Қазақтың рухани мінез құлқын қалыптастыру сонау бала кезден басталуы тиіс. Тек қаны ғана емес, жан дүниесі мен рухы қазақ отбасында ұлттық мінез бен болмыс өзінен-өзі қалыптасатыны белгілі. Бұған ата-ана барынша мән беруі тиіс.

Қазақ халқының ұлттық мүдделерін жаңғырту жолында мемлекеттік деңгейде көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2004 жылғы «Мәдени мұра», 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары аясында көптеген тарихи мәдени дүниелерімізге мән беріліп оң жолға қойылды. Төл тарихымызға қатысты әлемдегі

архивтерден жиналған дүниелер ғылыми зерттеуге түсіп күпті көңілімізді бір демедік. Осы ретте ел президенті Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді, – деп атап көрсетті» (Тоқаев, 2021). Одан әрі ол: «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген»,– деп өмір сүріп отырған ұлы даланың заңды иелеріне ұлттық мүддені мықтап қолға алу керектігін ескерте кеткен (Тоқаев,2021). «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», – деп бүгінгі ел болып сөз етіп отырған бағыт пен бағдардың негізі ұлттығымызда, елдігімізде жатқанын нақтылай түседі президент (Тоқаев, 2021). Осындайда атақты ғалым П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің «Қазақтарды оқытып қажеті жоқ, олардың салт-дәстүрлері тұнып тұрған білім» деген ақжарма сөзі еріксіз есіңе түседі. Ол қазақ арасында жүріп көзі жеткен дүниесіне оң бағасын беріп кеткен демократ. Мұндай пікірлерді көршілес отырған түркі тілдес халықтардан талай рет естігенімізге көңіл қуанатыны сөзсіз.

Материалдар мен әдістері. Зерттемеде салыстырмалы-сараптамалық, ғылыми-жүйелеу, баяндау, талдау және кешенді зерттеу сияқты әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып балалар театры сахнасындағы «Қаңбақ шал» ертегісі (Мем. қуыршақ теат. Алматы), В.Тихвинскийдің «Ат тұяғын тай басар» («Алақай», Ақтөбе.) қойылымдарындағы ұлттық кодты айқындадық. Балалар театрындағы ұлттық код мәселесін анықтау үшін оның шығу тегінің қайдан бастау алып жатқанын отандық ғалымдар А.Ақтанова, Ә.Тәжібаев, Б.Ыбырайым. Ш.Ахметовтың пікірлеріне сүйене отырып нақтыладық. Ойымызды айқындай түсу үшін рухани дүниелерден бастау алып жатқан ұлттық кодтың түп-тамырына мән бердік. Бүгінгі күні жас көрермендердің бойында ұлттық болмысты қалыптастыру барысындағы көркемдік шешімдер зерттеуде кеңінен сөз болды. Әдебиетші ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің пікіріне құлақ түре отырып балалар театрындағы ұлттық кодты жас жеткіншектің бойына қалай сіңіруге болатыны жөнінде ой түйдік. Соның нәтижесінде төмендегідей пікірге келіп, театр сахнасындағы спектакльдерді сөз ете отырып рецензиялық талдаулар жасалды.

Зерттеу нәтижесі. Біз сөз етіп отырған ұлттық құндылықтар мен руханият негізінен жас нәрестe кезден сіңірілуі тиіс деген пікірдеміз. «На земле нет народа, матери которого не пели бы «бесік жыры» – «колыбельные песни» (Матыжанов, 2020:92). «Колыбельные песьни» выполняют важную воспитательную роль с первых дней рождения ребенка, когда он впитывает всю прелесть слов и мелодий, слушая их, поэтому колыбельные песни можно рассматривать в качестве одного из фундаментальных жанровых видов детского фольклора», – деген тұжырымдамасы тереңнен тамыр тартып тұр (Матыжанов, 2020:93). Яғни, ұлттық кодтың тамыры бесік жырында жатыр дегенге саяды. Еліміздегі қуыршақ, Балалар мен жасөспірімдер, Жастар

театрларының рөлі орасан екені даусыз. Әр жастағы көрермен балалардың санасына ұлттық рухты құюдың көркем жолы театр сахнасы арқылы әсер ету. Осы ретте кішкентай баланың санасына ұлы даланың заңды қожайыны кең байтақ жер мен елдің иесі қазақ баласы екенін қорғасындай құйып беретін драмалық шығармалар мен қойылымдар ауадай қажет. Одан әрі драматургиялық дүниелердің жеткізе алмаған тұсын режиссура арқылы толықтыру шығармашылық үрдіс арқылы жасала береді.

Ал, біз сөз етіп отырған қасиеттердің барлығы жас нәресте кезден дарып, қалыптасатыны сөзсіз. Осы ретте әр түрлі жастағы балалардың жас ерекшелігіне қарай сұрыпталып қойылған балаларға арналған спектакльдер, балалар киносы мен мультфильмдері, балалар әдебиеті (балалар өлеңдері, әндері, драматургиясы) мен балалар биінің (хореография) әсері мол. Мұның бәрінің бастауында халық өнері мен ұлттық фольклордың алатын орны орасан зор. Тіпті кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған тұсындағы саяси шығармалармен қоса ұлттық дүниелеріміз түрлі ертегілер, Алдар көсе, Қожанасыр секілді фольклорлық кейіпкерлері жайындағы аңыздар, әңгімелер, жырлар мен дастандар негізінде жазылған дүниелер театр сахнасында қойылды немесе көркем фильмдер түсіріліп отырды. «Балаларға арналған драмалық туындылардың қазіргі таңдағы қалыптасуына негіз болған, рухани уызы ауыз әдебиетіндегі балалар айтысы, ертегілер, ойындық фольклоры, мақалмәтелдері, шешендік сөздердегі диалогтар мен монологтар екені белгілі. Қазақ балалар драматургиясының үздік деген туындылары да халықтық үлгідегі шығармалар негізінде туған. Мәселен, М.Ақынжановтың «Алтын сақа» пьесасы халық ертегісінің ізімен жазылса, Ш.Құсайыновтың «Алдар көсе», Б.Соқпақбаевтың «Тапқыр Қожанасыр туындылары аңыз-әңгімелер желісімен туған пьесалар» (Ақтанова, 2011: 49) – деп нақты мысалдармен дәп баса дәлелдейді ғалым. Осы ретте Ә.Табылдиев мектеп сахнасына арналған инсценировкалары туралы былай деп ой бөліседі: «Орта мектеп сахнасына арнап эпостық шығармалардың инсценировкаларын көркемдеп қою керекті нәрсе. Мектепте эпостық шығармалардың инсценировкаларын толық түрінде және үзінді ретінде қуыршақ театры арқылы көркемдеп көрсетудің тәрбиелік, ұйымдастырушылық мәні зор», – деген пікірі ойымызды нақтылай түседі (Табылдиев 1995: 63). Үш автордың пікірін салыстыра қарасақ олар бірін-бірі толықтырып, ой топшылаулардың тереңдеп бара жатқанына көзіміз жетеді.

Талқылануы. Еліміздегі алпыстан астам мемлекеттік және жеке театрлар өз миссияларын орындап, рухани өміріміз бен танымымызғашама шарқынша қызмет етіп келеді. Әсіресе соңғы кезде ерекше көзге түсіп отырғанжас актерліміздің бастамалары көңілімізге қонады. Актриса Айгүл Иманбаеваның («АИ театры»), актер Азамат Сатыпалдының («28 театры»), жас режиссер Фархад Молдағалидың («StartDrama» *meatp* лаборатортясы), жас режиссер Антон Зайцевтың («Тотальный театр»), облыстық театрлар Семейдің «Дариға-ай», Қызылорда мен Өскеменнің «Жастар театрларының» басы қасында жүрген шығармашыл топтардың дені өрімдей әртістер екендігі қуантады. Олар өздерінің театр алаңдары мен лабораторияларында көптеген тәжірибелер жасап,кспериментік қойылымдар қойып бағуда. Жасалып жатқан эксперименттердің нәтижесі жаман емес. Осындайда «Жас келсе іске!» деген қазақтың сөзіне мән бересіз.Олар өздерінің жеке театрлары арқылы

түрлі шығармашылық ізденістерге барып жүр. Осы ретте біздің алдымызда тұрған бір мәселе, біз балаларға арналған қойылымдарға соңғы бес жылда ғана мән бере бастағанымызды айтқым келеді. Кеңес дәуірінде Қуыршақ театры мен академиялық драма театрларының көрермендерінің арасы тым алшақ болды. Дені кіші жастағы бүлдіршіндерге арналған, сосынғысы үлкендерге арнап қойылған спектакльдер. Біздер осы екі аралықтағы әр түрлі жастағы жасөспірімдер мен жастарды ұмытып кеттік немесе жіті мән беріп қадағаламай келеміз.

Күні бүгінге дейін елімізде балалар мен жасөспірімдердің қазақ тілді жалғыз Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театры жұмыс істеп келді. Ендігісі, Шымкенттің қуыршақ театры өзінің шығармашылық аясын кеңейтіп, Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры болғанына көп уақыт өткен жоқ. Бүгінгі күні ол ұжым өздерінің статустарына қарай репертуар түзу жолында еңбек етуде. Режиссер Асхат Маемиров басқаратын Нұр-Сұлтан қаласының Музыкалық балалар мен жасөспірімдер театрының ашылуы Нұрсұлтандық жас өспірімдерге рухани базарлық болғаны рас. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінен балаларға арналған театрлар ашылып әр жастағы баланың жас ерекшелігіне қарай репертуар түзсе, ондай қойылымдардың қазақ баласына берері көп. Ал, Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театры соңғы бес-сегіз жыл көлемінде үлкендерге арналған қойылымдарды көркемдеп шығармашылық қанатын тыңнан сермегеніне куә болдық. Жас режиссерлердің шығармашылық жаңашатрактовкалары шет елдік фестивальдерге қатысыптеатр мамандарынан жоғары баға алып жүлделі орындармен оралғанына ел болып қуанып отырмыз. Ендігі, бұл театр жоғарыда аталған мәселелерді қолға алып бүлдіршіндер мен үлкен жастағылар арасындағы түрлі жастағы жасөспірімдерге арналған, яғни жас ерекшелігіне қарай репертуар түзуді қолға алып шығармашылық сүрлеуге түскен жайы бар.

Әлқисса, жоғарыда сөз еткен ұлттық кодтың мақсат-мүдделеріне қайта ораламыз. Қайсы театр болмасынөзінің ұлттық құндылықтарына аса мән беретін кездің келгенін жоғарыда сөз еттік. Яғни, жас өспірім жеткіншектердің санасына ізгіліктің нәрін құятын бірден-бір орын балалар театры екені бесенеден белгілі. Осы бағытта көптеген жұмыстардың жүргізілуі қазақ баласы үшін пайдалы болмақ. Осы ретте президент Қ.Тоқаевтың «Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жанжануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада», – деген сөзін қаперімізге алсақ нұр үстіне нұр болмақ (Тоқаев, 2021). Қазақтың ауасы мен суын, тауы мен тасын, өзені мен көлін қызғыштай қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу оңай емес. Дегенмен, ата-ана мен мектеп бастап, театр сахнасындағы қойылым арқылы баланың санасына әсер ете алатынымызға шүбә келтірмейміз. «Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жаyһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шеркала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер

жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек» (Тоқаев, 2021). Елбасының бұл сөзі Қазақ балалар театрларына, Қазақ киносы мен анимациясына, Балалар әдебиеті мен Балалар ақындарына, қазақ телевидениесіндегі интеллектуалды балалар хабарлары қаперіне алуы керек арнайы берілген тапсырма.Одан әрі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, қолжазба бөлімі әзірлеген жүз томдық «Бабалар сөзі» атты ғылыми басылымның қаны қазақ баласы үшін берері мол. Өйткені бұл мол мұра әр түрлі жастағы оқырман мен көрермен үшін керемет материалдар жиынтығы болып отыр.Ә.Тәжібаевтың: «Сөйте тұра біз қазақтың драмалық поэзиясын (драматургиясын) тереңдей қарауға, оның ұлттық халықтық тегін сырттан емес, іштен іздеуге, яғни халықтың бай дәстүрлерінің жалғасы және дамуы ретінде іздеуге тиістіміз. Онсыз даму заңдылығын дұрыс таппаған болар едік», – деген сөздерін басшылыққа ала отырып қазақ балалар драматургиясының бүгінгі қалыптасуын ауыз әдебиетімен байланыстырамыз (Тәжібаев, 1971). Қазақтың ауыз әдебиеті рухани дүниелердің кені. Қазақ халқы фольклорлық дүниелерге бай болғандықтанда, алыстан сермеп өзгенікін таңсық көрудің еш қажеті жоқ.

«Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. ...Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. ...«Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады» (Байдалы, 2017). Ж.Байдалының сөзі кісіні ойландыратыны сөзсіз. Бұл пікірлерді зерттеу жұмысымызға үзінді ретінде неге алып отырмыз. Балалар тақырыбына қатысты салада жүрген көзі қарақты азаматтардың барлығыпәтуәлі сөзге құлақ асуы керекгін баса айтар едік.

Ал, рухани дүниелеріміздің қайнар көзі болып саналатын әр халықтың ауыз әдебиетімен, этнографиясымен жас күнінен сусындату баланың бойында ұлттық мінез бен болмыстың өзінен-өзі қалыптасуына,еш қиындықсыз алып келетініне көзіміз жеткен. Осы ретте белгілі аниматор-режиссер Қайырғали Қасымов: «Халық ұрпақты кішкентайынан тәрбиелейтін құндылықты жаратып қойған. Жеті жасқа дейін ертегі, он үш жасқа дейін батырлар жыры, он үш жастан бастап лиро-эпостық жырмен тәрбиелеген», – деп режиссер осы жүйе бойынша жұмыс істеуді ұсынады (Қасымов, 2013). Және бұл пікір соңғы уақытта қолға алынып біраз жұмыстар жүргізілді. Р.Нұрғалиев қазақ комедиясының жанрлық ерекшелігін саралай келіп: «Сөз жоқ, қазақ драматургиясының барлық жанрларының негізгі қайнар көзі, алтын арқауы, күре тамыры – ауыз әдебиеті үлгілері, фольклордың сан алуан нұсқалары. Әлем драматургиясы мектебінен тиянақты сабақ алған қазақ қаламгерлері ұлттық топырақтағы берекелі дәстүрлерді жаңашылдықпен дамыта білді» (Нұрғалиев, 1991). Ғалымның бұл ойы жоғары айтқан пікірімізді дәйектей түседі.Қайсы ел болмасын ертеден келе жатқан ауыз әдебиетіндегі өлеңдер мен жырлардың бала ойының дамуы үшін алатын ролі орасан. Ертегі бала қиялын ұшқырлап, ақылын дамытатыны сөзсіз. «Баланың жас ерекшелігімен сәйкес, нәресте, сәби, бөбек, бүлдіршін, ұлан, жеткіншек

жасөспірім деп аталған. Балалар әдебиетін мектептегі сыныпқа бөлуді басшылыққа алып 1) Мектеп жасына дейінгі әдебиет 2) Бастауыш сыныптарға арналған әдебиет 3) Орта сыныптарға арналған әдебиет 4) Жоғары сыныптарға арналған әдебиет», – деп ғалым өз зерттеуінде қарапайым әрі ұғынықты бөлген (Ақтанова, 2011). Мәселен, жас бүлдіршінге арналған қойылымды орта сыныптарға арналған қойылыммен алмастыра алмайтынымызды қатаң ескеруіміз қажет.

Қазақтың халық ертегілерінің кейіпкерлері: Қаңбақ шал, Қожанасыр, Алдар көсе, Ер Төстік, Ханның сұлу қызы мен ұлы, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Жалғыз көзді дәудің шытырманды оқиғаға толы өміріне, төрт түлік малы тіршілігінің мәні саналатын елде мал төлдері қатыстырылған ойынпаз кейіпкерлерге қызықпайтын бала кемде-кем. Жүйрік тұлпар,ботақан мен қошақан, лақ пен бұзау, құлдыраңдап жүгірген құлыншақ, аспанмен таласа қалықтап ұшатын бүркіт, қаршыға, бейбітшіліктің белгісіндей аққөгершін мен қарлығаш қазақ балалар спектакльдерінің негізгі кейіпкерлеріне айнала алады.Төрт түлік мал мен оның төлдері, қыран бүркіт, үй жануарлары сияқты кейіпкерлер қазақ баласының ой-танымына барынша жақын екенін театр ұжымдары ескереді деген ойдамыз.

Осындай ұлттық дүниелердің бірі – «Қаңбақ шал». Қазақ халқының бай фольклорлық дүниесі негізінде О.Қошымовтың «Қаңбақ шалы» (реж. Ә.Әсімжанов, сур. Сидоров) Мемлекеттік қуыршақ театры сахнасында1967 жылы қойылған болатын (Жуасбек, 2017: 138). Кейін режиссер Қ.Ешмұратова халықтық дүниені қайта сахналап, көп жылдар бойы мемлекеттік театр сахнасынан орын алып келеді.Режиссер немересіне ертегі айтып беретін әжелердің ерекшелігін ескеріпжаңаша форма іздепті. Сахнада әжелердің балаларға ертегіні кім айтатынына келісе алмай өзара дауласып жатуымен қойылым басталады.Актрисалар екі түрлі әженің қыңыр немесе салиқалы мінездерімен бірге, қызықты қылықтарын комедияға айналдырыпты. Қосәже Қарашаш Абуева мен Гүлжәмилә Ильясовалар ботақандарым, қошақандарым, балаларым деген тәтті де жұмсақ сөздерімен ертегісін айтып жатқанда қуыршақ-кейіпкерлер ертегіні көрсете бастауы шығарма оқиғасының өрбіп, актер ойынының жымдасып бір бүтінге айналып кетуі ұтымдышыққан. Кейігі уақытта жас актерлер Шоқан Құлназаров, Толқын Тілеулиева, Ақмарал Тәуекеловалар шығармашылық үштігі де тамаша өнер көрсетіп жүр. Балалар автор сөзін тыңдай отырып, оқиғаны сахнадан көреді. Қаңбақ шал, Кемпір, Түлкі, Дәулер – қойылым-ертегінің негізгі кейіпкерлері.

Сахнатүр қазақтың киіз үйінің ішкі көрінісі, жабдықтары арқылы беріліп, құрақ көрпе мен сүйкімді жастықтар балаларды еріксіз оқиғаға тарта түседі. Сахнаның эстетикалық әдебі толық сақталған киіз үйде оюлы дүниелерге тұнып тұр. Шаңырақ, уық, кереге, басқұр, шашақ, тұскиіз, жозы, торсық сияқты әсемдік бұйымдары бала көрерменнің киіз үй жайындағы білімін арттыратыны сөзсіз. Қаңбақ шал мен кемпірінің үстіндегі оюлы костюмдер, қарияның қысқа шапаны, басындағы бөрік, әженің бүрмелі көйлегі мен камзолы, басындағы кимешегі,аяқтарына киген мәсілері бәрі деертегініқазақыландырып әрлендіре түскен. Көрермен балалар тек ертегінің қызықты мазмұнын тамашалап, тыңдап ғана қоймай, қазақтың киім кию үлгісі мен қазақы тұрмысқа қанығa түсетіні, киіз үй жабдықтарын оңай ажырататыны, көп

дүниеге қанығып, тұшынатыны қойылымның құндылығы дер едік. Бүгінгі күні құрақ көрпелер мен киіз (войлок) бұйымдарының ұлттық бренд ретінде танылып, әлемді ауызға қаратып отырған шақта мұндай декорация көрермендерге оң әсер ететінін ерекше бағалаймыз.

Қойылымдағы ерекше шыққан кейіпкер – Дәу (Шохан Құлназаров) тау көтеретін күшті. Бұл жолы тіпті Дәудің әйелі (Қарашаш Абуева) де бар. Олар Қаңбақ шалға деген қастандықты бірге ойластырады. Қаңбақ шал – Г.Ильясова да қулығын үстіүстіне асырып жатыр. Дәулердің үстеріне киген киімі көбінесе ашық түсті. Әйел Дәудің қып-қызыл шашы, аларған екі көзі жас көрермендерді сескендіретіндей. Ақсиған тістері үлкен ауыздарынан епедейсіз көрінеді. Балалардың мультфильмдерден үнемі көріп, жауыр болған Дәулерінен мүлдем басқаша көрініс тауыпты. Ертегі бірінен соң бірі өріліп бала көрерменді спектакль оқиғасына елітіп алып кетеді. Көптеген ертегілерде қу адамның символы саналатын Түлкі бейнесі оқиғаның шиеленісіне көмектесетін кейіпкер. Ол шалдың аулаған балығын ұрлап күнелтеді. Өзінеөзі сенімді болған түлкі, қаңбақ шалдыңептілігінің арқасында Дәулерге жем болатын оқиға жас көрермендерді адал болуға, өтірік айтпауға шақырады. Қаңбақ шал күші жоқ әлсіз болғанмен тау көтеретін Дәулерді ақылдылығы менептілігінің арқасында жеңіп аман қалады. Ол соғысқыш, арамдық иелерін бір-бірімен қырқыстырып қойыпты. Ертегі балаларды ойлылыққа,әр істің орайын келтіре білетін епті болуға шақырады.

Қай елдің болмасын ұлттық коды мен болмысы халықтың ән, би, күй т.б.өнерімен етене байланысып жатыр. Соның бірі би көркем өнердің эстетика мен әсемдікке баулитын ерекше жанр саналады. Қазақтың көне билерінің бірі Қаражорға шет ел қазақтарымен бірге елге қайта оралып үлкен мен кішіге бірдей сіңіп, тойлардың әрін кіргізді. Қуыршақ театры өзінің «Тарқамайды тойымыз» (авторы Н.Оразалин) қойылымында осы биді ебін тауып пайдаланды. Қойылымда «Қаражорға» әніне атқа шапқан қыз-жігіттердің биі балаларды ерекше әсерге бөлегендігіне куә болдық. Актерлердің би билегендегі бірдей қимылдары, аттардың жарыса шапқаны, олардың аспанға атыла ұмтылғаны,ышқына кісінегендегі үні, тұяқтарының дүбірі көкпардың қалың додасын немесе бәйгені көз алдыңа алып келетін көріністер болатын. Міне, ұлттық нақыш пен ұлттық болмыс дегеніміздің тағы бір көрінісі. Осы ретте Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры сахнасындағы І.Жансүгіровтің «Құлагер» (реж. Ф.Молдағали) қойылымында тұлпардың шабысын беретін сахнада залда отырған көрерменнің арқаланып, әруақтанып кететініне әркез куә боламыз. Бұл жәй процесс емес, қазақы ұлттық рухтың атой сала ояуы дер едік. Аттың жарысы мен додасын көрсе арқаланып, бір орында отыра алмайтын қазаққа мұндай көріністер әрдайым оң әсер ететінін кино және театр режиссерлері қаперінде ұстау қажет.

Осындай жағдайдың бірі Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрында да орын алғанына куә болдық.Елімізді әлемге танытып жүрген шығармашылығы мәнді театр ұжымдарының бірегейі ретінде мойындалған қуыршақ театрының М.Азов, В.Тихвинскийдің (аударған: М.Құрманалин, Е.Ашықбаев, суретшісі Ә.Құрманалина.) шығыс халық ертегі-аңызының желісімен жазылған «Ат тұяғын тай басар» қойылымы әлемнің көптеген елдерінде өткен қуыршақ театры фестиваль-

дерінде жүлделі орындарды иемденіп, қуыршақшы мамандардан оң баға алғаны тегін емес. Мұның бәрі Красснодар өлкесінен шақыртылған талантты режиссер Евгений Пермяковтың шығармашылық ізденістері мен инновациялық жаңаша шешімдерінің жемісі болатын.

Қойылымдағы сахна безендіру мен актерлердің костюмдері, қуыршақтардың жалпы тұрпаты барлығы да қазақы ұлттық нақышта шешілгені сахнаны байыта түскен. Режиссер қазақтың жан-дүниесін барынша жіті зерттегенге ұқсайды немесе театр ұжымы мақсаттарын нақты түсіндіріп, оң әсер ете білген.Шет елдік фестивальдерге көп сапар шегетін театр ұжымы әлемнің халқына қазақ болып өнер көрсеткенде ғана өз орнымызды тауып ерекшелене алатынымызды түсінген. Түрлі қазақы өрнектер мен әсемдік бұйымдары қойылымның қазақ елінен екендігін ерекшелеп тұрғаны сөзсіз. Актерлердің қазақ батырының дулығасы формасындағы бас киімдері өзінше әрлі. Баланың шыр етіп дүниеге келіп, бесікке салынуымен адамзаттың тіршілігі жалғасатынын қиюластырып, жылқы малы төлінің құлындап дүниеге келуімен қойылым оқиғасының кестеленуі режиссерлік тамаша шешім болыпты. Адамзат пен жануардың дүниеге келуін салыстыра қарастырады драматургия желісі.

Спектакльде басты кейіпкер Құлын қуыршақтың басын қазақы ою үлгісімен келтіргені тың ізденістен туындаған. Құлын қуыршақты жүргізуші актер де құлынның шабысын әдемі әспеттеген. Оның төрт аяғы ерекше әдемі және төрт тұяғы сарт сұрт соғылып, тамаша әуенге ұласып көркемдікпен баий түскен. Оқиға осы құлынның төңірегінде өрбіп тартысқа толы қимыл-қозғалыспен өріліпті. Ана биелер мен айғыр бастаған бір топ жылқының бейнесі қойылымның ұлттық бояуын қоюлатқан. Өйткені жылқы дегенде елең етпейтін қазақ жоқ екенін ескерген шығармашылық топ аталған материалды қазақ көрерменінің болмысымен сәйкестендіріп, ұлттық рух сыйлап отыр. Жылқылардың жалы оның сұлулығының символы ретінде алынған. Ат байлайтын мама ағаш та оюмен бедерленіп қуыршақ аттармен сәні үндесіп келісе кеткен. Ат атаулысының шабысы, сәнді тұрқы бәрі пластикалық қимылмен беріліп, қазақтың күй әуеніне дүркірей шапқылағанда көрерменнің делебесін қоздыратыны қазақ музыкасының құдіретін дәлелдеді. Бұл қазақ көрерменінің рухани қалауын қанағаттандырды. Қойылымның жалпы лейтмотиві даңғырамен ұрылған темпті музыкамен көмкеріліпті. Табиғи музыка қойылым темпоритміне үлкен әсер беріп тұрады. Ұрмалы музыка аспабы даңғыраның дауысы мен музыкамен сүйемелдеуі аттардың шабысына, қасқырмен айқасына, жылқы баласының тәкаппарлығына дөп келіп, қойылымның эстетикалық құндылығын арттырыпты. Ондағы Қасқыр, Қоян, Жылқы, Бүркіт сынды кейіпкер қуыршақтардың жасалу жолы мен актерлердің қуыршақтарды ойнатуға ыңғайлы қиыстыруында тың ізденістер бар. Әсіресе Жыланның алдымен Қоянды арбауы, кейін қоянды құтқармақ болған Жылқы мен Жыланның шайқасуы сәнді пластика мен тартысқа құрылыпты. Бұл тұста көрерменнің делебесі қозып, жамандық пен жақсылықтың айқасына куә болып, жылқының сойылын соғып кететін көріністің мәнісі терең. Мықты режиссура, тамаша актерлік ойын мен терең ойдың жемісінен туындаған қуыршақтар мен келісті костюм инновациялық қойылымның түзілуіне алып келген. Сондықтан да

бұл спектакль тек қазақ көрермендеріне ғана емес, әлемдік деңгейде өнер көрсетіп, өз көрерменінің көзайымына айналып отыр.

Қорытынды. Ұлттық спорт Ат жарысы, көкпар, бәйге, садақ ату жамбы ату, теңге ілу т.б ойындар ұлттық рухты қалыптастырудың негізгі кілті болып саналады. ...«Ай – аттың басын бұрғанша, Жыл – жылқы аунап тұрғанша» деп қазақ өмірінің бәрін атпен байланыстырады. Ұлы даланың мұрагерлері елін ат үстінде жүріп қорғады», – деген пікір дәл осы араға дөп келіп тұр (Қазақстан, 2021). Қазақтың жан дүниесі тұлпармен рухтас болатыны сондықтан болар. Сөзіміздің төркіні қазақ театрларының сахнасында тұлпарлар жайындағы спектакльдердің сериясы қалыптасса да артықтық етпейді деген ой түйеміз. Ал, кино саласында жылқының қадір қасиеті, адаммен достығы жайында біршама қазақша кинолар түсірілген.Тұлпардың сұлулығын, жүйріктігін өрнектеп кино түсіру үрдісі тек қазақ картиналарында ғана емес әлемдегі түрлі халықтарда қалыптасқанын білеміз.

Бүгінгі күнгі еліміздегі саясат шын мәніндегі ақылды, жауынгер, адамгершілік қасиеті зор қазақ боп қалуды көздеп отыр. Қару асынып жауға қарсы шығатын емес ақыл мен парасаттың, жаңашылдықтың жауынгерлерін қалыптастыруға жауап беретін,бейбіт өмірді жақтайтын интеллектуалды өресі биік балалалар тәрбиелейтін драматургияны өз жолына қою.Мұның түп-тамыры сонау ата-бабаларымыздың ата кәсібімен, қазақы өмір сүру салтымен, қазақы болмысымен тікелей байланысты. Өйткені уақыттың өзі дәлелдеп бергендей басқа біреуге еліктеп ел бола алмайтынымызға көзіміз әбден жетті. Жер шарындағы халықтардың мәдениеті мен әдебиетіне қазақ болып үлес қосып, қазақы нақыштағы бай тілімен сөйлеп ойымызды жеткізе алатынымызға мақтаныш сезімі билейді.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған OR11465467«Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» жобасы аясында жазылды.

Ташимова М.М.
Института литературы и искусств им. М.О. Ауэзова
Алматы, Казахстан
E-mail: monshak76@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0414-1292

Национальный код в искусстве современного театра

Аннотация. В статье исследуется влияние кукольных спектаклей и спектаклей на сценах детских и юношеских театров на формирование национальной идентичности. Автор исследования приходит к выводу, что разные народы мира имеют свои национальные особенности, образ жизни, поэтому существует национальный код. Все это напрямую связано с традициями и обычаями нашего народа, унаследованными от наших предков, духовными ценностями, которые переплетаются с древним фольклором. То есть один народ должен отличаться от другого не только внешне, но и характером.

Каждый народ известен своими национальными особенностями, которые передаются из поколения в поколение. Чем более человек сохраняет и развивает свои благородные качества, тем более он полезен своему народу.

Сегодня, с приобретением независимости, когда всем нашим духовным мирам предоставлена свобода, мы должны сделать все возможное, чтобы оставаться преданными своей национальной идентичности. Автор приходит к выводу, что богатое наследие казахских песен, кюев, легенди былин, воплощенных в казахском национальном колорите на сцене и экране, должно отвечать запросам публики. То есть формирование национального кода должно начинаться в очень раннем возрасте, и анализ спектаклей доказывает, что на его формирование большое влияние оказывает детский театр.

Ключевые слова: Детский театр, кукольный театр, национальный код, национальная идентичность, спектакль, режиссер, актерское мастерство, артист.

Tashimova M.M.
M.O. Auezov Institute of Literatureand Art.
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: monshak76@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0414-1292

National code in the art of contemporary children's theater

Abstract. The article examines the influence of puppet shows and performances on the stages of children's and youth theaters on the formation of national identity. The author of the study comes to the conclusion that different peoples of the world have their own national characteristics, way of life, therefore occurs a concept called national code. All this is directly related to the traditions and customs of our people, inherited from our ancestors, spiritual values that are intertwined with ancient folklore. That is, one nation should differ from another not only externally, but also in character.

Each nation is known for its national characteristics, which are passed down from generation to generation. The more a person retains and develops his noble qualities, the more useful he is to his people.

Today, with the acquisition of independence, when all of our spiritual worlds are given freedom, we must do everything possible to remain faithful to our national identity. The author comes to the conclusion that the rich heritage of Kazakh songs, kyuis, legends and epics, embodied in the Kazakh national colors on the stage and on the screen, should meet the needs of the public. Thus, the formation of the national code should begin at a very early age, and the analysis of the performances proves that children's theater has a great influence on its formation.

Keywords: Children's theater, puppet theater, national code, national identity, performance, director, acting, artist.

Информация об авторе:

Ташимова Маншук Маметжановна, *магистр гуманитарных наук, научный сотрудник отдела Театра и кино Института литературы и искусств им. М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан. E-mail: monshak76@mail.ru, ORCID:0000–0003–0414–1292*

Әдебиет:

Ақтанова А. Балалар әдебиеті: Қазақ балалар драматургиясы мәселелері. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 200 б.

Жуасбек Е. Қазақ қуыршақ театры Алматы, 2017. – 200 б.

Қасымов Қ.Қазақ киносы қайда бет алды? (Дөңгелек үстел) // Айқын. – 2013, желтоқсан – 6.

Менталитет, діл. // :https://kk.wikipedia.org/wiki/ . 2021, қыркүйек – 14.

Матыжанов К.С. Казахский семейный фольклор. – Алматы: Қазақ университеті, 2020, – 374 с.

Назарбаев Н. Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру. (2017) //:https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket–basshysynyn–bolashakka–bagdar–ruhani–zhangyru/. 2017, сәуір – 12.

Нұрғалиев Р. Арқау. – Т1. Алматы: Жазушы, 1991, – 572 б.

Табылдиев Ә. Тағылым. Алматы: Рауан, 1995, – 235 б.

Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1971, – 347 б.

Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. // https://egemen.kz/article/260146–tauelsizdik–barinen–qymbat/. 2021, қазан – 16

Ұлттық код һәм қазақтың жады. //:https://egemen.kz/article/157327–ulttyq–kod–qam–qazaqtynh–dgady/. 2017, тамыз – 24.

Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды. // https:// qamshy.kz/article/ 22556–ulttyq–kod–ulttyq–madeniet–saqtalmasa–eshqanday–dganhghyru–bolmaydy. 2017, сәуір – 17.

Ұлттық сана.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //: https://www.youtube.com/watch/. Қазақстан арнасы, Айтуға оңай хабары, 2017, сәуір – 27.

Литература:

Актанова А. Детская проза: проблемы детской драматургий. – Астана: Фолиант, 2011. – 200 с.

Жуасбек Е. Казахский кукольный театр. Алматы. 2017. – 200 с.

Касымов К. Пути развития современного казсхского кино // Айқын. – 2013, декабрь – 6.

Менталитет, душа..//: https://kk.wikipedia.org/wiki/. 2021, сентябрь – 14.

Матыжанов К.С. Казахский семейный фольклор. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. –374 с.

Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket–basshysynyn–bolashakka–bagdar–ruhani–zhangyru/. 2017 апрель – 12.

Нургалиев Р. Арқау. Жанры казахской драматургий. – Алматы: Жазушы, 1991. – 517 с.

Табылдиев Ә. Пройзводственная практика. – Алматы: Рауан, 1995. – 235 с.

Тажибаев Ә. Развитие и становление казахской драматургии.– Алматы: Жазушы, 1985. – 347 с.

Токаев К. Независимость дороже всего. //https://egemen.kz/article/260146–tauelsizdik–barinen–qymbat/. 2021, октябрь – 16.

Национальный код и памят норода. // https://egemen.kz/article/157327–ulttyq–kod–qam–qazaqtynh–dgady/ 2017, август – 24.

Национальный код, национальная культура. // https:// qamshy.kz/article/ 22556–ulttyq–kod–ulttyq–madeniet–saqtalmasa–eshqanday–dganhghyru–bolmaydy. 2017, апрель – 17.

Национальный интеллект.Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. // https://www.youtube.com/watch/ телеканал Қазақстан, программа Айтуға оңай. 2017, апрель – 27.

References:

Aqtanova A. (2011). Balalar .ädebïeti: Qazaq balalar dramatwrgïyası mäseleleri. Oqwquralı. [Children's prose: Problems of children's drama]. Astana: Folïant. – 200 p. (In Kaz.).

Zhuasbek E. (2017). Kazak kuyrshak teatri [Kazakh puppet Theater]. Almaty. – 200 p. (In Kaz.).

Kasimov K. (2013). Qazaq kïnosı qayda bet aldı? [Ways of development of modern Kazakh cinema] // Ayqın. december. – 6.(In Kaz.).

Mentalitet, dil. [Mentality, soul]. //https://kk.wikipedia.org/wiki/. (2021). september. – 14. (In Kaz.)

Matyzhanov K. (2020). Kazakhskiysemeynyyfol'klor. [Kazakh family folklore]. – Almaty: Kazak universitetí. – 374 p. (In Russ.).

Nazarmaev N. (2017). Bolaşaqqa bağdar: rwxanï jañğıry [A look into the future: modernization of public consciousness] (https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket–basshysynyn–bolashakka–bagdar–ruhani–zhangyru. april – 12. (In Kaz.).

Nurğalïev R. (1991). Arqaw. [Genres of Kazakh drama] – Almatı: Jazwşı. – 517 p. (In Kaz.)

Tabıldïev Ä. (1995).Tağılım. [Production practice] – Almatı: Rawan. – 235 p. (In Kaz.).

Täjibaev Ä. (1985). Qazaq dramatwrgïyasınıñ damwı men qalıptaswı. [Development and formation of Kazakh drama] – Almatı: Jazwşı. – 347 p. (In Kaz.).

Tokaev K. (2021). Tauelsizdik–barinen–qymbat [Independence is most expensive]. egemen.kz: https://egemen.kz/article/260146–tauelsizdik–barinen–qymbat/. october – 16. (In Kaz.).

Kairatyly B. (2017). Ulttyq–kod–qam–qazaqtynh–dgady [National code and people's memory] https://egemen.kz/article/157327–ulttyq–kod–qam–qazaqtynh–dgady/. august – 24. (In Kaz.).

Baidaly J. Ulttyq–kod–ulttyq–madeniet [National code, national culture.] (2017). https:// qamshy.kz/article/ 22556–ulttyq–kod–ulttyq–madeniet–saqtalmasa–eshqanday–dganhghyru–bolmaydy. april – 17. (In Kaz.).

Ulttıq sana.Bolaşaqqa bağdar: rykhanï jañğıry. [National intelligence. A look into the future] (2017). //.https://www.youtube.com/watch/.Qazaqstan arnası, Aytyğa oñay . april – 27. (In Kaz.).

ҒТАМР 17.71.01 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-27

Куанышбекова А.А.*[1], Жақсылықова М.Б.[2], Нұрпейіс Б.К.[3]
Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан.
E-mail: a_amandykovna@mail.ru, topjargan@mail.ru, bakytn_70@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4841-7732, 0000-0001-6462-2616, 0000-0002-7431-7233

БҮГІНГІ ОТАНДЫҚ ТЕАТР ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Мақала бүгінде халықаралық ауқымда кеңінен танылып, мойындалған театртану ғылымының дамуындағы тарихи көзқарастар мен теориялық пайымдаулардың пәнаралық негіздерін анықтауға арналған. Театрлық практиканы, оның тарихы мен теориясы һәм сынын біріктірген театртану зерттеулері заманның лебімен құбылып отыратыны сөзсіз. Бүгінгі әлемдік театр үдерісі өнер зерттеушілерінің алдына жаңа ғылыми мәселелерді қойып отыр. Театр қойылымы – «әлемнің кішірейтілген моделі» ретінде заманауи зерттеу әдіс-тәсілдерін талап етеді. Перформанс, хэппенинг, сайт-специфик, театрлық дискурс, т.б. сынды алуан түрлі формадағы қойылымдарды талдауға, ондағы режиссерлік-философиялық пайым-парасатты, актерлік көркем ойды, сценографиялық белгі-бедерді, хореографиялық қимыл-ишаратты, жарықтандырудағы семантиканы түсіріндірудің әмбебап тілін табу бүгінгі театртанудың өзекті мәселесі. Соңғы кезде театр тәжірибесіндегі перформанстарда, хореографиялық қойылымдарда кездесетін ұлттық, рәсімдік, күнделікті немесе әлеуметтік сынды, т.б. ерекшеліктерден туындап, адам денесі арқылы орындалатын би қимылдары, ым-ишараттар мен сахналық қайталанбас бейнелерді талдау кезінде және қағаз бетіне түсіру барысында театртанушылар терминологиялық тапшылыққа кезігіп жатады. Сондықтан аталмыш мақала қоғамдық ғылымдардың зерттеу әдіснамалары мен әдістерін театртану саласына қолданудың тәжірибесі негізінде пәнаралық байланысты күшейте отырып, театрлық зерттеу тәсілдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталады.

Кілт сөздер: театр, театртану, театр теориясы, театрлық процесс, театрлық зерттеулер, перформанс, спектакль.

Кіріспе. Қазіргі сандық технология салтанат құрған XXI ғасыр қоғамдық ой-сананың жаңаша трансформациялануына әкеп отыр. Осы кезеңге дейін жинақталған салт-дәстүр мен рухани құндылықтар, тарих пен әдебиет, мәдениет пен өнер мұралары заманауи көзқараста қайтадан зерттеу нысанына айналып отыр. Соның ішінде әлемдік театртану контексіндегі қазақ театртану ғылымының қалай дамып бара жатқаны өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Театртану - театр өнері пайда болған кезден бастап театр туралы ойлар негізінде дамып келеді. Бұл ойлар жазушылардың, философтардың, саясаттанушылардың және көрермендердің әртүрлі ой-толғамдарынан тұрады. Оларды жүйелеп, қорыту мүмкін емес. Бірақ театр туралы ойлардың қозғалысын, кезеңдерін түсінуге болады. Айталық, философтардың театр туралы, адам өміріндегі театрдың алатын орны жәйлі айтқан пікірлері алдыңғы кезекке шығады. Жалпы, театр туралы еуропалық ойлар Аристотельдің «Поэтикасынан» бастау алады. Әсіресе, антика туралы деректер көбірек.

Еуропалық ойлардан басқа шығыстық дәстүрлер де бар. Бұларда театр туралы ойлар еуропалықтармен сәйкес келмейді. Ғылымда қазіргі күнге дейін еуропалық және шығыстық театр өнерінің зерттелу мәселелері қызу талқылануда.

Теория, тарих, сын – өнерді игерудің жүйелі бірлігі болып табылады. Театртану теориясы – театр тарихын зерттеудің негізгі фундаменті. Жүйе мен модель-білім беру мазмұнын айқындайтын арнайы ғылыми түсінік. Ғылыми-зерттеу қызметінің аясы, жүйелі білімнің негізі саналады.

Материалдар мен әдістер. Театртанудың ғылым ретінде қалыптасуы мен даму тарихына арналған алғашқы еңбектердің қатарында «Кеңестік театртанудың тарихы» очерктер жинағын атауға болады. Кітапта: «Театр туралы кеңестік ғылымның көп жылдық жолы қорытындыланып, оның барлық негізгі бағыттары мен бағдарын қамту алғаш рет қарастырылып отыр. Осы уақытқа дейін біздің баспасөзде кеңестік театр тарихының бірқатар кезеңдері ғана қарастырылып, жекелеген ғылыми мекемелердің, көрнекті ғалымдардың қызметі туралы ғана айтылып келді» (Хайченко Г.А., 1981: 270) – деп жазылды. Ұжымдық зерттеу жұмысы Кеңестік кезеңдегі социализм идеологиясының аясында жазылғанымен театртанудың қалыптасуы мен дамуының негізгі ерекшеліктерін айқындап берді. Театртанушылық бағытта, әсіресе, театр теориясына бағытталған келесі маңызды кітап Ю.М. Барбойдың жетекшілігімен шыққан «Театртануға кіріспе» (Барбой Ю.М., 2011: 187) ұжымдық зерттеуі. Осындай іргелі еңбектер жалпы театртанудың ғылыми-теориялық, терминологиялық негізін салды. Шетелдік ғалымдар арасында театрлық зерттеулермен шұғылданатындардың қатары аз емес. Дегенмен, батыстық және американдық зерттеушілердің еңбектерінде пәнаралық байланыстардың молдығы байқалады. Солардың қатарында, неміс зерттеушісі Х.-Т. Леманның «Постдрамалық театр» (Леман Х.Т., 2013: 144) және ағылшындық ғалым К.Балмның «Театртану. Кіріспе» (Балм К., 2020: 158) еңбектерін жатқызуға болады. Қос кітаптың да құрылымы посткеңестік зерттеулерден қарағанда ерекшеленіп тұрады, себебі, екі еңбек те постмодернистік парадигманың зерттеу арсеналын қолданып, философиядағы, мәдениеттану, әдебиеттану, психология, әлеуметтанудағы және т.б. гуманитарлық ғылымдардың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен қолданғанын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында бағыт-бағдар табуға мол септігі тиген келесі бір кітап З.О›Лиридің «Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық» (О' Лири З., 2017: 294) болды. Жоғарыда айтылған Х.Т.Леман мен К.Балмның еңбектеріндегі негізгі зерттеу әдіс-тәсілдерін түйсінуге З.О›Лиридің түсініктемелері септігін тигізгенін айта кеткен жөн. Театртану жайында жазылған еңбектерінің арасында өзбек ғалымы М.Туляходжаеваның, грузиндік Л.Чхартишвилидің, ресейлік В.Н. Алесенкованың жекелеген мақалалары ғылыми қызығушылық оятады. Ал отандық театртанудың жай-жапсары, бүгінгі дамуындағы негізгі жолдарын сараланған мақалалардың бір тобы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы кәсіби театртанушыларды даярлайтын «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессорлар: С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Мұқан, А.Еркебай, З.Исламбаева сынды ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Бұл зерттеушілердің мақалаларында театртану мәселелері тарихи-теориялық ыңғайда пайымдалғанын айта кетуіміз керек. Мақала бүгінде халықаралық ауқымда кеңінен танылып, мойындалған театртану ғылымының дамуындағы тарихи көзқарастар мен теориялық пайымдаулардың пәнаралық негіздерін анықтауға арналған. Театрлық практиканы, оның тарихы мен теориясы һәм сынын біріктірген театртану зертте-

улері заманның лебімен құбылып отыратыны сөзсіз. Бүгінгі әлемдік театр үдерісі өнер зерттеушілерінің алдына жаңа ғылыми мәселелерді қойып отыр.

Отандық театртану саласы жаңа заманға сай жаңаша түлеп, даму үдерісін басынан өткеріп отыр. Әртүрлі ғылымның өзара ықпалдасып өркендеуі театртанудың терминологиялық жағынан да, сахна шығармашылығын зерттеудің тәсілдерін, оны талдаудың құралдары мен жолдарын ашуға мүмкіндік беріп отырғанын айту маңызды. Бұл ретте, отандық театрлардың жаңаша формамен, түрліше бағытпен өзгере түрленуін зерттеуде тиімді терминдер мен тәсілдерді пайдалану қажеттілігіде туындайды. Осылайша, бүгінгі сахналық өнерді, театр практикасын саралауда семиотикалық, постструктуралистік, феноменологиялық және когнитивтік сынды т.б. зерделеу әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы театртанудың пәнаралық әлеуетін арттыру маңызды дейміз.

Зерттеу нәтижесі. Мақала театр өнерінің туындыларын (спектакль, перформанс, театрлық инсталляциялар, хореографиялық қойылым, медиаспектакльдер, физикалық театр, т.б.) зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін отандық сахна тәжірибесі мысалында жүргізе отырып, қазақстандық театрлардың ізденістерін саралау мен талдау барысында жаңа заман ғылыми парадигмасына сай тың әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызын қарастырады. Ғылыми мақала болашақтағы театртанушылық зерттеулерді жүргізу процесіне теориялық негіз, пәнаралық байланыс өзегі болып, сахна тәжірибесі туралы ғылымның көкжиегін кеңейтеді деген ойдамыз.

Талқылануы. «Зерттеу – белгілі бір сұраққа жауап беретін дерек жинау арқылы жаңа білім өндіру процесі. Бұл білімге үлес қосу, тіпті, өзгеріс әкелу мүмкіндігі дер едік. Дәлелді шешімдер қабылдауға ықпал ететін негізгі құрал деуге де болады. «Не істеу керек, не істей аламыз, оны қалай істейміз және қаншалықты жақсы істедік» деген сауалдарға жауап іздегенде, оның шешімі келеді» - деп жазады, (О' Лири. 2020: 28) аустралиялық ғалым З.О'Лири. Шын мәнінде, қаурыт дамыған цифрлық дәуіріміздің ажары күн сайын құбылып, өмірдің барлық саласы өзгеріске ұшырап жатыр. Әлеуметтік ғылымның ажырамас бөлігіне айналған өнертану саласы да бұл процестен шеттеп қалған жоқ.

Театр туралы әу баста әдебиетшілер, философтар, актерлер мен драматургтер өз ой-пікірлерін білдіру мақсатында шұғылданып келді. «К началу XX века сформировался круг европейских специалистов, занимавшихся вопросами театра, изучения его истории, теории драмы и актерского искусства. В 1914 году немецкий ученый Макс Герман издал книгу «Исследование по истории немецкого театра Средневековья и Возрождения», положив начало театроведению» (Кабдиева. 2020: 13). Сөйтіп, театртану ғылымы XX ғасыр еншісіне тиесілі десек те артық айтқандық емес. Бірақ оның тұтас ғылым ретінде қалыптасуына ұзақ уақыт қажет болды. «Театр ғылымының қалыптасуы режиссерлік театрдың дамуымен байланысты болды, өйткені онда спектакль әр түрлі өнердің синтезі және сахналық шығарманың режиссері мен идеологының біртұтас еркімен бағытталған көптеген ерік-жігердің бірлігі ретінде қарастырылды. Алайда, театртану ғылымның ерекше саласы ретінде ұзақ уақыт бойы қалыптасты. (Хайченко Г.А., 1981: 6) - деген пікірдің дұрыстығына күмән жоқ.

Театртану ғылым ретінде КСРО-нда (Кеңестік Социалистік Республикалар одағы) кең дамып, оның негізгі бағыттары анықталды. Одақ ыдырағаннан кейінгі посткеңестік мемлекеттерде әлі де осы бағыттардың сақталып отырғанын ғалымдар айтып келеді. Грузиндік зерттеуші Лаша Чхартишвили «Қазіргі театртанудағы кейбір бағалау критерийлері» атты мақаласында: «Посткеңестік кеңістікте театртану өнертану салаларының бірі ретінде үш тәуелсіз саланы – тарих, теория және сынды біріктіреді» (Л.Чхартишвили, 2020: 53) – дей келе, «Театртану – гуманитарлық ғылым саласы ретінде посткеңестік елдерінде жақсы танымал.... Театртану басқа гуманитарлық ғылымдармен қатар театрды зерттейтін нақты емес ғылымдардың қатарына кіреді.» - (Л.Чхартишвили, 2020: 51). Л.Чхарташвили осы мақаласында «театртану» терминінің Батыс Еуропа елдерінде (соның ішінде, ағылшын және француз зерттеулерінде) кездеспейтінін, ол жақта театртану ғылымы «театрология немесе драматургия, бұл «театрлық зерттеулерді» білдіреді. Олар әдеби, физикалық, психологиялық, әлеуметтік және тарихи жағдайға негізделген. Бұл эстетика және семиотика саласындағы зерттеулерді қамтитын пәнаралық сала» (Л.Чхартишвили, 2020: 51) - екенін атап көрсеткен. Шын мәнінде, Батыс Еуропа және АҚШ-та театрлық зерттеулер посткеңестік мемлекеттерден ерекшеленіп қана қоймайды, олардың алға қойған мақсаттары мен міндеттерінің, құзыреттіліктерінің өзі үлкен айырмашылықтары бар. Атап айтқанда, американдық және батысеуропалық ғалымдардың еңбектерінде сегменттеу басым болады. Ал, керісінше, посткеңістіктік театртанушылық мектеп зерттеу материалын тұтастықпен талқылықауға деген ыңғайды байқаймыз. Сонымен қатар, американдық және батысеуропалық ғалымдардың жарияланымдарында көрерменнің белсенділігіне, сол сияқты, театр ғимараты мен сахна орны сынды нысандарға көп назар аударылады. Сондықтан олардың жазбаларында көрермен мәселесі, сахна орны әлеуметтану мен психологиялық зерттеулермен астасып, театрдың көркемдік критерийінен шығып, жанама тәжірибеге көп зейін қойғанын байқаймыз. Бұл ретте, біз осы тақылеттес талдауларды дұрыс емес деген пікір білдіріп отырғанымыз жоқ. Ойымыз театртанушылық мектептердің айырмашылығын ашып көрсету ғана.

Өнертану докторы, профессор, театртанушы М.Туляходжаева «Сахналық қойылымды театртанушылық талдаудың методологиялық принциптері» атты мақаласында: «Сахна туындысын жаңа заман кеңістігінде қалай бағалауға болады, талдау кезінде қандай параметрлерді ұстану керек? Бұл сұрақтар театр пайда болғаннан бері бар, Аристотельдің «Поэтикасын» еске түсірсек те жеткілікті, онда драмалық шығармашылықтың, театр өнерінің негізгі заңдары айтылған. Дегенмен, әрбір жаңа ұрпақ өздеріне осы сұрақтарды қояды және оларға жауап іздейді» – дегенімен келіспеуге болмайды (М.Туляходжаева. 2015: 294-295). Заман өзгеруіне байланысты театртанушылық талдаулардың да түрлері мен әдіс-тәсілдері де түрленуі заңдылық. Бұл ретте бірқатар мәселелермен ұшырасып отырмыз. Атап айтқанда, театрлық дискурстарды талдауда театртанушылық терминдердің көпшілігі ғылыми-теориялық жағынан қазіргі күннің талаптарына жауап бере алмайтын деңгейде қалып отыр. Әлі де болса сахналық туындының ерекшелігін дөп басып суреттеп,

сипаттап, қағаз бетіне белгілеуде жаңа терминдердің тапшылығы байқалуда. Демек, «жаңа парадигмаға көшу «қалыпты ғылым» дағдарысы нәтижесінде туындайды, оны қалыптасқан теориялық көзқарастар, нормалар, принциптер, құндылықтар аясында шешуге болмайды» (Барбой Ю.М., 2011: 11) дегендей, бұл тапшылықты ғылымдағы жаңа парадигмаларды (ұйғарым) қолдану нәтижесінде жасауға мол мүмкіндік бар.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында театр ғылымында әр түрлі тартысты пікірлер мен даулы көзқарастар туындатқан Х.-Т. Леманның «Постдрамалық театр» кітабы екеніне сөз жоқ. Бұл жерде «постдрама» сөзі, драмадан кейінгі деген ұғымды жеткізіп, драмалық мәтіннің спектакль құрылымында маңызының әлсірегенін көрсеткісі келді. «Постдрамалық» терминін «дәстүрлі театр емес» деп те қарсатыра келіп, оны постмодернистік кезеңде пайда болған театрдың ерекшеліктерін танып-білу, сипаттауға, түсіндіруге қолайлы екенін айта кеткен автор (Леман, 2013: 42). Еуропалық театрдың азуын айға білеген атақты режиссерлерінің (Леман, 2013: 39) шығармашылығындағы жаңа бағыттарды саралау барысында дүниеге келген Леман қолданған терминологиялық арсенал танымал теоретиктер: Б.Брехттен бастап, Р.Барт, Г.Пошман, Р.Шехнер, П.Пави, П.Шонди, А.Вирт, В.Тёрнер, Э.Фишер-Лихте, т.б. атақты философтар: Ж.-Ф. Лиотар, Ж.Деррида, Ж.Делёз, т.б. шығармаларын пайымдау арқылы жасалды. Байқап отырғанымыздай посткеңістік мемлекеттерінің зерттеушілері шығармалары автор назарында болмаған. Леман оны мақсат та тұтпаған. Ол өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап, XXI ғасырдағы сахна тәжірибесінің көптүрлілігін, оның теориялық негіздерін осы кітабында жазып шықты. Еңбекті қолдаушылардың да, даттаушылардың қатары мол, алайда Леман шығармасы әлемдік театрлық процестегі эксперименталдік ізденістерді, перфоманс, театрлық дискурстарды негізін тарихтың қойнауынан сыр тартып, терең байланыспен бажайлап талдаудың жолын көрсетті.

XX ғасырдың соңғы жылдары театрлық жүйлереді зерттеудің мықты әдіс-тәсілдері түзілді. Солардың қатарында француз зерттеуші А.Юберсфельдтің театрлық семиотикасы маңызды роль атқарды.

Шындығына келгенде, осынау театрлық зерттеудің әдіс-тәсілдері отандық театртануға толыққанды кірігіп кете алған жоқ. Оның да өзіндік себептері жоқ емес. Біріншіден, бұл отандық сахна өнерінде жаңаша формалардың енді ғана туындап, дамуымен байланысты екенін тілге тиек етуге болады. Екіншіден, театрлық терминдердің әр түрлі аудармаға түсуімен байланысты. Қазіргі таңда театр туралы еңбектерді әдебиеттанушылар тәржімалаумен шұғылдануы кәсіби терминдердің өзгеріске ұшырауына әкеліп отырғанды да зерттеу процесінде көп қолбайлау болатыны сөзсіз. Соңғы кезде театр тәжірибесіндегі перформанстарда, хореографиялық қойылымдарда кездесетін ұлттық, рәсімдік, күнделікті немесе әлеуметтік сынды, т.б. ерекшеліктерден туындап, адам денесі арқылы орындалатын би қимылдары, ымишараттар мен сахналық қайталанбас бейнелерді талдау кезінде және қағаз бетіне түсіру барысында театртанушылар терминологиялық тапшылыққа кезігіп жатады. Сондықтан аталмыш мақала қоғамдық ғылымдардың зерттеу әдіснамалары мен әдістерін театртану саласына қолданудың тәжірибесі негізінде пәнаралық байланысты күшейте отырып, театрлық зерттеу тәсілдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері арасында бүгінгі заманда өнертану, соның ішінде театртануға кеңінен қолдануға болатыны – феноменологиялық тәсіл дер едік. «Феноменология – жеке адамның білімі мен тәжірибесі арқылы құбылыстарды зерттеу. Негізгі зерттеу нысаны – әлеуметтік-тарихи контекст немесе объекті туралы шындықты емес, құбылыстарды түсіну» (О›Лири. 2020: 185). Сондай-ақ, «феноменология – барлық пәндер арасындағы ең негізгісі, себебі оның зерттеу нышаны философия мен ғылымның басқа салаларының бәріне қажетті мәліметтерді қолжетімді етеді» (Э.Кенни, 2020: 114) Демек, феноменологиялық зерттеу тәсілі театр тұлғаларының өнер өнімдерін (спектакль, пьеса, режиссура, т.б.) арқылы белгілі бір құбылыстан алған тәжірибесін сипаттауда, суреттеуде тиімді болатыны сөзсіз. Осы сияқты театртанушылық зерттеудің жаңашыл бағыттары қатарына ресейлік ғалым В.Алесенкованың теориялық ізденістері негізінде дүниеге келген «когнитивтік (танымдық) театртану» болып отыр. Ғалым сахналық әрекеттің вербалды емес тілі негізінде ментальдік бейнелер мен ойлау процестерін зерттеу негізінде когнитивтік театртануды қарастырып, театр өнерінің постдрамалық аспектісінде шығармашылық ойлау принципі туралы жан-жақты идеяны қалыптастырады, оның дихотомиялық табиғатын көрсетеді. Когнитивтік лингвистика мен когнитивтік психологияның кейбір категорияларын сахнаның қазіргі тәжірибесіне бейімдеу нәтижесінде театрлық талдау мифтік тұжырымдама, метасимвол және концептуалды символ сияқты құралдармен толықтырылады. Ол когнитивтік театртанудың негізгі міндетін «режиссерлер ұсынған ментальдік бейнелердің табиғатын және олардың тұжырымдалуы арқылы спектакльдің сапасы мен оның көреремендерге әсерінің салдары туралы түсінік қалыптастырудан» көрді (Алесенкова, 2019: 341). Осылайша, танымдық театртану бірқатар әлеуметтік пәндердің ғылыми әдістері нәтижесінде пайымдау тапты. Перформанс, хэппенинг, сайт-специфик, театрлық дискурс, т.б. сынды алуан түрлі формадағы қойылымдарды талдауға, ондағы режиссерлік-философиялық пайымпарасатты, актерлік көркем ойды, сценографиялық белгі-бедерді, хореографиялық қимыл-ишаратты, жарықтандырудағы семантиканы түсіріндірудің әмбебап тілін табу бүгінгі театртанудың өзекті мәселесі.

Когнитивизм әдістемесі қазіргі таңда ғылымның барлық саласына батыл еніп отырғанын ескерсек, танымдық театртанудың да болашағы зор екеніне күмән тумаса керекті. Әсіресе, күрделі театрлық дискурстарды сипаттап-талдап, қағазға таңбалауда беретіні сөзсіз көп.

Қорытынды. Түйіндей келе, бүгінгі отандық театр процесін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері қазақстандық сахна өнерінің тәжірибесімен қанаттас екенін байқадық. Бұл, біріншіден, театртанушылық мектептердің әртүрлігімен байланысты болса, екіншіден, зерттеушілік тәсілдердің көптүрлілігімен де ерекшеленеді. Соңғы жылдардағы ғылыми концепттердің сан-алуандығыда зерттеушілік еңбектердің мазмұнын құбылтып, сипатын айқындайды. Мақалада сөз болған феноменологиялық зерттеу тәсілі мен когнитивтік театртану сахна өнерін саралау барысында кеңінен қолданыс табады деп сенеміз. Посткеңістіктік театртанушылық мектеп зерттеу материалын тұтастықпен талқылықауға деген ынғайды байқаймыз. Сонымен қатар, американдық және батысеуропалық ғалымдардың жарияланымдарында көрерменнің

белсенділігіне, сол сияқты, театр ғимараты мен сахна орны сынды нысандарға көп назар аударылады. Сондықтан олардың жазбаларында көрермен мәселесі, сахна орны әлеуметтану мен психологиялық зерттеулермен астасып, театрдың көркемдік критерийінен шығып, жанама тәжірибеге көп зейін қойғанын байқаймыз. Бұл ретте, біз осы тақылеттес талдауларды дұрыс емес деген пікір білдіріп отырғанымыз жоқ. Ойымыз театртанушылық мектептердің айырмашылығын ашып көрсету ғана.

Куанышбекова А.А.*[1], Жаксылыкова М.Б.[2], Нурпеис Б.К.[3]
Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова,
Алматы, Казахстан.
E-mail: a_amandykovna@mail.ru, topjargan@mail.ru, bakytn_70@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4841-7732, 0000-0001-6462-2616, 0000-0002-7431-7233

Научно-теоретические основы исследования современного отечественного театрального процесса

Аннотация: Статья посвящена выявлению междисциплинарных основ исторических взглядов и теоретических суждений в развитии театроведения, получивших сегодня широкое признание в международном масштабе. Театроведческие исследования, объединившие театральную практику, ее историю, теорию и критику, несомненно, актуально. Современный мировой театральный процесс ставит перед исследователями искусства новые научные проблемы. Театральная постановка как «уменьшенная модель мира» требует современных методов исследования. Поиск универсального языка для анализа режиссерско-философского осмысления, актерского художественного замысла, сценографического знака, хореографического жеста, семантики в освещении перформанса, хэппенинга, сайт-специфик, театрального дискурса и других постановок различных форм, являются актуальной проблемой современного театроведения. В последнее время в театральной практике, при устном и письменном анализе неповторимых сценических образов, жестов и танцевальных движений, исполняемых человеческим телом в перформансах, хореографических постановках, как национальных, так и ритуальных, повседневных или социальных и т.д. театроведы сталкиваются с терминологическим дефицитом. Поэтому данная статья будет направлена на расширение спектра подходов к исследованию театра с усилением междисциплинарных связей на основе опыта применения методологии исследования общественных наук в области театроведения.

Ключевые слова: театр, театроведение, теория театра, театральный процесс, театральные исследования, перформанс, спектакль.

KuanyshbekovaA.A.*[1], Zhaksylykova M.B.[2], Nurpeis B.K.[3]
Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov,
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: a_amandykovna@mail.ru, topjargan@mail.ru, bakytn_70@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4841-7732, 0000-0001-6462-2616, 0000-0002-7431-7233

Scientific and theoretical foundations of the study of the modern domestic theatrical process

Annotation. The article is devoted to the identification of interdisciplinary foundations of historical views and theoretical judgments in the development of theater studies, which are now widely recognized internationally. Theater studies that have combined theater practice, its history, theory and criticism are undoubtedly relevant. The modern world theatrical process poses new scientific problems to art researchers. Theatrical production as a "reduced model of the world" requires modern research methods. The search for a universal language for the analysis of the director's philosophical interpretation, the actor's artistic idea, the scenic relief sign, choreographic gesture, semantics in the coverage of performance, happening, site-specific, theatrical discourse and other productions of various forms are a relevant problem of modern theater studies. Recently, in theatrical practice, during the oral and written analysis of unique stage images, gestures and dance movements performed by the human body in performances, choreographic productions, national and ritual, everyday or social, etc., theater

critics face a terminological deficit. Therefore, this article will be aimed at expanding the range of approaches to theater research with the strengthening of interdisciplinary connections based on the experience of applying the methodology of social sciences research in the field of theater studies.

Key words: theatre, theater studies, theater theory, theatrical process, theatrical research, performance.

Информация об авторах:

Куанышбекова Алтынай Амандиковна, *магистрант Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова, факультет «Искусствоведение», 2–курс. Тел: 8 700 333 92 64. E-mail: a_amandykovna@mail.ru Алматы, Казахстан. ORCID ID: 0000–0002–4841–7732.*

Жаксылыкова Меруерт Болатхановна, *декан факультета «Искусствоведение» в Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова, кандидат искусствоведения, доцент. Ассоциированный профессор (КОКСОН, 2021) профессор кафедры «История и теория театрального искусства» (2021). Тел: 8 705 740 43 70. E-mail: topjargan@mail.ru Алматы, Казахстан. ORCID ID: 0000–0001–6462–2616.*

Нурпеис Бакыт Какиевна[3] *, профессор кафедры «Истории и теории театрального искусства» в Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова, доктор искусствоведения. Тел: 8–727–2–62–63–12. E-mail: bakytn_70@mail.ru Алматы, Казахстан. ORCID ID: 0000–0002–7431–7233.*

Әдебиет

Алесенкова В.Н. Когнитивті театртану постдрамалық театр контекстіндегі ментальдік процестерді талдау тәжірибесі ретінде // Тамбов: Грамота. №11. – 2019. – Т.12. – 341 б. https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivnoe–teatrovedenie–kak–opyt–analiza–mentalnyh–protsessov–v–kontekste–postdramaticheskogo–teatra/viewer

Балм К. Театртану. Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 224 б.

Барбой Ю.М. Театртануға кіріспе. Оқу құралы. – СП–б: Санкт–Петербург мемлекеттік театр өнері академиясының баспасы, 2011. – 244 б.

Хайченко Г.А. Кеңестік театртану тарихы (1917 – 1941). – М.: «Ғылым», 1981. – 365 б.

Кабдиева С.Д. Қазақстан театртануының даму жолдары // «Қазақстан театртану ғылымы: тарих, теория, тәжірибе» халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2020. – Б.13–18

Кэнни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 4–том, Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 364 б.

Леман Х.Т. Постдраматический театр. –М.: ABSdesing, 2013. – 312 с.

О› Лири З. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 415 б.

Туляходжаева М.Т. Управление театром: артист, режиссер, спектакль. – Ташкент: Издательство журнала «Санат», 2015. – 336 с.

Чхартишвили Л. Қазіргі театртанудағы кейбір бағалау критерийлері.// «Қазақстан театртану ғылымы: тарих, теория, тәжірибе» халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, 2020. – Б.50–53

Литература

Алесенкова В.Н. Когнитивное театроведение как опыт анализа ментальных процессов в контексте постдраматического театра // Тамбов: Грамота. №11. – 2019. – Т.12. – 341 с. https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivnoe–teatrovedenie–kak–opyt–analiza–mentalnyh–protsessov–v–kontekste–postdramaticheskogo–teatra/viewer

Балм К. Театроведение. Введение. – Алматы: Общественный фонд «Национальное бюро переводов», 2020. – 224 с.

Барбой Ю.М. Введение в театроведение. Учебное пособие – С–Пб.: издательство Санкт–Петербургской государственной академии театрального искусства, 2011. – 244 с.

Хайченко Г.А. История советского театроведения. 1917 – 1941. – М.: «Наука», 1981. – 365 с.

Кабдиева С.Д. Пути развития театроведения Казахстана // Материалы международной научной конференции «Театроведение Казахстана: история, теория, практика». – Алматы: КазНАИ им.Т.К.Жургенова, 2020. – С.13–18 (каз., рус., анг.)

Кэнни Э. Новейшая история западной философии, том – 4. Философия современности. – Алматы: Общественный фонд «Национальное бюро переводов», 2019. – 364 с.

Леман Х.Т. Постдраматический театр. –М.: ABSdesing, 2013. – 312 с.

О› Лири З. Проведение исследовательского проекта: основная инструкция. – Алматы: Общественный фонд «Национальное бюро переводов», 2020. – 415 с.

Туляходжаева М.Т. Управление театром: артист, режиссер, спектакль. – Ташкент: Издательство журнала «Санат», 2015. – 336 с.

Чхартишвили Л. Некоторые критерии оценки в современном театроведении // Материалы международной научной конференции «Театроведение Казахстана: история, теория, практика». – Алматы: КазНАИ им.Т.К.Жургенова, 2020. – С.50–53

References

Alesenkova V.N. Kognitivnoe teatrovedenie kak opyt analiza mental'nyh processov v kontekste postdramaticheskogo teatra. [Cognitive theater studies as an experience of analyzing mental processes in the context of post–drama theater] // Tambov: Gramota. №11. – 2019. – T.12. – 341 s. https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivnoe–teatrovedenie–kak–opyt–analiza–mentalnyh–protsessov–v–kontekste–postdramaticheskogo–teatra/viewer (in Russ).

Balm K. (2020) Teatrtanu. Kirispe. [Theater studies. Introduction] – Almaty: «Ulttyk audarma burosy» kogamdyk kory, – 224 b. (in Kaz).

Barboy Y. M. (2011) Vvedenie v teatrovedenie. Uchebnoe posobie. [Introduction to Theater studies] – S–Pb.: publishing house of the St. Petersburg State Academy of Theatrical Art, – 244 b. (in Russ).

Haichenko G.A. (1981) Istorija sovetskogo teatrovedenija (1917 – 1941). [The history of Soviet theater studies. 1917 – 1941] – M.: «Nauka», – 365 b. (in Russ).

Kabdieva S.D. Kazakstan teatrtanuynyn damu zholdary [Ways of development of theater studies of Kazakhstan] // «Kazakhstan teatrtanu gylymy: tarih, teoria, tazhiribe» halykaralyk gylymi konferencija materialdary. –Almaty: T.K.Zhurgenov atyndagy KazUOA, – B.13–18. (in Kaz).

Kenni E. (2019). Batys filosofiasynyn zhana tarihy, 4–tom, Kazirgi zaman filosofiasy. [The Modern History of Western Philosophy, Volume 4. Philosophy of Modernity] – Almaty: «Ulttyk audarma burosy» kogamdyk kory,– 364 b. (in Kaz).

Lehman H.T. (2013). Postdramaticheskij teatr. [Post–drama Theater] – M.: ABSdesing, – 312 s. (in Russ).

O' Liri Z. (2020). Zertteu zhobasyn zhurgizu: negizgi nuskaulyk. [Conducting a research project: basic instructions] – Almaty: «Ulttyk audarma burosy» kogamdyk kory, – 415 b. (in Kaz).

Tulyakhodzhayeva M.T. (2015). Upravlenie teatrom: artis, rejiser, spektakl. [Theater management: artist, director, performance] – Tashkent: İzdatelstvo jurnala «Sanat», 2015. – 336 s. (in Russ).

Chkhartishvili L. (2020). Kazirgi teatrtanudagy keibir bagalau kriterileri. [Some evaluation criteria in modern theater studies] – «Kazakhstan teatrtanu gylymy: tarih, teoria, tazhiribe» halykaralyk gylymi konferencija materialdary. – Almaty: T.K.Zhurgenov atyndagy KazUOA, – B.50–53 (in Kaz).

Журнал 24.03.2005 жылы
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік N 5844-Ж.

Журнал зарегистрирован 24.03.2005 года
в Комитете информации и архива Министерства культуры,
информации и спорта Республики Казахстан.
Свидетельство №5844-Ж по регистрации средства массовой информации

The journal was registered on March 24, 2005
in the Information and Archives Committee of the Ministry of Culture,
Information and Sports of the Republic of Kazakhstan.
Certificate No. 5844-Ж for registration of mass media

Дизайн және беттеу: ***Ж. Рахметова***

Басуға 04.03.2022 ж. қол қойылды.
Көлемі 70x100¹⁄₁₆. Офсеттік басылым.
22,18 баспа табақ. Таралымы 500 дана.